



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нүрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ғашықтық дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**
Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Өзібаева Б. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Нарымбетов Ә., Ісімақова А.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған:
Өзібаева Б., филология ғылымдарының докторы

Жауапты шығарушы: Рақышева Ж.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық.—Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 17: Ғашықтық дастандар.—2005.—368 бет, суретті.

ISBN 9965-612-03-X

«Бабалар сөзі» сериясының он жетінші томына «Бозжігіт»,
«Сейпілмәлік», «Қисса Сейпілмәлік шаһзада—Бәдіғұлжамал перізат»
атты ғашықтық дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-612-03-X (т. 17)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Осы күнге дейін серияның он алты томы дайындалып жарық көрді. Олардың тоғыз томы хикаялық дастандарды, жеті томы діни тақырыптағы шығармаларды қамтыды. 17-томнан ғашықтық дастандар жарияланады. Олар алты том болады деп жоспарлануда.

«Бабалар сөзі» сериясының 17-томына үш ғашықтық дастан еніп отыр: «Бозжігіт», «Сейпілмәлік», «Қисса Сейпілмәлік шаһзада—Бәдіғұлжамал перізат».

Бұлардың мазмұнын екі жастың махаббаты, олардың ғашықтық аңсары үшін күресі, сол жолда көрген кедергі-қиындықтары құрайды. Бұл тақырып халқымыздың классикалық ғашықтық эпостарында да баяндалады. Оларда отбасылық қарым-қатынастар мен махаббат мәселесі жанр табиғатына, заманына сәйкес жырланып келді. Кейінірек туған ғашықтық дастандарда ол тақырып басқаша түсіндіріледі. Ғашықтық дастандардың кейіпкерлері ата-анасы құда түсіп, ертеректе айттырып қойған қызды емес, өзі таңдаған, өзі сүйіп ұнатқан қызды іздеп, сонымен қосылуды арман етеді.

«Бозжігіт» дастаны ел арасында кең таралған, ерте замандардан бері танымал жырлардың қатарына жатады. Ол ең алғаш 1870 жылы В.В.Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінің үшінші томында жарияланды деген пікір қалыптасқан, бірақ мәтін одан көп бұрын баспа бетін көргені дәлелденіп отыр.

«Сейпілмәлік» дастаны—қазақ сөз өнері үлгілерінің ішінде ең бірінші болып баспа бетін көрген шығарма, ол 1807 жылы Қазандағы Университет баспаханасынан араб әрпінде жарық көрген. Томға дастанның екі нұсқасы беріліп отыр, біреуі В.В.Радлов 1870 жылы жариялаған нұсқа, екіншісі 1882 жылдан бастап бірнеше мәрте баспа бетін көрген мәтін. Екі нұсқаның оқиғасы бір, мазмұны өте жақын болғанына қарамастан екі нұсқа да өзіндік тілдік ерекшеліктерімен өзгешеленеді, яғни әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжетті өзінше жырлап дамытқан.

Оқырманға ұсынылып отырған бұл том «Бабалар сөзі» сериясының негізгі принциптеріне сәйкес дайындалды. Жинақ алты том болады деп жоспарланып отырған ғашықтық дастандардың алғашқысы болғандықтан, бұған сол томдарда жарияланатын шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін сипаттайтын кіріспе мақала жазылды және ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

Томға енген мәтіндер Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген басылымдардан еш өзгертусіз дайындалды.

Томның көлемі— 23 б.т.

ҒАШЫҚТЫҚ ДАСТАНДАР

Қай заманда, қай халықта болмасын махаббат тақырыбы фольклордың негізгі дәстүрлі тақырыптарының бірі болған. Бұл—қазақ халқының «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын» сияқты батырлық жырларының құрамдас бөлігі болса, «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларының негізгі тақырыбы.

Аталған классикалық эпостарда отбасылық қарым-қатынастар мен махаббат мәселесі патриархалды-феодалдық қоғамның идеологиясына негізделген әдет-ғұрыптар мен заң, жоралғылар негізінде шешіледі. Ал осы тақырыптың жаңаша сипатта шешіліп, түсіндірілу үлгісі кейінгі замандарда туған ғашықтық [романдық]¹ дастандардың негізгі ерекшелігі.

XIX ғасыр қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуында түбегейлі өзгерістер туғызған тарихи кезең болды. Мұның өзі халықтың рухани ойдүниесіне әсер етіп, қоғамдық, өмірлік мұраттардың өзгерісі мен моральдық-адамгершілік өлшемдердің де өзгерісін туғызды. Адамдардың санасындағы жаңа сапалық өзгерістер бостандық пен азаттық жайлы ой-пікірлердің артуымен сипатталды. Жеке бастың еркіндігі мен махаббат жолында күресу мүмкіндігіне сенім пайда болды.

Әсіресе, жастар тағдырының бұрынғыша ескі әдет-заңдарға бағындырылуы заман талабына сәйкес келмеді. Жастардың дүниеге көзқарасы мен мінез-құлығындағы, іс-әрекетіндегі өзгерістер сүймеген адамына зорлап қосқан әдет-салттарға қарсы

¹ Ғылыми мақалалар мен еңбектерде ғашықтық жырлар, көбінесе, «романдық эпос» деп жіктеледі. Себебі түркітілдес және орыс фольклортану ғылымында бұл термин біраздан бері қалыптасқан.

шығып, өз сүйгенімен қашып кету оқиғалары орын алуынан көрінеді.

Яғни, жастардың өз бақыты үшін күресі мен өз тағдырын өзі шешуге ұмтылысы кең қоғамдық сипат алды.

Қоғамдық тарихи дамудағы осындай өзгерістер қалыптасқан дәстүрлі рухани дүниемізге ықпал етті. Мәңгілік махаббатты мұрат еткен, сол жолдағы қиындық-бөгеттің қандайымен де күресе білетін жаңаша образдарды бейнелейтін шығармаларға рухани қажеттілік пайда болды. Еркін ақыл-ой мен сезімге негізделген махаббат, сүйіспеншілік сезімін басты нысана еткен романдық [ғашықтық] дастандарда жастардың өз тағдырын өзі шеше алатындығы туралы ойлар тұжырымдалып, мысалдар арқылы дәлелденді. Дастан кейіпкерлерінің жеке бас бостандығы жолындағы үміті мен тілегі, қуанышы мен қайғысын суреттеу басымдық алып халық түсінігінің эстетикалық, моральдық тұрғыдағы өзгерісі көрініс тапты.

Бұған дейін, қазақ халқының көне эпикалық шығармаларында махаббат тақырыбы жанр табиғатына сәйкес жырланып келген. Онда кейіпкер күні бұрын тағдырына жазылған я болмаса құдаласқан қалыңдығын іздеп алыс сапарға шығады. Болашақ жары батырдың басқаға берілмейтін өз еншісіне бұйырылған заңды үлесі болып табылады. Онда жүрек сезімінен гөрі батырлық намыс пен азаматтық парыз алға шығады.

Алайда көркемдік даму жолында классикалық эпостардағы бұл тақырыптың суреттелуі де өзгеріске түсіп отырған.

Мысалы, М.Әуезов «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» кейбір варианттарында әке-шеше ықтияры мен сертінен бөлек, екі жастың өзара сүйіспеншілігін негіз еткен жыр кейіпкерлерінің қаза табатын үлгісін атап көрсеткен болатын. Демек, дәстүрлі идеялар мен ұстанымдардың қайта жаңғырып түрленуі арқылы да дәстүрлі эпостардың өзегіне біртіндеп жаңалықтар ене бастайды...

Қазақтың ғашықтық дастандары іштей үш топқа жіктеледі. Олар: 1) шығыстық сюжетке құрылған дастандар («Сейпілмәлік», «Дандан», «Ләйлі—Мәжнүн», «Таһир—Зүһра», «Баһрам», «Жүсіп-Зылиха», т.б.); 2) аймақтық фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандар («Бозжігіт», «Қисса

Бозаман», «Жаскелең», «Назымбек—Күлше», т.б.); 3) өмірде болған оқиға, шындық ізімен жырланған дастандар («Мақпал—Сегіз», «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек», «Ақбөпе—Сауытбек», «Сырым—Шынар», «Талайлы мен Айым қыз» т.б. Бұлар кейде әлеуметтік-сүйіспеншілік деп те жіктеледі).

Бұл шығармалардың басты тақырыбы—екі жастың шынайы махаббаты, ал негізгі мазмұны—адал махаббатты аңсайтын қос ғашықтың сезімін, ойын, мұңын баяндап, ғашықтардың өз бақыты үшін қалай күресетіні мен кедергілерді қалай жеңетіндерін суреттеу.

Ғашықтық дастандардың аталған түрлері түп-төркіні жағынан ғана емес, бас кейіпкерлердің типі мен негізгі тақырыпты ашудағы түрліше тәсілдері жөнінен де бір-бірінен өзгешеленеді.

Шығыстық және дәстүрлі фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандарда махаббат тақырыбы ертегілік-таңғажайыптық мәнде сипатталды. Ең маңыздысы мұнда құда түсу, көбіне әлі туылмаған балаларды атастыру, яғни ата-ана еркімен некелесу—сырттай ғашық болу мотивімен алмастырылады. Бұл мотивтің бірнеше түрлері белгілі. Кейіпкер сұлу қыздың суретін, пашын көріп, я қызды түсінде не айнадан көрсе, кейде ауызша портреті суреттелген қызға ғашық болады да, сұлуды іздеп алыс, қатерлі сапарға шығады.

Демек, бұл шығармаларда да эпос, ертегідегі сияқты ғашығын іздеп шығу мен оны табуды кейіпкер өзінің парызы деп біледі, ал сырттай ғашық болу осы сапарға шығудың негізгі себебі ретінде алынады. Өйткені, түсінде портретін көрген, я біреуден естіген қызға жігіт шын жүрегімен ғашық болады да махаббат құштарлығы артады. Ал жігіт ғашық болған сұлу жаны мен тәні елден ерек, ғажайып сипатта суреттеледі. Бұл жерде, жоғарыда айтылғандай, ата-ананың шешімі, яғни тағдырына жазылғандығы емес, «керемет сұлулық» пен «елден асқан ерекшелік» басты мәнге ие. Қалың малға негізделген құдалық салты мен «жазмыш» мотиві ығыстырылып, естен тандырған махаббат сезімінің оянуына түрткі болған сұлулық образы алдыңғы кезекке шығады.

Яғни, культтік ұғым өзгеріске түседі. «Тағдыр тартуы», «жазмыш» ұғымдарының орнын сұлулық пен махаббат культі алмастырып, суреттеледі.

Ғашықтық дастандарда «сырттай ғашық болу» мотивінің түрлі көріністері өте әсерлі бейнеленіп, кейіпкердің сыртқы сұлулығы мен жан дүниесі жан-жақты беріледі, олардың бір-біріне беретін анты мен ғашықтық монологтары арқылы адам сезімінің түрліше сипаттары өрнектеледі. Махаббат дертінің әсерінен кейіпкер көз жасына ерік беріп, есінен танып, ауыр азап шегеді, үміттенеді, түңіледі. Яғни, махаббат сезімі адам жан дүниесіндегі өзгерістер арқылы сипатталып, адам табиғатын танып білуге ұмтылыс шығармаларға өзек бола бастайды. Бір сөзбен айтқанда, бұл шығармалар адам баласының сүйіспеншілік, махаббат сезімдерінің табиғатын шынайы тұрғыдан тануға талпыныс жасайды.

Аталмыш дастандарда сюжеттің негізгі қозғаушы күші ретінде махаббат сезімі алынып, кейіпкерлердің бұл сезімі дәріптеледі. Қыз бен жігіттің махаббат сезімі бірден оянып, ал олардың эмоционалдық көңіл-күйі өте жоғары сипатталады.

Жинаяқтай айтқанда, шығыстық және дәстүрлі фольклорлық сюжеттерге құрылған шығармаларда махаббат тақырыбы шығыс дастандарының рухын сақтап, таңғажайыптық сипат иеленеді.

Алайда дастан шығарушылар мұнымен шектеліп қойған жоқ. Өйткені, бұндай сюжеттер әлеуметтік қайшылықтарды жан-жақты, әрі терең ашып бере алған жоқ. Сондықтан да махаббат тақырыбын жырлаудың жаңаша жолы іздестірілді. Бұл жол өмірде болған оқиғалар ізімен жырланған дастандарда көрініс тапты. Онда махаббат аса маңызды, рухани қажетті құндылық ретінде алынып, ал еркіндік сезімі әлеуметтік бостандық жолындағы күрес актысы ретінде көрінді.

Бұл дастандарда сезімнің романтикалық таңғажайыптылығы (экзальтациясы), асқан қиял мен әсірелеу жойылды. Оның орнына адам сезімдерін бейнелеудің шынайылығы, оқиғалардың көркемдік нанымдылығы мен терең психологизм мен лиризм орын алды.

Мысалы, «Талайлы мен Айым» дастанында екі ғашықтың сезімі оқыстан оянып, ғайыптан пайда болмайды. Оны түсіндіру үшін көне матриархат дәуірінде пайда болған, дүние жүзі халықтарының эпосында кездесетін күйеу таңдау мотиві пайдаланылған.

Бұл мотивтің негізгі мазмұны—қалыңдыққа қол жеткізу үшін үміткер сынақтан өту керек. Олар фольклорлық шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болады. Ертегілерде үміткер қиын тапсырмаларды орындайды, мысалы, бас қатыратын жұмбақтарды шешеді, батырлық эпоста жаумен қарсыласып оны жеңеді, архаикалық эпоста қалыңдықтың өзімен жекпе-жегі болуы мүмкін.

«Талайлы мен Айым» дастанында күйеу таңдау мотиві психологиялық тұрғыдан сипатталады. Өзіне берілген ерікті пайдаланған Айым өзіне де, өзінен үміткерлерге де сын көзбен қарайды. Өзінің өмірлік жарының адами қасиеттері мен сезіміне баса назар аударып, өз санасында бүкіл талаптілегіне сай келетін қайырымды ердің идеалын жасайды. Бұл талапқа ақылды, ер жүрек, қайырымды Талайлы ғана сәйкес келіп, Айым соны таңдайды.

Бұдан байқалатыны: кейіпкер махаббатының негізінде үйлесімділікке ұмтылыс, өзгені тану арқылы өзіндік жетілу, өзге адамның бойындағы адами құндылықтарды тану мен саралаудың суреттеле бастауы. Бұл дастанда адам сезімінің жоғарғы сипаты шынайы рухани құндылыққа, соның ішінде адамның ішкі мүмкіндігіне сүйенеді. Осындай жолмен, дастанда адам сапасының өлшемі—тұлғаның моральдық-адамгершілік және жан дүние өзгерістері алынады.

Яғни, реалдық негіздегі дастандардың жанрлық ерекшелігі—мәңгілік махаббатты жырлаудың жаңаша шешімін нақтылау, шынайыландыру мен ескі тақырыпты жаңаша мазмұнмен байыту, өзгеше моральдық-этикалық талаптарға жауап беретін кейіпкерлер образын жасаумен өзгешеленеді.

Үш топқа бөлінетін ғашықтық дастандардың сюжеттік құрылымы мен композициясының сипатында да өзіндік ерекшеліктер бар.

Шығыстық сюжетке негізделген дастандар, көбіне, парсының ғашықтық дастандар схемасы бойынша құрылады, мысалы, «Сейпілмәлік», «Дандан», «Баһрам» т.б.

Олардың мазмұны төменгідей: кейіпкер—патшаның жалғызы, оның өзі сұлу, көп оқыған, өнерлі, тәрбиелі. Күндердің күнінде шаһзада алыстағы сұлуға сырттай ғашық болып, қызды іздеп қатерлі жолға шығады да, жолда көптеген қиындықтарға тап болады. Кедергілерді жеңіп, мұратына жетеді. Мұндай

сюжеттің негізгі элементтері: сырттай ғашық болу мотиві, ғашықтық дерті, сүйген жарын іздеп шартарапқа жар салу, жігіттің ұзақ сапары, тап болған алуан түрлі қиындықтар, оларды жеңу, қызбен жүздесу, кездескеннен кейін көрген қиындықтар, кейіпкерлердің мұратына жетуі. Дастандардың басым көпшілігіне тән бұл сарындар типологиялық тұрғыдан ұқсас болғанымен, әр шығармада әрқилы сипатқа ие болады. Мысалы, сырттай ғашық болу мотиві «Сейпілмәлікте»: ішінде әлемнің барлық сұлуының аты жазылған Сүлейменнің жүзігі арқылы берілсе, «Данданда» кейіпкер сұлудың портретіне ғашық болады, ал «Баһрам» дастанында қыз кейіпкерге құралай бейнесінде көрінеді. Жігіттің сүйген жарын іздеп сапарға шығуы да әр дастанда әр түрлі сипатталады. Мұнда эпостағыдай ат таңдау, ер-тұрман таңдау т.б. суреттелмейді. Кейде шығармада жігіт ата-анасының рұқсатын сұрамай, жасырын жолға шығады. Ал үлкендердің батасын алған жағдайда оны шығарып салу тұсында қиялға кең орын беріледі. Мысалы, «Сейпілмәлікте» орасан зор бай жабдықпен жолға дайындық жасалады. Әкесі Қасымханның бұйрығы бойынша нағыз шеберлер қолымен жасалған төрт жүз кеме дайындалып, хан қазынасының байлығымен толтырылады. Бүкіл Мысыр халқы алыс жолға төрт жүз мың әскермен шыққан шаһзаданы жылап-сықтап шығарып салады.

Ғашығын іздеп шыққан жігіттің сапары ауыр, ұзақ, қатерлі болады. Мысалы, Сейпілмәліктің төрт жүз кемемен Ирамбаққа жетер жолы алуан түрлі шытырман оқиғаларға, түрлі қауіп-қатерге толы.

Кемелер құс қауырсыны секілді ауаға көтеріліп, бір-бірімен соқтығыста қирап, адамдары қаза болады. Адам айтқысыз осы ауыр апаттан бірнеше серігімен Сейпілмәлік қана аман қалғанымен, көп ұзамай досы Сейіттен айрылады. Теңіз тынышталып, қауіп сейілгенде жүзіп келе жатып тағы да тығырыққа, толқын мен иірімге тап болады. Жаратушыға ұзақ жалбарынып, тілек тілеп дұға еткеннен кейін барып белгісіз бір дауыс Сейпілмәлікке Сүлейменнің жүзігіне қарап тілек тіле деп бұйырады. Солай еткен соң ғана судың ағысы қалпына түседі. Осы жерден кедергінің келесі бір түріне тап болады. Сейпілмәлікті достарымен бірге зәңгілер, сосын ит-бастылар, майдандар тұтқынға алады.

Сейпілмәліктің ержүректілігі, шыдамдылығы, төзімділігімен бірге сезім тұрақтылығы да әр түрлі сынақ арқылы тексеріледі: зәңгі хан да, итбас хан да оны қыздарына үйлендіргісі келеді. Бірақ ол ешқайсысына да көңіл бұрмайды, өзінің сүйген сұлуын іздеп табу жолында жанын құрбан етуге даяр жан ретінде суреттеледі.

Сюжеттің келесі елеулі бөлігін, әдеттегі патшаның сарайында өтетін, кейіпкерлердің кездесу сәті құрайды. Ол да әр мәтінде әр қилы көрінеді.

Алайда бұл композиция осы топқа жататын дастандардың бәріне тән емес. Мысалы, «Таһир-Зүһраны» алсақ, ол тұтастай «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» еске түсіреді. Мұнда да көне эпостағыдай сюжеттік байланыс қызметін туылмаған балаларды атастыру мотиві атқарады. Ант бұзушылар да қалыңдық ата-анасының бірі болып табылады т.б. «Таһир-Зүһра» мен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының негізгі версиялары трагедиялық шешіммен аяқталады.

Екі жырдың ұқсастықтары туралы М.О.Әуезов былай дейді: «Бұл ұқсастықтың екі түрлі мәні-жайы бар. Бір жайы бойынша, «Қозы Көрпеш» жыры «Таһир-Зүһра» жырынан ескі болғандықтан, өзінен кейін туған дастанға әсер еткен болу керек. Бұл пікірді сол Орта Азия елдерінің дастандарын зерттеуші, бірнеше ғалымдар айтқан болатын. Сонымен қатар, екінші жай бойынша, бір кезде өзі «Қозы Көрпеш әңгімесінің» негізінде туған «Таһир-Зүһра» дастаны баспаға шығып, көп аузына жайылған соң, енді ХІХ ғасырдың бас кезі, орта кезінде ауызда жүрген «Қозы Көрпешті» жырлаушы қазақ ақындарына (Шөжеге, Жанаққа) жаңа мотивтер, әңгімелер қосуға дем берген, әсер еткен тәрізді. Сонымен, өлгеннен соң екі асықтың қайта тірілуі, оларды бір әңгімеде («Таһир-Зүһра») Ғайса мен Қызыр пайғамбардың тірілтуі, екінші әңгімеде («Қозы Көрпеште») жалғыз Қызыр пайғамбардың тірілтуі, содан әрі бейіттер әңгімесі, гүлдер мен көк тікен аңызы—бәрі де «Қозы Көрпеш» жырына кітаптық дастанның кейіннен кеп қосқан қоспасы боп айқын тұрғандай»². М.О.Әуезовтың бұл тұжырымының жалпы

² Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары.—Алматы: КМКБ, 1959.—282-б.

дастандық эпостың табиғаты мен жанрлық ерекшеліктерін танып білудегі мәні зор.

«Таһир-Зүһра» дастаны ортағасырлық (Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның) қалалық тұрмыс-тіршілігінен хабардар етіп, сол кезеңдегі қоғамдық сананың сипатын танытады. Басқаша сөзбен айтқанда, «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырында көне сюжет эпикалық дәстүр арнасында жасақталып, көшпелі өмір тұрмысын сипаттаса, «Таһир-Зүһрада» сол сюжет енді дастандық дәстүр аясында жырланып, онда феодалдық шығыстың қалалық өмір көріністері сипатталады, мысалы, дәруіш, базар, қалаға тән алаңдар мен бақшалар, медреседе оқу мотиві, махаббат символы—алма т.б.

Дастанның бас кейіпкері—домбырашы. Бұл жағдай бас кейіпкер функциясының кеңейгендігін көрсетіп, оның сүйгеніне адалдығы мен шексіз берілгендігі, ержүректілігі поэтикалық талантымен қоса өріледі. Яғни, халық өзінің сүйікті кейіпкерін жан-жақты талантты тұлға ретінде сомдайды. Екінші жағынан, ақын мен әншіге өзінің сезімі мен жан дүниесін ашу қиын емес. Осыған байланысты болуы керек, дастанда басқалардан ерек, кейіпкерлердің поэтикалық диалогтарына мол орын беріледі. Өздерінің поэтикалық сөз саптауларында Таһир мен Зүһра алғаш рет махаббат сезімін мойындайды, серттеседі, өздерінің ең ізгі ой-армандарын айтады, болашақ өмірлерін ойлап мазасызданады.

Терең толғанысқа толы лирикалық монологтар мен диалогтар негізгі поэтикалық жүкті көтеріп, дастанның өзіндік ерекшелігін танытады.

Екінші топқа жататын дастандарда да кейіпкер алыстағы сұлуға сырттай ғашық болып оны іздеп тауып, онымен қосылуды мақсат етеді. Мысалы, 1875-жылдары Тінібеков Жақып айтып таратқан «Қисса Бозаманда» Қарабайдың жалғызы он бес жасар Бозаман өз елінен қиялындағы жарын таба алмай әлек болады. Яғни, сұлу жар іздеуі жағынан «Қыз Жібектің» Төлегеніне өте жақын.

Мұнда да оқиға «Қыз Жібек» эпосындағы сияқты басталады.

Ал «Жаскелең» дастанының кейіпкері түсінде көрген қалмақ ханы—Найманның қызы Қоңыршаға ғашық болады.

1842 жылы ескі қолжазбадан [кітаптан] көшіріліп 1870 жылы В.В.Радловтың³ жинағында, одан кейін он шақты рет жарық көрген. Сондай-ақ «Бозжігіт» дастанының да кейіпкері «Бір түнде ұйықтап түс көреді, Алдында сұлу жақсы қыз көреді» де оған ғашық болады. Көптеген шығармаларда баяндалатын ғажайып түс сырттай ғашық болу мотивінің кең тараған, әдемі түрлерінің бірі деуге болады. Ғалымдардың [Е.Ә.Бертельс, Ю.Борщевский, В.М.Жирмунский, т.б.] айтуы бойынша, сырттай ғашық болу мотиві, әсіресе, ғажайып түс мотиві парсы дастандарына тән. Біздің байқауымызша, ол қазақ фольклорында да жиі кездеседі. «Жаскелең», «Бозаман», «Бозжігіт» дастандарынан көп бұрын жырланған «Қыз Жібек» эпосында Төлеген Жібекті көрмей, оның ауызша сипатталған портретіне ғашық болады; Құбығұл да жарын түсінде көріп махаббат отына өртенеді («Құбығұл» дастаны) т.б. Бұл сарын ертегілерде де кездеседі. Демек, ғажайып түс мотиві, жалпы сырттай ғашық болу мотиві қазақ фольклорына да тән екенін аңғару қиын емес.

Жалпы алғанда «ғажайып түс» мотиві көп халықтарда типологиялық тұрғыдан ұқсас. Ол түп-төркіні жағынан ертегілік болып табылғанмен, дастанда ғашықтық мәнде жұмсалады, жаңаша эстетикалық мән иеленеді.

Осы топтағы дастандарда екі жастың арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынаспен бірге басқа да тақырып, сюжеттер қарастырылып, жырланады.

Мысалы, «Бозаман» дастанында екі сюжет қамтылған, олар: жар іздеу және ауыстырылған әйел туралы сюжет. Алғашқы бөлімде оқиға қаһармандық сипатта өрбіп, кейіпкер мақсатына жетсе, ертегілік сарынды сақтаған екінші бөлім мақсатына жеткен кейіпкердің жайын баяндайтын эпилог іспетті.

«Бозжігіт» дастанында бас кейіпкер мен оның жан жолдасының шынайы достығы жан досы Бозжігіт қаза тапқанда өзін жалғыз сезініп, өмірден түңілуінен көрінеді.

Сондай-ақ дастанда баламен ата-ананың арасындағы махаббат пен сүйіспеншілік қарым-қатынас кең баяндалады.

³ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Том 3.—СПб., 1870.—С. 336-443

Бозжігіт адал жар болумен бірге әке-шешенің махаббатына бөленген, оларды қадірлей білген мейірімді жан. Ол анасы мен әкесі қазалы хабарды естігенде қатты қайғырып, күйініп, зар жылайтынын алдын-ала сезеді, өлер алдындағы сөзін әлпештеп өсірген ата-анасына арнайды:

Қаршыға құстай қондырған, Қасымда сүйіп отырған, Дидарыма тоймаған, Жалғызым деп ойлаған, Мұңды қалған әкеме, Зарлы болған шешеме, Әкем менен шешеме Сәлем айта көріңіз!...	Сабыр қыл деп айта көр! Басымдағы бөрігімді Мұңды қалған әкеме, Қолымдағы жүзікті Зарлы болған шешеме Көңіліне ұнай жүргейсің Өз қолыңнан бергейсің! Басымдағы бөрікті Кимесе де ол ұмытпас, Жалғыз ұлым келер деп, Ол біздерді күтпесін! Қолымдағы жүзікті Өз қолыңа салғайсың, Сәлем айтты деп жалғзың Шешеме сен бергейсің! Жалғызым деп жыласа, Көңіліне ұнай жүргейсің!
Қанатынан қайрылған, Жалғзынан айрылған, Қайғысы көп шешеме, Сабыр қыл деп айта көр. Кімді балам дер ол, Кімді мен деп сүйер ол. Біз есіне түскенде, Жанған отқа күйер ол. Күйгеніне кез болсаң,	[1506-1540 жолдар]

Шынайы-тарихи негіздегі дастандарда жеке даралық шығармашылықтың қолтаңбасы айқын сезіледі. Мысалы, «Ақбөпе мен Сауытбек», «Мақпал мен Сегіз», «Сырым-Шынар» т.б. Осы іспеттес шығармалардың сюжеттік қаңқасы былайша құралады: кедей жас жігіт пен байдың қызы бірін-бірі сүйеді, бірақ қыздың тағдыры о баста әке үкімімен шешіліп қойғандықтан, қосылуға жол жоқ, сондықтан жастар туған жұртынан қашуға әрекеттенеді, бірақ ол жүзеге аспайды. Зорлықпен қызды сүймеген адамына қосады да, ол ғашығын ойлап, зар қағумен өледі.

Бұл дастандарда дәстүрлі пролог болмайды, демек, баянсыз ата-ананы баяндау, ұзақ уақыт мұрагерді күту, оның дүниеге келгенін тойлау, өлі дүниеге келмеген балаларды атастыру мен таңғажайып махаббат сарыны тән емес. Және

дәстүрлі эпоста елден кету мотиві батырлық рухта баяндалса, мұнда тұрмыстық мән басым. Қашудың іске аспай қалуынан кейінгі ауыр сынақ—қыздарды зорлықпен сүймеген адамына қосу.

Кейіпкердің ғашығын тартып алып кететін тұстағы кейіпкер жігіттің көрінбеуі әлеуметтік шындыққа байланысты. Сауытбек те, Сегіз де ешқайда кетпейді, бірақ олар дәулетті байлар алдында дәрменсіз, себебі қалыңмал төлерлік мүмкіндігі жоқ. Сондықтан ғашығынан көз алдында-ақ айырылып отырады. Алайда дастан тудырушылар өзінің сүйікті кейіпкерлерін бұлайша сипаттауды көбіне жөн көрмегендіктен, көбіне ғашықтардың айырылысатын тұстарында бас кейіпкерді елде болмады деп көрсетеді (ол сапарда, я аң аулауда).

Дастан оқиғасының әрі қарайғы дамуы эпикалық дәстүрден көп ауытқиды. Классикалық фольклор кейіпкерлері сүйіктісін алып кететін тұсқа дөп келіп, жауын жеңіп қалыңдығын құтқарады. Ал аталмыш дастандарда дастан кейіпкері басқа жақта жүріп оралғанда, ғашығын күштеп әкеткені туралы біледі. Эпос кейіпкері сияқты ол да апуызаға булығып, ізіне түседі. Алайда шығарма шешімі дастан табиғатына тән аяқталады. Мысалы, Сегіз де, Сауытбек те ғашықтарының соңынан жетіп, оларға жолығады, бірақ бұл ең соңғы және ауыр кездесу болады. Дастан кейіпкерлері қалыңмалмен әлеуметтік теңсіздік алдындағы дәрменсіздігін сезінген ой-сезімдерге беріледі.

Басқаша айтқанда, жастар трагедиясының әлеуметтік табиғаты нақты, жүйелі түрде танылады.

Бұл шығармалар шешімінің сүйгенінің артынан өлетін трагедиялық дастандардан ерекшелігі—мұнда ашық жекпе-жек көрінбейді, қыз күшпен ұзатылып, барған жерінде қорлық пен кемсіту көріп, сүйгенін аңсап, қайғыдан өледі. Бұл ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының кейбір шындығын көрсетеді.

Аймақтық және шығыстық сюжеттерге негізделген дастандардың бас кейіпкерлері (қыз да, жігіт те) әдеттегідей бір топтың өкілі, яғни бір деңгейдегі тұрмыс дәрежесінде болады. Сондықтан бұл шығармаларда таптық қарама-қайшылық жоқ.

Ал реалды-тарихи негіздегі дастандарда бас кейіпкер кедей тобының өкілі. Тегі кедей болғандықтан, ол дәулетті күйеу жігітпен бәсекелесе алмайды. Қомақты қалыңмал мен мал-мүліктің арқасында күш көрсету мен қорқыту арқылы қыздың ата-анасын күйеу жігіт өз ықпалына көндіреді.

Осындай жолмен дастанда әкенің қатал үкімі әлеуметтік сипат алып, кең ауқымда қанат жаяды. Екі түрлі топтың қайшылығы ашылып, байлық пен кедейліктің ара салмағы анық көрінеді. Кедей таптан шыққан кейіпкерлердің өз тағдырын өзі шешуге деген талпынысы мен адамгершілік, сезімдік қасиеттері кең сипатталады. Алайда, зорлықшыл күштердің адам сезімін, махаббатты дүние-малға сатып алуға ұмтылған теріс пиғылдары шынайы махаббатқа кедергі болады. Яғни, бұл дастандарда таптық қайшылық, айтулы шиеленістің әлеуметтік табиғаты анық көрсетіледі де, жастардың өз бостандығы жолындағы күресі дәріптеледі.

Бұл дастанның кейіпкерлері батырлық және лиро-эпос кейіпкерлерінен өзгешеленеді. Олар — «отқа салса жанбайтын», «суға салса батпайтын» кейіпкерлер емес, реалды өмірге жақын адамдар.

Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандарда махаббатқа шын берілген, сол жолда жадап-жүдеген кейіпкердің жаңа типі жасалады⁴. Бұл шығармалардың кейіпкерлері ханның немесе патшаның «тілеп алған баласы», «сұлулығын суреттеуге тіл жеткісіз» және белгілі бір өнер мен ғылым саласын меңгерген. Дастан кейіпкері бір көргеннен ғашық болады да сол сезімін оятқан қыздың сұлулығы таңғажайып, тіл жеткісіз тұрғыда сипатталып, ол дастан кейіпкерінің жүрегін, ақылын, бүкіл санасын жаулап алады. Яғни сүйіспеншілік «ғашықтық дертке» айналады.

Мысалы, Сейпілмәлік өзінің жай-күйін былайша сипаттайды:

—Ғашық от жүректі өртеп, сөнер емес,
Көңілге ешбір ақыл келер емес.
Ай мен күн жұмақ хорын ап келсе де
Өзге жан бұл суреттен керек емес⁵. [455-458 жолдар]

⁴ Брагинский И.С. К изучению «Шахнаме» //Из истории таджикской и персидской литературы. — М., 1972. — С.302.

⁵ Қисса Сейпілмәлік шаһзада ағазардан Бәдіғұлжамал перізат. — Қазан, 1909.

Өзбек дастандарын зерттеген В.М.Жирмунский мен Х.Т.Зарифов⁶, өзірбайжан дастандарын зерттеген М.Г.Тахмасиб⁷, урду дастандарын зерттеген А.А.Дехтярь⁸ еңбектерінде дастан кейіпкерлерінің махаббат зардабынан кешетін халкүйінің ұқсастықтарына назар аударған.

Дастандарда махаббат, ғашықтық сезімінің дәріптелуі, оған берілген кейіпкердің (мәжнүнге айналған) бейнесі Шығыс пен Батыстың жазбаша ғашықтық поэмаларының кейіпкерімен типологиялық тұрғыдан ұқсас, соған сәйкес келетіндігін Н.И.Конрад⁹ атап көрсетеді. Бұл айтылғандар шығыстық сюжетке құрылған дастан кейіпкерлерінің ұзақ даму жолынан өтіп, түрлі жанрлардың өзегіне енгендігі байқалады.

Аймақтық сюжетке құрылған дастандарда да жігіт кейіпкер өз сезімін дертке, отқа ұқсатады; махаббат жолы қиын, үлкен сынақ екенін түсінеді, бірақ та алған жолынан қайтпайды, сүйгені үшін байлықтан да, төж-тағынан да бас тартады, керек десеңіз жанын да құрбан етуге дайын. Бозжігіт жүрек сырын, ішкі сезімін жан досына былай өңгімелейді:

Кетпес дертке жолықтым,
Дәрменім жоқ, жан досым.
Қыз жолында өлсем де,
Арманым жоқ, жан досым! [265-268 жолдар]

Бұл кейіпкерлердің шығыс дастандарының кейіпкерлерінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Өйткені кейіпкерді сомдау үшін тек шығыстық қана емес, қазақтың батырлық және лиро-эпостық шығармаларының көрнекті әдістері де пайдаланылады. Мұндай әр түрлі дәстүрлердің тоғысуын Бозаман образының жасалуынан көруге болады. Бастапқыда оның тұлғасы батырлық жырлардың қаһарманына ұқсас сомдалған, сондықтан оны ғашығының

⁶ Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. — М., 1947. С.132-133.

⁷ Тахмасиб М.Г. Азербайджанские народные дастаны// Автореф.дисс... док. филолог.наук.—Баку, 1965.—С. 31.

⁸ Дехтярь А.А. Проблемы поэтики дастанов урду.—М.,1979.—С.83

⁹ Конрад Н.И. Запад и Восток.—М.,1972.—С.265.

әкесі қызына лайық адам ретінде қабылдайды. Қызын қалыңмалсыз, соғыссыз, еш сынақсыз қосады.

Әрі қарай кейіпкер образының ғашықтық дастанға төн белгілері: «ауыстырылған әйел» мотиві мен Бозаманның күнді өлім жазасынан құтқаруы т.б. көрінеді.

Ал эпос пен дара ақындық шығармашылық дәстүрдің синтезі негізінде жасалған «Талайлы мен Айым» дастанының басында дастан кейіпкерінің тұлғасын ертегілік сипаттау орын алады. Ертегі кейіпкері сияқты Талайлы да төменгі таптың өкілі, Балпанбайдың құлы. Сонан кейін кейіпкер ертегідегідей алдын-ала сынақтан өтіп, тілегіне жетіп, құлдықтан азат болады да, жоғарғы әлеуметтік тұғырға көтеріледі. Мұндай даму арқылы дастан кейіпкерінің ішкі сапалық мәні де ашыла бастайды. Бұдан кейін дастан жанрының даму заңдылықтары бойынша, кейіпкер жоғарғы әлеуметтік тұғырға көтерілу үшін байдың қызына үйленуі керек. Бірақ ертегідегідей сиқырдың күшімен емес.

Дастан жанрының аясында кейіпкерге мінсіз мінездеме беріледі. Ол асқан ақылымен ерекшеленіп, ақындық өнерді меңгеруімен қабілеттілігі жөнінен өзгелерден дараланады. Сөз тапқыштық пен әзілқойлық, ептілігі жағынан байлар мен басқаларды артта қалдыруы бұрынғы құл Талайлының жаңа сападағы беделін көрсетеді. Осындай жолмен дастанда бас кейіпкердің өсу эволюциясы айқын көрінеді. Халық арманы көксеген кейіпкер—аңшы, я рудың батыр қорғаушысы емес, ендігі жерде адами қасиеттері жетілген адам тұлғасы. Ал батырлық пен ержүректік қасиеттері ертегілік, эпостың белгілерінен мағынасы кеңейіп, дастан кейіпкерінің образын жасауға қызмет етеді.

Талайлы мен Айымның сезімдері олардың жан дүниесінің ішкі ерекшеліктерінен туындайды. Талайлы Айымның сезімін өз жүрегімен сезініп, алғашқы кездескенде-ақ, оған өзінің ықыласын білдіреді. Талайлының ғашықтық сезімін білдіруі дастанда көтеріңкі күйде беріледі: ақын сүйгеніне жыр арнап, оның ақылы мен сұлулығын, мінезі мен кісілік қасиетін жырлайды. Сүйген қызының болашағына алаңдаған мұңды көңіл-күй мотиві өлеңде қоса беріледі. Кейіпкер сезімінің негізгі өзегі—жігіттің сүйген қызының ішкі жан дүниесін түсінуі мен жоғары бағалауы болып табылады.

Өз тағдырының сүйгенімен ажырамас бірлігін сезіну кейіпкердің онан кейінгі әрекеттеріне қозғау болады. Қырық қарақшымен кездесуінде қызды атқа отырғызып, алға оздырып жіберіп, қаймықпай жауларымен жекпе-жек күреседі. Сүйгені туралы ойлары оның батырлық әрекетінің қозғаушы күші. Бұл көріністе Талайлы образы қазақ эпосының кейіпкерлеріне жақын, Төлеген образы сияқты қарсыласы мен өз таңдауы жолында жекпе-жекке шығады.

Талайлының күрделі образында ертегілік, батырлық, лирикалық белгілер қатар көрініс табады да осындай әр түрлі желілер тұтас бір арнаға тоғысып, шынайы тұрғыдағы ержүрек адам образының сомдалуына қызмет етеді. Бұл— дәстүрлі эпикалық кейіпкердің лирикалық кейіпкерге айналу жолының жарқын мысалы.

«Мақпал—Сегіз», «Сырым—Шынар», «Ақбөпе—Сауытбек» дастандарындағы бас кейіпкерлерінің образдары қазақтың ғашықтық дастандарына тән образдардың соңғы үлгілері. Олардың Талайлыдан айырмашылығы—батырлық қасиеттер көрінбейді, таза лирикалық сипатта танылады.

Аталған кейіпкерлердің шығыс және аймақтық сюжеттерге негізделген дастандардың кейіпкерлерінен атап өтерлік маңызды айырмашылығы бар: олар қоғамның төменгі табынан шыққан жалғыз атты жарлы, еңбекші халықтың өкілі. Олардың образдарында эпикалық түсініктегі қаһармандық, батырлық белгі іс-әрекеттерінде де, сыртқы сипаттауында да көрінбейді. Мұнда кейіпкерлердің өзгеше қыры даралық сипатта танылады. Кейіпкердің ақындық, әншілік, орындаушылық шеберліктері мен түрліше көріністерін сипаттау басты мән иеленеді.

Ақындық, әншілік, композиторлық қасиеттерін табиғи тұрғыдан таныта отырып, романдық дастандар оларды өзі өмір сүрген қоғамның идеалына жауап беретін, халықтың арман-тілегін танытатын тұлғалар ретінде сипаттайды.

Халық санасындағы сал, сері, ақын—адалдықтың, намыспен ардың, тапқырлық пен ақылдылық жиынтығы, өнер мен сұлулықтың жаршысы. Сондықтан бұл кейіпкерлерді бейнелеуде керемет сұлулыққа немесе батырлық қасиеттерге емес, таланты мен жеке қасиеттеріне деген құрмет ерекше

басымдық алады. Мысалы, Сырым бейнесі әрі әнші, ақын, ғажайып өнерпаз тұлғасында сипатталады.¹⁰

Мәтіннен дастан шығарушылар үшін кейіпкердің орындауындағы ән мен күйдің мәні қымбат екендігі байқалады. Кейіпкер—халықтық өнердің сақтаушысы әрі ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші халық өкілі. Кедейлік, мал-мүлкі жоқтық оны айрықша ерекшелендіретін белгі ретінде алынады. Жырлаушылар осыған ерекше көңіл аударып, әлеуметтік теңсіздік мәселесін көтереді. Кейіпкерлер эпос қаһармандары сияқты жауын жеңіп, сүйгеніне қол жеткізбейді. Яғни сүйгеніне деген сезімі қаншалықты терең болғанымен әлеуметтік кедергіден аттап өте алмайды. Мысалы, Сауытбек мұны өте терең, анық сезеді, ол былай дейді:

Малымның жоқтығынан қолым жетпей,
Айрылып ғашығымнан қалдым жылап¹¹.

Аталмыш шығармалар кейіпкерлерінің прототиптері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген тарихи адамдар екенін аңғару қиын емес. Бұл кезеңде өз бойында ақындық, әншілік, орындаушылық қабілеттерді қатар меңгерген сал, серілер өмір сүрді. Халық олардың өнерін жоғары бағалап, еркелетті. Олар: Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанов, Балуан Шолақ Баймурзин, Құлтума Сармұратов т.б. Олардың шығармаларына терең лиризм мен әлеуметтік теңсіздікке қарсылық тән.

Белгілі ақын-композиторлардың лирикалық шығармаларында әлеуметтік қарсылық тұрмыстық тақырып шеңберінен шығып, қоғамдық өмірдің ауқымын кең қамтиды. Бұл: таптық қайшылық, әкімшілік мекемелерінің әділетсіз әрекеттері, шенді феодалдар мен патша уәкілдерінің әділетсіздігі мен дін таратушылардың дүниеқоңыздығы т.б.¹² Халықтың арман-тілегімен қабысып жатқан мұндай

¹⁰ Сырым-Шынар // ӘӨИ, III.242.

¹¹ Ақбөпе-Сауытбек // ӘӨИ, III.309. 87-б.

¹² Сильченко М.С. Песни XIX—начала XX века // История казахской литературы. Т.1. Фольклор.—Алма-Ата, 1968. С.367

туындылар кең жайылып, олардың авторлары жайлы түрлі аңыздар тарады.

Қорыта келгенде, қазақтың романдық дастандарында махаббат сезімі дәріптеліп, патриархалдық-феодалдық қоғамның талап-тілектерінен биік болып, жастардың еркіндігі мен бас бостандығы жырланады. Дастандар идеясының өзегіне қалыптасқан қалың мал жүйесіне, дәстүрге бекітілген отбасылық қарым-қатынастарды өзгертуге болады деген ой негіз болады.

Жастардың махаббат мәселесі романдық дастандардың әрқайсында әр түрлі шешіледі. Шығыстық негіздегі және дәстүрлі фольклорлық сюжетке құрылған шығармаларда бұл ертегілік рухта, өлердей ғашық болу, таңғажайып махаббат күйінде көрінеді.

Өмірде болған оқиға ізімен жырланған дастандарда кейіпкерлердің сезімі, адамның осы сезімнің рухани негізі болып табылатын ішкі жан дүниесі, жоғары адами қасиеттерін ашуға құрылады. Бұл шығармалардың тақырыбы ХІХ ғасырдың әлеуметтік-тарихи жағдайында алынып, кейіпкерлердің бақыт пен бостандық жолындағы жеке күресі әлеуметтік мақсаттармен тығыз байланысты ашылады.


Қазақтың төл ғашықтық дастандары өзінің даму жолында шығыстық әсерді қабылдайды. Алайда махаббат жолында «арып-ашып», «мәжнүнге айналған», «керемет сұлулық иеленген» шығыс дастандарының кейіпкері қазақ жерінде негізгі идеалға айналған жоқ. Бірақ шығыс дастандарының кейбір жанрлық белгілері, мысалы, психологизм, нақтылық пен шынайылық т.б. жыршылардың назарын аударған негізгі мәселе болды. Сондықтан олар дастанның жаңа образын жасаудың жаңа көркемдік амалдарын іздестірді. Яғни, шығыстық дастандарға тән көркемдік құбылыстар жергілікті материалдар негізінде қайта жаңғыртылды. Нәтижесінде қазақ топырағында мүлде тың кейіпкерлері бар шығармалар дүниеге келді. Сөйтіп, халық ауыз әдебиетінің өзгеру, түрлену барысында ғашықтық эпосқа тән лиро-эпикалық дәстүр өзгеріп, бірте-бірте трансформацияланды.

Романдық дастандар діни, хикаялық дастандар төрізді төңкеріске дейін кең дамыды және көп таралды. Мыңдаған тираждармен басылып шығарылды, қолдан көшірілді, ел


аузында жатқа айтылды. Махаббат символына айналған ғашықтық дастандар кейіпкерлерінің есімдері бірнеше ұрпақ жадында жатталды. Өз тағдырларын өзі шешуге ұмтылып, өмірлік серігін махаббат, сүйіспеншілік негізінде өзі таңдаған жастардың махаббат жолындағы күресіне халық аса үлкен құрметпен қарады.

Екі жастың шынайы махаббаты мен сыйластығы, бір-біріне деген қайырымдылығы мен мейірімділігі сияқты таза сезімдерін—дүниенің күллі байлығынан қымбат, жоғары бағалап, көркемдікпен жырлау—ғашықтық дастандардың жанрлық ерекшелігі.

Б. У. Өзібаева,
филология ғылымдарының докторы



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Бозжігіт

Сөз келеді тыңдағанға айтатұғын,
Жоқ шығар бұ жалғанда мұңсыз туған.
Дүниеге адам ұлы қонақ болған,
Күнінде бірі-бірден қайтатұғын.

Жан берді, иман берді Бір уа Барың,
Қалады өзің өлсең дүние, жарың.
Дүниеде біраз өмір қонақ болған,
Барады қазған көрге жігіт, көрің.

Бұ жалғаннан бір кісі тоймай өтер,
10 Жақсы құл өлім түбін ойлай өтер.
Бір бенде малды жияр, дүние сүйер,
Жалғаннан еш мұрады алмай өтер.

Бір бенде өтер әкенің жүзін көрмей,
Бір бенде өтер шешеден сүтке тоймай.
Бір бенде көп мал жияр, дүние сүйер,
Бір бенде өтер малға көңіл қоймай.

Бір бенденің қорасы малға толған,
Бірінен-бірі көріп ыбрат* алған.
Бір бенденің көңлі күліп өтер,
20 Біреудің жылай-жылай жүзі солған.

Бірінен-бірі көріп ыбрат алған,
Алла мейір ойласын деп үлгі салған.

* Ыбрат—ғибрат

Е, бенде, өлеріңді білмеймісің,
Адамның көбі кетіп, азы қалған.

Бір құлдан бір құл көріп ыбрат алған,
Жақсы құлға Құдайым ақыл салған.
Е, бенде, бұ жалғаннан сен де өтерсің,
Өлімге ажал оған пайда болған!

30 Көріштердің жалғанда көңлі сынық,
Байларменен жүруге жолы тұйық.
Біреуге малға қолын сен жаратсаң,
Енді қалай болады сөзім сынық.

Көріптікте болады мүшкіл күнің,
Шықпайды көп ішінде айтсаң үнің.
Айтқан сөз жүрген жолда сен жаратсаң,
Енді қалай болады мұның жөні?

Қауым болған әуелде
Билла интаһа қайырдан
Бар ғалам[ды] жаратқан
40 Сұлтан болған қожамсың!
Көптен құдіретті[сің],
Он сегіз мың ғаламға
Сұбхан болған қожамсың!

Ғаршы менен Күрсіні,
Лаух пенен Қаламды,
Он сегіз мың ғаламды
Алты күнде жаратып
Бенде қылған Алламсың!
Жәбірейіл, Мекайыл,
50 Ысрапыл мен Әзірейіл,
Періштенің ішінде
Артық сүйген Алламсың!

Адам менен Хауа ана
Төрт нәрседен жаратып
Бенде қылған Алламсың!

Жүз жиырма төрт мың әнбия,
Сахибта жоқ әулие,
Атамыз ол Адамды
Құрсант қылған Алламсың!
60 Артық нәби Мұқамбет,
Фахр нәби Мұқамбет
Құлдардың ішінде
Артық сүйген Алламсың!

Сегіз қабат ұжмақты,
Жеті қабат тамұқты
Күнәлі құлдарға
Бина қылған Алламсың!
Сүйген құлың ұжмақта
70 Түрлі-түрлі нығметте
Ұжмақтың ішінде
Орын берген Алламсың!
От ішінде тозақта
Тамұғыңды жандырып
Азап қылған Алламсың!
Түзік жолдан жүрмеген,
Құлшылығын қылмаған,
Күнәсі көп біз құлың
Азап қылсаң қоярсың.
80 Күнә қылмай құлыңды
Рақым қылсаң қоярсың.

Рахматы кең сен, Жаппар,
Біз күнәһар, сен Ғаппар.
Айыбымызды жасырып
Рақым етсең Ғаппарсың,
Айыбын кешпей құлыңды
Азап етсең Қаһарсың.
Рахматыңдан, иә, Раббы,
Еш үміті[м] үзбеймін,
Жүмлө құлға рахмат ет!
90 Иә, Рахим ир-Рахман,
Жүмлөмызға таупиқ бер!

Бозжігіттің кітабы

Омбы шәріне барғанда «Бозжігіт» кітапты бірқатар көріп едім. Бұ кітап жақсы жазылған еді, жыры көп жоқ екен, сөзі мұнды екен. Жігіттің аты Бозжігіт екен, қыздың аты Қарашаш екен. Бозжігіттің досының аты белгісіз екен. Беркмін деп жазып едік. Және шөрдің аты жоқ еді. Бұ кітап жазарға бізге қиын болды. Өзіміздің көңліміз қайғылы күнде бұ «Бозжігіт» кітапты мың сегіз жүз қырық екінші жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қисса деп жаздық, сөзін жазып жырлап едік, шәкірттеріміз «Бозжігіт» кітапты бәрін әніменен жазылсын деген себепті бәрі сөзін әніменен жаздық. Біздің мұнды адамдардың көңлі ашылсын деп кітапты әніменен жазбаққа рұқсат бар.

Заманнан көп замандар өтті дейді,
Бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді.
Жақсы ұзақ дәурен көрмек бар ма?
Дүниеден арманымен өтті дейді.

Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық,
Сауын айтып той қылды елге жайып.
Жұртына көп жақсылық қылған екен,
Той қылды әр жаннан малды сойып.

100 Заманнан көп замандар өтті дейді,
Тәңіріден имандығы[н] күтті дейді.
Жеті жаста баласы оқу оқып,
Он жасына бұ ұл енді жетті дейді.

Жүріпті жаманды ойына алмай,
Жалғанның қызығына көңіл қоймай.
Қолына Құран менен кітап ұстап
Барады молдасына бір күн қалмай.

Көрмегенді көрейін деп жүреді екен,
Таңқалып жүзін көріп тұрады екен.
110 Басында алтын айдар тұлымы бар,
Айдай жақсы болып жүреді екен.

Бір түнде ұйықтап бір түс көреді,
 Алдында сұлу, жақсы қыз көреді.
 О дағы бір патшаның жалғыз екен,
 Бір жалғызға бір жалғыз дос болады.

Арыз айтып алдында сөз сұрайды,
 Ашық жарың іздесең нең құрайды.
 Жаратқанның жарлығы солай екен,
 Біріне-бірі мақұл ұшырайды.

Қыздың айтқан сөзі

120 —Түнде жылап, күндіз зар,
 Мен жүзіңге ынтызар.
 Не себептен болдың жар,
 Мені мұндай қылып зар,
 Ақылың айтсаң керек-ті!

Бір жыл болды жанармын,
 Өткен күнді санармын.
 Ес-ақылымнан танармын,
 Сөзге не күн қанармын,
 Атың айтсаң керек-ті!

Бозжігіттің түсінде сабыр қыл деп айтқан сөзі

130 —Жаныма түсті жайың,
 Тәңірден рахмат күтер.
 Мұратқа бір күн жетер,
 Сабыр қылсаң керек-ті!

Ашықтар зарлап өтер,
 Тәңірден рахмат күтер,
 Мұратқа бір күн жетер,
 Сабыр қылсаң керек-ті!

Сабыр қылмай іс бітпес,
 Мезгілсіз арзың жетпес,

140 Зарлаумен қайғың кетпес,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Ойын мен күлкің қалса,
Бойыңа бір дерт қонса,
Ішің қайғыға толса,
Көрерсің мезгіл болса,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Бұрынғы өткен ашықтай
Ақылың сенің керек-ті!
Бөтен жарға қайрылмай
150 Нәпсің тыйсаң керек-ті!
Біздің үшін әр жерде
Жаның қисаң керек-ті!

Қылма көңлің бұзықты-ай!
Ағарып жүр жүзіктей,
Зылиқа мен Жүсіптей
Сабыр қылсаң керек-ті.

Қыздың түсінде жігітке берген жауабы

—Қапылмысың, ойбай, жігіт,
Жігіт бүйтіп жатар ма?!
Атқа мініп шықпайсың,
160 Ер олжаға батар ма?

Мен жолыңа ынтызар,
Пейілің болса іздей бар!
Бір-бір патша жалғызы
Сіздің үшін болдым зар.

Келер ме деп жоқтаймын,
Үш жыл болды сақтаймын,
Жүзіңді бір көрмеймін,
Қайтіп шыдап тоқтаймын?!

Жаның жанға қосылған,
170 Сен ақиқат жар болсаң,
Біздің үшін зар болсаң,
Шәр-бустан Рұмнан
Бізді іздесең, табарсың.

Бустан шәрдің бұлбұлы,
Сарай жердің бір гүлі,
Дария кешіп, тауды өтсең,
Бізді іздесең, табарсың.

Біз—дарияның кеукері,
Бір болармыз жауһары,
180 Алтын-күміс қолға алып,
Бізді іздесең, табарсың.

Жолдастарын жанға алып,
Бізді іздесең, табарсың.
Нұрдан үлгі алғанмын,
Тоты құстай болғанмын,
Таяғыңды қолға алып,
Бізді іздесең, табарсың,
Ақыретте сен табарсың!

Түсінде бұ қыз жырлап ғайып болды,
190 Жігітің көкірегіне қайғы толды.
Бақсы менен дәрігерден дәрмен таппай,
Жігіттің күннен-күнге жүзі солды.

Әкесі менен шешесі хабар білді,
Жалғызы үшін жандарын құрбан қылды.
Дертіне жалғызының дәрмен таппай,
Әкесі мен шешесі зарлы болды.

Бір жыл болды бұ жігіт күлмей жүрді,
Дертінің еш ылажын білмей жүрді.
Қасында құрдасы бар, жолдасы бар,
200 Ешқайсысын көзіне ілмей жүрді.

Екінші жыл түсінде тағы көрді,
Қыз келіп бұ жігітке сәлем берді.
Көзінен жасы[н] ағызып, қол қусырып,
Арызын айтып жігітке жауап берді.

Қыздың түсінде айтқан жауабы

—Төрт жыл болды сақтаймын,
Келер ме деп жоқтаймын.
Хабарың жоқ, өзің жоқ,
Сәлем де бір сөзің жоқ.

210 Мен жүзіңе ынтызар,
Сақтай-сақтай болдым зар.
Біз бір патша жалғызы
Сіздің үшін болдық зар.

Әке менен шешесі
Рұқсат бермес болар ма?
Түсінде көрген бұ жарын
Келіп көрмес болар ма?

Жігіт[тің] қызға берген жауабы

—Сен бір сурет назырсың,
Кеш қасымда әзірсің.
Үйіне келсем жан да жоқ,
220 Не аттысың? Атың айт!
Не жерлісің? Жеріңді айт!
Туған-өскен еліңді айт!
Және мұндай зар қылма,
Анық қылып жөніңді айт!

Елің сенің білмесем,
Саған түзу жүрмесем,
Шәрің сенің білмесем,
Сені қайдан табармын?

- Былтыр келдің қасыма,
230 Қайғы салдың басыма.
Көрінбейсің көзіме,
Сені қайдан табармын?

Жігітке қыздың берген жауабы

—Атқа мініп шықсаң сен,
Бізді қабыл көрсең сен,
Құбылаға қарай тұрсаң сен,
Іздей бізді табарсың.

- Түсте қосқан Алламыз
Өңінде бізді қоспай ма?!
Дүние бізден өтпей ме,
240 Жар іздесең, табарсың.

Түсінде бұ қыз жырлап ғайып болды,
Жігіттің көкірегіне қайғы толды.
Бар еді бір досы жаннан артық,
Таңертең оған барып, арыз қылды.

Бір құп сурет көрдім мен,
Қайран болып жүрдім мен,
Мәслихатты жан досым,
Ақыл таппай жүрдім мен.

- Қайғы түсті басыма,
250 Ақыл таппай болдым зар.
Мақұл көрсең, жан досым,
Оны іздер ойым бар.

Кетпес қайғы түскенде,
Кеңес тапқан досымсың.
Алыстан ой түскенде,
Ақыл тапқан жан досым.

Бір жыл толды танғанмын,
Бұ қайғыға қалғанмын.

260 Іздеуден бөлек ойым жоқ,
Көңілді оң салғанмын.

Жолдасым жоқ кеткелі,
Дәрменім жоқ жеткелі.
Жан жолдасым сен едің,
Батпай жүрдім айтқалы.

Кетпес дертке жолықтым,
Дәрменім жоқ, жан досым.
Оны іздеп өлсем де,
Арманым жоқ, жан досым.

Достың жауабы

270 —Мақұл сөз, тұр, барармыз,
Ақ жазғанын көрерміз.
Біз жолыңда құрбандық,
Қызмет етіп барармыз.

Тағдыр етсе Алласы,
Шарасы жоқ бендесі.
Досқа бір ісіңіз келсе,
Құрбандығы жолдасы.

280 Ажал жетсе, өлерміз,
Өлмесек, біз келерміз.
Еш шарасы болмаса,
Ақ жазғанын көрерміз.

Досым, сізден қалмаспын,
Жарды іздеп барармын.
Мен жолыңда құрбандық,
Жалғаншы дос болмаспын.

Досымен бұ екеуі мұңдасады,
Ой ойлап ақыл тауып жырласады.
Бұ екеуінің ақылын ешкім білмес,
Жолаушының жабдығын оңдасады.

- 290 Екісі бір-біріне жандай дос-ты,
Біріне-бірі тауып ақыл қосты.
Патшаның өзі ақылын таппай,
Уәзірі, билері қатты састы.

Досына жан жолдасы сөз салады,
Жалғаннан өлмей-өтпей кім қалады.
Өлсек жардың жолында өлейік деп,
Шәрден тауып бұлар қосшы алады.

- 300 Досына жан жолдасы сөз салады,
Жалғаннан өлмей-өтпей кім қалады.
Шәрден бұлар кетерін ешкім білмес,
Алтын менен күмістен мол алады.

Досына жан жолдасы сөз салады,
Жалғаннан өлмей-өтпей кім қалады.
Екі нарға азығын артып алып,
Екеуі бір жігіттен басшы алады.

Арғымақ аттан сайлап мініп алды,
Әкесі мен шешесі білмей қалды.
Жолдасын, құрдасын қасына алып,
Қыз іздеп Бозжігіт онан барды.

Аттанып бара жатып айтқан сөзі

- 310 —Басты берген Алламыз
Ризық берсе керек-ті.
Дене жаратқан Алламыз
Денсаулық берсе керек-ті.

Жан жаратқан Алламыз
Өзі сақтар бендесін.
Қайсы жерде болсақ та,
Аяқ берген Алламыз
Қуат берсе керек-ті.

- Ақыл берген Алламыз
Себеп қылса керек-ті.
- 320 Біз жоқ едік, бар қылған,
Дене жаратып, жан берген,
Жан бергенде нан берген,
Аш болмасақ керек-ті.
Жол бастаған өзіңсің,
Жан сақтаған өзіңсің.
- Күн менен түн бұлар жүрді дейді,
Шәрден-шәрге бұлар жүрді дейді.
Әр жерде шәр көзге көрінсе,
Ат басын оған қарап бұрды дейді.
- 330 Заманнан көп замандар өтті дейді,
Шәрден-шәр сұрай-[сұрай] кетті дейді.
Қырдағы көп шәрден жарын таппай,
Дариямен кеме қылып кетті дейді.
- Заманнан көп замандар өтті дейді,
Дариямен үш-төрт айлық жол кетті дейді.
Бар екен бір аралда мимун шәр,
Құдайым оған түсерге етті дейді.
- Мимундың батырлары айғай салды,
Бәлеге бейшаралар енді қалды.
- 340 Бәрін де бейшараның ұстап алды,
Жерден қазған зынданға енді салды.
- Бейшаралар зынданда тұтқын болды,
Зарланып бір Құдайға жүзі солды.
Кәуірлердің ешбірінен тыныштығы жоқ,
Бұлар жатқалы зынданда үш жыл болды.

Бұлардың зынданда айтқан сөзі

— Биік тауға кез болдық,
Өту бізге қиын-ды.
Темір үйге қамалдық,

Шығу бізге қиын-ды.
 350 Жаман жолға кез болдық,
 Кету бізге қиын-ды.

Жындай елге кез болдық,
 Адам жүзін көрместей.
 Жындай жерге кез болдық,
 Мұнда адам жүрместей.

Мойынға құрық түсіпті,
 Қиналсақ та шықпастай.
 Саңырау елге кез болдық,
 Жалынсақ та ұқпастай.

360 Рақымсыз елге кез болдық,
 Жалынсақ та білместей.
 Жанған отқа кез болдық,
 Жалынсақ та көнбестей.

Бұ бөледен құтылып,
 Жол жүрер күн болар ма?
 Өке менен шешені
 Көрер күні болар ма?

Бұ не құдірет, жарандар?
 Бұ не мехнат, жараңдар?
 370 Патша басы құл болып,
 Бұ не қайғы, жарандар?

Бұлар[дың] зынданнан құтылған жері

Бейшаралар сырласып мұңдасады,
 Қашуға жабдықтарын оңдасады.
 Бұ зынданның ішінде өлеміз деп,
 Қашуға амал таппай жыласады.

Шықтылар бұ зынданнан айла тауып,
 Қаштылар о шәріден аттай шауып.

Дұшпаннан құтылсақ деп қан жыласып,
Түстілер дарияға бір сал тауып.

- 380 Салменен бейшаралар жүрді дейді,
Қашар жаққа салдарын бұрды дейді.
Жолдасының бәрі де анда қалды,
Жан жолдасын бірге алып жүрді дейді.

Салменен бейшаралар жүре берді,
Құдай аман қылсын деп тілей берді.
Салменен бейшаралар шығып еді,
Алдынан көп керуен ұшырай келді.

- Екі адам көп керуеннен келді дейді,
Бірінен-бірі сұрап білді дейді.
390 Қараса өз елінің патшасы екен,
Керуеннің бәрі келіп көрді дейді.

Керуен бәрі келіп көріседі,
Бірінен-бірі сұрап біліседі.
Ханымыздың жоғалған жалғызы деп,
Керуен бәрі енді жыласады.

—Жалғызы патшамыздың, нағып жүрсің,
Сал байлап дария ішінде ағып жүрсің?
Әке-шешең сіз кеткен соң зар еңіреді,
Не жұмысқа еліңнен шығып жүрсің?

- 400 Кетіпсің ел-жұртыңа сөзіңді айтпай,
Тағыңда патшалық орның күтпей.
Әке-шешең көрмегелі төрт жыл болды,
Дарияда нағып жүрсің ісіңді айтпай?

Жігіттің жауабы

—Көп керуен, сөз тыңдаңыз, біз айталық,
Түстегі уақытта келген жарды айталық.
Жар үшін әке-шеше үйінен кеттім,
Жаратқан тағдырына не айталық.

- Түсімде жарым зарлап «Ізде,— деді,
 Үмітімді таппаспын! деп үзбе,— деді.
 410 Жаратқан Алла бізді не қылса да,
 Уақытыңда өлсең де не болар?» деді.

Керуеннің жауабы

— Патшамыздың жалғызы, біз тілейміз,
 Бас ұрып аяғыңа сөз сұраймыз.
 Жалғыз жүріп жарыңды таба алмайсың,
 Қайтқаның мақұл екен, біз жүрерміз.

Өкеңнің сіздің үшін жаны құрбан,
 Өр тарапта шәр жұртың болды аман.
 Өзіңіз бір патшаның жалғызысыз,
 Жалғыз жүріп жар іздеу заңға жаман.

- 420 Мың-мың әскер сізге жолдас болар,
 Шәріне өкеңіздің хабар салар.
 Құдайдың үні сізге бұйрық қылса,
 Жер жүзінде бар болса, тауып алар.

Жігіттің жауабы

— Е, керуен, бұ сөз мақұл болмас деймін,
 Бұ сөзді асық жігіт алмас деймін.
 Өлсем, жардың жолыңда өлейін де,
 Жалғанда ешкім өлмей қалмас деймін.

- Бұ сөзді, дұшпан сөзі— алман, керуен,
 Өлсем дағы жолымнан қайтпан, керуен.
 430 Жарыма уәдені қылғаннан соң,
 Жарымның жүзін көрмей қайтпан, керуен.

Керуеннің қайтқан жері

Керуен көп сөзіне қайрылмайды,
 Өуелгі өз сөзінен айрылмайды.

Онан соң көп керуеннен бұл айрылды,
Деп енді бір-біріне бұрылмайды.

— Бір іс басқа түсіпті,
Жүрмей көңілім тынбайды.
Асық болған жарымды
Көрмей көңілім тынбайды.

440 Көп көріптік көрсем де,
Зар зарланып жүрсем де,
Жар жолында өлсем де,
Жүрмей көңлім тынбайды.

Қайғы жұтып қанбадым,
Бұ жолымнан танбадым,
Бұрынғыдай болмадым,
Жүрмей көңлім тынбайды.

Жалғыздықта жолдасым,
Жар жолында жан жолдасым.
450 Дертіме дәрмен болмайды,
Жүрмей көңлім тынбайды.

Жаным барда барармын,
Тірі жүрсем қайтармын.
Өлсем сәлем айтармын,
Жүрмей көңлім тынбайды.

Енді керуен жүрсе,
Өке бізді көрмесе,
Дертіме дәрмен болмаса,
Арманымды айтарсыз.

460 Разы болсын әкеміз,
Сүтін кешсін шешеміз,
Артымызда атамыз,
Сәлемді сіз айтарсыз.

Бұ жолдан мен келермін,
Келмесем мен өлермін,
Өлсем сонда өлгеймін,
Сәлемді сіз айтарсыз.

Мұны ұғып көрсеңіз,
Шын жолына жүрсеңіз,
470 Құлақ салып тұрсаңыз,
Жақсы екен деп айтарсыз.

Көп керуен бұ жүрмесін білді дейді,
Алтын-күміс, керегін берді дейді.

Патшаның баласы енді кетті,
Таудан, тастан, дариядан өтті.
Қасындағы қызметкері жан жолдасы,
Бір заманда шәрге жақын жетті.

Бір шетінен шәрінің кірді дейді,
Алдында бір үлкен үй көрді дейді.
480 Үй ішінде бір абыз отыр екен,
Кіріп үйге сәлемін берді дейді.

Абыз тұрып сәлемін алды дейді,
Бұларды көріп таңқалды дейді.
Алыстан келген бұлар бейшара екен,
«Отырыңдар» деп текемет салды дейді.

—Ойбай, жігіттер, жолыңыз болсын,—дейді,
Көп олжа алдыңызға толсын,—дейді.
Бейшаралар, жеріңіз алыс екен,
Іздегеніңізді тауып, жолыңыз болсын,—дейді.

490 Бейшаралар, жеріңіз алыс екен,
Мынау бір патшаның жалғызы екен.
Жеріңіз, Құдай білдірсе, мен білермін,
Іздегенің бақыры хан қызы екен.

Таң қалып бұлар сырын айтты дейді:
 —Кім келіп хабар беріп қайтты?—дейді.
 Жолымда ешбір адам көрінбейді,
 Бұ хабарды кім сізге айтты?—дейді.

—Құдайым білдірген соң, білдім сізді,
 Үш күн бұрын түсімде көрдім сізді.
 500 Қарныңыз енді сіздің ашқан шығар,
 Бойыңыз енді жатпақ, қойса сөзді.

Шәрден жарыңызды іздеп қарай,
 Жерде кәріп болса сонан сұрай.
 Жарыңыз бұ шәріден табылмаса,
 Біреуіңіз біздің үйге қайтып орай.

Шәрге бұ бейшара кірді дейді,
 Алланың жарлығына көнді дейді.
 Бір көшенің ішінде жүріп еді,
 Қырық қыз босып жатыр, көрді дейді.

510 Жігітті қыздар бұрын көрген екен,
 Көшемізде екі кәріп жүрген екен.
 Патшаның қызының көзі түсіп,
 Артынан біраз қарап тұрған екен.

—Ойбай, қыздар, бұ жігіт кім болады?!
 Әр жер қарап тұрып айналады.
 Шүйінші, жарым болса, берер едім,
 Көрсеңіз, не көргелі кім барады?

Хан қызының қыздарға жырлап айтқаны

—Батыр ердей жүрісі,
 Патша ұлындай тұрысы,
 520 Көрген түстің түрі осы,
 Бүгін келген болмасын?!

Қылдан бірдей басында,
 Жолдасы бар қасында,

Қайғы түсіп жасында,
Жар іздеуші болмасын?!

Пида қылып малдарын,
Құрбан қылып жандарын,
Барып сұрап елдерін,
Сөз сұраушы болмасын?!

530 Түсте көрген жарымыз,
Оған құрбан боламыз,
Күндіз-түнде зарымыз,
Жар іздеуші болмасын?!

Барып жүзін көріңдер,
Оны сақтап тұрыңдар,
Біраз қарап тұрыңдар,
Ел іздеуші болмасын?!

Барып хабар алыңдар,
Жүзін қарап көріңдер,
540 Қайғы-мұңын сұраңдар,
Жар іздеуші болмасын?!

Онан хабар алғанға,
Шүйінші хабар салғанға,
Алтын жүзік гауһар тас
Шүйіншілікке берермін.

Хан қызы асық жарын білді дейді,
Қыздарға жарын айтып күлді дейді.
Қырық қыздан екі қыз жолдас алып,
Бү жігітті көргелі келді дейді.

550 Көшеден қыздар іздеп таппай қалды,
Бү көріп о жерден кетіп қалды.
Қыздар келіп қараса, дөнеме жоқ,
Әр жерден қарап жүріп айналды.

Ханышаға қыздар келіп хабар айтты:
— Жолаушы екен оларың, кейін қайтты.
Хан қызы көп қыздарға сөз айтады:
— Жарым болса, ол неге кейін қайтты.

Бозжігіт жолдасымен кеңеседі,
Әр жерден мойнын созып қарасады.
560 Шәріден тоны жыртық кәріп көрсе,
Ел-жұртының мәнісін сұрасады.

— Жарымыз бар ма, жоқ па, бір анықталық,
Әйнегін, қыздар білмес, бір тыңдалық.
Бұ шәріден жарымыз табылмаса,
Жолаушының жабдығын оңдасалық.

Бұ көріп хан қызын көңіліне алды,
«Иә, Алла» деп өздерін жолға салды.
Бір сарайдың ішінде от жанады,
Әйнектен бұлар келіп құлақ салды.

570 Көп қыздар үй ішінде сөйлеп жатыр,
Хан қызы жарын жоқтап жатыр.
«Асық жарым, жүзін бір көрсем» деп,
Құдайдан налыш қылып жылап жатыр.

Үй ішінде айтқан сөзі:— Жеті жылдан
Болдым зар, жүзіңе ынтызар, асық саған.
Жарыма қосар ма екен Бір уа Бар,
Бәрі жанның-жанға қосылған.

... * ...

Бір жүрер күн болар ма,
580 Көкіректегі көп қайғы
Құтылар күн болар ма?

Келемін деп айтыпсың,
Уәделерің жалған [ба] еді.

* Бір жол Радловта түсіп қалған.

Мұнша сақтап келмедің,
Белек жарды алған [ба] еді.

Алла қосқан жар едің,
Жарым, опа қылмадың.
Жеті жылдан үйіңнен,
Еш орныңнан тұрмадың.

590 Хан қызы жылай енді сорлы болды,
Жігіттің көкірегіне қайғы толды.
Асық жары екенін білгеннен соң,
Жырын жырлап әйнектен хабар салды.

—Ойбай, жарым, біз шығармыз асық жарың,
Сақтаған жеті жылдан ынтызарың.
Іздегенің біз болсақ, асық жарым,
Сөзімізге енді [сіз] құлақ салың.

Бәрі төрт жыл болды
Жолыңда жүрген жарың.
600 Уәде қылып түсінде көрген жарың,
Іздеген асық жарың,
Келіп тұрмын, жарым,
Шын болса ынтызарың.

Сізді мұнда жаратты,
Бізді онда жаратты,
Біраз зарлап жүрсін деп,
Арада дария жаратты.

Шөлде жүрдім су таппай,
Көп кәріптік көргенмін.
610 Жол бастаушы бір таппай,
... ..*
Төрт жыл болдым жолыңда,
Қайран болып жүріппін.

* Бір жол Радловта түсіп қалған.

Дария кешіп, тау өтіп,
Көрмегенді көрдім мен.
Табандарым ойылып,
Қолдарым сойылып,
Дәулет бағым жойылып,
Зар-сәргардан болдым мен.

620 Әкемді мен көрмедім,
Шешемді мен көрмедім,
Үйде өмір сүрмедім,
Бір сен үшін жүрдім мен.

Мен сені іздеп жүргенмін,
Бойың түсте көргенмін,
Жаным құрбан қылғанмын,
Рақым етсең керек-ті!

Запырандай солғанмын,
Үш жыл тұтқын болғанмын.
630 Жүзің көрер күн болса,
Не болсам да болғанмын.

Мейман болып келіппін,
Қайран болып жүріппін,
Нұрын түсте көріппін,
Рақым етсең керек-ті!

Атым менің—Бозжігіт,
Қасымда бар дос жігіт,
Бір қайғылы қос жігіт,
Рақым етсең керек-ті!

640 Шын ақиқат жар болсаң,
Үйге кірсем керек-ті,
Жаным сүйген, жанарым,
Жүзің көрсем керек-ті.

Қыздың жауабы

—Шын ба екен, өтірік пе екен сөзің сенің,
Таппаймын қайғылықсың өзің сенің.
Түсте Алла қосқан жарым болсаң,
Көрейін, кел, әйнектен жүзің сенің.

Бозжігіт әйнекке келді дейді,
Қыз қарап жігіт жүзін көрді дейді.
650 Бетіндегі пернесін ашып еді,
Ханыша асық жарын білді дейді.

Тонын киіп хан қызы қадам басты,
Жүгіріп қыздар тұрып есік ашты.
Уыстап алтын-күміс қолына алып,
Меруерт пен маржаннан шашу шашты.

Құшақтасып көрісті асық жары,
Қасында қырық қыз бар қызметкері.
Қыздар тұрып алдына жар-жар айтып,
Хан қызының табылды ынтызары.

Қыздардың айтқан жар-жары

660 —Әлхамду, сүре Құранның
Басында-дүр, жар-жар!
Пайғамбарлары Алланың
Қасында тұр, жар-жар.
Бірі—меруерт, бірі—маржан,
Тізіліп тұр, жар-жар!

Бірі—хан-дүр, бірі—ханыша,
Жар болыпсың, жар-жар!
Бірі—тоты, бірі—бұлбұл,
Жар болыпсың, жар-жар!

670 Бірі—алтын, бірі—күміс,
Түс болыпсыз, жар-жар!

Бірі—гүл, бірі—жұпар,
Хош болыпсыз, жар-жар!

Бірі—ай-дүр, бірі—күн-дүр,
Қайғырмаңыз, жар-жар!
Заманақыр болғанша
Айрылмаңыз, жар-жар!
Бірі—ғауһар, бірі—жақұт,
Жарасып тұр, жар-жар!
680 Бірі—тоты, бірі—бұлбұл,
Сыр ашып тұр, жар-жар!

Заманақыр болғанша,
Бір жүріңіз, жар-жар!
Сіз—ханша, біз—қызметкер,
Алла болысар, жар-жар!

Жалған дүние жарасар
Көп малменен, жар-жар!
Малды күнге жарасар
Сүйген жармен, жар-жар!
690 Малы жоқтың жары жоқ,
Төсегі жоқ, жар-жар!

Жар-жар айтпақ бұрынғы
Үлгіміз бар, жар-жар!
Тірілікте біраз күн
Күлкіміз бар, жар-жар!

Жар-жар айтты қырық қыз ойнап-күліп,
Құлақ салды хан күңі тыстан тұрып.
Қыздардың бұ ойнын есіткен соң,
Жөнелді ханға таман хабар біліп.

700 Жар-жар айтып көп қыздар қызмет қылды,
Бір күңі падишаның тыңдап білді.
Қырық қыздың жар-жарын есіткен соң,
Келді де патша алдына жауап берді.

—Тақсыр хан, қызыңызға барып келдім,
Бір сұмдық бар екен, тыңдап білдім.
Қырық қыз жар-жар айтып жатыр екен,
Есіткен жамандықты айта келдім.

710 Бұ жар-жарын есітіп үйге кірдім,
Тойларын, қылған ісін қарап тұрдым.
Көп қыздар бір той қылып жатыр екен,
Екі жігіт ішінде, оны көрдім.

Қызыңызбен бір жігіт мойындасып,
Жатыр-ды тақ үстінде қойындасып.
Менің айтқан сөзіме нанбасаңыз,
Қараңыз, тақсыр ханым, есік ашып.

Есітіп хан қолына қылыш алды,
Еліне ашуланып хабар салды.
Көшеде көп салдаттар жиылып,
Хан қызының тас үйін қамап алды.

720 Хан тыста ашу қылып ақырады,
Үйде жатқан қызын шақырады.
Үйде жүрген дұшпанды өлтірсін деп,
Билері тыста тұрып ақырады.

Салдаттар үй ішіне еніп келді,
Таппады бейшаралар қашар жолды.
Кәріп жаннан түңіліп бейшаралар,
Алланың әміріне мойынсұнды.

730 Салдаттармен екісі ұрыс болды,
Бермеді көп салдаттар қашар жолды.
Бейшаралар есікке ұмтылғанда,
Аяғына таптады сегіз құлды.

«Иә, Алла» деп қылышын қолына алды,
Алдына кез-келгенді қырып салды.
Бейшаралар тас үйден шығып еді,
Тыстағы көп салдаттар ортаға алды.

Өлтірсін деп хан тұрып жарлық қылды,
Тыстағы салдаттар ортаға алды.
Бейшаралар атына мініп алып,
Жүз жиырма кісісін қырып салды.

740 Бозжігіт жолдасымен қашып кетті,
Шәрдің көшесімен шауып өтті.
Сақтаса Құдай Тағала, бөле болмас,
Баяғы абызына аман жетті.

Ұстай алмай хан енді әзіз болды,
Жүз жиырма кісісі өліп қалды.
Аяғының астынан бөле шығып,
Құдайым бұ бөлені қайдан салды.

Ханның қызына айтқан сөзі

— Ойбай, қызым, бұ не деген сұмдық, — деді,
Әкеңді енді қылдың мұңдық, — деді.
750 Қайдан азып жүргенге жолдас болып,
Шәріде кісі жоқ па сондық, — деді.

Ойбай, балам, ер таппай сасқаның ба,
Жер жүзінде хандардың ұлы жоқ па?
Қайдан азып жүргенге жолдас болып,
Құлдармен шыныңменен азғаның ба?

Бұ не деген басыма бөле салдың,
Мұндай үлкен ұятқа қайдан қалдың?
Жұртыңда сондай хандар ұлы жоқ па,
Жолдан азып жүргенге қайдан қалдың?

Әкесіне қыздың берген жауабы

760 — Құлағым саңырау болғанда,
Айтсаң сөзің ұқпаймын.
Қандай жақсы тапсаң да,
Ештеменді алмаймын.

Ақылым бастан кеткен соң,
Ақылыңды алмаймын.
Бұ бір келген жігіттің
Еш жолынан қалмаймын.

Әкем, басымды алсаң да,
Зынданыңа салсаң да,
770 Бұ жарымнан кетпеспін.
Жүзін көрмей қалсам да,
Бізден мақұл қыз тауып,
Өз еркінше қыларсың.
Жұртынан жақсы таңдатып,
Сүйгеніңе берерсің.

Бұ жарымнан басқаның
Өлсем жүзін көрмеймін.
Бұ жігітті көрмесем,
Дертіме жоқ дәрменім.
780 Жүзін көріп өлсем мен,
Дүниеде жоқ арманым.

Ашуланып хан енді жұртын жиды,
Қызына ашуланып іші күйді.
Дұшпандар тағы мұнда келмесін деп,
Әр жерге күзетшіні әзір қойды.

—Ойбай, жұртым, ханыңыздың даты деймін,
Шәріде дұшпанымыз жатыр деймін.
Қайдан келіп қызымды азғырыпты,
Тек емес бұ бір келген жаты деймін.

790 Ақылдасып, билерім, жол табыңыз,
Шәріден бұған жиып қол табыңыз.
Кәрілікте басыма келген бөле,
Кешіктірмей дұшпаннан кек алыңыз!

Дұшпанның алып кел кесіп басын,
Көзінен ағызыңыз қанды жасын.

Дұшпаннан кешіктірмей кек алыңыз,
Қоймаңыз қасындағы бар жолдасын.

Ашуланып хан енді жарлық қылды,
Көп әскер дұшпанына бармақ болды.
800 «Дұшпанымыз ұшыраса, құтылмас» деп,
Шәріге салдат, мың әскер толды.

Бейшаралар абыздан ақыл алды,
Хат беріп жолдасынан хабар салды.
Хат ішінде өзінің атын салды,
Жолдасы кетті, өзі үйде қалды.

Хат алып жан жолдасы жетіп келді,
Хат ұстап хан алдына келіп еді.
Хан бұ хатын ұстап оқыған соң,
Дұшпанның жолдасын[ың] барын білді.

810 Қол қусырып ханға бұ сәлем берді,
Хатын беріп есікте қарап тұрды.
Хат ішінде «ханмын» деп жазған екен,
Хатын оқып хан алып жерге ұрды.

—Ойбай, жұртым, бұ жігіт сасқан екен,
Құл екен, патшамын деп жазған екен.
Жолдасын басшы қылып басын алың,
Өзіне-өзі шұңқыр қазған екен.

Бейшараны басшы қылып алып барды,
Қылыштарын қынына салып барды.
820 «Іздеген дұшпанымыз кез болды» деп,
Қалдырмай батырларын алып барды.

Үйден қарап ханзада білді дейді,
Өлтіргелі дұшпандар келді дейді.
Көп әскердің дауысын естіген соң,
Ер ерттеп арғымағын мінді дейді.

«Иә, Алла» деп дұшпанға қарсы жүрді,
Жан жолдасын дұшпаннан жұлып алды.
Жолдасын көп әскерден алып еді,
Көп әскер бәрі енді ортаға алды.

- 830 Көп кісі күн батқанша ұрыс болды,
Шұңқыр жердің бәрі де қанға толды.
Құдай Тағала сақтаса бәле болмас,
Жықты дейді атынан үш жүз құлды.

Бейшаралар өздерін жолға салды,
Көп дұшпаннан екеуі аман қалды.
Алла Тағала сақтаса бәле болмас,
Үш жүз кісі дұшпаннан қырып салды.

- Барған кісі бұларға қайтып келді,
Үш жүз кісі өлгенін айтып келді.
840 Құдай Тағала бұларға қуат беріп,
Жықты деді атынан үш жүз құлды.

Қалған әскер өзін болып қайтып келді,
Үш жүз кісі өлгенін айтып келді.
Барған кісі дұшпанды ұстаған жоқ,
Хан бір сұмдықтың болғанын енді білді.

Билері хан алдында сөз айтады:
— Ұрысып бұ дұшпанды біз қайтелік.
Шақырып, күйеу қылып той тойлатып,
Ол теріс амал қылып біз қайталық.

- 850 Билердің бұ сөзіне бәрі көнді,
Көшеде сауын айтып атқа мінді.
— Жігіт, көрің, бұ тойдан қалмаң,— деді,
Ханшамыздың көңілі енді тынды.

Ханышаға «шүйінші» [деп] біреу келді,
Неге айырсын ханыша сүйген жарды.
— Жарыңыз[ға] «келсін» деп хабар салың,
Тойыңызда тойсын жұрттың қарны.

Атқа мін[іп] хан өзі бармақ болды,
Тойыңыздың қызығын көрмек болды.
860 Жарлық қылып жұртына сауын айтып,
Сүйгеніңіз[ге] ол сізді бермек болды.

Қыз бекер өтірік сөзге нанады,
Жарына сәлем айтып сөз салады.
«Тойымызға Бозжігіт келсін жылдам,
Күйеу қылып тойлатып сені шақырады».

Жігіт шақырғанда тойға келді, жігітке көп арақ беріп мас қылдылар, аны өлтірерге ақыл қосқанда жолдасы қызға хабар берді.

—Көп дұшпанның ішінде
Қайрап алар жары жоқ,
Сүйемін деп толғанда,
Айырып алар жары жоқ.

870 Шын жарым деп сіз үшін
Басын бұлсыз сатар ол.
Тіріліктің жолында
Не қылсаң да қылар ол.

Сіздің үшін туған бір адам
Өлтірсең де құлың-ды.
Кәріп бас[ы] кесілсе,
Сіздің үшін кесілер.
Кеудеден бас үзілсе,
Сіздің үшін үзілер.

880 Айтса сөзі бұл еді,
Бір патшаның ұлы еді,
Мың-мың әскер аттанса,
Бәрі оның құлы еді.
Дүние-мүлкі бар еді,
Бір өзіңе зар еді.
Сондай патша бітілмес,
Көрінгеннің жары еді.

Қай ерлігін айтайын,
Қанша айтсам да таусылмас.
890 Жалғызы еді бір ханның,
Сүйегін жұртың танымас.
Мас болғанда кәріптің
Әлін ешкім сұрамас.

Көп ішінде не қылсын,
Аққа мойын ұсынды,
Мойын ұсынған жігіттің
Өлер күні болыпты.
Сізден себеп болмаса,
Өлер күні жуық-ты.

900 Өтірік жардың досы емен,
Мені тағы қостай бар!
Бізді бірге өлтірсін,
Әкенің сөзін қостай бар!
Шын сүйген жар болсаң,
Үмітіңді үзбей бар!
Бұрынғы өткен достай бар,
Достың сөзін қостай бар!
Шын көңліңмен жар болсаң,
Жарыңды тез іздей бар,
910 Қылыш басын кеспей бар!
Жарда пейілің бар болса,
Үмітіңді үзбей бар!

Құрбандығын жықпай бар,
Дұшпаныңдан қорықпай бар,
Жар қайғысын ойлай бар!
Іс өткен соң пайда жоқ,
Найзаларын сұқпай бар!
Бүгін еске алмасаң,
Өткеннен соң тойлай бар!
920 Дерт басқа түскен соң,
Қылыш басын кескен соң,
Сіз жарға мен не айтайын
Кеудеден бас үзген соң.

Қыздың жұртына барғаны

Қыз бақыр есіткен соң тұрды дейді,
 Жүгіріп тойға таман жүрді дейді.
 Өлсем жардың соңында өлейін деп,
 Сәлем беріп той үйге кірді дейді.

Есіктен кіріп көпке сәлем берді,
 Көп әскер түрегеліп орын берді.
 930 Бозжігіт мас болыпты есін білмей,
 Өтірік той болғанын енді білді.

Әкесі отыр екен төмен қарап,
 Мас жігіттің болмайды әлін сұрап.
 Екі көзі жігітте көп әскердің,
 Пышақ пенен қолына қанжар алып.

Бозжігіт жар келді деп танымайды,
 Арақ пенен шарапқа қарыны тойды.
 Есі өткенін бейшара біліп алып,
 Айналып көп әскерді бір қарайды.

940 Қыз бақыр бұ сұмдықты білді дейді,
 Әкесіне зар еңіреп келді дейді.
 Жар үшін көп алдында тізе бүгіп,
 Бастады әкесіне сөзді дейді.

Жасын төгіп алдында қыз жылайды,
 Бір жар үшін жалынып зар еңірейді.
 Жарымның жалғыз қаны қала ма деп,
 Мұң айтып көп алдында жыр жырлайды.

Қыздың жылап айтқаны

—Сәлем бердік, әкелер,
 Құтты болсын тойыңыз!
 950 Көп халықты жиыпсыз,
 Құтты болсын ойныңыз!
 Шын көңілмен той болса,

Қой, қозыдан сойыңыз.
Дұшпан болса арада,
Азат етіп қойыңыз!

Әділ патша той қылса,
Алла үшін деп ой қылса,
Бай ішінде зарлыны
Азат қылса керек-ті.
960 Бүгінгі күн жақсы күн,
Тұтқын адам бар болса,
Құтыларға зар болса,
Азат етің, жақсылар!
Бұзық болса тойыңыз,
Жалған болса ойыңыз,
Азат қылып жалғызды,
Біз бақырды сойыңыз!

Бұрынғы өткен дүниеде
Кісі сойып той қылған,
970 Есітпедім, көрмедім
Мұндай жаман ой қылған.
Өлім керек десеңіз,
Адам етін жесеңіз,
Бұ зарлыны құтқарып,
Біз бақырды сойыңыз!

Көп ішінде бұ өзі
Аздай болған бір кәріп,
Алып жүрген қасында
Жолдасы жоқ бір кәріп.
980 Сырын айтып мұңдасар,
Жолдасы жоқ бір кәріп,
Ел-жұртынан айрылған,
Жарты жанды бір кәріп.

Алла Тағала жазған соң,
Кімдер тар болмайды.
Көп елінен айрылса,
Кімдер зарлы болмайды.

990 Мен жылаймын, тілеймін
Әке менен шешеден,
Хан қасында отырған
Билер менен ағадан.

Айтқан сөзге көнсеңіз,
Сұрағаным берсеңіз,
Кеңесі жақсы әкеміз,
Сөзім мақұл көрсеңіз.

1000 Мейман болып келгенмін,
Қалағаным берер ме?!
Сүйген жардан айрылтпас,
Ұлды әкеден айрылтпас!
Е, жұртымның жақсылар[ы],
Сізден сұрап жылаймын,
Бү бір келген жігітті
Азат қыл деп тілеймін.
Мұны азат қылсаңыз,
Бар малымды беремін.
Қолыңызға су құйып,
Күңдей қызмет қылайын.

1010 Қыз бақыр жарынан айрылмайды,
«Жарымды азат қыл» деп көп жылайды.
Хан өзі төмен қарап жерді шұқып,
Қызының бұ сөзіне қайрылмайды.

Ақылсыз бөрі [бір]дей саңырау болды,
Қыз сөзін есітпестей меңіреу болды.
Әкесі мен жұртынан қыз түңіліп,
Көзінен аққан жасқа алды толды.

Жылап-еңіреп жарында екі көзі,
Үй ішінде айналып бір қарайды.
Қайда кеткен байының бар жолдасы,
Көп дұшпанның ішінде жан жолдасы.

- 1020 —Зар-сәргардан бір көріп
Әлін білмес болар ма?!
Жылап қызы келгенде,
Көзің салмас болар ма?!
Жұрт ішінде жалғызды
Есірік етпес болар ма?!
Көп жасаған әкелер,
Билер менен ағалар,
Кеңес жақсы сөзінен
Айрылмастай болар ма?
- 1030 Ақылсызға сөз айтсаң,
Көкірегіне қонбас-ты.
Рақымсызға сөз айтсаң,
Не айтсаң да болмас-ты.
- Көзі жоқ хандардың
Саңырау болар күні екен.
Ақылы жоқ шалдардың,
Соқыр болар күні екен.
- Заманақыр болғанша
Ашылмасын көзіңіз!
1040 Дұшпаннан жау болғанда,
Шын болмасын сөзіңіз!
Күніңіз мұңды болғанда,
Қайырсызға кез болыңыз!
Зарлы күнге қалсаңыз,
Саңырау жұртқа кез болыңыз!
- Малыңызды алған жоқ,
Көңліңіз еш қалған жоқ,
Әкеңізді өлтіріп,
Мойнына қылыш салған жоқ.
1050 Найза, қылыш жанға алып,
Балта, пышақ қолға алып,
Әкеңізді өлтірген
Дұшпаныңыз бұ емес.

Айыбы жоқ адамның
Қанын төккен бұ емес.

Қыз бейшара жұртынан түңіліпті,
Жарына жақынырақ үңіліпті.
Әкесі мен жұртынан дәрмен таппай,
Көзінен қанды жасы төгіліпті.

Қыздың жігітке берген жауабы

1060 —Ойбай, жігіт, қуанба бұл ойынға,
Шайтан кірген қойынға.
Ақылыңды жимасаң,
Қылыш жетер бойыңа.
Ойбай, жігіт, мас жігіт,
Ақылыңды жи, жігіт!
Жан шығуға жетіпті,
Көп ішінде аз жігіт.

Бозжігітім, көзің аш!
Әуелден қосқан жар келді,
1070 Сөкіріп тұрып есік аш!
Қылыш шаппай басыңды,
Зарланып жарың келгенде,
Жылап келген жарыңның
Жұрты тілін алмайды.
Қатты ер хан әкем
Қызына көзін салмайды.

Жан жолдасы есікте жылап отыр,
Құдайдан аман қыл [деп] тілеп отыр.
«Хан қызынан еш пайда болмас» деп,
1080 Қыздың сөзін есіктен тыңдап отыр.

Бейшара білді енді болмағанын,
Әкесі қыздың сөзін алмағанын.
«Досымның жүзін мен көрейін» деп,
Үйге кірді құрбан қылып жанын.

Қасына досының жақын келді,
 Қыздан дәрмен болмасын енді білді.
 «Өлсем бірге со жерде өлейін» деп,
 Шыбын жанын досы үшін құрбан қылды.

1090 Мас болып досына қарамайды,
 Ешқайсы мұның халін сұрамайды.
 «Досымның құлағына жыр жырлайын,
 Тек отырып шығуым жарамайды».

Бозжігітке досы жырлап айтқаны

— Бір шәрдің ішінде,
 Бір жүргенге ұқсайсың.
 Қай жердікісің, ойбай, жігіт,
 Бір көргенге ұқсайсың.
 Мен елімнен алыспын,
 Өке-шеше көрмеспін.
 Сен еліңде хан едің,
 1100 Әрбір іске дана едің.
 Өзіңдей болған кәріпке
 Туған соң дана едің.
 Билеп едің жұртыңды,
 Шықпас жерге түсіпсің.
 Құс құтқармас қаршыға,
 Жаман жолға кетіпсің.
 Тілеп болмас дұшпаннан,
 Бір қорлыққа түсіпсің.
 Маңдайынан тер ағып,
 1110 Қайғылы [күйге] түсіпсің.
 Терең жерге барыпсың,
 Жанған отқа түсіпсің.
 Егіз туған бала едің,
 Бір күндерде зар едің,
 Бір сағат та шы[дамай].
 Аман бол, жан досым,
 Енді қайда көрермін?
 Бұрынғыдай бірігіп,
 Енді қайда тұрармын.

- 1120 Қиямет күн болғанда,
Көрсем сонда, көрермін.

Қасында жан жолдасы жыр жырлады,
Төрде отырған хан қызы зар еңіреді.
Жан жолдасы бұ жыр[ды] есіткен соң,
Көзін ашып досына бір қарады.

Көзін ашып бұ жігіт досын көрді,
Қашуға қыз бен жігіт мақұл көрді.
Дұшпанның қайла қыларын білген соң,
Мас болған жігітке ақыл кірді.

- 1130 «Иә, Алла» деп атына мініп алды,
Үйдегі көп дұшпандар тоймай қалды.
Досы мен екеуі атқа мініп,
Найза мен қылыштарын қолына алды.

Хан қызы «аман-есен барың, — деді,
Он күнде әзір болың жарым», деді.
Бұлардың қашқанын білгеннен соң,
«Тез барып оның басын алың» деді.

- Көп әскер бір-біріне тығылады,
Біздерден қашса ол не қылады?
1140 Үзенгінің оң жағын қиған екен,
Мінемін деп атынан жығылады.

Бозжігіт жолдасымен кетіп қалды,
Артынан көп әскер құмақ болды.
Сансыз әскер атына мініп алып,
Артынан жете алмай тұрып қалды.

Бар еді бір патшаның ұлы е[н]ді,
Көп еді алтын-күміс бұлы еді.
Хан ұлына қызын бермек болған,
Арасы бір айшылық жолы еді.

- 1150 Бір жадияр келді, хабар алды,
Көп әскер жиып тұрған алып барды.
Мың кісі қасына жолдас қылып,
Келген, көрген адам таң қалды.

Хан алдына келді де сәлем берді,
Хан келгенін жақсы көріп әлік алды.
«Керек күнімізде болдың күйеуім» деп,
Өзінің жанында оған орын берді.

- Хан тұрып:—Балам, енді отыр,—деді,
Қызымды уәде қылдым былтыр,—деді.
1160 Арамызға бір дұшпан кірген екен,
Басын кесіп сен маған келтір,—деді.

—Тақсыр хан, рұқсат берсең мен барайын,
Басын кесіп сізге мен келтірейін.
Атына рұқсат алып мінді дейді,
Көп әскер меніңменен мен алайын.

Атына рұқсат алып мінді дейді,
Көп әскердің қырылғанын көрді дейді.
Әскерден бес жүз кісі қайтқан екен,
Алдында ашу қылып тұрды дейді.

- 1170 Көп әскер:—Біз ұрысқа бардық,—дейді,
Мың кісі ортамызға алдық,—дейді.
Жартымызды ол біздің қырып салды,
Күшіміз біздің жетпей қалдық,—дейді.

Алдына кез келгенін қырып салды,
Өз артына жолдасын тұрғызып салды.
Күшіміз жетпей онан қашып кеттік,
Бес жүз кісі біздерден қырып салды.

Хан баласының жауабы

—Хан қызын былтыр бізге уәде қылған,
Екі хан бір-біріне құда болған.

1180 Мұнша елін қырдырып ханның өзі,
Бізді әуелде шақырмай қата қылған.

Көріңіз, сізге қызық көрсетейін,
Оқпенен басын оның үзе атайын!
Екеуінің бірдей басын кесіп алып,
Ханышаңызға апарып көрсетейін.

Көп әскер бірге енді жүрді дейді,
Қарасын бейшараның көрді дейді.
Бозжігіт тасқа бір оқ атқан екен,
Тасқа оғы кезінен батты дейді.

1190 Бұ да енді бір оқ атты дейді,
Тасқа оғы ортасынан батты дейді.
Өз күшінің кем екенін білген[нен] соң,
Жұртына жарлық айтып қайтты дейді.

— Бізден қашып енді ол келмес, — дейді,
Бұ шәріге енді ол енбес, — дейді.
Ханышаңыз бізбенен қосылған соң,
Келсе де ит құрлы көрмес, — дейді.

Ханышаң жақсы көрсе, көрген шығар,
Дуа оқып, басын оның бұрған шығар.
1200 Ханыша бізді көрсе, құрбан болар,
Бізді келмес деп жүрген шығар.

Көп әскер көрісіп қашты дейді,
Өлтірдік деп ханышаға айтып келді.
Қыз бақыр тірліктен үміт үзбей,
Сүйтсе де күннен-күнге жүзі солды.

Жігіттердің сөзі

Бейшаралар жаралы болған екен,
Жан жолдасы қасынан қалған екен.
Көзін ашып қараса, тауға келді,
Биік тау алдында болған екен.

1210 Көзін ашып қараса, тауға келді,
Есі ауып қалғанын енді білді.
Биік таудың қасына келіп еді,
Тауға бір асып түсуге көңіл қылды.

Оқ жағына қол қарысып қалған екен,
Дұшпандар көп жараны салған екен.
Қасында қарап тұрса, жолдасы жоқ,
Бейшара бір жерде өліп қалған екен.

Жан жолдасы бейшара өлген екен,
Көп дұшпан ішінде қалған екен.
1220 «Тірі болса қасымда жүрмес пе еді»,
Көкірегіне көп қайғы салған екен.

Әр жерде жарасы бар, қан ағады,
«Бұ жерде өлсем, мені кім бағады?»
Көп жарадан өлімді ойына алып,
Екі көзден қанды жас енді ағады.

Бір жерге атын байлап түсті дейді,
Өзіз жаннан үмітін үзді дейді.
Жалғандықта жанымда жолдасым жоқ,
Бастады досын жоқтап сөзін дейді.

Жігіттің досын жоқтап жылағаны

1230 —Тозаң басты күнімді,
Көп әскер басты жолымды,
Қайғы басты көңлімді,
Ашылар күн болар ма?!
Кәріптікке түскенде,
Досым маған келер ме?!
Есіме алып жоқтасам,
Менің халім білер ме?!
Жалғыздыққа қосқанда,
Бір көрер күн болар ма?!
1240 Бұрынғыдай бірігіп,
Бір жүрер күн болар ма?!

- Артымдағы дұшпаннан
Құтылар күн болар ма?!
Бұ қайғылы күндерім
Ұмытылар күн болар ма?!
Қарсы қарап дұшпанға,
Жүрсем жолым болар ма?!
Бұрынғыдай бірігіп,
Бір жүрер күн болар ма?!
1250 Айрылыппын, жан досым,
Көрер күнім болар ма?!
- Іздейін десем дәрмен жоқ,
Сені қайдан табармын?
Бірге өлсем арман жоқ,
Сені қайдан табармын?!
- Досын жоқтап зар қылып еңірейді,
«Көрмеймін досымды» деп көп жылайды.
— Биік таудың басында бір қарлығаш
Баласына жем беріп асырайды.
- 1260 Қарлығаш қарлығашқа жем береді,
Қарындас қарындасқа дем береді.
Жалғыздыққа түсті кәріп басым,
Менің бүйтіп жүргенім кім біледі?!
- Жылағаным білмейді әкем менің,
Зарлығым білмейді шешем менің.
Кәріптікке түсті кәріп басым,
Сұрарға ешкім жоқ менің.
- Күндер бізге бар екен бүйтіп жүрер,
Зарлансам да ешкім жоқ халім сұрар.
1270 Өз жайымда асыраған әке-шешем,
Болар ма тағы сізді бір күн көрер.
- Ағаштың басын кессе түбі қалар,
Екеудің бірі өлсе, бірі қалар.

Жалғызың өзі өлсе, несі қалар,
Мінген ат, киген тон жатқа қалар.

Барайын десем, болыпты жолым тұйық,
Айтайын десем, жат елде сөзім сынық.
Не қылса да ырыс бар, шарамыз жоқ,
Болмас-ты пайда көріптен көңілі сынық.

- 1280 Жоқ болды қасымдағы жан жолдасым,
Жүрмес жерге ұшырады көріп басым.
Туған жер, әке-шеше ойға түсті,
Ағады қан аралас көзден жасым.

Бұ дүниенің ішінде өлмей қалған,
Болар ма ойлағанның бәрін алған?
Біреудің басында қайғысы бар,
Оның үшін бұ жырды тауып алған.

- Жаздым мен мұңды көңілім ашылсын деп,
Әр жерде бұ бір сөзім шашылсын деп.
1290 Дүниеде түрлі-түрлі адам болар,
Қайғылы адам көңлі басылсын деп.

Бозжігіттің Құдайға налыс қылғаны

— Ұлылардың ұлы Құдайым сен,
Келіп тұрмын алдыңа кедейің мен.
Өзің жәрдем қылмасаң біз құлыңа,
Жалғыздыққа түсіппін, не етейін мен.

Ойлаймын жаным мұнда алар ма деп,
Мұңды басым бұ жерде қалар ма деп.
Кім өлмей қалар мұнда, жаралған соң,
Қорқамын құл кебінсіз қалар ма деп.

- 1300 Құдай жарлығынан қаларым жоқ,
Жәрдем іздеп еш қайда барарым жоқ.
Көңіліме со бір жері мұң болады,
Кепіл тауып көр ішіне саларым жоқ.

Он сегіз мың әлемді жаратыпсың,
Тас ішінде құрттарға жем беріпсің.
Тілермін жарлы құлың «Сұлтаным» деп,
Жердегі адамдарға дем беріпсің.

1310 Сенен басқа ешкімге тілерім жоқ,
Әлім не боларын білерім жоқ.
Амалым жоқ ұшыраса өлім енді,
Сенен басқа ешкімнен тілерім жоқ.

Әуелде біз құлыңды патша қылдың,
Құлыңның датын өзің білдің.
Не қылсаң біз бенде шарамыз жоқ,
Азап қылсаң құлыңа ашуландың.

1320 Бейшара еңіреп Құдайға налыс қылды,
Жаратқаннан басықты енді білді.
Бейшара налыс айтып отыр еді,
Қара тышқан алдына қарсы келді.
Тышқанды бұ бейшара ұстай алды,
Өзіндей әр жеріне жара салды.
Бұрынғыдан есіткен сөз бар екен,
Дертіне бұ тышқанды дәркер қылды.

Тышқанды жіпке байлап қоя берді,
Тышқан іздеп әр жерден шөпті жеді.
Әр жерден тышқан шөпті іздей-іздей,
Бір шөп жеп қара тышқан сафа болды.

1330 Бұ тышқан о шөпті жеп алды,
Шөпті жеп со жерде үгіп салды.
Шөптен сол жерде үгіп салды,
Жарасы сау кісідей бола қалды.

Тышқанның жеген шөбін тауып алды,
Біраз жеп жараға үгіп салды.
Жарасының үстіне салып еді,
Жарасы сау кісідей бола қалды.

Құдай Тағала берекет беріп, дертін жазды,
Атына мініп жолға таман басты.
Бір күні қатты шауып жүрді дейді,
Шәрінің шетіне енді араласты.

Қалған досының сөзі

1340 Бейшара мұның досы қалған екен,
Бұған да көп жараны салған екен.
Көп әскердің ішінен досын таппай,
Баяғы өз ізіне барған екен.

Жеті күн досын таппай іздеп жүрді,
Қызға жарын таба алмай хабар берді.
Хан қызымен екісі ақылдасып,
Енді келсе қашу мақұл көрді.

Қыз айтады:—Оны ап кел,—дейді,
Өлген бе, тірі ме,оны тап,—дейді.
1350 Бұ шәрдің ішінде бір кемпір бар,
Жасырып үйіне оны ап кел,—дейді.

Жолдасы падишаны іздей жүрді,
Көп көрінсе атының басын бұрды.
Бір төбенің басына келіп еді,
Жан жолдасы келеді, оны көрді.

Атына мініп досына қарсы жүрді,
Бір-біріне қолдасып қолын берді.
Бірін-бірі көрісіп көңіл тынды,
Атқа мініп екеуі шәрге барды.

1360 Бірін-бірі көрісіп көңіл тынды,
«Шәрге кірейік» деп атқа мінді.
Жан досы қыз үйіне жаяу келіп,
«Аман жарың келді» деп хабар берді.

—Шүйіншіге тіледі ал, кел,—деді,
Қолыңа алтын жүзік сал, кел,—деді.

Кемпірге бес мың алтын ділдә бермек болдым,
Жарымды барып маған алып кел, — деді.

- Кемпірге бес мың алтын ділдә бермек болдым,
Жарымды барып онан көрмек болдым.
1370 Енді мұнда келмесін, дұшпан білер,
Түзер енді кемпір біздің жолды.

Әр жерден дұшпан бізге көз салады,
Кемпірдің үйіне алып барсын деді.
Кемпірге хабар беріп уәде қылдым,
Кеше барып түнде тұрмақ болдым.

Хан қызы жан досына хабар қылды,
Кемпірдің үйіне алып барсын деді.
Әр жерден дұшпан сізге көз салады,
Түзер енді кемпір біздің жолды.

- 1380 Шәрден біреу мұны көрді дейді,
Баяғы қыздың жары келді дейді.
Бейшаралар кемпірге келген екен,
Көргендер ханға «айтам» деп келді дейді.

Есіктен хан алдына келді дейді,
Бір жұмысқа келгенін білді дейді.
«Баяғы дұшпаныңыз екі жігіт
О кемпірдің үйіне келді» дейді.

- Билері хан алдына келді дейді,
Екі жігіт келгенін білді дейді.
1390 «Бұ дұшпаннан біз қайтіп құтылалық»,
Жұртын жиып енді кеңес қылды дейді.

Баяғы Зитун батыр бірге келді [дейді],
Күйеу болып шықпайды хандан дейді.
Хан қызын аламын деп қуанады,
Сәлем беріп енді үйге кірді [дейді].

—Тақсыр хан, ұлықсат берсең мен барайын,
Амал қылып мен оны өлтірейін.
О кемпірдің үйінен тірі ұстасам,
Алдыңа сүйреп мұнда келтірейін.

1400 —Ойбай, балам, оны өлтірсең, қыз сенікі,
Боламын дұшпан кетсе досың сенікі.
Ханнан рұқсат алған соң жүред екен,
Кемпірдің бұ үйіне келді дейді.

Ханнан рұқсат алған соң жүрді дейді,
Кемпірдің бұ үйіне келді дейді.
Бір қоржынға толтырып алтын беріп,
Кемпірді ақыры алдап ұрды дейді.

—Ойбай, кемпір, саған алтын мол берейін,
Өлгенше қызметке құл берейін.
1410 Аналарды у беріп өлтір, кемпір,
Өмірің өтпей тұрып жол берейін.

Таңертең тұрып, кемпір, ас қыларсың,
Ас ішіне у салып алдырарсың.
Хан саған мұны өлтірсең, шен береді,
Бір қауым қатындарға бас боларсың.

Ақыры жолдан кемпір азды дейді,
Бұларға енді шұңқыр қазды дейді.
Базардан у сатып ап келген,
Таңертең кемпір қылды асты дейді.

1420 Бейшара бұ дәріден ішіп салды,
Жолдасы білмес мұны, тыста қалды.
«Жолдасы жоқ, бәрін бердім дәрінің,
Өлтірсін» деп патшаға хабар салды.
Баяғы Зитун өзі келді дейді,
Кәріптен енді кегін алды дейді.
Таңертең базарда өлтірем деп,
Зынданға темірлеп салды дейді.

1430 Салдаттар патшаға хабар салды,
 Дұшпаннан ханның енді көңлі тынды.
 «Қызымды мен Зитунге беремін» деп,
 Жұртына «той қылың» деп хабар салды.

«Хан қызын аламын, — деп қуанады,
 Бұ қызды менен басқа кім алады».
 Бозжігіт[ті] зынданға салғаннан соң,
 «Көңлі сүйер ханыша» деп ой қылады.

Хан ертең жарлық қылды: — Өлтірің, — деп,
 Базарға алып келіп өлтірің, — деп.
 Дұшпанымның өлгенін жұртым білсін,
 Дұшпан өліп қалғанда көңлі тынсын, — деп.

1440 Салдаттар Бозжігітті алып барды,
 Базарға ел жиылды оңнан-солды.
 Бейшара мас болып ақылы жоқ,
 Ажал енді мұнда душар болды.

Жолдасы хан қызынан қайтып келді,
 Бір сұмдық болғанын енді білді.
 Кемпірдің ашуланып жанын алды,
 Қылыш тұтып кемпірдің басын кесті.

1450 Кемпірдің ашуланып жанын алды,
 Кемпірден қылыш тұтып қанын алды.
 Досымның құнын сенен алайын деп,
 Басын алып кескілеп итке салды.

Бейшара енді жоқтап зар еңірейді,
 Кез келіп көрінгеннен бір сұрайды.
 Әр жерден сұрай-сұрай келіп еді,
 Базарда көп ел жиылып шуылдайды.

Бір жерде көп халық қарасып тұр,
 Әр жерден асушыны сұрасып тұр.
 Өлтіруші бір уәзірдің қолында тұр,
 Асушы тілеушімен тілесіп тұр.

- 1460 Біреу асамын деп жіп алып тұр,
Біреу алмас қылыш қолға алып тұр.
Уәзір менен билер тұрды бәрі,
Өнер қылайық деп жарлықшы сайланып тұр.

Досына жақын келіп қадам басты,
Не қыларын білмеді, қатты састы.
Жылап-еңіреп қасында тұрып еді,
Бір заманда бейшара көзін ашты.

- Аяғына қараса байладылар,
Өлтіруге орнын сайладылар.
1470 Төңірегіне қараса, бәрі дұшпан,
Көріп жан[ды] шығуға қинадылар.

Оң жанында жан досы жылап отыр,
Өлтіруге жұрт бәрі шулап отыр.
Ажал жетсе, ешкімнен дәрмен болмас,
Иман айтып өлерін ойлап отыр.

Бейшара өлерін енді білді,
Досына «бері кел» деп бір ым қылды.
Досына құрбан еді жан жолдасы,
Қасына жақынырақ енді келді.

- 1480 Аузын ашып досына сәлем айтты:
—Тірілік те енді, досым, бізден қайтты.
Ажал жаннан бейшара түңілген соң,
Елі менен жұртына сәлем айтты.

Бозжігіт[тің] досына жырлағаны

—Ойбай, жан досым, жақынырақ кел,
Арызым саған айтайын,
Сенен басқа досым жоқ,
Сырым кімге айтайын.

Қаршыға құстың қанаты
Қайрылысар күн болады,

- 1490 Амандасып досымен
Айрылысар күн болады.
Бір күн қалмас досынан
Қайрылысар күн болады.
- Е, жан досым, жақын кел,
Ажал бізге жетіпті,
Көп дұшпанның ішінде
Дәрмен бізден кетіпті.
- Бүгіннен соң, жан досым,
Енді сізді көрмек жоқ.
1500 Бұрынғыдай бірігіп
Енді бірге тұрмақ жоқ.
- Бұ жерден сіз қайтыңыз,
Жұртқа сәлем айтыңыз!
Жалғызыңның сөзі деп,
Бізден сәлем айтыңыз!
- Қаршыға құстай қондырған,
Қасымда сүйіп отырған,
Дидарыма тоймаған,
Жалғызым деп ойлаған,
1510 Мұңды қалған әкеме,
Зарлы болған шешеме,
Әкем менен шешеме
Сәлем айта көріңіз!
- Бала шешеден тумақ бар,
Бұйрық болса тұрмақ бар.
Ажал жеткен адамға
Артық өмір сүрмек жоқ.
Қанатынан қайрылған,
Жалғызынан айрылған,
1520 Қайғы[сы] көп шешеме
Сабыр қыл деп айта көр.

- Кімді балам дер ол,
Кімді мен деп сүйер ол?
Біз есіне түскенде,
Жанған отқа күйер ол.
Күйгеніне кез болсаң,
Сабыр қыл деп айта көр!
Басымдағы бөрігімді
Мұңды қалған әкеме,
1530 Қолымдағы жүзікті
Зарлы болған шешеме
Өз қолыңнан бергейсің!
Көңлің[е] ұнай жүргейсің!
- Басымдағы бөрікті
Кимесе де ол ұмытпас,
Жалғыз ұлым келер деп
Ол біздерді күтпесін!
Қолымдағы жүзікті
Өз қолыңа салғайсың,
1540 Сәлем айтты деп жалғызың
Шешеме сен бергейсің!
Жалғызым деп жыласа,
Көңілің[е] ұнай жүргейсің!
- Біз екіміз бар едік,
Еш айрылмастай жар едік,
Бір күн сені көрмесек,
Көрейік деп зар едік.
- Алладан пәрмен жетті,
Досым, досыңнан хал кетті,
1550 Бұ дүниеде көрмесең,
Ақыретте көргейміз!
Әке-шешеден айрылып,
Біздің үшін, жан досым,
Көп ренжіп не көрдің сен?
Еліңе сен барарсың,
Әке-шешені көрерсің.

Бізден хабар сұраса,
Арзың айтып жыларсың.

1560 Барсаң сені көргейлер,
Қасыңа келіп тұрғайлар,
Бізден хабар сұраса,
Көзі көрген жолдастар,
Бірге жүрген мұндастар,
Бізді есіне алғандар,
Бізден мақрұм қалғандар,
Бізді көрмей қалғандар
Бізден хабар сұраса,
Сәлем[ім]ді айтарсыз.

1570 Бізден ренжіп қалғандар,
Бізден көңлі қалғандар,
Көп ішінде бар болса
Разы болсын деп айтсаң.
Жалғыз да өтер дүниеден,
Жаман да өтер дүниеден.
Дүние ішінде арманда
Зарлы да өтер дүниеден.
Қонақ болған дүниеге,
Кім өлмейді дүниеден,
Сен де өтерсің дүниеден.

Досының жауабы

1580 — Айрыларың білгенмін,
Қорқа-қорқа жүргенмін.
Алла әміріне дәрмен жоқ,
Мойынсұнып тұрғанмын.

Шеше сүтін ембеген,
Жаннан тәтті сүйіскен,
Заманақыр болғанда,
Айрылмайық дескен,
Жаннан тәтті, жан досым,
Жаным құрбан қылсам да,

1590 Осы көптің алдында
Сіздің үшін өлсем де,
Көп дұшпанның ішінен
Құтылмастай күн болды.
Басқа түскен ісіміз
Ұмытылмастай күн болды.

Жаннан тәтті, жан досым,
Көп күн бірге жүрмедім,
Бүгіннен соң ақыры
Енді сізді көрмедім.

1600 Сен өлсең, мен қайтармын,
Арзым қайтіп айтармын,
Әкең шықса алдымнан,
Не деп жауап айтармын?
Шешең шықса алдымнан,
Не деп жауап айтармын,
Алдымда тұрып зарланса,
Не деп жауап айтармын?

Әке менен шешеден,
Малы менен баладан,
1610 Кімді айырмас бұл өлім?
Ойбай, бейшара досым,
Медет тіле Алладан,
Маған да келер бұл өлім.

Бозжігіттің өлген жері

Бейшаралар мұңдасып көп тұрыпты,
Арызын айтып екеуі мұңдасыпты.
Базарда жиылған көп жамағат
Бұлардың сөзін естіп жыласыпты.

Бір заманда уәзірі келді дейді,
Бейшаралар өлерін білді дейді.
1620 Салдаттар алдына өзір тұрып,
«Қылышпенен шабың» деп жарлық қылды.

Өлтірерге мұны байладылар,
Қылышын өткір қылып қайрадылар.
Салдаттар қылышпенен шауып еді,
Өтпеді, қылыш жанды қинадылар.

Уәзірі:—Өткір қылыш келтір,—дейді,
Кешіктірмей мұны тез өлтір,—дейді.
Бетіндегі пердесін ашып жауып,
Патшаның көңлін шапшаң тындыр,—дейді.

1630 Бетінде қыл пердесін сойып алды,
Жалаңаш мойнына қылыш салды.
Бетінде алтын айдар тұлымы бар,
Көрген адам бұларға таң қалады.

—Тек кісі емес деп ойлап едік,
Көп кісі ортаға алып сөйлеп едік.
Қайтейік, залым патша тіл алмады,
Өлтірме бейшараны, қой деп едік.

О жерде Зитун батыр ақырады,
Әрбіріне «өлтірің» деп шақырады.
1640 Хан жарлығын бұзуға әлің бар ма,
Салдаттарға «шабың» деп ақырады.

Салдаттар басын үзе шаба алмады,
Ылажын өлтіруге таба алмады.
Өлтірем деп қинапты әзіз жанды,
Салдаттар тілін бір алмады.

Бозжігіттің жауабы

—Ойбай, әскер, бізге жаман сөйлемеңіз,
Қылыш етім кесер деп ойламаңыз!
Табанымның астында алмас қылыш
Алып шабың, жанымды қинамаңыз!

1650 Кеудемді ешкім менің үзбес деймін,
Өз қылышым болмаса, кеспес деймін.

Жанымды алсаңыз да қинамай ал,
Тағдыр қылса Тәңірім бұзбас деймін.

Бейшараның етігін шешіп алды дейді,
Кеудеден шауып басы[н] үзді дейді.
Алты бүктеп салған алмас қылыш
Бір шапқанда мойны[н] үзді дейді.

Өзіз басы қиналып жерге түсті,
Ақ жүзі жарқырап жерге түсті.
1660 Қасында жан жолдасы жылап отыр,
Досынан айрылып үміт үзді.

Зитун батыр:—Ол оңбасын,—деді,
Дарға байлап жоғары асың,—деді.
Жұрт ішінде өлгені мәлім болсын,
Хан-ханшаның көңілін бассын,—деді.
Кәріп басын дарға асты дейді,
Жұрт бөрі жылап онан қашты дейді.
Ханға жұрт «өлтірдік,—деп айтып келді,—
Құтылдық дұшпаннан, көңліміз тынды» дейді.

1670 «Той қылың» деп жұртына жарлық қылды,
Патшаның өлгенін жұрт білді.
Қыз бақыр бұ істен ессіз ақыл,
Мал сойып той енді қылды дейді.

Бейшара ол шәрде өліп қалды,
Досы оның қиынын көріп қалды.
Дарға басын асқанын көргеннен соң,
Жылай-жылай бейшара талып қалды.

Айхай, дүние, е, дүние,
Кімге опа қылдың сен?!
1680 Ескендірдей патшаны
Өз қойныңа алдың сен!
Неше-неше шаһариар
Еңіретіп алдың сен!

Фахр ғалам Мұқамбет,
Оны тағы алдың сен.

Алып-алып тоюың жоқ,
Еш те бірін қоюың жоқ,
Қасымда жүрген жан досым,
Бүгін тағы алдың сен,
1690 Ажал жетсе өлгеймін!

Қарашаш сұлудың сөзі

Қыз сақтайды жолдасы келе ме деп,
Келіп бізден бір хабар ала ма деп.
Қыз үйіне жолдасы келмеген соң,
Қыз қорықты бір сұмдық болды ма деп.

Кемпірге хан қызы келді дейді,
Кемпір өліп жатыр, көрді дейді.
Үйіне жылай-еңірей қайтып келді,
Бір сұмдық болғанын білді дейді.

Бәрін де қырық қыздың қасына алды,
1700 Шәрден жарын іздей жүрмек болды.
Түн ішінде қай жерде дауыс болды,
Әйнектен бәрі келіп құлақ салды.

Бір жерге келсе көп жұрт той тойлайды,
«Осында болар» деп қыз ойлайды.
Әр әйнектің түбінде жыр жырлайды,
Жарын жоқтап бейшара зар еңіреді.

Қарашаш сұлудың әйнектен жырлағаны

—Түйе келіп боздайды,
Ботасы оның жоқ па екен?!
Бота көзді Бозжігіт
1710 Бұ ойыңда жоқ шығар?

Сиыр келіп мәңірейді,
Бұзауым деп жылайды.
Бейшараның бұзау[ы]
Бұ ойында жоқ па екен?

Қойлар келіп маңырайды,
Қозысы үшін аңырайды.
Бейшараның қозысы
Бұ ойында жоқ па екен?

1720 Жылқы келіп кісінейді,
Құлыным деп іздейді.
Бейшараның құлыны
Бұ ойында жоқ па екен?

Бұлбұл құстар сайрайды,
Қызыл гүлі жоқ па екен?!
Қызыл жүзді Бозжігіт
Бұ ойында жоқ па екен?

Әйнектен бейшара жыр жырлайды,
Үй ішінде жамағат жыр тыңдайды.
Еш адам хан қызы деп ойламайды,
1730 Бейшара әркімге бір еңірейді.

Көп ішінде бір адам білді дейді,
Бейшара хан қызы екенін көрді дейді.
Бейшара жарын жоқтап жүрген екен,
Әйнектен жарын жырлап жауап берді.

—Түйелер келіп боздайды,
Ботасы оның жоқ шығар.
Бота көзді Бозжігіт
Бұ ойында жоқ шығар.

1740 Жылқы келіп кісінесе,
Құлыны оның жоқ шығар.
Құлын көзді Бозжігіт
Бұ ойында жоқ шығар.

Сиыр келіп мәңіресе,
Бұзау[ы] оның жоқ шығар.
Бұзау көзді Бозжігіт
Бұ дүниеде жоқ шығар.

Қойлар келіп маңыраса,
Қозысы оның жоқ шығар.
Қозы көзді Бозжігіт
1750 Бұ ойыңда жоқ шығар.

Бұлбұл құстар сайраса,
Қызыл гүлі жоқ шығар.
Қызыл жүзді Бозжігіт
Бұ ойыңда жоқ шығар.

Бозжігіттің тұлғасы
Жаралағанға ұқсайды,
Дүниенің дәулеті
Тұл қалғанға ұқсайды.
Жарыңнан хабар сұрасаң,
1760 Қайтпас жерге кеткен ол.

Есітіп бұ сөзді қыз жылап келді,
Әкесінен қыз басын сұрап келді.
«Әкем менің аң аулай барған екен,
Сауға бер, әке» деп еңіреп келді.

— Естіп пе ең, ойбай, ата,
Аң аулай кетіпсің,
Өлтіруге батыпсың,
Қалың шеңгел ішінен
Бала сұңқар атыпсың,
1770 Жақсы көрген қызына
Бір сауғаны қимай ма?

Тұзақ құра жатыпсың,
Бала киік атыпсың.
Атып алған аңынан
Бізге сауға бермей ме?

Жақсы көрген қызына
Бір сауғаны қимай ма?

1780 Атқа мініп шығыпсың,
Дұшпаныңды жығыпсың,
Дүние енді кең қалды,
Өлмес хабар ұғыпсың.
Бір күн, әке, жыларсың,
Көппен дұшпан боларсың,
Іс өткен соң пайда жоқ,
Әкем, дертті боларсың.

1790 Ойлағаның білдім мен,
Сенің түрлі ойың бар,
Біреуге бізді берер ойың бар,
Жұрт ішінде тойың бар.
Темір алтын болмас-ты,
Бақыр күміс болмас-ты.
Еркім бар деп іс қылма,
Қызың тілін алмас-ты.

1800 Күйеу қылған Зитунның
Сыртын алтын қылсаң да,
Ішін күміс қылсаң да,
Өз жарымдай болмас ол.
Алтынға жүнін боясаң,
Қарға сұңқар болар ма?!
Қанатына қан жақсаң,
Сұңқар қарға болар ма?!
Жақсы көрген кісінді
Қорға қосып келтірсең,
Тамам жұртқа білдірсең,
Өз жарымдай болар ма?
Күйеу сүйіп той қылдың,
Қызың тілінді алар ма?

1810 Бозжігіттің сүйегін
Мың Зитунға бермеспін.
Өз жарымның моласын

Алтынды үйге бермеспін.
Сондай жарды тапсаң да,
Еш те қабыл көрмеспін.
Ақылы жоқ әкемнің
Қылған ісін қайтейін?
Өлген жарым көрмесем,
Тірі жүріп қайтпаспын.

Хан[ның] қызына берген жауабы

—Жылама, қыз, жылама,
Ел ішінде жақсы көп.
1820 Елден-елге жүрейін,
Сені оған берейін!

Тілім, балам, қайырма,
Сүйгеніңше қылармын.
Алтынды отау тіктіріп,
Қызметшілер қоярмын.

Басымдағы төжімді,
Астымдағы тақтымды,
Қызым, саған берермін.
Арғымаққа мінгізіп,
1830 Мың құл, балам, берермін.
Мың түйеге жүк артып,
Мың күң, балам, берермін.
Дүние жүзі кең, балам,
Тауып алып бір жақсы,
Сүйгеніңе берермін.

Мал жақсысын аларсың,
Сүйгеніңге жетерсің.
Бұзба, балам, ойыңды,
Құп түзерсің бойыңды.

1840 Хаңдардан хат келеді,
Бәрі сені сүйеді.
Тоты құстай жігіттер

Бәрі сені тілейді,
 Сені алсам деп жылайды.
 Шақырып алып тұрғызып,
 Жүзің, балам, көргізіп,
 Көп қайғырма, жан балам,
 Сүйгеніңе берермін.

Қарашаш сұлудың сөзі

— Балаң көңлі қалған-ды,
 1850 Арбасаң да болмас ол.
 Нұр жігітті келтірсең,
 Оны да қабыл көрмес-ті.
 Сүйектерім сынған соң,
 Сыласаң да болмас ол.
 Жүрегім жанып күл болды,
 Су құйсаң да сөнбес ол.
 Басым жерге тиген соң,
 Көтерсең де болмас ол.
 Көңіл құстай ұшқан соң,
 1860 Қайтып қолға қонбас ол.
 Сүйген жарым кеткен соң,
 Не қылсаң да болмас ол.
 Ішім мұзға толған соң,
 Жүрегім тас болған соң,
 Ішім еш те білмес ол.

Арғымаққа мінгізген,
 Мың құлыңды нетейін?
 Құл қызметі өткен соң,
 Күңге қызмет қылдырмай,
 1870 Өзім ісімді қылармын.

Алтынды отау қылғанша,
 Жерден мола қылармын.
 Басыңдағы тәжіңді,
 Астыңдағы тақтыңды
 Қолыма ұстап нетейін?
 Таққа отырар кісім жоқ,

- Мал жақсысын нетейін?
Малды алар кісім жоқ,
Елден-елді аралап,
1880 Тапқан жақсыны нетейін?
Өз тапқаным кеткен соң,
Өзге жарды нетейін?
- Бізден соңғы қызыңды,
Қысыр қалған биедей,
Елден-елді аралап,
Елден жақсы көрінсе,
Оған оны берерсің.
- Бейшара қыз жылай-еңірей сөзі бітті,
Әкесінің қасынан зарлап кетті.
1890 «Өлсем жарым жолында өлейін» деп,
Бір заманда шәрге жақын жетті.
- Бір заманда дарға асқан көрді басты,
Бір көрсе есі ауып жерге түсті.
Есін жиып қанды басын қолға алып,
Қан аралас ағызды көзден жасты.
- Қайран басың, хан басың,
Кесілгенге ұқсайды,
Басы жоқ кеудеден
Үзілгенге ұқсайды.
1900 Кеудең қанға былғанып,
Аяқ-қолың шылғанып,
Кебінің жоқ, көрің жоқ,
Жерде жатар ер ме едің?!
Қанға басың былғанып,
Бүйтіп жатар ер ме едің?!
- Құмға былғап басыңды,
Көзден аққан жасыңды
Жерге ағызар ер ме едің?!
Кеукер басың, хан басың,
1910 Алтын жүзің былғанып,

Дараға асылар ер ме едің?
Жұртыңда сен хан едің,
Әрбір іске дана едің.
Дұшпандардың қолына
Мұндай болар ер ме едің?!

Қарақаттай көздерің,
Қызыл гүлдей жүздерің,
Балдан тәтті сөздерің,
Бір көруге зар болдым.
1920 Айтсам сөзім жетпес-ті,
Қайғың естен кетпес-ті.

Алыс жолға кетіпсің,
Шақырсам да келмессің.
Өз жолыңда кетіпсің,
Зар қылсам да білмессің.
Сізден дүние өтіпті,
Мен де артыңнан өтермін.
Сен алдымда болмасаң,
Бұ дүниені не етермін?

1930 Қайғың кетпес өлгенше,
Күнде жылап жүргенше,
Бұ қайғыны көргенше,
Бірге болсам керек-ті.

Бейшара қыз дүниеден құры қалды,
Торқаға қанды басын орап салды.
Үйінен алтын-күміс қолына алып,
Жарына там тұрғызу ойына алды.

Қасына жүз жиырма құлын алды,
Алтын менен күмістен мола салды.
1940 Барғанын хан қыздың білген[нен] соң,
Жұртына «жиылың» деп хабар салды.

Жұртына:— Қыз қасына барың,— деді,
Неғып жүр қызым менің білің,— деді.

Қызымның бір күнде көңілі сүйер,
Қызымның қыл дегенін қылың,—деді.

Көп әскер қыз қасына келді дейді,
Болғанын там тұрғызып көрді дейді.
Қыз бұлардың келгенін жақтырмады,
Әскердің бәрі қайтып жүрді дейді.

1950 —Қызыңыз там тұрғызып болған екен,
Шәрден зергер жиып алған екен.
Бұ шәрде сондай үй табылмас,
Алтын менен күмістен салған екен.

Хан қызын көруге ұялады,
Шешесі «жалғызым» деп зарланады.
Қасына бір-екі адам қосшыға алып,
Шыдай алмай шешесі бір барады.

Қызына жақын келіп белін бұды:
—Ойбай, балам, бұ күн саған қайдан туды?
1960 Құдай қосқан жарыңнан зар еңіретіп,
Ақыл[ы] жоқ әкеңге не қан жауды?!

Ақыл[ы] жоқ әкеңге айтсам тіл алмады,
Дұшпандардың сөзінен еш қалмады.
«Қызыңды жылатпа» деп айтып едім,
Қанша айтсам да тілімді еш алмады.

Ұялғаннан қасыңа келе алмадым,
Әкеңнің еш ақылын біле алмадым.
«Обалың әкеңе,—деп зар еңірейді,
Бізді үйде, сізді мұнда ойламады».

1970 «Обалың әкеңе деп зар еңірейді,
Бізді үйде, сізді мұнда ойламайды».
Қыздың қасында жасын төгіп,
Көкірегінде ойлаған арызын айтты.

Қызына жылап ханым мұңын айтты,
 Қылыпты әкең саған құрбан айтты.
 Баласы шешесіне қарамайды,
 Ұялып шешесі үйге қайтты.

Қыз енді там тұрғызып болды дейді,
 Ішінен бекіткендей қылды дейді.
 1980 Қасында қырық қызбен амандасып,
 Дала, жер көз жасына толды дейді.

Қарашаш сұлудың сөзі қыздарға жылаган

— Жар-жар айтқан жар-жарым,
 Аман болың, қош болың!
 Бізге өтер күн болды,
 Сізден кетер күн болды,
 Аман енді, қош болың!

Бізге өтер күн болды,
 Жар үшін өлер күн болды,
 Сізге қалар күн болды.
 1990 Бізден реніш алғандар,
 Бізден көңлі қалғандар,
 Ойыңызға алғайсыз,
 Риза болың, достарым!
 Бұрынғыдай боларсыз,
 Сүйген жарға барарсыз,
 Ойнап-күліп жүрерсіз,
 Аман болың, достарым!

Торғайға жем табылар,
 Ауруға ем табылар,
 2000 Басыңыз жас, достарым,
 Сізге де күн табылар.
 Бізден дүние өтеді,
 Тірілік енді болмас-ты,
 Бұ жалғанның ішінде
 Ешкім өлмей қалмас-ты.
 Менің үшін жыламаң,

Мендей бір қыз табылар,
Тіріге жар табылар,
Өлгенге жыр табылар.

- 2010 Менің жарым өтіпті,
Бұ жалғаннан кетіпті,
Кел десем де келмес ол,
Зар қылсам да білмес ол,
Шын жарымнан қалғам жоқ,
Жалған жарға барғам жоқ,
Бұ дүниеде қалғам жоқ,
Аман болың, достарым!

Қыздар[дың] Қарашаш сұлуға жырлап айтқаны

- Әуел Құдайдан тілейміз,
Екінші сізден тілейміз,
2020 Біраз сабыр қылыңыз!
Арызымыз бар, сұраймыз,
Біраз тірі тұрыңыз,
Біраз дәурен сүріңіз!
Жетім болмаса шешеңіз,
Бір қат жүзін көріңіз.

- Жолдастарың артыңда-ай
Қозыдай шулап қалмасын!
Әке-шешең артыңда-ай
Түн-күн еңіреп қалмасын!
2030 Алтын бізге кең сарай
Жерге құлап қалмасын!
Қырық қыздың қанаты,
Сіз боларсыз санаты,
Қанатымыз қайырма,
Өзіңден бізді айырма!

Сіздің үшін ел-жұртың
Ботадай боздап қалмасын!
Дүниеден үміт үзбесін,
Түгенінді бұзбасын,

- 2040 Алтын отау кеукерің
Жат қолында қалмасын!
Меруерт пенен маржаның
Әркімге олжа болмасын!
Қайт, жанымыз, қайт-сана,
Біз бақырды зар қылмай,
Қайт, жанымыз, қайт-сана!

Қарашай сұлудың сөзі

- Біреуге ажал келсе,
Не қылсаң да болмас ол.
Жан алушы келгенде,
2050 Айтсаң тілің алмас ол.
Қанша жасқа келсең де,
Дүние ішінде қалар ол.
Дүниенің дәулеті
Дүние ішінде болмас ол,
Артыңдағы дәулетің
Әркімге олжа болар ол.
Әке-шешең қасыңда
Зар еңіреп қалар ол.
Жан алушы келгенде,
2060 Кімнің тілін алар ол?

Әкеден де кетерміз,
Шешеден де кетерміз,
Ажал келсе амал жоқ,
Бұ жалғаннан өтерміз.

- Қатты дертке жолықтым,
Дәрі ішсем де тірілмен,
Енді айтар сөзім жоқ,
Сөзім қалар, өзім жоқ,
Ажал жетсе тұру жоқ,
2070 Аман болың, достарым!

Бейшара қыз жылай-жылай тамға кірді,
Тіріліктен өлгенін жақсы көрді.

Там есігін ішінен бекіткен соң,
Өз ішіне өзі бұл пышақ ұрды.

Қабірінде қыз жарын құшақтайды,
Өзін-өзі пышақпен пышақтайды.
Сыртында қырық қыз сақтап отыр,
Хан қызы тысқа шықпай ұзақтайды.

2080 Хан қызы жарыменен қосылышты,
Әзіз жаны кеудеден үзіліпті.
Әкесіне жұрт хабар айтқаннан соң,
Қылған хан тойы енді бұзылышты.

Хан есітіп жұртынан жылап келді,
Шешесі бетін жыртып еңіреп келді.
Тамам жұрт бұ хабарды есіткен соң,
Өлген кісінің моласына бөрі келді.

2090 Жыласа да іс өтіп қалған екен,
Екі жалғыз дүниеден барған екен.
Ханым «мұндай боларын білмедім» деп,
Өз бетін өзі тырнап жыртқан екен.

Тыста тұрып хан қызын шақырады,
Жұртына есік аш деп ақырады.
Ханым ашуланып патшасына,
Іс өткен соң бұ енді не қылады?

Көп әскер там есігін бұзды дейді,
Бетін ашып көрділер қызды дейді.
Құшақтасып жатыр екі жалғыз,
Көрген соң үміттері[н] үзді дейді.

2100 Хан қыздың қасында зар еңірейді,
Өз қолын өзі тістеп жұлқылайды.
Ханым патшасына ашуланып,
«Бар сұмдық өзіңнен» деп жылайды.

Хан жылай-еңірей үйіне қайтты,
«Сыртынан там тұрғыз» деп жарлық айтты.
Сықылын бұ баланың білмедім деп,
Жұртының бәрі жылап көңіл айтты.

—Сымбатын көргеннен соң қайтпадыңыз,
Алтын айдар тұлымын айтпадыңыз.
Сымбатын көргеннен соң сұмдық қылсам,
2110 Сонда менің мойныма айып тағыңыз.

Ханым ханға:—Мақұл болдың,—дейді,
Жалғызыңды өлтіріп тындың,—дейді.
Енді артыңда қосқан кім қалады?
Өле-өлгенше аманат алдың,—дейді.

Жалғыз қызың өлтіріп тындың,—дейді,
Молаға жанын алып қойдың,—дейді.
Алдыңда қуанышың кім болады?
Тірілікте тұқымыңды жойдың,—дейді.

Бейшара хан айтты:—Білмедім,—деп,
2120 Өлтірерге базарға кірмедім,—деп.
Сақалын жұлып патша көп жылайды,
«Бейшараның сымбатын көрмедім» деп.

Моласына хан келіп жұрт жүргізді,
Алтын мола сыртынан там тұрғызды.
«Бейшара, жалғызым» деп хан жылайды,
Жылағанмен өлгенін кім тіргізді.

О арманда өтіпті, бұл арманда,
«Білмедім» деп жылайды хандар мұнда.
Алладан тағдыр келсе шара болмас,
2130 Дүниеден өтіп кетті бәрі арманда.

Екі асық бірге өліп қалды,
Әкесі жұртын жиып мола салды.
Бозжігіттің бетін құшып жан досы,
Дос[ы] үшін жан досы талып қалды.

Дос[ы] үшін бейшара көп жылайды,
 Құдайда[н] «иман қыл» деп көп тілейді.
 Досым маған аманат беріп еді,
 Тапсырмай өлсем о қалай дейді.

Жігіттің жырлағаны

— Мен қайтуға ой қылдым,
 2140 Кімменен жүргеймін,
 Кімді досым дегеймін?
 Сен есіме түскенде,
 Кеткім келмес қасыңнан.
 Жыласам да пайда жоқ,
 Көзден аққан жасымнан.

Менің сенсіз ішкен ас
 Қызыл қанға ұқсайды.
 Қайтайын десем жұртыма,
 Қайғың аяқ тұсайды.

2150 Көптен енді айрылған
 Қаздай болып қалдым мен.
 Көп елінен айрылған,
 Аздай болып қалдым мен.
 Ботасы өлген түйедей
 Енді боздай қалдым мен.
 Құлыны өлген биедей
 Енді кісіней қалдым мен.

Жаның Аққа тапсырдым,
 Жарың бірге қасыңда.
 2160 Жалғыздыққа жылаймын,
 Көп қайғы бар басымда.
 Өлейін деп ойласам,
 Аманатың бар қойнымда.
 Жүрейін деп ойласам,
 Жалғыздық бар мойнымда.

- Аманатың тапсырып,
Тірі болсам келермін.
Жаннан тәтті жан досым,
Жолыңда мен өлермін.
2170 Құтылдыңыз дүниеден,
Екеу болып бірленіп,
Жолдасына[н] айрылып,
Досың қайтты зарланып.

Досының үйіне барған жері

- Бейшараның сөзі енді бітті дейді,
Жұртының жөнін сұрай кетті дейді.
Құдай сақтаса бендеге бөле болмас,
Аман-есен жұртына барды дейді.
- Алдында бір-екі адам көрді дейді,
Жеткен соң жақын, сәлем берді дейді.
2180 Екі адам өз елінің [адамы] екен,
Амандасып бірге енді жүрді дейді.
- Жалғыз жігіт, атыңды бермен айда,
Сенің бізге келгенің болды пайда.
Сіздерді іздеп шыққан көп кісі едік,
Жалғыз жүрсің, қасыңдағы досың қайда?

Жігіттің жауабы

- Құдайым жалғыздыққа салды, — дейді,
Жан жолдасым жылай-еңірей қалды, — дейді.
Құдайым тағдыр жетіп алған соң,
Жан жарымнан айрылып қалдым, — дейді.
- 2190 Екеуі бұ хабарды есітті дейді,
Шөрге алып мұны жүрді дейді.
Жалғыз шөрге кіргеннен соң,
Жұрт бері келіп мұны көрді дейді.

Бастады жігіт көпке сөзін дейді,
 Ағызып екі көзден жасын дейді.
 «Жалғызын хан естісе өлер» дейді,
 Ханға барып айтуға састы дейді.

Жиылып көп билер кеңеседі,
 «Жалғызы патшаның» деп мұңдасады.
 2200 Бір ақын бар екен жұрт ішінде,
 Жырменен білдіруге оңдасады.

Ақын мен жан досын алып жүрді,
 Көп билер сәлем беріп ханға келді.
 Жалғызының жан досын көріп еді,
 Хан ханыммен орнынан жылап тұрды.

—Жан жолдасың, жалғызым қайда?—дейді,
 Күйіп ішіміз, жалын болды, - дейді.
 —Балаңыз жарымен кейін қалды,
 Той болар, үйдің ішін сайла дейді.

2210 Балаңыз сүйгенімен кейін қалды,
 Жалғызыңыз бізден хабар салды.
 Әкеміз біз барғанша жұртын жиып,
 Аямай сойсын дейді тойға малды.

Бейшара хан мен ханым уанады,
 Мал сойып жиылғанға той қылады.
 Кәрі ақынды билер алдына алып,
 Жырлауға жырын енді ой қылады.

Билер:—Ақын, жырың жырла,—дейді,
 Жалғызы ханның келер, ойла,—дейді.
 2220 Бүгінгідей той болмас, хан естісін,
 Жалғызы[ны]ң тойын тойлап жырла,—дейді.

Хан ханыммен:—Жыр жырла,—дейді,
 Осындай мұнан соң қайда?—дейді.
 Қолдарына ап келіп ат пен шапан,
 Ақынға сыйлап оны байла,—дейді.

Хан алдында кәрі ақын жыр жырлайды,
Айтқанын құлақ салып көп тыңдайды.
Жыршының сұрасаңыз есімін енді,
Ақылы бар адамдар мұны аңдайды.

Жыршы[ның] бастаған жері

- 2230 — Көпті көрген кәрі мен,
Біраз жырды жырлалық!
Аспандағы торғайдай
Алдыңызда сайралық.
Үй ішінде отырған
Құлақ салың, жақсылар,
Бү жалғаннан пайда жоқ,
Тақта болың, жақсылар!
Кәріңіздің сөзінен
Ыбрат алың, жақсылар!
- 2240 Кәрілердің ескі сөз,
Еске алмай жүрмеңіз.
Ғалымдардың көзді сөз,
Көңілге алмай жүрмеңіз.
Кәрілердің қайыр сөз,
Бұрынғыдан қалған сөз.
Ғалымдардың әділ сөз,
Пайғамбардан қалған сөз,
Құдайдың досылар,
Көңіліне алған сөз.
- 2250 Дертімізге дәрмен жоқ,
Қайғысызда арман жоқ.
Дертке пайда болмаса,
Жаратқаннан пәрмен жоқ.

Мінген аттан ер қалар,
Тапқан ерден мал қалар.
Ер басына күн туса,
Сүйген жардан ол қалар.
Патшалардан тақ қалар,

- 2260 Мергендерден жақ қалар,
Ер басына күн туса,
Дүниенің бәрі жоқ қалар.
Ғалымдардан хат қалар,
Ұсталардан жат қалар.
Ойлап тұрсаң, жақсылар,
Бұ жалғаннан кім қалар?
Теміршіден тат қалар,
Жүрген жерде жол қалар.
Көрген жерде сол қалар,
Байларыңдан бұл қалар.
- 2270 Қатын болса тұл қалар,
Тапқан ерден мал қалар.
Алтын-күміс бұл қалар,
Иттей шулап таласып,
Кім көрінген сол алар.
Үйің болса бос қалар,
Ойнап жүрген дос қалар.

- 2280 Туғанмын деп қуанба,
Туған өлер күн болар.
Өлген жанның бәрінен
Сұрау сұрар күн болар.
Малым көп деп қуанба,
Малды көрмес күн болар.
Алтынменен жер толса,
Көзін салмас күн болар.
Бір өзіңнен басқаны
Көңілге алмас күн болар.
Тілдімін деп қуанба,
Тіл байланар күн болар.
Күшім бар деп ойлама,
2290 Күшің кетер күн болар.
Дүниедегі құлдардың
Көзін салмас күн болар.
Балам бар деп қуанба,
Бала да қалар күн болар.
Ғалыммын деп қуанба,
Сұрау алар күн болар.

Қызыл жүзге қуанба,
Сойылып қалар күн болар.
Құрт-құмырсқа жиылып,
2300 Тойынып қалар күн болар.

Патша едім деп ойласаң,
Ескендір мен Сүлеймен,
Олар да өткен дүниеден.
Балам көп деп ойласаң,
Жүз қырық баланың әкесі
Адам өткен дүниеден.
Малым бар деп ойласаң,
Малы сізден көп шығар,
Қарын өткен дүниеден.
2310 Күшім бар деп ойласаң,
Қаһарман мен ол Әли
Олар да өткен дүниеден.
Шешенмін деп ойласаң,
Неше-неше шешендер
Сөйлеп өткен дүниеден.
Неше-неше төрелер,
Неше-неше жақсылар
Жылап өткен дүниеден.

Хан алдында кәрі ақын жыр жырлайды,
2320 Сөздің түбін ханға бұрады енді.
Жырлаушы бұ жерге келгенінде,
Хан бір тұрып, орнына бір отырды.

—Ақыным, жақсы екен жырың сенің,
Өлім айтып шығады кәрің сенің.
Жырыңның өне бойы өлім екен,
Бізге қарай таяды кәрің сенің.

Жыршының жауабы

—Тақсыр хан, өлім айтпай не айтайын,
Бұ жерде ажал жетсе, мен қайтейін?!

Адамның ақыр-соңы өлім деген,
2330 Шын айтсам, оны айтпай не айтайын?!

Жаралған соң кетерміз,
Бұ жалғаннан кетерміз.
Басқа, өзге өлім ақ,
Жылай-еңірей кетерміз.
Тағдыр таусылар болған соң,
Шарамыз жоқ, не етерміз?
Әмір келсе Алладан,
Мойын ұсынып жатармыз.
2340 Дүние шіріп күл болып,
Қара жер боп бітерміз.

Елден бұрын туған ол,
Белін берік буған ол,
Әуел келіп жол ашқан,
Тәңріменен сөйлескен
Адам еді әкеміз,
Хауа ана еді шешеміз,
Бұ дүниеде пайда жоқ,
Олар да өткен дүниеден.

Топан су тасқанда,
2350 Таудан-тастан асқанда,
Әр жануардан алып ол,
Кеме ішіне салып ол,
Аман-есен қалып ол,
Нұх пайғамбар өткен дүниеден.

Намруд отқа атқанда
От ішінде жанбады,
Шын сөзінен танбады,
Жалғыз ұлын Ысмайыл
Пышағын қынынан алып,
2360 Мина тауына апарып,
Құрбан шалған Ыбырайым,
О да өткен дүниеден.

Он екі ұл ішінде,
Тұтқын етіп жатқызып,
Рахмат етті Алласы,
Мысырдың болды патшасы,
Жетпіс жылдың соңында-ай
Жүзін көрді әкесі,
Ақыр өмір хан болып,
2370 Жүсіп өткен дүниеден.

Жердің жүзін алған ол,
Түрлі шәр салған ол,
Күншығысқа барған ол,
Күнбатысты көрген ол,
Әділ туған хан еді.
Жан өлімге жеткенде,
Жердің жүзі бұзылып,
Күннің көзі тұтылып,
Мөңгі су таба алмай,
2380 Жиырма тоғыз жасында
Ескендір өткен дүниеден.

Дәуіт ұлы Сүлеймен,
Дүниеде хан болған ол.
Жердің жүзін алған ол,
Алтын таққа мініп ол,
Аспаннан ұшып ол,
Мың қатынды құшып ол.
Құдай Тағала жол берген,
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
2390 Жалғыз оған ұл берген,
Бала үшін арманда,
Жер жүзіне хан болып,
Сүлеймен өткен дүниеден.

Неше-неше жар алған,
Хандар өткен дүниеден.
Ыбырайым мен Ысмайыл
Зәкария мен Зұлғұпыл,

Қабыл мен ол Абыл,
Олар да өткен дүниеден.

- 2400 Көзсіздерді көргізген,
Аяқсызды жүргізген,
Жығылғанды тұрғызған
Әулие өткен дүниеден.

Құдай өмірімен аспанға ұшқан,
Алла Тағала[ға] ашық-ты,
Аузынан от шығарып,
Жалаң аяқ, жалаң басы,
Екі көзден ағып жасы
Диуаналар өткен дүниеден.

- 2410 Мың түйеге жүк артқан,
Жүз атқа пұл артқан,
Алтын тақта отырған,
Алтын менен күмісті
Жердің жүзін толтырып,
Малдан зекет бермеді,
Құдай өмірін қылмады,
Мұнша байлық әлімен
Иман ислам таба алмай
Қарын өткен дүниеден.

- 2420 Әуелі де Мұқамбет,
Ақыры да Мұқамбет,
Он сегіз мың ғаламның
Фахыры да Мұқамбет.
Үмбетіне зар жылап,
Жарлылық деп көп тілеп,
Үмбеті үшін әкесін,
Тілемеді шешесін,
Құдайдан жарлық келгенде,
Құрбан етіп баласын,
2430 Он сегіз мың әлемді
Оның үшін жаратқан,

Пайғамбарымыз Мұқамбет
О да өткен дүниеден.

Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Мұқамбетке шариарлар,
Отыз үш мың сахабалар,
Олар да өткен дүниеден.
Жер жүзіне келгендер,
Мен, мен деп жүргендер,
2440 Мың жас өмір сүргендер,
Бәрі де өткен дүниеден.

Хан да өткен дүниеден,
Қара да өткен дүниеден,
Бай да өткен дүниеден,
Жарлы да өткен дүниеден,
Көп де өткен дүниеден,
Аз да өткен дүниеден,
Жаман-жақсы айырмай,
Бәрі де өткен дүниеден.

2450 Өкең сенің—қара жер,
Шешең сенің—қара жер,
Барар жерің—қара жер,
Тұрар жерің—қара жер.

Кәрі ақын бұ жерге келді дейді,
Хан сұмдық болғанын білді дейді.
Тіріліктен соң бәрі өлім,
Алла әміріне хан мойын ұсынды дейді.

Айтып жырын бұ ақын түрегелді,
Сөзінің түбін ханға бұра келді.
2460 Шығындатып жырын бұрып еді,
Бір сөз енді айтуға тура келді.

—Жаратқанның жарындай,
Хан кеткенге ұқсайды.
Бүгін көрген түсімде

Сараңдилде* балаңыз
О да өткенге ұқсайды.
Онан соңғы біздерге
Кезек жеткенге ұқсайды.

2470 Балаңа, хан, жылама,
Бізден бұрын өтті деп,
Бұ дүниеден кетті деп!
Олар кетті әкеге,
Әке менен шешеге,
Сіз де бір күн барарсыз
Бұрын өткен балаға.

2480 Ажал жетпей өлмек жоқ,
Алла өмірінен қалмақ жоқ.
Ажал жетіп өлген соң,
Ешкім қайтып келмек жоқ.
Тағдыр жетсе қалмақ жоқ,
Ажал қойып алмақ жоқ.
Ажал жетіп өлген соң,
Ешкім барып алмақ жоқ.
Айтып арыз алмақ жоқ,
Ұрыс-талас қылмақ жоқ,
Жарлыққа күш қылмақ жоқ,
Шешеден бір туған соң,
Ешкім өлмей қалмақ жоқ.

2490 Хан бақыр жыласа да сабыр қылды,
Жалғызының өлгенін енді білді.
Ханым ұлының өлгенін есіткен соң,
Бетін жыртып, зарланып шашын жұлды.

Көңілін көрі ақын жыр айтады:
—Бет жырттың, тақсыр ханым, не пайда-ды?
Бұ өлім бұрынғыдан қалған өлім,
Өлмесе бәрі жандар ол қайда-ды.

* Жыршы қателесіп Рұмның орнына Сараңдилді айтып отыр.

- Ажал жетіп амал жоқ,
Құтылуға дәрмен жоқ.
Алладан келген жарлыққа
2500 Сабырсыздан жаман жоқ.
Алла өмірі жеткен соң,
Бұ жалғаннан кеткен соң,
Сөйлесең де пайда жоқ.
Беттеріңді қан қылып,
Жыласаң да пайда жоқ.
- Айһай, өлім, айһай, өлім,
Өке менен шешеден,
Қарындас пенен баладан
2510 Кімді айырмас бұ өлім?!
Жұртыңдағы бұйымнан,
Үйіңдегі бұйымнан
Кімді айырмас бұ өлім?!
- Түйе қалар боздасып,
Жылқы қалар кісінесіп,
Жан айрылып шығады,
Денеменен қоштасып.
- Ажал бір күн келмей ме,
Өзіз жанды алмай ма?!
Не қылса да еркі бар,
2520 Қожаға құл бермей ме?
- Жаның сенде аманат,
Денең жерде аманат.
Жанды денеге тапсырып,
Тергеу қылып керек-ті.
Малға тексі қылмаңыз,
Мал жиярмыз бергенше,
Өзіз басың өткен соң,
Қалған малың жатқа өлмесе,
Көп малымыздан пайда жоқ,
2530 Жанға пайда болмаса,
Жан өлімге жеткенде,

Ешбір себеп қылмаса,
Дүние бейішке аманат,
Алданбаңыз, жақсылар!
Тергеу күні болғанда,
Зарланбаңыз, жақсылар!

Бір сағатта боларсыз,
Бір сағатта білерсіз,
Алла әміріне көнерсіз.
2540 Қанша жасқа келсең де,
Ақыр бір күн өлерсіз.
Мал қайғысын жеменіз,
Жалғанды көп жимаңыз.
Балам өлер деменіз,
Баладан, малдан пайда жоқ,
Қапыл болдым деменіз.

Қатын қалса ер табар,
Ұлық қалса мал табар,
Қызың қалса бай табар,
2550 Жан өлімге жеткенде,
Кәріп басың не табар?!
Мінген атың бос қалар,
Киген тоның қос қалар,
Ойнап жүрген дос қалар.
Мінген атың бос қалар,
Мінуге ер табылар.
Киген тоның қос қалар,
Киюге ер табылар.
Бүгін тірі кісіңіз
2560 Ертең жерге көмілер.

Алдыңызда қара жер,
Нені алмас деп білесіз?
Алдыңызда көріңіз
Не көрмеген білесіз?
Мен ойласам, халайық,
Ажал, өлім қайда жоқ,
Жалғаннан пайда жоқ.

- Бес намазды күтіңіз,
Бір ай ораза тұтыңыз.
2570 Өлім ақ деп біліңіз!
Малдан зекет беріңіз,
Кедейге қайыр беріңіз!
Бай болсаңыз, жақсылар,
Меккеге барып тұрыңыз!
- Нені айтайын, жақсылар,
Айтқан сөзім алғайсыз!
Жырлаушы кім болса да,
Жақсы бата қылғайсыз.
Ханым, сөзім алыңыз,
2580 Аман-есен болғайсыз.
Алладан келген жарлыққа
Қатты сабыр қылғайсыз.
- Бір-екі күн қонақсыз,
Өздеріңіз білгейсіз.
Қиямет күн болғанда,
Жерге халық толғанда,
Сонда сен де барғайсыз,
Ұлың анда көргейсіз.
Иманды құл ұжмақта,
2590 Имансыз құл тамұқта,
От ішінде зарланып,
Азап көрер күн болар,
Иманды құл ұжмақта,
Сегіз қабат ұжмақта.
Ол әке мен шешені
Көріп, қосылар күн болар,
Балаңды анда көргейсің.
Иманды болсаң ұжмақта
Балаңменен жүргейсің,
2600 Түрлі-түрлі нығметте
Өлмей, дәурен сүрерсің,
Құдай кешсе күнәңды,
Кең сарайда тұрарсың.

Кәрі [ақын] енді айтып жырын болды,
 Үй ішіне жиылып қатын толды.
 Ханымның көңілін аулай келіп еді,
 Баласын жоқтап ханым дауыс қылды.

Белін буып жалғызын жоқтап еді,
 Жүрегі есіткеннен талып қалды.
 2610 Жалғызын жоқтап ханым зар еңіреді,
 Бейшара ханым бала үшін көп жылады.

Ханымның баласын жоқтап зарлағаны

— Бауырымның парасы,
 Екі көзім қарасы,
 Жаным сүйген жан балам,
 Сені қайда көргеймін,
 Кімді балам дегеймін?!
 Сен есіме түсіпсің,
 Нешік шыдап жүргеймін?!
 Алыс жолға кетіпсің,
 2620 Айтпай кеттің сырыңды,
 Көрмей қалдым жүзіңді,
 Бұ не болды, жан балам?
 Сүймей қалдым жүзіңді,
 Алыс жолға кетіпсің,
 Айтсам сәлем жетпес-ті.
 Жаннан төтті, жан балам,
 Қайғылы ісің кетпес-ті.
 Қарап үйден таппасам,
 Қайдан сені табармын?

2630 Сені қайдан іздейін,
 Кімді сен деп иіскейін?
 Сенен басқа, жалғызым,
 Көз көрерім жоқ еді.
 Сенен басқа біздерге
 Еркелерім жоқ еді.
 Жалғыз едің, бір едің,
 Мың қайғыға жыр едің,

- Енді қайтіп жүрейін,
Жүзің қайтіп көрейін,
2640 Енді кіммен жүрейін,
Енді кіммен тұрайын?!
Сен есіме түскенде,
Қайтіп өмір сүрейін?!
Ашыққанға ас берген,
Кәріптерге ас берген,
Дос үшін бас берген,
Жақсы менен жаманды
Тегіс білген жалғызым,
Сені қайдан табайын?
- Мұңды болған әкеңді,
2650 Зарлы болған шешеңді,
Бұзық болған көңілін
Кім аулайды, шырағым?
Даладағы малдарың,
Үйіндегі құлдарың,
Алтын-күміс бұлдарың
Кім қорғайды, шырағым?
Арғымақ пенен тұлпарың,
Лашын менен сұңқарың,
Қаршыға мен түйғының,
2660 Иесі жоқ болғанда,
Кім ұстайды, шырағым?
- Малың келіп шуласа,
Жұртың таппай жыласа,
Әкең-шешең келіп еңіресе,
Іздей қайдан табайын?
Бота қалды түйесіз,
Жұртың қалды иесіз,
Әке-шешең баласыз,
Іздей қайдан табайын?
- 2670 Әуелгіде кеткенде,
Сырыңды бізге айтпадың,
Жолда керуен көргенде,

Қайт десе де қайтпадың.
Іздегенің алдында,
Жүргізбедім, жалғызым!
Мың кісі барып жіберіп,
Тілеп едім, жалғызым.
Перзент үшін Тәңіріге
Жылап едім, жалғызым!

2680 Беріп еді тілекті,
Мұңды құлым көрсін деп,
Зарлап енді өлсін деп.
Кәрілікте әкеңнің
Еңірей күні болды енді.
Жалғыз қалып шешеннің
Зарлар күні болды енді.
Екеу болсаң, шырағым,
Өлмес еді біреуің.

2690 Кім қолында өлсең де,
Қылмас па еді сұрауың?!

Құдай несін салмады,
Тұқым бізден қалмады.
Кәрі күнде қор болдық,
Дертке дәрмен болмады,
Енді қайтіп жүрейін,
Жүзің қайда көрейін?!
Жалғыз ұлдан айрылып,
Кіммен өмір сүрейін?!

2700 Көз алдымда бар болсаң,
Көрмес пе едім ұлымды?!
Өлген жерде бар болсам,
Өлмес пе едім, құлыным?!
Жат жұрттардың ішінде
Қайтіп жүрдің, шырағым?
Дұшпандардың қолында
Қайтіп жүрдің, шырағым?

Жұртың алмай қасыңа,
Бөле келді басыңа.
Құрбандығың болмас па ем
2710 Көзден аққан жасыңа.
Шырағымды сөндірдің,
Дұшпаныңды тындырдың,
Шешеңді жалғыз қалдырдың.
Бұ не қасірет, жарандар,
Бұ не қайғы, жарандар?!

Көкіректегі жанған дерт,
Күннен-күнге терең дерт.
Көңілім енді тынбас-ты,
Сөнген шырақ жанбас-ты.
2720 Жалғызымның хабары,
Көңілім енді тынбас-ты.

Жұртым, енді аттаның,
Жалғызыма барайын!
Жетім болмаса жалғызым,
Моласын барып көрейін!
Көрсем, көңілім тынар ма,
Қасында аз күн тұрайын!

Жетім болмаса, жарандар,
Жырлап көңілім ашайын,
2730 Үш-төрт кітап шығарып,
Мұңдыларға шашайын.
Мұңды адам есітсе,
Біраз көңілі басылар.
Бейшара болмаса,
Бұ сөз қайдан табылар?
Әрбір шамның уақтында,
Қалам алдым қолыма,
Бұ сөздерді жазғанша,
Төңірім салды ойыма.
2740 Мұңды ыбрат алсын деп,
Өлсем, сөзім қалсын деп,
Сөзім оқыған адамдар

- Бізге бата берсін деп,
Мұңсыз бір Құдай тұр,
Әр бенденің мұңы бар.
Ыбрат алмақ кітаптан,
Шариғаттың жолы бар.
Дәлелі жоқ бір кітап
Ыбрат үшін жазылды.
2750 Мұнды адам есітсе,
Қайғылы көңілі басылды.
- Жалғызбын деп жылама,
Жалғыз да өтер дүниеден,
Көңілің кетер дүниеден.
Жарлымын деп жылама,
Жарлы да Құдай бендесі.
Жалғандағы ешкімге
Малы болмас жолдасы.
Жарлылық жаман іс болса,
2760 Пайғамбарың тіледі.
Дүние, қайрат бірге қыл,
Деп тіледі Пайғамбар.
Бенде жарлы болса да,
Құлдық қылса керек-ті.
Пайғамбарым сөзі бар,
Оны білсе керек-ті.
Мың жыл бұрын байлардан
Бұрын кірсе керек-ті.
- Құлшылық, тәубе қылғанда,
2770 Алла болсын ойыңыз.
Аз өмірде пайда жоқ,
Ұжмақ болсын орныңыз.
Аз өмірде алданып,
Қиналып мал табарсыз,
О малға алданып,
Құдай құлшылығын қоярсыз.
Шайтан түссе кеудеге,
Малға қашан тоярсыз?
Бізге бермес о малың,

- 2780 Артыңызда қаларсыз.
Малды жисаң арамнан,
Түбінде сен өлерсің.
Зекетсіз мал арам-ды,
Біреуге олжа болар ол.
- Кітапты еске алмайсың,
Құлағыңа салмайсың.
Зекет, қайыр бергенде,
Құдайды ойға алмайсың.
Соқыр малың қайырға
- 2790 Бергенмін деп тұрасың.
Көрінгенге мақтанып,
Аузыңнан еш алмайсың.
Жасың жүзге жетсе де,
Өлімді ойға алмайсың.
Қайырыңда пайда жоқ,
Малдан зекет бермейсің.
Қара жерге кіргенше,
Жаман жолдан қалмайсың,
Алланы ойға алмайсың.
- 2800 Намаз, ораза болмаса,
Мүміндерге пайда жоқ.
Бір күн тергеу боларсың
Құлшылығың саналып,
Таразыға саларсың.
Таразыда кем болса,
Оны қайдан аларсың?
Пайғамбарлар алдында
Ұялып қор боларсың.
Жанған оттың ішінде
- 2810 Түрлі азап көрерсің.
Иманды өтсең дүниеден,
Ұжмақ таман барарсың.
Құдай бетін көрерсің,
Сансыз құлдар қасында
Өлмей дәурен сүресің.

Ханымның баласын іздей барғаны

Ханымның жарлығын жұрт білді дейді,
 Жиылып әскер он мың болды дейді.
 Хан, ханым жалғызын көремін деп,
 Жасанып аттарына мінді дейді.

2820 Көп әскер күн-түн тынбай жүрді дейді,
 Қырық күнде шәріге келді дейді.
 Бұларды көріп хан қорқады,
 Бұ әскер қайдан пайда болды дейді.

Бұларға елші қылып кісі салды,
 Елші келіп бұлардан хабар алды.
 Баяғы жалғыз жігіт әкесі екен,
 Көрген елдің бәрі де таң қалды.

Хан қорқып жұртыменен атқа мінді,
 Келген хан алдына қарсы келді.
 2830 «Ажал Құдайдан, себебі бізден болды»,
 Айыбын мойнына алып арыз қылды.

—Тақсыр хан, ажалы оның бізден болды,
 Не қылса да бендесіне Алла салды.
 Ақылсыздықпен бұ істі қылып едік,
 Өкініп жұрттың бәрі жылап қалды.

Алдыңда айыбымыз бар, арыз қылдық,
 Атқа мініп алдыңызға қарсы келдік.
 Қолыңызға қылышыңыз ұстап тұрсыз,
 Не қылсаңыз да, айыбымыз бар, мойын ұсындық.

2840 —Балама Тәңірім тағдыр қылған шығар,
 Себебі оның сізден болған шығар.
 Тергеуің ақыретте болсын сенің,
 Аллаға қылған ісің аян шығар.

Ханыңыз:—Кештім, хан!—деп, атқа мінді,
 Бұ хан кешкен соң көңілі тынды.

Көп әскер шәріге кіріп барды,
Бозжігіт моласына келді дейді.

- Хан, ханым моласына жақын келді,
Үйге енбей ханым сыртта дауыс қылды.
- 2850 Есігін ашайын деп қадам қылды,
Аша алмай жұрттың бәрі өзіз болды.
Жалғызын жоқтап ханым зар жылайды,
Жалғызын есік ашып зар еңіреді.
Моласында зар еңіреп тұрды дейді,
Бала үшін қайғырып көп жылайды.

Ханымның жылаған жері

- Он ай сені көтеріп,
Емшегімді емізіп,
Тәтті тағам жегізіп,
Асыраған шешең мен.
- 2860 Шешең тұр қасыңда,
Зар жылайды басыңда,
Көрмес жерге кетіпсің,
Тұр кел, балам, тұр-сана,
Мұңды шешеңді көр-сана,
Халімді бір сұра-сана,
Саған келдім көргелі,
Бет-аузыңнан сүйгелі,
Артымда кім қалады,
Құлыным кім болады?!
- 2870 Сені ойлап зар қылсам,
Көзім қанға толады,

Айһай, балам, е, балам!
Кімді балам дегеймін,
Кімменен жүргеймін,
Жүзің қайда көргеймін?
Ұқсам еді сөзіңді,
Көрсем еді жүзіңді,
Жылап шешең келгенде,
Бір көрмейсің, жан балам,

2880 Ботасы өлген түйедей,
Боздай келдім, жан балам.
Қырық күншілік кең жолда
Іздей келдім, жан балам.

Алла өзі берген-ді,
Ажал жетіп алған-ды,
Шешең жылап қалған да,
Жыласа да не қылсын?
Алла әміріне көнгенде,
Зарлап шешең қалғанда,
2890 Көрер күні болғанда,
Бір көрермін, жан балам!

Баласын жоқтап ханым талып қалды,
Жылап-жылап бұ ханым үміт үзді.

Ханымның қайта жылап қайтқаны

2894 —Айһай!

Сейпілмәлік

Әуелде жад етемін Тәңірім атын,
Сұрасаң өзі берер онан датын.
Бү кітапты бастай салдым,
Айып қылып оқыма жазған хатым.

Қолыма қағаз бен қалам алдым,
Дүниенің опасына қайран қалдым.
Кәріптер жұрт ішінде тыңдасын деп,
Қиссасын Сейпілмәлік хатқа салдым.

10 Кісіден білген сөзім сұрамадым,
Жаза бердім, кісіге қарамадым.
Қалған сөзін жазарсыз ұлыңызбен,
Қайта түзеп жазарға жарамадым.

Сөйлейді кім де болса жалған сөзін,
Әр жерде көңіліне алған сөзін.
Асығып бұ кітапты мен жазғанмын,
Жаңылсам түзей көрші қалған сөзін.

Қай жерде жүрсем дағы жалғыз басым,
Ағады ойлай берсем көзден жасым.
Сүлеймен патшаның заманында
20 Бір патша өтті Мысырда, аты—Қасым.

Төрт жүз шәр Қасымға қарайтұғын,
Төрт жүз патша әділ деп сыйлайтұғын.
Жүз жетпіс жасы оның, перзенті жоқ,
Алладан перзент бер деп сұрайтұғын.

Бір күні Қасым патша ой ойлайды,
Өзінен басқа жұртын еш қоймайды.
«Ажал жетіп бір күні өле қалсам,
Орнымды ұстап, сөзімді кім сөйлейді?»

30 Қырық күн үйден шықпай налыс қылды,
Бір Алладан басқаны алыс білді.
Қырық күн үйден Қасым шықпаған соң,
Билері, уәзірлері іздеп келді.

—Ойбай, билер, жалғыздыққа Тәңірім салды,
Жасым жетіп, дүниеден көңілім қалды.
Ажал жетіп бір күні өле қалсам,
Орнымды ұстап кім алар осы малды?!

40 Әкесі өлсе, орнында ұлы қалар,
Орнын ұстап, дұға қып, көрге салар.
Дүниеден жалғыз жүріп, жалғыз өттім,
Кім бар артымызда дұға қылар?!

Әкесі өлсе, артында ұлы қалар,
Ақылды болса, әкенің орнын алар.
Ажал жетіп, бір күні өле қалсам,
Бізден жалғыздардың несі қалар?!

Перзент үшін жанымды қинап жүрмін,
Төрт жүз шәр елін билеп жүрмін.
Өзім өлсем артымда кім қалады,
Мұның үшін Құдайға жылап жүрмін.

50 Не ой қылдым үйімнен шықпаймын деп,
Дүниенің бұзық сөзін айтпайын деп.
Алла перзент бермесін білгеннен соң,
Жаныммен иман қылып жоқтайын деп.

Билердің жауабы

Билері қол қусырып жауап берді,
Ағызып маңдайынан берді терді.

— Қырық күн әділдікті қылмаған соң,
Мақұл кетіп шәріге тентек толды.

Тақсыр-ау, бұрынғыдай таққа отыршы,
Шәр-шәрді жиып сен мал алдыршы.
Алла перзент не бере ме, не бермей ме,
60 Шақырып балгерге бал салдыршы!

Беріңіз, тақсыр хан, бір тілекті бізге,
Көрелік бал аштырып әрбір іске.
Балгер балменен бір сөз айтар,
Тәңіріңіз бере ме екен перзент сізге.

Қасым хан уәзір сөзін қабыл көрді,
Билері патшасын алып жүрді.
Шәрде балгерлерге хабар беріп,
Бәрі бірдей жиылып үйге кірді.

Балгерлер кітап оқып, бал ашады,
70 Бәрінің айтқан сөзі бір болады.
«Жамын деген сұлтанның қызы болса,
Оны біз айттыралық» деп ой қылады.

Қасым патша жұрттарын жиды дейді,
Алтын-күміс жұрты киді дейді.
Жамынның патшасына елші салды,
Жіберді патшасына енді дейді.

Елшіден патшаның хат жазғаны

«Елшіменен біз сізге хат жібердік,
Бар екен бір қызың жақсы көрдік.
Күйеулікке бізді жақсы көрсең,
80 Алтын-күміс, мал-мүлкін саған бердік.

Қызметкердің жолында құл болайын,
Қабыл көрсең, мен саған ұл болайын.
Жалғыздықтан дүниеде мұңым бар,
Сұрасаң қанша малды мол берейін».

Жіберді хан қайғысын хатқа салып,
Билері елші кетті жолдас болып.
Бір-екі айда Жамынға жақын жетіп,
Жіберді патшасына қағаз жазып.

90 «Мысырдан елшіміз» деп хабар салды,
Бұларды көрген адам таң қалды.
Мысырдан елшімін деп есіткен соң,
Жамының ханы мұны көңіліне алды.

Елшілер рұқсат алып кірді дейді,
Алдында қол қусырып тұрды дейді.
Қасында падишаның жұрт жиылып,
Елшіге тұрып орын берді дейді.

Елшілер тұрып үйге кірді дейді,
Ап келген хатын ханға берді дейді.
Келген хаттың жолына құрмет қылып,
100 Ашты да оқып хатын көрді дейді.

Оқыды да ол хатты жерге қойды,
Жұртына ақылдасып малды сойды.
Алтын-күміс жарлыға қайыр қылып,
Көп мал сойып қылды да жұртына тойды.

Жұма күні тойды ол қылды дейді,
Әр шәрден жұрт тойға келді дейді.
Үлкен-кіші, бай-пақыр көп жиылып,
Осы тойда бәрі де тойды дейді.

Патша қызын ұзатқаны

110 Ұзатты патша қызын тойын қылып,
Үлкен-кіші бұ тойда ойнап-күліп.
Жүз нарға артып құл мен күң, алтын-күміс,
Қанша жасау екенін болмас біліп.

Көп керуен болып бұлар қайтты дейді,
Бір кісі ханға хабар айтты дейді.

—Шүйіншіге келгенмін шапқанша,
Елшілерің қызды алып қайтты,— дейді.

Қасым хан атқа мініп қарсы жүрді,
Керуеннің келер жолын тосып тұрды.
Елшілер барған ісін бітірген соң,
120 Сүйініп ол падиша қызды көрді.

Қызды көріп падиша көңілі сүйді,
Көремін деп ел-жұрт атқа мінді.
Патшасына бұ қыз келгеннен соң,
«Той қылып, неке қисын енді» дейді.

Қызды көріп падиша көңілі сүйді,
Неке қылып, той тойлап, малды сойды.
Алтын-күміс жарлыға қайыр қылып,
Көп мал сойып, жұртына қылды тойды.

Ойнап-күліп хан, ханым қыс-жаз өтті,
130 Бұрынғы ханның қайғысы ойдан кетті.
Ханымның атын сұрасаң Жәмила еді,
Алла тағдыр қылды да бала бітті.

Айы-күні бітті де бір ұл тапты,
Әр жақтан шүйінші деп кісі шапты.
Жарлыға ат мінгізіп, тон кигізіп,
Батаны жақсылардың бәрі қыпты.

Қасым патша әр малдан сойды дейді,
Үлкен-кіші, бай-пақыр тойды дейді.
Үй ішінде жиылған жақсылары
140 Сейпілмәлік ұлдың атын қойды дейді.

Бар еді бір үзгір Қамыт атты,
Жүріпті хан алдында оның даты.
Қатыны оның бір ұл тапқан екен,
Шүйінші деп әр жерге кетті хаты.

Қамытты Қасым патша қасына алды,
Өзінің оң жанынан орын салды.
— Ұлыма сенің ұлың жолдас болсын,
Екеу үшін той қылып, сойды малды.

150 Екеуі бір күн туған құрдас болар,
Алла аман сақтаса сырлас болар.
Шешесі бір-біріне сүт емізсін,
Жүргенде олай-бұлай жолдас болар.

Қасым хан уәзірімен малды сойды,
Жиылтып бай-жарлыны бәрі тойды.
Үй ішінде отырған ақсақалдар
Қамыттың ұлының атын Сейіт қойды.

160 Сейіт пен Сейпілмәлік бірге тұрды,
Бірінен-бірі айрылмай өмір сүрді.
Екеуі үш жасына жетіп еді,
Оқытуға бұларды мақұл көрді.

Екеуін бірдей берді молдасына,
Сиынды оқырмыз деп Алласына.
Бес-алты жыл молдасында оқып жүріп,
Тең келді ұстаз болған молдасына.

Оқудан бұлар енді өнер тапты,
Әр жақсыларға қарсы шапты.
Жолдассыз бір-бірінен ас ішпейді,
Батаны жақсылардың бәрі қыпты.

170 Әр елдің өнерінен өнер алды,
Лашын, сұңқар, қаршыға, бүркіт салды.
Қылғаны күннен-күнге ойын-күлкі,
Береді қайыр қылып жұртқа малды.

Жүреді үйден-үйге майдан ішіп,
Құс салып, аң аулайды дария кешіп.
Қылғаны жақсылардың көп тамаша,
Әр күнде бір өнерден үлгі пішіп.

Қасым хан жалғызына үй қылдырғаны

Қасым патша ұлына үй қылдырды,
 Қай өнерден ұлына бұ білдірді.
 Ұлы үшін алтын-күміс көп беріпті,
 180 Той қылып, жақсыларға ат міндірді.

Алтын менен күмістен үй қылды,
 Шәріне ұсталардан бәрі келді.
 Дүниенің қымбатының бәрі сонда,
 Бір үйге хан шығарған сансыз малды.

Кірпішін күміс қылды алтын жағып,
 Әр жерге гауһар тастан шеге қағып.
 Дүниенің қымбат нәрсе бәрі сонда,
 Түспейді көрген адам оған бағып.

Не түрлі сауық десең ішінде бар,
 190 Әр түрлі жақсы ағаш тысында бар.
 Бұлбұл, сандуғаш сайрап тұрды,
 Не түрлі сурет десең жүзінде бар.

Той қылып Сейпілмәлік үйге кірді,
 Жан досы Сейіт оның бірге кірді.
 Күн өткенін білмеді, ай өткенін,
 Ойнап-күліп біраз күн өмір сүрді.

Қасым ханның тон, жүзік бергені

Он екі Сейпілмәлік жасқа жетті,
 Бұрынғы хан қайғысы ойдан кетті.
 Қасым патша ұлының жүзін көріп,
 200 Бұрынғы жылағаны ойдан кетті.

Бір күні ұлын шақырды:—Көрейін,—деп,
 Бір жүзік, бір тон оған берейін,— деп.
 Қанша күн өмірім барын Тәңірім білер,
 Жалғызым қуанышпен жүрейін,— деп.

Шақырды хан баласын көңілі сүйіп,
Той қылып, жалғызы үшін жұртын жиып.
Тапсырды баласына екі бұйым:
— Жүзікті қолыңа сал, тонды киіп.

210 Жалғызым досы мұнда келсін, — дейді,
Екеуінің көңілі бірдей тынсын, — дейді.
Пайғамбардан қалған бір қанатты ат
Тапсырдым, Сейіт оны мінсін, — дейді.

Ат, тонын бұлар алып үйге қайтты,
Бергенін әкесінің жұртқа айтты.
Өлең айтпай бекер, сөзіңді айт,
Өлеңменен әке-шешесін кім байытты.

Сейпілмәлік [тің] тон, жүзікті көргені

220 Жүрді де үйден-үйге ойын қылды,
Ойнап-күліп жүргенін қызық көрді.
Әкем берген бұ киім қандай екен,
Көргелі тонын үйге алып келді.

Әкесі берген тонды үйге алды,
Әкесі жүрген жерде ұйықтап қалды.
Тас үйге келді жалғыз, жолдасы жоқ,
Көргелі берген тонды жайып салды.

Сейпілмәлік сол тонды ашқан екен,
Бір сурет тон ішінде жазған екен.
Со суретті көріп асық болып,
Не қыларын білмеймін деп, сасқан екен.

230 Қызыл гүлдей ақ жүзді, белі үзіліп,
Қарайды Сейпілмәлік көзін сүзіп.
Бұ суретті көрген соң асық болды,
Екі көзінен жас ақты, бет бұзылып.

Суретті жад қылғаны

Болар ма мұндай көркем туған адам,
 Табар ма бұ суретті көрген адам.
 Мал мен жанды бірдей құрбан қылып,
 Жетер ме дүние кезіп, соған адам?!

Суреттің көркін айтсам қалға келмес,
 Іздемей көрген адам тірі қалмас.
 Біреуден сондай бір қыз туған екен,
 240 Сұрасам, ешкім оның жөнін білмес.

Таң атқанша жылайды ұйқы көрмей,
 Ұйықтап қалды жан досы бірге жүрмей.
 Алдына алып суретті құшақтайды:
 — Жолыңда өлсем енді өмір сүрмей.

Жылағанын естіп Сейіт келгені

Жылағанын естіп досы келді,
 Ұйқысынан оянып түрегелді.
 Екі көзінен жасы ағып досы жатыр,
 Өзі ылажы таппай сасып қалды.

— Не болды бір сағатта, досым, саған,
 250 Не қайғы-дүр, не болды, айтшы маған.
 Не іс болса да жолыңда мен өлейін,
 Жалған дос мен емеспін, айтшы маған.

Жылап досы сұрайды, сыр айтпайды,
 Баяғы ақылға еш қайтпайды.
 Досы үшін жүз ойланып, жүз толғанып,
 Аузын ашып, сырын бір айтпайды.

Әкесіне келгені

Жан досы әкесіне хабар қылды,
 Әкесі мен шешесі жылап келді.

Патша жұртынан тәуіп пен дәрігер жиып,
260 Сөйпілмәлік қасына бәрі келді.

Әке менен шешесі сөз сұрайды:
—Жалғызым, сырың айтсаң нең құрайды?
Қанша зарлап сұраса да, бір айтпайды,
Ылажын таппаған соң, жұрт жылайды.

Ылажын таппай Қасым хан қайтты дейді,
Сөйтке:—Ылаж тап,—деп айтты дейді.
—Айтса балам бұ сырын саған айтар,
Жан досына қайғысын айтсын,—дейді.

Жан досы сақтап бұ үйде қалды,
270 Сөйпілмәлік сыр айтпай үш күн болды.
Жан досы еш ылажын таппаған соң,
Қолына ашуланып қанжар алды.

—Бір күн туып-өсіп, екеуі құрдас болып,
Неше жыл өмір сүрдік сырлас болып.
Қанша сұрасам да сыр айтпадың,
Ойладың ба жүрерге жолдас болып?

Ойлап едім өмір бірге сүрейін деп,
Жамандық келсе, алдыңда көрейін деп.
Сен өлімге жетіп келдің бұл қайғыдан,
280 Ойлаймын сенен соң қайтіп жүрейін деп.

Жамандық келсе алдыңда мен жүрейін,
Сен көрме жамандықты, мен көрейін.
Алдыңда мен досың құрбандығың,
Сенен соң осы жанды не қылайын?

Қолына өлемін деп қанжар алды,
—Сенен соң не етейін осы жанды.
Шаншуға өзін-өзі қол көтерсе,
Жүгіріп келіп, жан досы ұстай алды.

Досына сыр айтқаны

— Айтпасам бұл сырымды сен өлерсің,
290 Жан қиып біздің жолда бір боларсың.
Жас уақытта басыма бір іс түсті,
Көріп жан мұнан қайтіп құтыларсың?

Бұ сырымды айтсам да, айтпасам да,
Бұ жолдан қайтсам да, қайтпасам да.
Бұ сырымды айтпадым ойлағаннан,
Болмас-ты енді айтпасам да.

Әкемнің берген тонын алып едім,
Ішіне ашып көзімді салып едім.
Ішінде бір суретті көріп едім,
300 Көрген соң оған асық болып едім.

Ішінде хаттары бар жазып қойған,
Болар ма ол суретті көрсе тойған.
Патша Сүлеймен тәжінен хабар тауып,
Көркіне көріп оның, сірә, тойған.

Қызыл гүлдей перізат, сүттей ағы,
Тілменен айтып болмас көрсем дағы.
Көркем жүзі оттай қызыл ол қыздың,
Шәрдің аты екен Ирамбағы.

Бұл суретті көрген соң асық болдым,
310 Бойына, қызыл жүзіне қайран қалдым.
Ұйқым дағы келмеді, ас есіме,
Оның үшін бұ жанды отқа салдым.

Сіздерге о жалғаннан сөз қатпадым,
Ол үшін күндіз жылап, еш жатпадым.
Күндіз ойдан кетпеді, түнде түстен,
Сөйтсем де көпке айтуға ұқсатпадым.

Ас ішпес, ұйқы ұйықтамас дертім осы,
Басылмас мұны іздемей көңілім хошы.

Осы сөздің, жан досым, ақылын тапшы,
320 Сұрасаң, айтсам осы сөз мәнісі.

Сейіт әкесіне білдіргені

Бұл сөзден әкесіне хабар болды,
Мәнісін мұның енді бәрі білді.
Қасым патша елі мен жұртын жиып,
Сейпілмәлік қасына бәрі келді.

Қасым патша жұртына сөз бастайды:
—Ақылын тауып бұ сөзді кім қостайды?
Мұның асық болғаны—пері қызы,
Аспанға ұшқан құсты кім ұстайды?

Сүлеймен патша бізді көңіліне алды,
330 Досым деп өзі өлген соң хабар салды.
Жіберген осы тонды, жүзік пен ат,
Үш бұйым онан бізге мұрас қалды.

Үш бұйым бергеннен соң алып едім,
Тонды ашып, көзімді оған салып едім.
Тон ішінде суретті көргеннен соң,
Бұрында мен де асық болып едім.

Сол заманда бұл сурет туған емес,
Табамын деп еш адам құған емес.
Ол перізат болғанда, біз адамзат,
340 Періге еш адамзат қосқан емес.

Көп жыл болды ол сурет ойдан қалды,
Пайғамбардың мұрасы деп балам алды.
Ойымда сурет болса берер ме едім,
Не қылса да бендеге Тәңірім салды.

Бұл іске, жақсыларым, ақыл табың,
Іздеп мұның ылажын елге жайың.
Баланың алдында жұрт жылады,
«Жалғызым, қайтіп табамын сенің бабың?»

Уәзір менен билерге кеңес қылды,
350 Еш ылажы баласына болмас, білді.
«Төрт жүз кісі дүниенің төрт бұрышына
Елден-елге аралап, қызды тапсын» деді.

Қызды іздеп төрт жүз кісі атқа мінді,
Жүз кісіден әр жақтан издесін енді.
Бұрынғыдай болмады Сейпілмәлік,
Кеткен кісі келгенше көңілі тынды.

Төрт жақтан төрт жүз кісі бір жыл жүрді,
Көрмеген шәр мұнан бұрын бір жылда көрді.
Издеген шәріден хабарын таппай,
360 Бір жылдан соң қайтуға бетін бұрды.

Сейпілмәлік бұларға қарсы келді,
Қарсы келіп төрт жүз кісіден хабар білді.
«Бір жылда ол қыздан хабар таппадық» деп,
Айтқаннан соң көңілі жаман болды.

Қасым патша жұртына хабар салды,
Уәзірлер мен билерін қасына алды.
Бәрі жиылып ақыл айтып еді,
Еш ылаж таппағанға қайран қалды.

— Жіберген көп кісіміз қайтып келді,
370 Төрт жүз ханның қызынан хабар білді.
Ирамбағы шәрінен хабар таппай,
Қоймады төрт бұрышын да елді кезді.

Перізат қанаты бар, ұшып кетер,
Қуған адам оларға қашан жетер.
Төрт жүз бидің қызынан айттыралық,
Сөзіміз біздің айтқан алсаң не етер?

Қартайғанда әкеңе қайғы салма,
Ұшып жүрген құсты көңіліңе алма.
Сүйген жерден айттырып қыз алалық,
380 Болмас іске бой салып, қайғы қылма.

Сейпілмәлік жылайды, көз қақпайды,
Билердің айтқан сөзі бір жақпайды.
Уәзірлер мен билері ақыл айтып еді,
Тоқтатуға еш ылажын таппайды.

Онан соң Сейпілмәлік өзі тұрды,
Әкесінің аяғына басын ұрды.
—Сізге бір қайғы үшін тудық, әке,
Бір іс басыма түсіпті, көңілім бұрды.

390 Барлық бейіш қыздарын келтірсең де,
Алтын-күміс алдыма толтырсаң да,
Онан басқа еш жарға болмас көңілім,
Өзің біл өлтірсең де, күлдірсең де.

Ай мен күнді бірдей алып келсең,
Алдыма алып келіп арыз қылсаң,
Со суреттің иесін іздеп таппай,
Еш ылаж табылмас әкем болсаң.

400 Тұрса алдымда төрт жүз бәрі келіп,
Ерімес осы көңілім оны көріп.
Рұқсат берсең, әке, мен іздер едім,
Қырдан іздеп таппасам, дария кезіп.

Рұқсат берсең, әке, мен кетейін де,
Жолында жүріп тау-тас өтейін де.
Рұқсат, әке, бермесең оны көрмей,
Бір шыбындай жанымды нетейін де.

Алдыңда, әке, бір сөз сөйлеп пе едім,
Тіліңді қайтарайын деп ойлап па едім.
Әр нәрсеге, әкем, көңіліме аламын деп,
Көзіңше, әке, сенің ойнап па едім?!

Қасым патша ұлына рұқсат бергені

410 Баласы әкесіне арызын айтты,
Әкесі ылаж таппай жылап қайтты.

Баласын қимағаннан көп күн тұрды,
Ақыры рұқсат берді, жарлық айтты.

— Баламның жоғын жұртым тапсын, — дейді,
Төрт жүз кеме ұсталар шапсын, — дейді.
Әр кемеге мың кісі отырғандай,
Төбесін бітеу қылып жапсын, — дейді.

Шәрден кеме қылып, елді жиды,
Қай жерде ұста болса, бәрі келді.
Қасым ханның көңлі үшін жұрт жиылар,
420 Алдында қызмет қылып, аттай желді.

Сейілімәлік Сейіт пен жүрмек болды,
Әкесі тілектерін бермек болды.
Мұхит дариясына кеме ұзатып,
Жүз мың кісі жолдас болып жүрмек болды.

Төрт жүз кеме ішінде жүз мың кісі,
Жолында құрбан болды ол кісі.
Қасым патша бекітіп белін буды,
Не қылса да бендеге Тәңірім ісі.

— Жалғызым, енді қайтып көрермін бе,
430 Сен келгенше тірі болып жүрермін бе?!
Аман болсаң келерсің қайтып мұнда,
Қартайғанда енді өмір сүрермін бе?!

Жігіттік дәурен бізден кетіп еді,
Жасымыз екі жүзге жетіп еді.
Жүзіңді көрерімді Алла білер,
Күш-қуатым, дәуренім кетіп еді.

Жабдығың ылаж таппай мен сайладым,
Ішім күйіп, қазандай мен қайнадым.
Айрылам деп, қайтейін, ойлап па едім,
440 Аллаға төуекел деп бел байладым.

Бұ дерттен өлер болдың мұнда тұрсаң,
Жарыңды тапқандай сен іздеп жүрсең.
Жаратқанға мен разы болар едім,
Аман болып, қайтып келіп, жүзіңді көрсем.

Не қылсам да Аллаға салдым, балам,
Жылай-маңырай артыңда қалдым, балам.
Тірі болып жүзіңді бір көрсем,
Кетпес қайғы көңіліме алдым, балам.

450 Қолымнан кеттің, балам, құстай ұшып,
Ағады көзден жасым көңілім түсіп.
Әкесі мен шешесі зар жылайды,
Жалғызым деп ұлының мойнын құшып.

Сансыз әскер ұзатты атқа мініп,
Сейпілмәлік жөнелді көңілі тынып.
Амандасып айрылды екі әскер,
Кетіпті жүз мың әскер дария кешіп.

460 Мұхит деген дарияға түсті кеме,
Судан басқа көрінбес ешбір неме.
Жалғызы үшін Қасым хан зар жылайды,
Ажал тимей адамзат өлер деме.

Бір шәрге келгені

Төрт жүз кеме бес-алты ай жүрді дейді,
Түзу жел арттан алдыға сүрді дейді.
Бір аралда бір шәр көрінеді,
Кеменің басын оған бұрды дейді.

Шәрдің патшасына хабар болды,
Дариядағы төрт жүз кеме әскер толды.
Бұлардан шәрдің халқы қорқысады,
Қорыққаннан бекітіпті келер жолды.

470 Шәрі халқы бұларға елші салды:
— Ел ме, жау ма, жұртымыз қайран қалды.

Білгелі келген біздер елшілерміз,
Патшамыз жау болар деп ойына алды.

Сейпілмәлік елшіге жауап берді:
— Біз жай жүрген жолаушымыз алыс жерде.
Ұрыс пенен таластан ойымыз жоқ,
Шығардың бізден қорқып бекер терді.

Елшілер жауап алып қайтып келді,
Патшасына бұ сөзді айтып келді.
— Жай жүрген Мысыр шәрдің патшасы екен,
480 Қорықпаңыз, ол жау емес, жай, — деп келді.

— Кемемен бұлар тұрып жүрді, — дейді,
Алдында арызы бар сөз сұрайды, — дейді.
Есіткен бар шығар бұ падиша,
Мейман қылсақ үш-төрт күн ұнайды, — дейді.

Патша елші сөзін қабыл көрді,
Шақырып «мейман болсын келген» деді.
Уәзірімен бұларға хабар салды,
Қызметкер қылды алдында тамам елді.

Бұл шәрдің падишасы қарсы жүрді,
490 Алыстан қол құсырып, сәлем берді.
Шәрдің атын сұрасаңыз—Пағпұршын,
Сейіт пен Сейпілмәлік үйге кірді.

Үш-төрт күн бұларды ел сыйлады,
— Арызың бар ма? — деп хан сөз сұрады.
— Іздеп жүрген шәрі Ирамбағы,
Мұның жөнін еліңде кім біледі?

Пағпұршын естіп құлақ салды,
Шәрдегі қарттарды жиып алды.
Ирамбағы деген шәрді ешкім білмес,
500 Естіп, көрмедік деп қайран қалды.

Көп ішінде бір кәрі сөз айтады,
Есіткен, көрген шәрілерін қос айтады.
— Естіп едім Қатына деген шәрді,
Бір жылдық жолы оның, — деп сөз айтады.

Бұл дариямен барғандар табар жолын,
Жыл жетпек боп көрмесе дұшпан қолын.
Көп жасқа кел[ген] сонда қарттар бар,
Тапса солар табады мұның жолын.

Бұл дариямен барғандар табар оны,
510 Дарияда өтер оның бір жыл күні.
Кәрілері есіткен бар, табар соны
Күншығыста болады оның жөні.

Пағпұршын шәрінен шыққаны

Сейпілмәлік Сейітпен жүрмек болды,
Көрсетті баяғы шал барар жолды.
Қатына шәрге бармақ болып енді
Жүргізді енді артынан жүз мың қолды.

Төрт жүз кеме дариямен күн-түн кетті,
Аралдан олар қонып, жүріп өтті.
520 Алты ай олар күн-түн жүріп еді,
Бұларға енді Алладан қаза жетті.

Жүрді олар ойнап-күліп, қармақ салып,
Қызықпен дариядан балық алып.
Күн өткенін білмейді, ай өткенін,
Барады арттарында тау-тас қалып.

Әуеден күн жел шығып қатты болып,
Дарияда кеме жүрді шыр айналып.
Күн күркіреп, жел болды, қар-мұз жауып,
Бірін-бірі білмейді тіл байланып.

Күндіз күн қараңғы түндей болды,
530 Төрт жүз кеме бұзылып жүндей болды.

Алланың күшімен көп әскерлер,
Бірін-бірі көрмес күндей болды.

Бір кемеге бір кеме соғылады,
Кеме сынып ел суға жығылады.
Жүз мың кісі бәрі де суға кетіп,
Алланың тағдыры, [кәрі не] қылады.

Кәріптердің налысы көкке шықты,
Бір кемеңі бір кеме суға тықты.
Кеме сынып, күн жауып толқын болып,
540 Жүз мың ердің бәрі де суға түсті.

Дария толды бұлардың көз жасына,
Ешкім ылаж таппайды өз басына.
Сайлап алған жүз мың ер суға кетті,
Қайрылмастай күн болды өз басына.

Ажалынан бәрі өлді ылаж қылмай,
Тақтайда қалды ажалсыз есін білмей.
Сейпілмәлік қараса көзін ашып,
Елу-алпыс кісі қалды қасында өлмей.

Пәре-пәре болыпты төрт жүз кеме,
550 Қалған жоқ жүз мың ерден жалғыз неме.
Қалыпты бір тақтайда алпыс кісі,
Ажалсыз оларды өлер деме.

Сейпілмәлік көрсе, тақтайда отыр,
Елу-алпыс кісі бәрі қасында отыр.
Қараса, көп ішінде жан досы жоқ,
Бір сағатта Алланың тағдырын көр.

—Төрт жүз кеме ішінде досым қайда,
Мұңды күнде мұңдасқан досым қайда?
Тәңірден мұндай жарлық болған екен,
560 Енді менің сырласар кісім қайда?

Жылай-жылай «досым» деп ойына алып,
Алланың тағдырына қайран қалып.
— Бірге өсіп, бірге жүрген сырласым-ай,
Қайда бардың досыңды жалғыз салып.

Жөнелді тақтайменен бел бүгісіп,
Оны тақтай алдына желмен күтіп.
Бұл тақтайда үш ай ағып еді,
Болды қайран айналма суға жетіп.

570 Тақтай ағып айналма суға түсті,
Бәрінен бір Алланың әмірі күшті.
Айналманың ішінде үш ай жүрді,
Жыласып жандарынан үміт үзді.

Сейпілмәлік жылайды көкке қарап,
Жар үшін, ел-жұрты үшін аттай жарап.
Жылайды жалбарынап қол көтеріп,
«Азаптан құтылсам» деп жәрдем сұрап.

580 — Ойбайымнан пайда жоқ іс өткен соң,
Қайтып жігіт болмайсың күн өткен соң.
Сейпілмәлік Аллаға мойын ұсынды,
«Қайтіп өмір сүрейін дем жеткен соң».

Алпыс кісі қасында сөз айтады,
Ажал болса ойбайменен не табады?!
«Неше-неше жақсылар жолдас болған,
Төрт жүз кеме ішінде досым, кәне?!»

— Елінде әке-шеше қалды жылап,
Есен-аман көрсет деп Құдайдан тілеп.
Бір сәт отыз тау өтіп, дария кешіп,
Қиын болды жүз мың ер жанын қинап.

590 Ажал жетті дүниеден өмір сүрмей,
Олар сіз үшін арманда елін көрмей.
Әрқайсының үйінде туғаны бар,
Болмайды Құда өміріне мойын ұсынбай.

Сейіллмәліктің өз мінәжаты

- Тәңірім өзі жаратты
Он сегіз мың әлемді,
Бір өзіне қаратты,
Шешеден туған адамды
Күн көрсін деп жаратты.
Біз құлыңды жараттың,
Шеше ішінде қан қылып,
600 Жылатып жерге түсірдің,
Өмірі зарлап өтсін деп,
Он айдан соң жан қылып,
Аяқ беріп, қол беріп.
- Мен құлыңды жараттың,
Өмірі зарлап өтсін деп,
Бір суретті көргіздің.
Жаман қылып жаратсаң,
Еш жақсы болуым жоқ.
Ажал болса бұйырдың,
610 Қайғы етсем де, ылаж жоқ.
Біз құлыңды жараттың,
Тағдырымды көрсін деп,
Шарам бар ма, қайтейін,
Бұ дарияда өлсін деп.
Шешенің ішінде жараттың,
Жоқтан бізді бар қылып,
Әке-шеше көргізбей,
Бұл суретке зар қылып.
Бір күн тымық, бір күн жел,
620 Тағдырыма будым бел,
Кәріптікке қалыппын,
Көрінбейді көзіме ел.
- Жібермейді айналма
Мына[дан] қайтіп өтейін?
Мысыр менен Ирамбағы
Енді қайтіп жетейін.
Жерім қалды артымда,

- Арызым кімге айтайын?!
Жүз мың бөле алдымда,
630 Амалым жоқ, қайтейін.
Дария ішінде сәргардан,
Өмірім зарлап өтер ме?
Желден сәлем жіберсем,
Әке-шешеме жетер ме?
Құбыла жақтан ескен жел,
Сенен сәлем айтайын.
Кәріптікке қалдым мен,
Алла әмірін қайтейін.
- Дария ішінде жол болдық,
640 Жар жолында мұптала,
Теңіз бенен көл болдық,
Кетпес бізден бұ пәле.
Төрт жүз кеме ішінде
Бір адам да қалмады,
Іздегенге жетпедік,
Дертке дәрмен болмады.
Бұл суреттің жолында
Жан шыбындай ойнайды,
Ақыры осы айналма
650 Қалғанын да қоймайды.
Сәлемімді кім айтар
Кәрі болған әкеме,
Біздің үшін сарғайып,
Мұңды болған шешеме.
Дария ішінде айрылған,
Жаннан тәтті жан досым,
Тірі болса бейшара,
Алла еліне қосты ма?!
Іздегенім бір сурет,
660 Ажал жетсе Алладан,
Жолыңда жүріп сәргардан,
Бір көрмедім, қайтейін.
Патша едім бір күнде
Мысыр шәрдің ішінде.
Ажал жетсе, амал жоқ,

Бұ дарияның жүзінде.
Блаж қайтіп табайын,
Дария толқын болғанда,
Жарым қайтіп табайын.

670 Өмірім тұтам қалғанда,
Бір тақтайда алпыс ер,
Ақыр ажал жетті ғой.
Үй орнында айналма
Ақыр оны жетті ғой,
Үш ай өмір өтті ғой.
Ажал жетсе шара жоқ,
Беліңді берік буарсың.
Құдайдан басқа дәрмен жоқ,
Жыласаң бетің жуарсың.

680 Әрбір түрлі сөз айтып
Сейілімәлік жылайды.
Ешкімнен дәрмен жоқ,
Бір Алла деп жылайды.
Көріп көзін қоймайды,
Сөзі ішіне сыймайды.
Кітаптағы сөз үшін
Өзі жанын қинайды.
Шәрде отырған молдалар
Онан жаман бұлғайды.

690 Әрбір жерде еңіреп,
Бекер жанды қинайды.

Қасындағы жолдастың айтқаны

— Баламыз жүргеніміз көрмей қалды,
Шешеміз, туғанымыз білмей қалды.
Сіз үшін біз жүрміз құрбан болып,
Не қылса да бендеге Алла салды.

Біз де жүрміз алпыс жан арман болып,
Бір сіз үшін жолыңызда құрбан болып.

Жыламайық, Аллаға сабыр қылсаң,
Не қылса да еркі бар Алладан пәрмен болып.

- 700 Тисе ажал қиын болып біз өлерміз,
Жетпесе ажал мұнан құтылармыз.
Досың үшін жылама әке-шешеңе,
Тірі болсақ оны тағы бір көрерміз.

Көңілін аулап сөз айтады жолдастары,
Патша үшін сәрғардан жолда мұңдастары.
Бұ жерде үш ай тұрды ылаж таппай,
Қан аралас ағады көзден жастары.

Айналмадан құтылғаны

- Сейпілмәлік бір күн жатып көз ілінді,
Түсінде бір адаммен сөз қылынды.
- 710 Сүлейменнің қолында жүзігі бар,
Жүзіктен керемет көп болды.
- «Пайғамбардың жүзігін қолға аларсың,
Жүзікпенен айналманы үш саларсың.
Жүзікпен айналманы салған соң,
Бұл пәледен сен енді құтыларсың».
- Ұйқыдан Сейпілмәлік тұрды дейді,
Жүзікті алып суға ұрды дейді.
Айналма қазандай қайнай-қайнай,
Тақтайды енді жөнге бұрды дейді.
- 720 Сүйініп бейшаралар салын бұрды,
Біраз күн ойнап-күліп аман жүрді.
Көрінеді алдынан бір үлкен кеме,
Біздің кеме болар деп салын бұрды.

Зәңгілермен соғыс қылғаны

Баяғы көп кемеден қалған шығар,
Бәрімізді пәлеге салған шығар.

Не болса да болармын, қосылалық,
Олар бізді ойына алған шығар.

- Кетті бейшаралар салын бұрып,
Жетті бір заманда оған жүріп.
730 Бір кеме[де] жетпіс жан зәңгі батыр,
Қорықты бейшаралар оны көріп.

Бейшаралар дос іздеп дұшпан тапты,
Зәңгілер оны көріп қарсы шапты.
Ұрысында бейшаралар қаласың деп,
Олай-бұлай жан қамын қылып бақты.

- Дария ішінде зәңгімен ұрыс болды,
Таппады бейшаралар қашар жолды.
Аузынан зәңгілер от шығарып,
Көп адам күйіп, дария түтін болды.
740 Алпыстан он екі адам тірі қалды,
Зәңгілер мұны көріп ұстап алды.
Өзіз жаннан түңіліп бейшаралар,
Құтылмастай пәлеге енді қалды.

Зәңгілер патшасына алып келді,
Оларды бейшаралар енді білді.
Патшасы арақ ішіп отыр екен,
Қуанғаннан отырып қарқ-қарқ күлді.

- Тоғызын мұның шапшаң сойың,— дейді,
Ойласып енді бұған тойың,— дейді.
750 Бар екен бір олардың жалғыз қызы,—
Үшеуін оған тірі қойың,— дейді.

Сейілімәліктің жылағаны

—Жаратқан Тәңірім, өлер жерге келдік,
Өр жерде медет қылған өзің, білдік.
Өзіңнен басқа дәрмен еш қылмайды,
Не қылсаң да рахматыңа біз сүйіндік.

Тілеген Тәңірінен құры қалмас,
Ойбайым, бұл әлімізді ешкім есітпес.
Тұс болдық рахматы жоқ көп кәпірге,
Аяғына бас ұрсаң райдан қайтпас.

760 Әр жерде жад етермін, Тәңірім, сізді,
Қор қылмасын зәңгілер көріп бізді.
Мұнан басқа өлмеймін, жанымды ал,
Жегізбе кәпірлерге егімізді.

Зәңгілер тоғыз ерді сойды дейді,
Асыл жандар денесін қойды дейді.
Сейпілмәлікті екі ермен аман сақтап,
Қызы үшін зәңгі тірі қойды дейді.

Зәңгінің қызына алып барғаны

Зәңгілер бұл үш ерді алып кетті,
Қыз тұрған аралға жақын жетті.
770 Зәңгі қыз үш ерді үйге енгізіп,
Жолына екеуінің көп құрмет етті.

Сейпілмәлікке зәңгі қызы көп қарайды,
—Өлтірмесем бұларды нем құрайды?
Сейпілмәлікті көрген соң асық болды,
Жүрген-тұрған жерлерін көп сұрайды.

Зәңгі қыз Сейпілмәлікке көзі түсті,
Асығы зәңгі қызының болды күшті.
Зәңгілерді қайтарды соямын деп,
Бейшаралар жандарынан үміт үзді.

780 Сейпілмәлікті зәңгі қызы көңілі сүйді,
Сыртына шығармайды, іші күйді.
Еш адамға білдірмей, бұ үш ерді
Бір аралға келтіріп жасырады.

Зәңгі қызының асық болғаны

Ойлады зәңгі қызы сүйемін деп,
Енді мен Сейпілмәлікке тиемін деп.
Кірпішпенен ағартып қара бетін,
Бой түзеді аралға жүремін деп.

Көзіне сұртпек болды қара көмір,
Аяқ-қолын ұстасаң бәрі темір.
790 Айтса ешкім білмейді оның тілін,
Өтпесін оның қасында бір күн өмір.

Қызыл қанмен бетіне опа жағып,
Бойына сарымсақтан түйме тағып.
Қолындағы жүзігі мыс, қола,
Ешбір адам болмайды оған бағып.

Бойының ұзындығы бір мұнара,
Денесінің ақ жері жоқ, бәрі қара.
Құлақтары пілдің құлағындай,
Бір көзінің ауданы үлкен шара.
800 Жуан пілге ұқсайды тырнақтары,
Қара қазға ұқсайды бармақтары.
Үлкен-үлкен қазандай емшегі,
Он пұт ұндай бар шығар салмақтары.

Жүрсе аяғының басқаны түйедейін,
Өне бойы қап-қара күйедейін.
Зәңгі қызы тиемін деп ой қылады,
Сейпілмәліктен пайда жоқ жалғыз тиын.

Аузы ағаш үйдің есігіндей,
Құлағы қазақ үйдің тұңдигіндей.
810 Қашау дерсіз, көрсеңіз, оның қасын,
Мұрнының тесігі қазған індей.

Айтса ешкім білмейді тілін оның,
Әкесінің моласы мұрны оның.

Зәңгі қызы қасында мақтайды екен,
—Кәнеки, табылмайды сенің құрбың.

Зәңгі қызы отырып мақтанады:
—Бойымды көрген адам таң қалады.
Мұндай сурет дүниеде кімден шығар,
Жүзімді көрсе Сейпілмәлік бір талады.

820 Зәңгі қызы:—Бойыма асық,—дейді,
Жақпайды бәрі бізге, сасық,—дейді.
«Сейпілмәлікпен қосылып ойнаймын» деп,
Мол қылып алдырады азық дейді.
Зәңгі қызы Сейпілмәлікке келгені

Қасына қыздар алып келді дейді,
Аралға жетіп үйге кірді дейді.
Зәңгі қызы есіктен келген соң,
Сейпілмәлік шарасыз тұрды дейді.

Келген қыздар отырып төсек салды,
Зәңгі қызы Сейпілмәлікті қасына алды.
Зәңгілері бәрі де сасық болған,
830 Иістерінен хан ұлы талып қалды.

Көп қыздар:—Сізді ойына алды,—дейді,
Сіздің бойыңызды көрген соң талды,—дейді.
Дүниеде сіздей туған сурет бар ма,
Көріп жүзіңе асық болды,—дейді.

Зәңгі қызы:—Айттым,—деп мақтанады,
Жүзімді көрген адам таң қалады.
Тізесіне басын қойып Сейпілмәліктің
Құшақтап «өз жарым» деп қуанады.

Тақайды ай жүзіне бұлт жүзін,
840 Білмейді адам ұлы айтса сөзін.
Ғашық болып құшақтап хан ұлын,
Еш бұрмастан қарайды екі көзін.

Бір заманда Сейпілмәлік ақылын жиды,
Зәңгі қызы асық боп жанын қиды.
Зәңгілердің заңынша некесі бар,
Қыздар тұрып аяққа суды құйды.

- Сейпілмәлік, мені көріп ойыңа алдың,
Сымбатымды көрдің де талып қалдың.
850 Ақылыңды жи дағы қасыма отыр,
Енді бізді алғаннан соң күйеу болдың.

Сейпілмәліктің жауабы

—Көп сақтаймын сен қыздан мен өзімді,
Қара бұлт жүзіңнен ай жүзімді.
Бетіме қарай берме, шығар жаным,
Жақтырсаң да, жақтырмасаң да бұ сөзімді.

Әуелден жарым үшін жанып едім,
Қайғыға мұнан бұрын қанып едім.
Қайғы үстіне қайғы қоса берме,
Бойыңнан шошығаннан талып едім.

- 860 Зәңгі қызы, азар болса басты аларсың,
Жерге тамса қанымды жаларсың.
Зәңгі қызы[н] адамзат алған емес,
Дәме қылма, бекер сен қиналарсың.

Ізденгенім перізат қызы еді,
Сендей көмір қыз емес, ақ қыз еді.
Қан ішіп, адам етін жеуші емес,
Мұсылман, кәпір емес, ақ қыз еді.

- Мойныма қолың салма, көңілім сүймес,
Жанады ішің оттай, ішім күймес.
870 Тиемін деп, зәңгі қызы, ойыңа алма,
Менен саған бір тиын пайда тимес.

Біз жүрген бір бейшара өмір сүріп,
Бір жар үшін сәргардан жаным құрып.

Сені мен көрем деген ойым бар ма,
Қайтейін, душар болдым тағдыр бұрып.

Зәңгінің ашуланғаны

Зәңгі қызы отырып ашуланды,
Сейпілмәлік сөзіне енді қанды.
«Ертең келіп басыңды кесейін», деп,
Өкпе қылып бұ сөзге оттай жанды.

- 880 Өлтірерге қимайды жүзін көріп,
Жұмсайды «отын шап» деп балта беріп.
«Жарма тарт» деп отынға жұмсайды,
Запырандай сарғайды күн-түн жүріп.

Зәңгі қызы:—Көп қинасам алар,—дейді,
Менің айтқан сөзіме болар,—дейді.
Менің айтқан сөзімше болмаса олар,
Өмірін бұ менімен сүрер,—дейді.

- Бейшара сарғайды жарма тартып,
Жауыр болды арқасы жарма тартып.
890 Табандары ойылып, қолы сойылып,
Асты дағы бермейді еш жарытып.

Күндіз болса қызметін оңдасады,
Түн болса бейшаралар мұңдасады.
«Көрмегенді көрдік» деп бейшаралар,
Бір-бірін құшақтап жыласады.

—Кетпейді кәріпшілік басымыздан,
Еш қайғысыз жүрмедік қасымыздан.
Кәріптікке түскенде жан қиналып,
Дүниенің бәрі кетті қасымыздан.

Кеңесіп қашқаны

- 900 —Біздің бүйтіп жүргенді ешкім білмес,
Өлімізді сұрауға ешкім келмес.

Маймылдың патшасымен көрісіпті,
Бір-бірінің халдерін сұрасыпты.
Аман деген шәрдің патшасының ұлы
Мысырдың патшасымен душарласыпты.

Сөйледі бір-біріне халін бұлар,
Неше жыл өмір сүрді дария сулар:
—Бір пәледен құтылсақ, бір пәлеге,
Қашсақ та құтылмадық, болдық душар.

Маймыл патшасының халін айтқаны

940 — Мен де сіздей бейшара бір кәріппін,
Дария жүріп елімнен айрылыппын.
Аман шәрінің патшасының баласы едім,
Неше жыл тұрып сарғайыппын.

Дарияда толқын болып кеме сынды,
Ажалсыз жан амалдап тақтай мінді.
Осы маймыл еліне душар болдым,
Ешбір қайтып көрмедім туған елді.

Өлген екен бұлардың патшасы,
Өрік-жеміс бұлардың жеген асы.
950 Өз елінен патша қоймайды екен,
Іздегені адамзаттан патшасы.

Өз елінен патша қоймайды екен,
Қойса көп өмір сүрмейді екен,
Өз елінен қойса патшаның өмірі аз,
Іздегені адамнан патша екен.

Дариядан біз пақырды ұстап алды,
Астыма патша бол деп тақты салды.
Бір күн патша болмас [ем] бұ елге,
Қайтайын десем ел-жұртым алыс қалды.

960 Өмірім өтті мұнда патша болып,
Көкірегім жұртым үшін қанға толып.

Итбас хан келтіріп қызын беріп,
Күйеу болдым, қайтейн, қызын алып.

Басы ит, кеудесі адам қарап тұрсам,
Ылаж таппадым қайда барсам.
Жақсы еді мұнда патша болғанша,
Өз елімде құл болып өмір сүрсем.

Бү шөрдің сұрасаң Амдан аты,
Итбас патша қарайды болса даты.
970 Бұл елдердің ішінде патша болып,
Өмір сүрер жер емес адамзаты.

Сейпілмәлік аз күн тұрды жолдас болып,
Маймылдың патшасымен сырлас болып.
Жатса-тұрса екеуі айрылмайды,
Көңілін аулап жүрділер мұңдас болып.

Итбас хан қызын жібергені

Итбас онда жатып хабар білді,
Бұрынғы күйеуіне арыз қылды.
Бар екен бір кішкене оның қызы,
Сейпілмәлікке беруге алып келді.

980 —Сейпілмәлік қызымды алса, үйім оның,
Екеуіңіз бізге енді күйеу болың.
Алтын-күміс, мүлкім бәрі сізге,
Олай-бұлай деменіз, қызымды алың.

Қызды алып елшілер келіп тұрды,
Сейпілмәлік со қызының жүзін көрді.
Ит екен басы, кеудесі адамзат,
Қарамайды Сейпілмәлік оны көріп.

—Басымды, Тәңірім, саған салдым,—дейді,
Құтылмастай пәлеге қалдым,—дейді.
990 Іздегенім бұл ма еді, кәріп басым,
Бұл пәлені мен қайдан алдым,—дейді.

Біліп болмас бұ қызының айтқан сөзін,
Сейпілмәліктен айырмас екі көзін.
— Кеуде жақтан қарасаң адамзат,
Иттен бөлек емес оның жүзі.

Елу күн қыз қасынан кетпес болды,
Сейпілмәлікке арыз жетпес болды.
Сейпілмәліктен қыз енді пақыр еді,
Арыз етсе ол қабыл емес болды.

1000 Сейпілмәлік қарамайды қыздан шошып,
Өлген жақсы, жүргенінен итті қосып.
— Қыз, сен пақырлық қылма, — дейді,
Қанатым жоқ қашуға сенен ұшып.

Елу күн Сейпілмәлік ас жемейді,
Өз жарынан басқаны сөз демейді.
Алтын-күмісімен ит қыз отыр,
Тым болмаса үстіне тон кимеді.

Маймыл ханнан рұқсат тілегені

Сейпілмәлік барып ханға тізе бүкті,
Қан аралас көзінен жасын төкті.
1010 — Тақсыр хан, рұқсат берсең мен кетейін,
Мендей болған жалғанда мұңлы жоқ-ты.

Бәріміз адамзат, тақсыр ханым,
Ит басыңды көрсетпе, шықты жаным.
Бұл қайғымен сәрғардан отырғанша,
Өз қолыңнан өлтірсең алал жаным.

Жауап берді маймыл хан көп отырып,
Көзіне айрылам деп жас толтырып.
Жылай-жылай оған рұқсат берді,
— Тым болмаса кетпедің біраз тұрып.

1020 Қимаса да оған рұқсат берді,
Артынан өзі отырып бірге жүрді.

Амандасып ханменен айрылысып,
Жаяу жүрді бұлар, алыс жер-ді.

Дарияға түсті бұлар жаяу жүрмей,
Жаяулықтың азабын енді көрмей.
Үш бейшара бір жерде жолдас болып,
Дариямен алты ай жүрді басын бүрмай.

Бір аралға жеткендері

- 1030 Бір аралға алты айда жақын жетті,
Аралда бір-екі күн қонып өтті.
Аралға толған екен әр түрлі аң,
Тұруға ылаж таппай ақыл кетті.
- Түн болса әр жерлерде от жанады,
Аралға әр түрлі аң дем алады.
Көрген аң, көрмеген аң—бәрі сонда,
Оның үлкеніне таң қалады.
- Түн болса оттай жанған балық көзі,
Аузынан айтқаны Құдайға шүкір сөзі.
Аралға толған екен әр түрлі аң,
Сақтасын бір пәледен Тәңірім өзі.
- 1040 Арыстан, жолбарыс, қабылан, жылан,
Аю, қасқыр, сілеусін, түлкі, қоян.
Аралға толған екен әр түрлі аң,
Бірін-бірі қуады оннан, мұннан.
- Сонасының үлкені торғайдай еді,
Келіп шақса қаныңды сорғай еді.
Әр байғызы оның бүркіттей бар,
Сондай жерде қай адам тұрғай еді.
- 1050 Түлкісінің үлкені—аш арыстан,
Қасқырдың үлкені—қара қабылан.
Әр мысығының үлкені тазыдай бар,
Ақыл жетпес көрген[ді] айтып әбден.

Әр тышқаны оның мысықтай бар,
Алты ай қыс аралда көрмейді қар.
Түрлі-түрлі жеміс бар ат басындай,
Тұрмақ тәуекел қашуға болды зар.

Қашты енді, бұл аралда тұра алмас,
Сарғайып запырандай ойнап-күлмес.
Дариямен күн-түн бұлар бір ай жүріп,
Келеді бір аралға еш бұрылмас.

Жаңа бір аралға келгені

1060 Ағашы жоқ бір арал, жемісі жоқ,
Бейшаралар аралда болмады тоқ.
Шыдай алмай кеттілер сол аралдан
Сейпілмәліктің қайғысы болды көп.

Сейпілмәліктің қасында жолдастары,
Түні-күндіз бірге жүрген мұңдастары.
«Жемісті арал табылса кетпеспіз» деп
Жүруге ой қылмайды сырластары.

— Жемісті арал табылса кетпес едік,
Қиналып тау-тастан өтпес едік.
1070 Екеуінің ақылы осы еді,
«Сейпілмәлік болмаса кетпес едік».

Екі жолдас көңіліне алған екен,
Олардың көңіліне Алла салған екен.
Шарасыз шаһзада сөз айтпайды,
Оның үшін бұ жерде қалған екен.

Жаңа бір аралға келгені

Бір аралға жетті де тапты да ас,
Бар екен сол аралда қымбат тас.
Асқанда жар-жар басы аралапты,
Бір жыл онда өмір сүрді қысы-жаз.

- 1080 Жүрді бейшаралар қармақ салып,
Түрлі-түрлі жемістен қолына алып.
Жолдастары жүргенді жақтырмайды,
Сейпілмәлік жылайды қайран қалып.

Екі жолдасының айрылып өлгені

Бір жылдан соң біреуі науқас болды,
Сейпілмәліктің қайғыға көңілі толды.
Артынан тағы бірі болды науқас,
Науқастан күннен-күнге жүзі солды.

- Жылайды Сейпілмәлік жалғыз болып,
Күннен-күнге қайғыдан жүзі солып.
1090 Бір жағынан шаршайды, болды науқас,
Бұ қайғыдан көкірегі қанға толып.

Береді науқастарға жеміс тауып,
Жүре алмайды қайғыдан аяқ басып.
Екеуінің науқасы қатты болды,
Жылайды бір-біріне арыздасып.

— Науқастан жаман болдың, жолдастарым,
Айрылам ба сіздерден, мұңдастарым.
Жалғыз қайтіп жүрейін дария ішінде,
Өмірімді қайтіп сүрейін, сырластарым.

- 1100 Өмірім қайтіп өтеді дарияда жүрсем,
Жалғыз қайтіп жүрейін шөлге кірсем.
Көбің кетіп қасымнан, жалғыз қалдым,
Өмір қайтіп сүрейін жүрсем-тұрсам.

Қайда жүрерім білмеймін, еш те жөнін,
Жалғыздығым өтеді мұңды күнім.
Кәріп басқа түсті кетпес қайғы,
Зарлай-зарлай өтеді күнім-түнім.

Науқастардың Өзірейіл жанын алды,
Бір күн өлді екеуі, жалғыз қалды.

- 1110 Жылай-еңірей бейшара жолдасына,
Жаназасын оқып, екісін көміп салды.

Қайғыдан адам өлмес, ақыл танар,
Аузынан түтін шықпас, көкірек жанар.
Өмірін ерте етер ме, кеш етер ме,
Тірі адам бұл жалғанға қайтіп тынар.

Дарияға түсті, есін жия алмайды,
Жылайды, жолдастарын таба алмайды.
Білмейді жөннің дағы қайсы екенін,
Басы тізеде, көз жасын тия алмайды.

- 1120 Тізесіне басын қойды іш күйгенге,
Кәріпшілік көп көрді жар сүйгенге.
Ас ойына келмеді, дүние ойына,
Тамағына ішкен асы түйілгенде.

Сейпілмәліктің салы бұзылғаны

Бір қатты жел келді де салын бұзды,
Ескі жібі үзіліп бөлек түсті.
Бір ағашқа салдан түсіп мініп алды,
Әзиз жаннан бейшара үміт үзді.

- 1130 Ескен жел сындырды мінген салды,
Ылажын таба алмай қайран қалды.
Бір қу ағаш бар екен дария ішінде,
Жан қамы үшін ағашты ұстай алды.

Қу ағаштың басына шықты шаһзат,
Төңіріне жылай-жылай қылды көп жад:
—Болмаса, Төңірім, сізден ешбір себеп,
Со жерді көрген емес еш адамзат.

Сейпілмәлік сол жерде үш күн тұрды,
Жылай-жылай көзіне қан жасы толды.
—Ел-жұртымнан айрылдым бір жар үшін,
Кәріп менің басыма не күн болды.

- 1140 Не жаздым, не жаңылдым еш білмеймін,
Жамандықтан басқа еш көрмеймін.
Тәңірі, сізден болса бір себеп,
Ақыр бұ дарияда мен күн көрмеймін.

Бұрынғыдай болмайды, дәрмен кетті,
Әке-шеше, қарындас арман кетті.
Жаратқанның жарлығына мойын ұсындық,
Бізді бұлай болсын деп тағдыр етті.

- Жалынсақ, Жомарт Патша рақым етер,
Жүзіме пәле кез келсе аман кетер.
1150 Тәңірі алдында тіленсе намыс болмас,
Ақыры мұратына бір күн жетер.

Құс келіп ұшырғаны

Аяды Кәдір Сұлтан кәріп құлды,
Өуеден бір үлкен құс пайда болды.
Сейпілмәлікті алуға қасты қылып,
Қу ағаштың басына келіп қонды.

Сейпілмәлік ойлапты «өлемін» деп,
Құс ұмтылды кәріпті аламын деп.
Құс жеткенде аяғынан ұстап алды,
«Не тағдыр болса боламын» деп.

- 1160 Көтеріп Сейпілмәлікті алып ұшты,
Ұстайды Сейпілмәлік бірге құсты.
Дарияда бір күн, бір түн алып ұшты,
Ұясына келгенде талып түсті.

Сейпілмәлік кәріп жанын қайғы қылды,
Шаршап құстың түскенін ойлап білді.
Тау-тастың арасына жасырынып,
Құс келіп таппасын деп бір інге кірді.

- Бір жақтан жылан келді аузын ашып,
1170 Сейпілмәлік қорықты қаны қашып.

Құс баласын бір жылан жейді екен,
Ұмтылды құс жыланға қанат жайып.

Жылан өтті Сейпілмәліктің жанын басып,
Қашырды құсты жылан аузын ашып.
Сейпілмәлік жыланды көргеннен соң,
Не қыларын білмейді, қалды сасып.

Жыланды өлтіргені

Қолына алды айбалтасын беліндегі,
Қалғаны зәңгілердің еліндегі.
«Бекер қарап тұрғанша ұмтылайын,
1180 Ажал тағдыр болса өлдім дағы».

«Иә, Алла» деп балтасын қолына алды,
Көтеріп айбалтасын белге салды.
Балтамен айдаһарды екі бөліп,
Сол жерде жылан дұшпан өліп қалды.

Жыланды құс келді де жоғары алды,
Баласына жем қылып бере салды.
Сейпілмәлікке құс енді қастығы жоқ,
Баласы айдаһардан аман қалды.

Жер жүзі дұшпан болса зиян қылмас,
1190 Сақтайды Тәңірі өзі, бенде білмес.
Тәңірім тағдыр етпей ажал жетпес,
Су ішінде жатса да бенде өлмес.

Сейпілмәліктің жаяу жүргені

Сейпілмәлік жаяулап шөлге кірді,
Көрмеген ғажаптарын сонда көрді.
Запырандай сарғайып қызыл жүзі,
Бір жыл жолмен жүріп өмір сүрді.

Қиын іс болмас жұрттан айрылмақтан,
Қалмайды көзден жас зар қылмақтан.

Жалғыздық пен жаяулық басқа түсті,
1200 Бір тағдыр болса керек бар қылмақтан.

Сейілімәліктің мінәжаты

—Түзу жолға сал, Тәңірім, жазған құлыңды,
Күнәсі көп басынан асқан құлыңды.
Бізге сізден басқа дәрмен жоқ,
Әр жерде жалғыз жүріп сасқан құлыңды.

Мысырға біз құлыңды патша қылдың,
Мені бір жар үшін мұңды қылдың.
Әуелде патша қылып жаратсаң да,
Қайғының қылышымен бауырым тілдің.

Бізден басқа патшалар жұртын сақтап,
1210 Әрқайсысы ойнап-күлер өзін мақтап.
Не қылса да тағдырыңа мойын ұсындық,
Пәледен құтылмадым дүние ақтап.

Жүз мың пәле көрсем де бір жарым жоқ,
Су орнына қан жұтып қанарым жоқ.
Осынша көріпшілік көрсем дағы,
Асық жардың жолында арманым жоқ.

Жаратқан, өзің жеткіз іздегенге,
Он үш жылдан артық күн-түн сөйлегенге.
Жалғыз жүріп жар үшін сәргарданмын,
1220 Осы күні үмітім үзбегенге.

Жас күнімде басқа түсті істің ауыры,
Қалмады сені іздеп дария, тау да.
Сен перізат, еш жерде хабарың жоқ,
Жолыңда құрбан болдым денім сауда.

Ескен жел апарар ма сәлемімді,
Жолыңда құрбан қылдым бұл жанымды.
Бізден ақыл шығар тау үстінде,
Кім айтар өлсем мұнда бұ жанымды.

Елінде жүрген шығар сейіл құрып,
 1230 Біз жылаймыз ол үшін жалғыз жүріп.
 Жолыңда қыс-жаз жүрген мен бір міскін,
 Жетермін бе мұратқа жүзің көріп?

Суретің әуел сенің өзім көрдім,
 Таппадым еш хабар мұнша жүрдім.
 Түні-күндіз сенің үшін зар жылаймын,
 Көріптікпен мұнша өмір сүрдім.

Зынданнан қатты болды жолым,
 Жарылды ыстықтан аяқ-қолым.
 Қанша жыл көріпшілік көрсем дағы,
 1240 Болар ма дидарыңды көрер күнім.

Құдайым, мұратыма жеткіз мені,
 Бендеңнің қиналады көріп жаны.
 Тағдырыңа, Құдайым, риза болдым,
 Неше азап көрерім, көрсет оны.

Бір тауға келгені

Жаяулап биік тауға жақын жетті,
 Тау үстіне шыға алмай есі кетті.
 Тау басына шығуға ылаж таппай,
 Бір жылдай зарлай-зарлай өмір өтті.

Тау басынан шығады қабылан үні,
 1250 Ойнайды әр түрлі аң күні-түні.
 Қанша ой қылса да, тау басына
 Шығуға табылмайды ешбір жөні.

Тау басында әр түрлі аң шақырады,
 Аю, қасқыр, жолбарыс ақырады.
 Биік тауға шығуға ылаж таппай,
 Бір жылдай сол жерде тоқырады.

Ұмтылды тау басына қуат қылып,
 Киік те түседі тастан тайып.

Ақыр бір жан қайғы үшін тауға шық[ты],
1260 Әр төбенің басына тынып-тынып.

Тау басына шықты да ақыл жиды,
Не болса да жар үшін жанын қиды.
Жан шыққанша нәсіп таусылмайды,
Бұлақтан су ішіп, жеміс жеді.

Бір жағы су сол тауының, бір жағы шөл,
Жүрген адам сол жерден таппайды жол.
Енді шөлмен жаяулап жүре берді,
Кәріптіктен жарылды аяқ пен қол.

Тәуекел Аллаға мойын ұсынып,
1270 Шаршаған соң әр жерге бір күн қонып.
Бір Аллаға жалынып зар қылады,
Бір жар үшін жолына кәріп болып.

Жолбарыс өлтіргені

Бір жерде жолбарыс шықты аузын ашып,
Қасты қылды Сейпілмәлік топырақ шашып.
«Бір бөледен құтылсам, бір бөле» деп,
Қорқады Сейпілмәлік қаны қашып.

Айбалтаны бойға алып, бойын түзді,
Жолбарысқа түзетті екі көзді.
Жолбарыстан жан аман құтылған соң,
1280 Аллаға жалынады, жаяу жүрді.

Жөнелді жаңа айдай бел бүгіліп,
Екі көзден жас ақты қан төгіліп.
Әр жерде қорыққандай бір іс болса,
Қалады өзіз жаннан енді үзіп.

Қайсын мұның айтайын, көп күн өтті,
Қайсыбірін жазайын есім кетті.
Сейпілмәлік бірнеше күн жүріп еді,
Бір шарбаққа жаяулап жақын жетті.

1290 Адамзат сондай шарбақ көрген емес,
Сол жерде адам, пері жүрген емес.
Жаралған жануарлардан дүниенің жоқ,
Ойласаң, көрсең еш тұрған емес.

Ойлайды Сейпілмәлік жалған емес,
«Бұ үйді еш адамзат салған емес.
Ол мында перінің жері шығар,
Бұлардан тірі адам қалған емес».

Сейпілмәлік ойлайды көремін деп,
Шарбаққа енді қарсы жүремін деп.
Бұ мында перілердің жері шығар,
1300 Не болса да үйге кіремін деп.

Арыстан келіп қшырағаны

Жөнелді Сейпілмәлік үйге таман,
Шарбақтан шықты енді бір арыстан.
Келгенде айбалтамен шауып еді,
Құлап түсті арыстан, ақпайды қан.

Сол жұрттар перінің жұрты дейді,
Арыстан күзетшіге тұрды дейді.
Жарлықпен арыстан қылған екен,
Ақыры Сейпілмәлік ұрды дейді.

1310 Сол жерден Сейпілмәлік жүрді дейді,
Шарбақтан бір үлкен үй көрді дейді.
Алтын кілт есікке салған екен,
Айбалтасын қолына алып ұрды дейді.

Үй сымбатты, айтуға тілге келмес,
Алтын-күміс сарай бар, адам білмес.
Адамға перізатпен жетпес ажал,
Қандай-қандай тар жерде жүрсе өлмес.

Үйде бір қыз көргені

- Алтын тақтай құрыпты асыл шатыр.
Шатырды ашып көрді, бір қыз жатыр.
Жүзі айдай жарқырап тақ үстінде,
1320 Адамзатқа ұқсайды бір қыз жатыр.
- Қозғайды қызды әр кез, оянбайды,
Тастап қызды кетуге қия алмайды.
Өлі десе бұ қыздың жаны бар деп,
Тірі десе ақылын біле алмайды.
- Қыздан хабар таппайды және шықты,
Гауһар тастан қолына ала шықты.
Қыз басында жазулы тақтай жатыр,
Қалдырмай оны тағы ала шықты.
- Ойлайды «қыз өлі ме, тірі ме?— деп,
1330 Бұл шарбақ дұшпанның жері ме?—деп.
Иесі келсе, ол маған зиян қылар,
Дәу ме [деп] ойлайды, бұл пері ме?» деп.
- Үй ішінде Сейпілмәлік сейіл құрды,
Тақтайды алып шығып тыста тұрды.
Есіктен біраз тыңдап тұрып еді,
Қыз пақыр үй ішінде бір сөз айтып тұрды.
- Сейпілмәлік со үйге қайта кірді,
Қыз басын көтерді, сәлем берді.
Тақтайды көрген соң қыз жылайды,
1340 «Тақтайда сұмдық бар» деп ойлап білді.
- Тақтайды тысқа тастап үйге кірді,
Қыз басын көтерді, сәлем берді.
—Дәусіз бе, перісіз бе, мен сұрайын,
Біз жүрген бір бейшара алыс жерде.
- Қыз пақыр жауап берді, сәлем алып:
—Біз де адамзат, жүріппіз кәріп болып.

Дәу қолында он бір жыл сәргарданмын,
Қорықпай сіздер бізден қайран қалып.

- 1350 Түрегеліп көрісті екі зарлы,
Бұрынғы жалғыз еді, болды жарлы.
Қыз пақыр:—Жігіт, сөзің сөйле,—дейді,
Не себептен мұнда сен ынтызарлы?

Жігіттің сөзі

Сейпілмәлік қыз пақырға сөз бастайды:
—Сөз айтсам іздегенім өз Құдай-ды.
Үйге келе ме деп мен қорқамын,
Перізат адамзатпен жүз қарайды.

Қыз жауабы

- 1360 Дәу малғұн жеті күн бізге келмейтұғын,
Айтса тілің еш адам білмейтұғын.
Үш күн қал, қорықпа, сөзіңді сөйле,
Сөзге нансаң, не сөз бар жылайтұғын.

Жерімнен бұ дию малғұн қашты алып,
Он бір жыл сәргарданмын қайран қалып.
Кеткенімді білмеймін, келгенімді,
Тақтайды басқа қойса қалам талып.

Есітіп Сейпілмәлік сөз бастады:
—Мен едім Мысырдың патшазаты,
Ел-жұртымнан айрылып, мал-мүлкімнен,
Тәңірден Бәдіғұлжамал құлдың даты.

- 1370 Бір суретті көрдім, асық болдым,
Жүз мың ерден айрылып жалғыз қалдым.
Он екі жыл жолында сәргарданмын,
Бұрын патша болсам да кәріп болдым.

Бір жан досым бар еді, айрылғанмын,
Ойымнан еш кетпейді, зар қылғанмын.

Патшалықтан айрылдым, ел-жұртымнан,
Жалғыз басым қайғымен жарылғанмын.

Сөйледі сөздің бәрін бастан-аяқ:
— Ел-жұртымнан айрылып жүрдім саяқ,
Бәдіғұлжамал ойымнан еш кетпейді,
1380 Тәңірім салды қайғыны аямай-ақ.

Жолында оның іздеп жүрсем де мен,
Таба алмасам жолында өлсем де мен.
Осы қайғы бәрі де кетер еді,
Асық жардың жүзін бір көрсем де мен.

Қыз пақыр атын естіп көп жылады:
— Анадан бір тусам да не қылады,
Асық сенің жарыңның мен құрдасы едім,
Енді біздің бұ халді кім біледі?

Сейпілмәлік есітіп күлді дейді,
1390 Асық жардың хабарын білді дейді.
Айтқан сөз құлағына жаққаннан соң,
Қыз қасына жақынырақ келді дейді.

— Сен маған сөз айттың ба, жолдасым-ай,
Өзімдей кәріп болған мұңдасым-ай.
Бұ хабарды ешкімнен білгенім жоқ,
Шын болса айтшы маған, сырласым-ай.

Бәдіғұлжамалдың айтқаны

— Ойбай, жігіт, нанбасаң мен нандырайын,
Сөзімді бастан-аяқ қандырайын.
Бұ хабарды бұрын сен білмесең,
1400 Шырағыңды енді мен жандырайын.

Рабүлмәлік әкем-дүр Сарандилда,
Інісі дағы патша болып жұрт ішінде.
Екеуі екі жерде патша болған,
Олар онда, біз кәріп қалдық мұнда.

Пері шәрі бізден алыс емес,
Әкеміз Шабалмен таныс емес.
Ол перізат болғанда, біз адамзат,
Бір-бірімен дос болып сарпай кимес.

1410 Қатыны Шабалдың келген екен,
Біздің елде біраз күн тұрған екен.
Біздің елде жүргенде сейіл құрып,
Бәдіғұлжамал со жерде туған екен.

Бізді шешем со күні тапқан екен,
Шүйінші деп әр жаққа шапқан екен.
Шүйінші деп айтқан даусынан,
Алтын-күміс үстіме шашқан екен.

1420 Бәдіғұлжамал шешесі сонда келіп,
Ел жиып кәріптерге ас жегізіп.
Бәдіғұлжамал шешемнің сүтін еміп,
Біздерді сүт емізіп бала қылып.

Екеуміз бір күн туған құрдас едік,
Ел ішінде бір жүрген сырлас едік.
Алланың үкімі болып енді айрылдық,
Қайтейін, айрылмастай жолдас едік.

Бір күнде ойнап жүргенде тұман болды,
Ұстайды бір дәу келіп біздің қолды.
Дәу қолында он бір жыл кіріптармын,
Ел-жұртымнан көргенім сол-ақ болды.

1430 Бұ дәуге тұтқын болдық біз жолығып,
Еңіреп бізді жүріпті асық болып.
Он бір жылдан қолында кіріптармын,
Ел-жұртымнан сәргардан қайран қалып.

Дәу малғұн дәу патшаның ұлы дейді,
Қазынаға ел-жұрттың молы дейді.
Атасы Шабалмен дұшпан екен,
Әр жылда аттанады қолы дейді.

Алып қашса да мен бой бермедім,
Өлсем де қосылуға ой бермедім.
Он бір жылдан бері алдайды дәу малғұн,
1440 Өлтірсе де ол мен сөз демедім.

Көп сөз маған айтады көңіл беріп,
Жақсы сөз мен айтпаймын көңіл беріп.
Бірде өкпе қылады, бірде ашу,
Кетеді өз еліне үш күн тұрып.

Жеті күнде келеді елде жүріп,
Тағы бізді алдайды үш күн тұрып.
Ұмтылады біздерге қастық қылып,
Жылаймын «өлемін» деп өзімді ұрып.

Барсаңыз біздің елге, көрдім деңіз,
1450 Қызыңыз Мәликемен тұрдым деңіз.
Дәу қолында он бір жыл тұтқын екен,
Сырласып бір күн бірге жүрдім деңіз.

Білмейді олар менің жатқан жерім,
Дәу қолында зәрді татқан жерім.
Білсе мені сол жерде қоймас еді,
Өлімге байлап басымды сатқан жерім.

Басқа түскен қайғы тарқамайды,
Жас күнде тұтқын болып бағым тайды.
Бізден сәлем айта бар ел-жұртқа,
1460 Көрер күнім болар ма күн мен айды?

Әке-шешем [мен] үшін бауырын берген,
Жалғызым деп жылайды көзі көрген.
Олар да онда жылайды, көздері қан,
Біздер дәу қолында қиналып жан.

Әр сөзге Сейілімәлік қанды дейді,
Мәликенің сөзіне енді нанды дейді.
Хабарын есіткен соң қуанады,
Біраз жарын ойға алып жанды дейді.

Сейпілмәліктің сөзі

1470 Сейпілмәлік сөз айтады:— Біз ойлайық,
Бұрынғыдай есіткенді біз байлайық.
Дәуіңнің жаны қайда екенін сіз сұраңыз,
Бір қайла табылар ма, оны қылайық.

Тұрайық біз бір жерде жасырынып,
Сұраңыз жанын оның көңіл еріп.
Ашуланып сөз айтса, өкпе қылса,
Айтпас па екен ол сізге жанын қиып.

Бір қайла қылар едік жанын білсек,
Не қылса Алла әміріне мойын ұсынсақ.
Тәңірі беріп дәу жанын қолға берсе,
1480 Дәу малғұн бұ жерде біз өлтірсек.

Қыздың жауабы

— Дәу жанын мұнан бұрын сұрағанмын,
Ашуланып мен оған дау қылғанмын.
Ашудан қайтып маған жанын айтқан,
Жаным суда дегенде таң қалғанмын.

Жанымызды бұ дарияға салдық деген,
Бір құдық, бар ішінде сандық деген.
Со сандықтың ішінде менің жаным,
Ел таппас жаралған жанымды деген.

Қолы тимес адамның бір жаныма,
1490 Өлім жоқ жетсе жасым болса мың да.
Дәу жаны суға ұрып шығар еді,
Сүлеймен жүзіктің барлығында.

Бұ күн табылмайды дәудің жаны,
Жүзік төуекел, Сүлеймен өзі, кәні?
Заманында біз оның құлы едік,
Өлгеннен соң құтылды дәудің жаны.

Дәу айтқандай Сүлеймен өзі көні,
Жүзікті қолына кім ұстар оны?
Бізден сәлем айта бар ел-жұртыма,
1500 Қанша айтсам табылмас дәу жаны.

Естіп Сейпілмәлік күлді дейді,
Мәликеден шүйінші сұрды дейді.
—Тақ Сүлеймен жүзігі менде әзір,
Жақсылыққа Құдайым бұрды,—дейді.

Мәлике естіп қуаныш қылды,
Көрген соң жүзіктің барын білді.
Азық пен алтын-күміс үйден алып,
Бір медет болар ма деп екеуі суға келді.

Ұсындылар Алланың көп атынан,
1510 Сүлеймен жүзіктің құрметінен.
—Дәу жанын біздерге шығарып бер,
Кетейік дәу малғұнның біз қасынан.

Жүзікті қолына алып суға ұрдылар,
Алланың әміріне бел будылар.
Бір уақытта су қайнап сандық шықты,
Сандықты көтеріп бір қойдылар.

Сандықты ашып еді кептер шықты,
Кептердің мойнын үзіп жерге тықты.
Аспаннан қып-қызыл қан қардай жауып,
1520 Кептердің кесапаты дәуге жұқты.

Таудай болып дәу келіп жерге түсті,
Дәу пақырдың өлерде үні шықты.
Бейшаралар көрген соң қуанады,
Бөрінен бір Тәңірінің әмірі күшті.

Дариямен кетті бұлар салын байлап,
Алдылар дәу үйінен азық сайлап.
Қуанғаннан бейшаралар жыласып,
Кеттілер үш ай, үш күн-түн сал айдап.

1530 Екі бірдей бейшара жолдас болып,
 Бәдіғұлжамал жөнінен құрдас болып.
 Біреуі—аға, біреуі сіңлісі болып,
 Жүрділер бір-біріне сырлас болып.

Бір үлкен жайын шықты аузын ашып,
 Бұларды жұтайын деп суларды шашып.
 Сейпілмәлік ұйықтап еді, қыз ояңды,
 Қорықты бейшаралар қаны қашып.

[Жайын] басын көрген соң жыласады,
 Қолдарын көкке жайып еңіреседі.
 «Пәледен құтылды деп ойлап едік»,
 1540 Алладан жылап медет тілеседі.

Жайынды өлтіргені

Сейпілмәлік балтасын қолына алды,
 Жайын дұшпан басына қатты салды.
 Алланың өмірімен басқа тиіп,
 Айналып жайын дұшпан кейін қалды.

Тәуекел деп Аллаға бет қояды,
 Салмен ағып тағы да жөнеледі.
 Бір аралға сал байлап еніп еді,
 Саудагер көп керуенге кез болады.

Керуенге ұшырағаны

1550 Керуен қорықты бұларды ұры ма деп,
 Бұлар қорықты бір дұшпан болар ма деп.
 Керуен халқы бұларды тағы ойлайды,
 Біздей елге сауда қылып жүрер ме деп.

Келді керуен бұларға қарсы жүріп,
 Бұлар сәлем берді қол қусырып.
 Қасына көп керуен келіп еді,
 Таң қалдылар бұлардың жүзін көріп.

Керуендер таң қалып оларға пұл берді,
Не болса да ұжмақтың нұры дейді.
Осында запырандай сарғайғанда,
1560 Беттерінде нұры жайнап тұрды дейді.

Бірін-бірі сұрасып жыласады,
Бөрі бірдей мұсылман танысады.
Шұршіттен шыққан олар керуен,
Бір-бірден сөзіне қанысады.

Керуендер таныды Мәликені,
— Ағасы Сарандилда жұрттың ханы.
Он бір жыл ханның қызы ғайып болған,
Ағасы біздің елде жұрт сұлтаны.

Таныған соң бір-бірін жыласады,
1570 Көп керуен бір-бірден сөйлеседі.
— Әкесінің інісі бізге жақын,
Шүйіншіге шапқыншы оңдасады.

— Үш айда ағаңызға қайтсақ керек,
Со жерге кемеменен жетсек керек.
Аман болып шәрге жақын кетсек,
Кеме тастап бір қырға өтсек керек.

Жетті де шығар жерге сумен жүріп,
Кемелерін шығарды қырға барып.
Шүйіншіге бес кісі кетіп еді,
1580 Шәрге жетті бұлар күн-түн жүріп.

Мәліке ағасыны көргені

Сұлтанға елші хабар берді дейді,
Сәлем беріп есіктен кірді дейді.
«Ағаңыздың жоғалған жалғыз қызы,
Аман-есен керуенмен келді» дейді.

Шүйінші беріп, бұлар енді сөйлеседі,
Келер деп Мәлике ойласады.

«Той қылып, жұртқа хабар білдіргін,
Алдына барамыз» деп сайласады.

1590 Жұртпен келді ағасы қыз алдынан,
Көрісті ағасымен есен-аман.
Ағасы Мәликемен көріскенде,
Жыламаған қалмайды әскер, жаннан.

Ойнап-күліп он күн той қылады,
Түрлі-түрлі ойынмен ойнады.
Тәжілмәлік Сейпілмәлікке барған екен,
Алдында қол қусырып сөйледі.

Мәлике[нің] әкесіне қосылғаны

1600 Шүйіншіге билер кетті әкесіне,
Он төрт күнде жетті қаласына.
Есіткен соң шеше мен әкесі,
Қуанады екеуі жыласып баласына.

Малды сойып, той қылып, жұртты жиып,
Көрісіп әке-шешесі қалды талып.
Сейпілмәлікті билер құрмет қылып,
Ап келді Сейпілмәлікті таққа салып.

Ап келді Сейпілмәліктей, ай мен күнді,
Той қылып, білмеді күн мен түнді.
Ұшқан құс қайтып елге келген,
Бөрінің бірдей ішінде көңілі тынды.

1610 Шешесі:—Жаным, тірі келдің,—дейді,
Он жыл қайғымен өлдім,—дейді.
Әкесі мен шешесі амандасып,
—Аллаға шүкір, жүзіңді көрдім,—дейді.

Қуанып әкесі мен шешесі отырмайды,
Мәлике күн-түн сөйлеп болдырмайды.
Он бір жыл әкесінен айрылған соң,
Көргенінің бәрін де қалдырмайды.

- Себебінен Сейпілмәліктің мұнда келдім,
Шарапат қып өзім мұны аға қылдым.
Алладан соң, себеп бәрі мұнан,
1620 Жүзіңді көрдім дағы көңілім тындым.

Құдай сақтады, дәуден аман жүрдім,
Дәу қастық қылса, өлімге бетім бұрдым.
Күн-түн бірдей Аллаға жылаушы едім,
Құдай сақтады, дәуден аман жүрдім.

Мәликенің сөзі

- Қолы еш жетпеді дәудің маған,
Кәпір болсын сөзіме нанбаған.
Мойынсұнып келсе де дәу малғұн,
Ашулансам қайтады жетпей маған.
- 1630 Серт қылып айтып оған: «Тиме маған,
Он бес жыл болмай тұрып тимен саған.
Өктемдеп зорлықпенен алам десең,
Өлем,—дедім,—со күнде нансаң маған».

Дәу малғұн бұ сөзімнен қайтушы еді,
Кегін өкпе қылып айтушы еді.
Ол уақытта Сейпілмәлік маған келген,
Дәу өлтіріп ол жерден алушы еді.

- Естіп хан менен жұрттың бәрі білді,
Жалғыздарын көрген соң көңілі тынды.
Ұл қылып Сейпілмәлікке орын берді,
1640 Қолына енді берді қалың елді.

Сейпілмәлік бұрынғыдай патша болды,
Хан тапсырған ұлына ісін оңдайды.
Жұрт ішінде көрсетіп әділдігін,
Тәңірі өзі оңғарады енді жолды.

Қызметкерлер алдында әзір тұрды,
Бекзада мен патшалар бірге жүрді.

Ойыншы мен жырлаушылар бәрі сонда,
Түнде ойын, күндіз далада сөйіл құрды.

Сейілмәліктің досын сағынғаны

1650 Досы оның бір күні еске түсті,
Екі көзден жаңбырдай жасын ағызды.
—Суда өлдің бе, жан досым, қырда өлдің бе,
Дүниеде ұмыта алмаймын көрмей сені.

Баяғыда осындай ойнаушы едік,
Айырылуға бір күнде қимаушы едік.
Осындай болмадық, жан досым-ай,
Жағада ойнап-күліп жүруші едік.

1660 Көңілімнен, көзімнен енді кеттің,
Алтын жүзік қолымнан тайып кеттің.
Осы кездер көзіме көрінбейді,
Бір қайғыны бойыма жиып кеттің.

Қасымда болсаң сені көрмес пе едім,
Ойнап-күліп бір жерде тұрмас па едім.
Тірі болып көзіме бір көрінсең,
Артыңа қайда жүрсең ермес пе едім.

Көруші едім, е, досым, сені жандай,
Ішкен ас маған сенсіз қызыл қандай.
Өтіп кетер заманың жасымыздан,
Болмайды қызығымыз көз жұмғандай.

1670 Сенсіз маған бұ ойын бәрі арам,
Жалғыз қайтіп сенсіз мен сөйіл құрам.
Осы күнде ойымнан еш кетпейсің,
Жүзіңді енді сенің қайда көрем.

Сенсіз маған болмайды осы жиын,
Дүниенің сенсіз маған бәрі қиын.
Таққа отырып патша болсам дағы,
Сенсіз маған пайда жоқ жалғыз тиын.

- Еске түссең жылаймын мен осында-ай,
Тақ үсті сенсіз маған бір тұтқындай.
Ойласам сен есіме түскенсін,
1680 Болады маған өмірім мың жыл оттай.

Кетер еді бұ қайғы жүзің көрсем,
Хабарын елден тауып қайдан сұрсам.
Жан төтті жан досым, мұңдасым-ай,
Дүние не керек маған, бірге жүрсем.

Хабар болсам жүзіңді көремін бе,
Жоқ дүниеден көрмей-ақ өлермін бе?
Өлгеніңді естісем, мен өлермін,
Бұ қайғыға сарғайып жүрермін бе?

Мінәжат қылғаны

- Өр жерде медет қылған Құдайым, сен,
1690 Тілеймін жазықтықпен кедейің мен.
Досымды тірі болса бір көрсетсең,
Жолыңда жанымды құрбан етейін мен.

Досы үшін Сейпілмәлік бір күн жанды,
Запырандай сарғайды, ақылын танды.
Шаһзаданың зарлығын есіткен соң,
Бұ жерге енді жиылды жұрттың бәрі.

Мәликенің келгені

- Көп қыздармен Мәлике келді дейді,
Шаһзаданың қайғысын білді дейді.
Шаһзаданың көп қыздар көрді жүзін,
1700 Айырмайды бәрі де екі көзін.

—Мойын ұсын Алланың салғанына,
Айрылып досың[нан] сен қалғаныңа.
Тірі болса көрерсің, өлсе өлген,
Қайтерсің бұ дүниенің жалғанына.

Бұрынғы күйгеніміз бізге батар,
Алланың өміріне бенде не етер.
Бұ дүниеден кісіге еш пайда жоқ,
Жаралған жан болса бәрі де өтер.

1710 Жолыңда біз бейшара құрбандығың,
Не етерге айтып қойған бір жандығың.
Сіз өлгенге мен де өлейін, күйді жаным,
Тілесек керек енді амандығың.

Келеді он күннен соң асық жарың,
Он үш жылдан сақтаған ынтызарың.
Ашылсын көңлің сенің, Сейпілмәлік,
Тірі болса табылар бір жолдасың.

1720 Мәлике көп жылайды көңілін аулап:
—Кетіңіз бір-екі күн киік аулап,
Ашылсын көңлің жұртпен аңға шығып,
Тазы менен қаршыға, бүркіт салып.

Бұ сөз тыңдап Сейпілмәлік атқа мініп,
Шәрден өтті бұлар көңілі тынып.
Шаһзаданың сол жанынан өтіп еді,
Бір жігіт сәлем берді қарсы жүріп.

Сейпілмәлік сәлемін анда сүйді,
Ойлайды «Сейіт пе?» деп, іші күйді.
«Сейіт қайдан келсін» [деп] тағы ойлайды,
Сүйтсе де білмеді көңілін қойды.

1730 Жұртына:—Бұ кәріпті көрің, —дейді,
Біздің үйге алып жүрің, —дейді.
Біз келгенше оны сіз құрмет қылып,
Біз қайтқан соң қолыма берің, —дейді.

Мінезім бар кәріп қимайтұғын,
Бір-екі күн қонақ қып сыйлайтұғын.
Біз келгенше сақтаңыз құрмет қылып,
Болмаңыз әр кез оны қинайтұғын.

- Екі кісі келді де ұстады оны,
Қалмайды бейшараның қорқып жаны.
— Патшамыз бұйырды алып кел деп,
1740 Керек қылды аң аулап қайтса сені.
- Қорыққаннан бейшара жүзін бұрмайды,
Көзінен ағып жасы құрымайды.
Бармаймын деп тырысып бағып еді,
Екі кісі, жалынса да, айрылмайды.
- Кісі туған дүниеде жүрер үшін,
Кім көрінсе аяқтан сүйрер үшін.
Бейшара бұ кісіден қашты енді,
Бұ пәледен енді өтер үшін.
- Әуелі екі кісі боқтап алды,
1750 Бір-екі ұрды дағы жолға салды.
Көзінен жасы ағып бейшараның,
Ешбір ылаж таппайды, қайран қалды.
- Қорыққанынан бейшара кетті қашып,
«Не пәлеге түстім?» деп қорқып, сасып.
Іздеп жүріп тапқан бейшараны
Ап кетті, аяқтан жоғары асып.
- Бейшараны алды да ұра-ұра,
Алып барды зынданға алып тура.
Бұ бейшара қорқып ойлайды ой,
1760 «Қашар едім табылса біраз қора».
- Жылайды бұ бейшара қаны қашып:
— Қалыппыз еш күнәсіз зындан түсіп,
Болмас еді кәріптікке көңілі бұзық,
Жылайды «өлемін» деп, үміт үзіп.
- Кәріптіктен жаман іс болмас өмір,
Жылайды өлемін деп жалғыз пақыр.
Кәріптердің, күтсеңіз, көп сауабы,
Бар жерде кәріп көрсең жылайды ақыр.

1770 Кәріптің көңілі сынық болар ма екен,
Кәріпті үйіне кісі алар ма екен.
Қайғысы көп адамдар қарсы келе,
Кәріптердің сөзіне нанар ма екен.

Дүниеде кәріптерден қайғылы жоқ,
Білмейді кәріп алған өздері тоқ.
Өз халін білмейді сау адамдар,
Тиесілі кәріптерге күнде бір оқ.

1780 Жылайды кәріп әр күн жасын төгіп,
Алласына зар қылып белін буып.
Кіріптарға пайғамбар жәрдем деген,
Болар ма, әй, жарандар, аса сөгіп.

Бір кісі кәріп көрсе жылайтұғын,
Қолына қалам алып жырлайтұғын.
Кәріптер де Алланың құлы емес пе,
Болар ма кәріптер ойын ойлайтұғын.

Сейпілмәліктің сөзі

Сейпілмәлік со түні ұйықтамайды,
Ойына кәріп түсіп тоқтамайды.
Таңда атқа мініп елге келді,
Кейінгі қалғандарын жоқтамайды.

1790 Жарлық қылды жұртына:— Келің,—деп,
Кешегі аманатым берің,—деп.
Қай елден жүрсе дағы кәріп шығар,
Ренжітпей оны алып жүрің,—деп.

Айттылар:— Патшамыз, қашып еді,
Табылмаса есімізді ашып еді.
Күн іздеп жүріп артыңнан,
Ұялып жүріп сізден сасып еді.

Келтірді бейшараның қолын байлап,
Кісі өлтірген кісіден арман етіп.

Сейілімәлік көрген соң көп ұрысты:
1800 — Кәріпті ренжітіпсіз, не себеп?

Аяқ пенен қолына темір шұлғап,
Беті-көзін бірдей құмға былғап.
Сіздерге қанша күнә қылып еді,
Жүріңіз демедім [бе] көңілін аулап.

Кәріпті кісі мұндай болмас болар,
Кәріптің қатты жүзге көңілі қалар.
Кәріптерге Тәңірім жәрдем деген,
Кәріптің қарғысына жер сілкінер.

Бү міскін қорыққаннан қашқан екен,
1810 Халім қалай жығылар деп сасқан екен.
Кәріптердің көңілін әзіз қылың,
Періштелер жазуға жазған екен.

Жылайды Сейілімәлік оған қарап,
Аулайды көңілін оның халін сұрап.
— Жасырма, е, жігіт, қай жерің екен,
Бар шыныңды айт, қай жерден келдің орап?

Сейітті танығаны

— Он үш жыл елден шығып, кәріп болып,
Мен жүрдім бейшара кәріп болып.
Атым—Сейіт, шәрім—Мысыр еді,
1820 Күннен көз еш жақсы көрмей солып.

Көріскені

Сейілімәлік орнынан ұшып тұрды,
Сейітті «досы[ң] мен» деп құшып тұрды.
Жыласып екі жан дос көріскең[де],
Ел-жұрты таң қалып шошып тұрды.

Күні бойы құшып қоймайдылар,
Азғана көріскенге тоймайдылар.

Жеті күндей бұлардың тойы болды,
Қол қусырып бір-бірін сыйлайдылар.

1830 Сұрайды Сейпілмәлік:—Қайда жүрдің,
Біздерден айрылған [соң] не күн көрдің?
Біздерден айрылғанға он екі жыл,
Сөйле, енді, қай жерде сен жүрдің?

Сейіттің зәңгіні көргенін сөйлегені

—Төрт жүз кісі едік зәңгілер ұстап алып,
Үш жыл анда тамам өтті қызмет қылып.
Қызмет қылдық оларға кәріп болып,
Көзімізге жас, көкірекке қайғы толып.
Үш жылдан соң бір мейман келіп еді,
Бірімізді сойды оған құрбан қылып.

1840 Зәңгіден үш ер қашып дария түсіп,
Аралдан бір аралға қонып шошып.
Қорыққанша бір аралға еш тұрмаймыз,
Әр жерде жүрдік жаннан үміт үзіп.

Бір халыққа кез болдық, ұстап алды,
Көрген адам оларға таң қалды.
Жүздері адам оның, сырты жалдай,
«Семірсін» деп бізді түрлі жемге салды.

1850 Қайғыдан мен, жан досым, ас жемедім,
Семіртіп жолдасымды сойып алды.
Екі жыл ас жемедім, сонда тұрдым,
Өлім, ажал жетсе сөз демедім.
Жылағаным көріпті бір күн,
Күңге қабыл болды енді датым.

Есікті ашып күң жол көрсетті,
Сол елден күні-түні қаштым қатты.
Құтылдым ба дегенде бір жұрт ұстап,
Сүйенгенім әр жерде Тәңірім аты.

- Бойы биік бір елге душар болдым,
Тілдерін ешкім білмес, қайран қалдым.
Адам етін мұқым жемейді екен,
1860 «Тәуекел» деп Аллаға басым салдым.
- Сайрасын деп қапасқа салды мені,
Екі жыл тұрды достың қалмай жаны.
Жылағаным есітіп басын шайқап,
«Қандай жақсы, — деділер, — сайрағаны».
- Сайрағаным жақсы деп алып жүрді,
Жылағаным жақсы деп қызық көрді.
Тойда арақ ішіп мас болдылар,
Қашуға ол күн маған жәрдем берді.
- Қашып онан сал байлап суға түстім,
1870 Өзіз жаннан әр жерде үміт үздім.
Дариямен екі-үш ай жүріп едім,
Көкірегіме қайғы толып қандар құстым.
- Бір керуенге ұшырап жолдас болдым,
Жад етіп сізді күннен-күнге көңілім.
Керуеннен айрылған соң сұрай-сұрай,
Ақыры енді осы елге душар болдым.
- Жүруші едім сәргардан хабар таппай,
Дұшпаннан қорқып, қашып еліне жақпай.
Жаңа келіп тұрсам да бұ шәріде,
1880 Тағы да алды ортаға бізді қаптай.
- Аллаға жүз мың шүкір, жүзінді көрдім,
Он екі жыл жолыңда іздеп жүрдім.
Енді бізді өлгенше айырмасын,
Неше жыл қандар жұтып өмір сүрдім.
- Сейпілмәлік досына ас жегізді,
Түрлі-түрлі үстіне тон кигізді.
Он күнге шейін той қылып жұрттарына,
Досым болды деп жұртына бар білгізді.

- Жұрттары бұларға таң қалады,
 1890 Сөйпілмәлік досына қуанады.
 Әкесі мен Мәлике қуанысып,
 Табылды шаһзаданың қолғанаты.
- Мәликенің келгені Ирамбағы,
 Бөдіғұлжамал жұртымен келді дағы.
 Құрдастар көрісіп жас ағызып,
 Бір-біріне табылды қолғанаты.
- Құрдас көрісіп шуластылар,
 Адамзат пен перізат жыластылар.
 Күн-түн ойын қылды олар он күндей,
 1900 Мәлике мен Бөдіғұлжамал сырластылар.
- Бөдіғұлжамал айтады:—Құрдасым-ай,
 Ана сүтін емізген, сырласым-ай.
 Күнде екеуміз гүл болып жүруші едік,
 Көрдім енді жүзіңді, мұңдасым-ай.
- Сөйлеседі екі бұлбұл ондай болып,
 Біреуі ай, біреуі күндей болып.
 Мәлике сырын айтты бастан-аяқ,
 Береді Тәңірі қайғы пәрмен болып.
- Мәлике сырын айтты:—Солай-солай,
 1910 Шаһзада жоқ болса өлер едім-ай.
 Қанша мақтап айтса да шаһзаданы,
 Бөдіғұлжамал жүріпті ойға алмай.
- Бір күн тысқа шыққанда шатыр көрді,
 Мәликеден:—Шатыр кім[дікі]?—деп сұрайды,
 —Бізді ап келген шаһзада осы,—дейді,
 Табылмас еш адамзат мыңда ондай.
- Абдан сөз айтуға бата алмайды,
 Айтса да Бөдіғұлжамал ойға алмайды.
 Айтса да әр өнерін мақтай-мақтай,
 1920 Шаһзадаға айналып көз салмайды.

Мәликә шаһзаданы айтып еді,
Бәдіғұлжамал бұл сөзге өкпеледі.
Бәдіғұлжамал Мәликеге:— Жыр айт, — деді,
Біреу[ді] жырлап айтсаң, ондан нең құрайды.

Саған мен олай айт деп айтпадым,
Маған жырды айтпақ қой деп едім.
Көңілім сүйген құрдасым, мұңдасым-ай,
Жыр емес деп осы сөзім айтып едім.

1930 Адамзат пен перізат қосылмайды,
Көп өмір адамзат жасамайды.
Сағынып көрермін деп келіп едім,
Айтпаңыз бұ күннен соң бізге байды.

Шешесі Мәликенің тағы келді,
Алдында о да бұған арыз қылды.
— Бір көрінсең саған біз разы едік,
Жолында құрбан қылсақ осы елді.

1940 Суретіңді көріп сізді сүйген адам,
Он үш жыл соңыңда жүрген адам.
Сыйласаң, бір көрінсең болар еді,
Көңілін бір-ақ сізге бұрған адам.

Шырағым, жүзіңді көргіз, — дейді,
Ойдан өлдік, бізді тіргіз, — дейді.
Ел-жұртынан айрылып, мал-мүлкінен,
Іздегені шаһзаданың сен қыз едің.

Көп сөздер айтса да бой бермеді,
Шаһзаданы көруге ой бермеді.
Бір күн жатып Мәликә өкпе қылып,
Ұйықтамай пері қызы ұға алмады.

1950 Шаһзаданың ерлігін ойына алып,
Ойлайды «келсем қайтер жүзін көріп».
Жүрген менен тұрғанын ойына алып,
Көруге барып жүрегі, көңіліне салып.

Есіткен ерліктерін ойына алды,
Баяғыдай болмайды, ұйқы қалды.
Сүйтсе де көңілі елден ұялады,
Сырын ешкімге айтпай наз қылды.

«Жасырып көрсем» деп ойына алды,
Мәлике білмей оны ұйықтап қалды.
Түн ішінде ақырын басып келіп,
1960 Шаһзада үйіне құлақ салды.
Мәликеден Бәдіғұлжамал жасырынып,
Сейпілмәлікке келіп құлақ салды.

Жұрт бәрі, бәрі бірдей қорылдап жатыр,
Толыпты бозбалаға алтын шатыр.
Шаһзададан басқа еш ояу жан жоқ,
Ғашық жарын ойға алып жырлап жатыр.

—Анадан айдай болып туған жарым,
Он үш жылда мен жолыңда бір жарым.
Рахым қылып жүзімді бір көрмедің,
1970 Қайтейн, мен жолыңда ынтызармын.

Бұ қайғыны басыма Алла салды,
Сенің үшін құрбан қылдым жүз мың жанды.
Әкем-шешем, ел-жұртым алыс қалды,
Ешкім келіп сұрамас біздің халді.

Ел-жұртым қайт десе бір қайтпадым,
Су орнына қан жұтып бір қанбадым.
Алдымнан жүз мың пәле шықса дағы,
Жолыңда өлімді бір ойға алмадым.

Жолыңда он үш жыл мен жетпей жүрдім,
1980 Сенен басқа ойым [жоқ], күлмей жүрдім.
Жүз мың пәле алдымнан шығып еді,
Ажалым жетпеген соң өлмей жүрдім.

Арызым айтсам саған жетпес болды,
Осы қайғы басымнан кетпес болды.

Жүз мың пәле алдымнан шығып еді,
Ажалым жетпеген де денем өлмес болды.

Бәдіғұлжамалдың көз салғаны

Бәдіғұлжамал тыңдады тысында тұрып,
Қарады бір тесіктен көңілін беріп.
Қасын, көзін, сипатын көріп еді,
1990 Талып түсті кешікпей көңілі еріп.

Шықты шаһзада көңіліне алып,
Алыстан көрді: бір қыз жатыр талып.
Келіп қызды қараса, перізат,
Басын салды тізесіне жарын танып.

Шаһзада қыз басына жасын шашты,
Ақылына қыз келді де, көзін ашты.
Шаһзада қызды көріп таныған соң,
Ұялып шыныменен көзін ашты.

Қыздың сөзі

—Сіз кімсіз, сізді перізат білер,—дейді,
2000 Біздерге үлкен ұят болар,—дейді.
Перілер екеумізді көре қалса,
Әкемізге айтпай ма олар,—дейді.

Сейілімәліктің сөзі

—Он үш жыл сенен басқа сөйлерім жоқ,
Өлсем сенің жолыңда, көмерім жоқ.
Жолыңда құрбан болған мен көбелек,
Отқа түссем жанғаймын, өлерім жоқ.
Жанбағанын бұрындағы жандырмашы,
Бұзылған көңілімді қалдырмашы.
Іздеушімін бейшара, мейілің болса,
2010 Көңіліңді олай-бұлай еш бұрмашы.

Қыздың сөзі

—Адамзат перізатқа асық болса,
Сертіне қылған дейді оған тұрса.
Пері оттан жаралды, адам—топырақ,
Жарасар ма перізат ойына алса.

Шаһзаданың жауабы

—Періге адам асық болса,—дейді,
Келсін адам, оны алсын,—дейді.

Уәделері

Қыздың енді айтар сөзі бітті,
Шаһзаданы көрген соң көңілі кетті.
Бір-біріне енді асық болып,
2020 Айтқан уәделері енді бітті.

Сөйледілер екеуі құшақтасып,
Бір жерге сөз қойдылар ақылдасып.
Ойын мен күлкісі бір болған соң,
Мәлике қызға келіпті ақырын басып.

Мәлике қыз оянды, бір күрсінді,
Қайдан білсін шаһзаданың көңілі жетті.
Бәдіғұлжамал сұрайды Мәликеден:
—Айтшы маған, не себепті күрсіндіңіз?

Өкпе қылды Мәлике:—Сөз алмадың,
2030 Көңіліңді құрдасыңа бір салмадың.
Шаһзадаға көрін деп айтып едім,
Сөзімді тыңдап есіңе бір алмадың.

Бәдіғұлжамал айтты:—Мен ойлаймын,
Перілер есіткен [соң] сөз болармын.
Осы сөз бұлай қалса жұртым біліп,
Ел ішінде ұятқа мен қалармын.

Мәлике сөзі

- Мәлике:—Еш ұяты болмас,—дейді,
Бұл істен ешкім хабар білмес,—дейді.
Шаһзаданы сіз мұнда шақырыңыз,
2040 Сұрағыңыз ешкім мұнда келмес,—дейді.

Бәдіғұлжамалдың сөзі

- Бәдіғұлжамал хабар берді:—Келсін,—дейді,
Сөзіне дұшпан мойын ұсынсын,—дейді.
Айтқан сенің сөзіңе жаным құрбан,
Алып кел енді көңілің жетсін,—дейді.
- Мәлике есіткен соң тұрды дейді,
Қуанып шаһзадаға жүрді дейді.
«Бәдіғұлжамал шақырды» дегеннен соң,
Артынан Мәлике қыз жүрді дейді.
- Есіктен Сейпілмәлік кірді дейді,
2050 Артынан Мәлике қыз жүрді дейді.
Бәдіғұлжамал орнынан тұра келіп,
Бұлардан бұрын сәлем берді дейді.
- Екеуі көрістілер құшақтасып,
Бір-бірінен сүйісті ауыздасып.
Мәлике бұрынғысын қайдан білсін,
Мархабат қылды бұларға асын тасып.
- Онан соң түрлі ісін нандырды,
Бәдіғұлжамал шаһзадаға көңіл бұрды.
Бір-біріне сүйеніп аяқтарын,
2060 Со жерде ойнап-күліп біраз тұрды.
- Наз қылып бір-бірімен сөйлестілер,
Құшақтап бір-бірімен сырластылар.
Ойнап-күліп со жерде мұратына,
Екі асық айрылмасқа сырластылар.

Таңға жақын шаһзада үйге қайтты,
Жарына айтар сөздің бәрін айтты.
Шаһзаданы үйіне алып барып,
Ойнап-күліп өткізді, құрсант қылды.

2070 Бөдіғұлжамал күннен-күнге асық болды,
Көндірсе Құдайым деп қайғы қылды.
Бар еді бірге келген аналығы,
Жылап оған айтыпты осы жолды.

Аналығы келгені

Аналығын шақырып:— Ана[м],— дейді,
Анасы:— Не сөзің бар, балам,— дейді.
— Басыма түскен менің бір ісім бар,
Құлағыңа бұ сырымды салам,— дейді.

2080 Бір қайғы басқа түсті көріп болып,
Бір адамды көрдім көңіліме алып.
Түнде түстен кетпейді, күндіз ойдан,
Блажын таба алмадым қайран қалып.

Бұ ісімнің ылажын тапсаң, анам,
Көңілге бізді сен алсаң, [анам].
Бұл істің ылажын таппас болсаң,
Бұ қайғыдан ақыры өліп қалам.

Аналығының сөзі

— Қайдан түстің бұ іске, жалғызым-ай,
Қараңғы түнді жарық қылған, жұлдызым-ай.
Әкең мен шешеңе не деп айтам,
Бұ іске ұшырадың сен, қызым-ай.

2090 Ей, балам, сен бұ іске қайдан қалдың,
Қай жерде жүріп оған көзің салдың.
Әке-шешенің бетіне қарай алмай,
Бұ іс үшін жұртыңнан ұят алдың.

Ондай-мұндай сөздерді айта берді,
 Ақыры сол ашудан қайта берді.
 Шаһзаданы ақырын шақырып алып,
 Пердесін ашып оның жүзін көрді дейді.

Жүзін көрді, басқаны сүймес болды,
 Қызынан басқа адамға қимас болды.
 Аналық бір көріп бауыр жарған соң,
 2100 Қызы тағы басқаға тимес болды.

— Бұ ісің сенің, балам, айып емес,
 Алла тағдыр қылса қиын емес.
 Жүзін көрмей бұ сөзіні айтса дағы,
 Әке-шешең көрген соң жаман демес.

Аналығы[на] ап келгені

— Шаһзада біздіңменен жүрсін, — дейді,
 Әке-шешең ай жүзін көрсін, — дейді.
 Арызыңды әке-шешеңе біз айталық,
 Шық жолымыз түзуге жүрсін, — дейді.

Аналығы күйеуін алып кетті,
 2110 Перілер көз жұмғанша ұшып кетті.
 Өзі кетті аналық арыз айта,
 «Шаһзада ел шетінде тұрсын», — деді.

Аналық сәлем беріп еніп келді,
 Сұрады сөз басын: — Қызым кәне?
 — Қызыңыздың басында аз мұңы бар,
 Жіберді бізді сізге таман, — деді.

Бір адамзат суретін көрген екен,
 Он үш жылдан іздеп жүрген екен.
 Сарандилда тұрғанда көзіне түсіп,
 2120 Қызыңыз оған көңлін берген екен.

Мысырдың патшасының жалғызы екен,
 Қараңғы түнде жүзі жарық екен.

Жүзін көріп тұрсаңыз бір адамзат,
Баста шұға, маңдайда құндызы екен.

Қызыңыз асық болып көңілі сүйді,
Ұмытты асықтықтан жұрт пен үйді.
«Әке-шешеме арызым бар айтар» деп,
Зарлық қылып алдымда оттай күйді.

2130 Қызыңыздың асықтығын анық білдік,
Арызын сізге айтуға аттай желдік.
Жаратсаң, жаратпасаң бір күшің деп,
Ел шетіне сонау біз алып келдік.

Көрсетті шаһзаданы алып келіп,
Сәлем берді шаһзада қол қусырып.
Құлдық қылды шаһзада ол алдында
Тұрды алдында күйеу құрмет қылып.

2140 Шәрбану көрсетті көңіл беріп,
Көрсетті шаһзаданы жұртын жиып.
Жаратып жұрттың бөрі айтқаннан соң,
Ұлына бармақ болды киім киіп.

Шәрбану[дың] ұлына барғаны

Шәрбану күйеуін алып кетті,
«Ұлыма көрсетейін» деп көңіл етті.
Шаһзаданы түсіріп бір шарбаққа,
«Біз келгенше тұрың мұнда» депті.

Шәрбану ұлына кетті дейді,
Сөйледі баласына сөзін дейді.
—Қызыңызға бір күйеу тауып келдік,
Қызмет бізге қылуға епті,—дейді.

2150 Әкесі Мысырда хан болған екен,
Тақ Сүлеймен орнында қалған екен.
Өзі адамзат, аты—Сейпілмәлік,
Он үш жыл қызыңызға асық болған екен.

Екі жыл өз үйінде жатқан екен,
 Өз басын құрбандыққа салған екен.
 Он үш жыл жолында кәріп болып,
 Жүремін деп әр жолында болған екен.

Сөйледі кемпір сөзін бастан-аяқ,
 Мақұл көрді баласы ойланбай-ақ.
 — Қызыңыз тағы асық болған екен,
 2160 Берсеңіз қайтер оны қимай-ақ.

Баласы шаһзаданы көрмек болды,
 Шешесінің сөзіне ермек болды.
 Көрмей-ақ шаһзаданы жақсы көріп,
 Той қылып қызын оған бермек болды.

Сейпілмәлікті дәу[дің] ұшырғаны

Шарбақта Сейпілмәлік жалғыз еді,
 Көңілінде ойлағаны хан қызы еді.
 Бір-екі дәу аспаннан ұшып келді,
 «Осында дұшпанның ізі» дейді.

Шаһзаданы дәу іздеп жүрген екен,
 2170 Осы дәу қолында өлген екен.
 Осы дәудің әкесі дәу патшасы
 Ұлын өлтіргенін білген екен.

Естіпті баласын өлтірді деп,
 Мәликені сол жерден келтірді деп.
 «Алып кел» деп дәулерін жіберіпті,
 «Менің қолғанатым сындырды» деп.

Дәу келді шаһзадаға сәлем беріп:
 — Шақырды сізді жарың жақсы көріп,
 Мәликені алып келген сіз болар ма?
 2180 «Біз» дейді бейшара алдына білмей еріп.

Кетті олар аспан-көкке алып ұшып,
 Білмейді Сейпілмәлік дәуді қосып.

Дәу оны көтеріп келгеннен соң,
Өлімді мойнына алды жаны шошып.

—Ұлымның қайтіп алдың жанын,—дейді,
Алайын енді сіздің жаның,—дейді.
Мың жаның болса да құтылмассың,
Олжа қылдың өлтіріп малың,—дейді.

2190 Ашуы кеудесіне еш сыймайды,
Жылайды, көзінің жасын бір тыймайды.
Шаһзаданың тағы жүзін көріп,
Өлтіруге тағы да еш қимайды.

Ойлайды дәу «Шабал келер,—деп,
Естіп бізбен ұрыс қылар,—деп.
Қызын оған бергені дұрыс болса,
Жау болып, ел қырылып өлер» деп.

2200 Дәу патшасы көңіліне алды дейді,
Шаһзаданы зынданға салды дейді.
Кешегі ойнап жүрген Сейпілмәлік
Тұтқын болып зынданда қалды дейді.

Шаһзаданың мінәжаты

—Құдай-ау, пәлеге мен түстім,—дейді,
Әзиз жаннан үміт үздім,—дейді.
Тірілікте пәледен құтылмадым,
Пәленің дариясына жүздім,—дейді.

Үмітті едім көп қайғы тарқар ма деп,
Жаратқан Құдайым жарылқар деп.
Аз көрген бұл күнім дос болды ма,
Ойлаушы едім жақсылық болар ма деп.

2210 Бү дұшпанды перізат білмей қалды,
Асық жар қосылар деп ойлап қалды.
Он үш жылдай айрылып жүріп едім,
Жүзіне досым Сейіт түспей қалды.

Құдайым, тағдыр сізден болса керек,
 Ажал жетсе пендесі өлсе керек.
 Жетпеген ажал болмаса осы жерде,
 Бір себеп Құдайдан болса керек.

Шабалдың сөзі

Шабал шаһзаданы «күтемін деп,
 Қызымды ақыр оған беремін» деп.
 Шаһзаданы шарбақтан таппаған соң,
 2220 Ашу қылды құлдарын «ұрамын» деп.

—Оны сіз іздеп шапшаң табың, — дейді,
 Күн шыққанша, батқанша бітің, — дейді.
 Біреуің оны тауып келе қалсаң,
 Толтырайын алтынға, табың, — дейді.

Таба алмай екі жұрт қайран қалды,
 Іздеуші бір жерлерге дала толды.
 Іздеушілер хабарын таппаған соң,
 Шабалдың көңіліне қайғы толды.

Бәдіғұлжамал, Мәлике, Сейіттің айтқаны

Бү хабарды есітті асық жары,
 2230 Жолында сақтап жүрген ынтызары.
 Мәлике Сейітімен естіген соң,
 Бәрі де бірдей шулап қалды.

Бәдіғұлжамал есітіп кетті жаны,
 Бір жар үшін қиналды шыбын жаны.
 Көздері қан жас болды жылай-жылай,
 Өлім болды көрмесе ойлағаны.

Сейіт досы аяғын баса алмайды,
 Көкірегі толды қайғы қызыл қандай.
 Досы жүзін осы кез көрмесе,
 2240 Өлімге жүзін қиып жанды.

Мәлике тағы жылап шешесімен,
 Жақсылары жылайды нешесімен.
 Жылай-жылай көзі толды қан жасына,
 Күндіз-түн зарладылар ол қайғыдан.

Есітті енді Шабал жылағанын,
 Қызының өлейін деп бет қойғанын.
 Ұшырып әр жерлерге іздеушіні,
 Өлетұғын болды енді ойлағаны.

Бір пері[нің] хабар бергені

2250 Бір пері сәлем берді ханға келіп,
 «Жатыр едім тыста ауру болып,
 Бір-екі дәу келіпті, жерге түсті,
 Бір адамды ұшырдылар жоғары алып».
 Бұл хабарға Шабал:— Дұшпан,— дейді,
 Сол заманда дәу бізге дұшпан,— дейді.
 Бұ дұшпандық қылса да олар қылды,
 Жазылып жау болғалы ұшам,— дейді.

Шабал[дың] дәуге аттанғаны

2260 Шабал ашуланып жұртын жиды,
 Ұрысқа көп әскердің жанын қиды.
 Батыр менен ерлерін қасына алып,
 Сарпай жауып олар[ға] қылды сыйды.

Жөнелді Шабал патша жұртын айдап,
 Ұштылар аспан менен күнді қаптап.
 Бір сағатта жеттілер айлық жерге,
 Түстілер дәу жеріне шыбын таптап.

Дәуге елші жібергені

Шабал елші салды дәу ханына,
 «Разы емен кісімді алғанына,

Кісімді келтіріп шапшаң берсін,
Өкінер біз ұрыссақ . . . *

2270 Тату болып, кісім берсе, мен қайтармын,
Бермесе бұ әскерім жау етермін.
Кісім үшін бұ жерде жаным құрбан,
Сен дәуге қызығымды көрсетермін».

Дәу ханына елшілер алып барды,
«Берсін дейді патшамыз біздің барды.
Тату болып ұрыспай кісім берсін,
Қылмасын бізді оған ынтызарлы».

—Ол адамзат өлтіріп жерге салдым,
Қылыш тартып алдынан жанын алдым.
Ол адамзат артынан кісі келсе,
2280 Алса оның сәлемін, құнын алдым.

Кеткен елші Шабалға қайтып келді,
Сәлемін өз ханына айтып келді.
Өз ханына сәлемін айтқаннан соң,
Дәу ханының жауабын айтып берді.

Дәу[лердің] перілермен ұрысқаны

Перілер ұшты аспанға жауға қарай,
Болмайды ел көп келген жұртқа батпай.
Пері мен дәулер шығып ұрыс қылды,
Дарияның суы болды қызыл қандай.

2290 Қылыш, найза аспанда шақ-шұқ болды,
Дәулер сасып таппайды қашар жолды.
Бірін-бірі өлтіріп дәу, перілер,
Қан менен кеуде, басқа дария толды.

Аспанда дәу, перілер көп байланып,
Түседі дәу кеудесі жерге айналып.

* Бір сөз танылмады.

Дәудің қанатында мойны сынып,
Жерге түсіп өлді жан қиналып.

Аспанда жарқырайды қылыш, найза,
Жылтырады кеудеден жер де майса.
Қанаттары сынады қылыш шапса,
2300 Қылыш басқа тиеді қылдан тайса.

Жеттілер дәуге пері айғай салып,
Қаштылар дәудің бәрі жанын алып.
Перілер дәу патшасын ұстап алды,
Аяғы мен қолына темір салып.

Шабал:—Оның көзін ойың,—дейді,
Терісін тірідей-ақ сойың,—дейді.
Терісіне аңша сабан тығып,
Көшеге асып оны қойың,—дейді.

Қиналуға келгенде дәудің ханы
2310 Жалынады қала ма деп кәріп жаны.
—Кісілеріңді мен тауып берер едім,
Серт қылып өлтірмеймін десе мені.

Дәу[дің] Сейіпмәлікті бергені

Дәу патшасы Шабалға ермек болды,
Серт қылып кісілерін бермек болды.
Серт қылды, уәде қылды ұрыспасқа,
Тату болып бір-бірімен жүрмек болды.

Құтылар бір-бірінің қан қасіретінен,
Таптылар шаһзаданы су астынан.
Тасқа байлап, сандыққа салған екен,
2320 Болмаса айырып еді жан досынан.

Шаһзаданы сандықтан бұзып алды,
Көрген адам жүзін көріп таң қалды.

Ас беріп, су ішкізіп шаһзаданы,
Құдай Тағала сақтады, аман қалды.
Қол қусырып қайнына сәлем берді,
Шабал оның жүзіне қарап тұрды.
Көзі көріп, қарап тұрып шаһзаданы,
Өз жұртына ұшырып алып жүрді.

Шабал қызын беріп, той қылады

2330 Шабал келіп жұртына жарлық қылды,
«Той қылыңдар!» деп мал сойып, елді жиды.
Той қылды Шабал патша жұртын жиып,
Шаһзадаға бермек болып қызы тиді.
Бұ хабарды Сейіт досы естіп алды,
Іздеп жүріп қыздармен бірге келді.

Перізат пен адамзат көп жиылып,
Әр жерден жақсы келді алтын киіп.
Көрген адам жүздерін таң қалды,
Сейілімәлік жүзікті қолға салып.
Алтын тондар кигізіп жан досына,
2340 Нөкер қылып шақырды өз қасына.

Қалмайды үлкен-кіші қозғалмаған,
Осы тойда май ішіп, мас болмаған.
Қалмайды қатын мен қыз, ұрғашы-еркек,
Бір-бірімен сөйлесіп мас болмаған.

Жарлық қылды Шабал: — Келіңіз, — деп,
Күйеуінің үйіне кіріңіз, — деп.
Алдында ойын-күлкі қызмет қылып,
Көрмегенің бар болса көріңіз, — деп.

2350 Көрділер шаһзаданы бәрі келіп,
Алыстан қол қусырып сәлем беріп.
Жыршы менен ойыншы бәрі сонда,
Шығуға қимайды олар жүзін қиып.

Қызды алып келгені

Келділер аналықтары қызын алып,
 Қамқоршы атаулысы тұзақ салып.
 Тапсырып қызын жұртына қайтты дейді,
 Жеттілер мұратына жалғыз қалып.

Тартады ойын-күлкі неке болып,
 Үлкен-кіші, қатын-қыз үйге толып.
 Күннен-күнге бұлардың ойын-күлкі,
 2360 Қыздарға той қылмағы бұрындай болып.

Мәликені Сейітке бергені

Бір айдан соң досына қыз айттырды,
 Мәликеге «жетсін» деп сөз салдырды.
 Тәжілмәлік те қызын берейін деп,
 «Ерге тисін» деп тағы алдырды.

Сейітке берді қызын көңілі сүйіп,
 Мұратына Мәлике жетті жетіп.
 Шаһзада Бәдіғұлжамал жарыменен
 Сарандилға келділер жұртын жиып.

Тарқаттылар тойларын ойнап-күліп,
 2370 Бір жыл тұрды шаһзада қайтып келіп.
 Ойнап-күліп жүргенде Сейпілмәлік
 Жұрты ойға түсіпті «бір көрсем» деп.

Бәрі оның көріскенін ойға алады,
 «Сүйгені бар екен» деп өкпеледі.
 «Бір менде сізден басқа ойларым жоқ»,
 Қимай жарын басқадан көп күндейді.

Сейпілмәлік жауабы

Сейпілмәлік айтады:—Қоймай қалдым,
 Баяғы көп керуенім ойға алдым.

2380 Сенен басқа сүйерім, күйерім жоқ,
Ескі дертім шықсын деп «аһи» салдым.

Өкпесі Шабалға жетті дейді,
Хабар айтып жұртын, елін жиды дейді.
— Күйеуіміз ел-жұртын сағыныпты,
Қылыңыз осы қайтарынды, — дейді.

Шабал күйеуін қайтарғаны

Жұртын жиып қызына сайман түзеді,
Алтын менен күмістен көп берді.
Сансыз құл мен күң жолдас болып,
Жас жігіттер бәрі де қызыл жүзді.

2390 Сарандилда патшасына хабар берді,
Айтқан сөзін бұлар да қабыл көрді.
Қорлықтан мал-мүлкін иесіне,
Қазына-қазынасын бәрін берді.

Ұзаттылар қыздарын той қылып,
Жөнелттілер қыздарын Хаққа жылап.
Он күң, алтын-күміс қазынасымен,
Тапсырдылар шаһзадаға алып келіп.

2400 Ойын-күлкі қылып тойлады,
Үлкен-кішісі әр жерде ойнады.
Перінің мықтысы Шабал еді,
Қай жерде мықты болса да қоймады.

Жөнелді Шабал қызына амандасып,
Үлкен аға, кіші іні бір жандасып.
Алтын тақта отыртып қыз, күйеуін,
Жылау жоқ, ойын-күлкі қалжыңдасып.

Ұша-ұша перілер тақты қосты,
Құмдай болып аспанға алып ұшты.
Сырнай, керней, айғайы перілердің
Бір сағатта Мысырға алып ұшты.

Сансыз әскер Мысырға жақын түсті,
2410 Мысыр елі жау бар деп бұ қорқысты.
Қасым хан «бұл әскерді біліп кел» деп,
Бір уәзірін жіберді жолдас қосып.

Кеткен уәзір қуанып қайтып келді,
«Шүйінші» деп патшаға айтып келді.
Қуанғаннан Қасым хан ат келгенше,
Ел алдына түсті де жаяу жүрді.

Көріскендері

Қасым ханға мінгізді ат әкеліп,
Бәрі келділер мұны есітіп.
Сейпілмәлік алдына жаяу келіп,
2420 Жығылдылар алдына құлдық етіп.

Шәрге алып келіп тойды тойлап,
Кейінгі келін менен қыздар ойнап.
Сейіт тағы қосылып әкесіне,
Шақырды Мысыр елін бәрін сыйлап.

Қасым хан менен уәзір уанбайды,
Баласынан басқаға жұбанбайды.
Шаһзада бір өлең сөйлеп еді,
Естіп көз жастарын тыя алмайды.

Қасым хан баласына орын берді,
2430 Шаһзада досыменен сейіл құрды.
Мал да ортақ екеуге, жан да ортақ,
Татулықпен дүниеден өмір сүрді.

Бірде сейіл құрады Ирамбағы,
Тұрады Сарандилда аз күн тағы.
Қызметкер, бөрілері қайғысы жоқ,
Ойнағаны, күлгені қызық тағы.

Өмірі өтгі бұлардың жаңа жардай,
Көкіректері бөрінің аппақ қардай.

2440 Көрсетпесін бендеге Құдай зары,
Төртеуі көкке қонған төрт бұлбұлдай.

Көп жасап өтті бұлар өмір сүріп,
Қылдылар патшалықты әділ тұрып.
Азабының соңында жақсылық бар,
Жетті мұрадына көп жыл тұрып.

Айрылуға келгенде қимай өтті,
Жаңа келген қонақтай сыйлы өтті.
Дүниеден өтті, арманы жоқ,
2448 Қуаныштары қойнына сыймай өтті.

Қисса Сейпілмәлік шаһзада — Бәдіғұлжамал перізат

«Бисмилла» деп Сейітгерей қалам алар,
Алла деп ақ қағазға назар салар.
Сейпілмәлік, Бәдіғұлжамал екі ғашық,
Ғаламға мысал болған шаһзадалар.

Қолыма хат жазарға алдым қалам,
Аллаға хамду сәна болсын тамам.
Бір қисса жазайын деп ойға түсті,
Медеткер жар болғайсың, Алла Тағалам.

10 Қаламды жазбақ болып алдым қолға,
Қатасын Тәңірім салсын түзік жолға.
Махмұди хан талап етіп бұйырған соң,
Болсам да бұрын шабан, болдым жорға.

Көңілім қисса жазсам ашылады,
Латафат бахри гүл шашылады.
Қиссасын Сейпілмәлік талап етіп,
Жазуға көңіл хоштап асығады.

20 Көңілім үшбу күнде неше пара,
Бұлбұлдай бағы Ирамда қылсам нала.
Құйрығы дүниенің Мысыр шаһар,
Ағалар, құлақ салып тыңда-сана.

Мысырда бұрын өткен неше хандар,
Әуара жаһан кезген ғашық жандар.
Періге ғашық болып жаһан кезіп,
Қыз алған Ирамбақтан көп адамдар.

Адамзат не көрмейді қайғы батса,
Азар ма пенде жолдан ақыл тапса?
Сүлеймен өткеннен соң, ей, жарандар,
Мысырда шыққан екен ұлық патша.

30 Сұрасаң ол патшаның аты Қасым,
Хан қылған бұ жаһанға ғазиз басын.
Билеген қол астында төрт жүз шаһар,
Құдайым артық қылған тамашасын.

Ұстаған жеті ықылым хүкім сөзін,
Билеген әділдікпен дүние жүзін.
Сүлеймен пайғамбардан мирас қалып,
Хан қылған бұ жаһанға жалғыз өзін.

Келсе де жүз жетпіске бала көрмей,
Сарғайтқан қайғы бірлән нұрлы жүзін.
Иесіз өлсем тақтым қалады деп,
40 Толтырған қанды жасқа екі көзін.
Бір нәрсе мұнан үміт бола ма деп,
Иеменнің патшасының алды қызын.

Бұралған тал шыбықтай сұлу екен,
Атаған Жәмила деп оның өзін.
Ханымы патшаның хәмлә болды,
Айтайын бір перзент көрген кезін.

Толды да айы-күні бір ұл тапты,
Той қылып жамағаттар атқа шапты.
Көңілі падишаның жаңа толды,
50 Бір күнде ұмытып еді алтын тақты.

Сөжде ғып қуанғаннан жасын төкті,
Жаратқан, мың шүкірлік Алла депті.
Ат қойды Сейпілмәлік баласына,
Баяғы қайғы-қасірет ойдан кетті.

Келгенде жүз жетпіске шаһ Қасым,
Бір жалғыз өрең көрді өліп-талып.

Ағалар, сөзім тыңла құлақ қойып,
Әзелде хүкім еткен Жаппар Халиқ.

60 Бар еді падишада бір жақсы уәзір,
Болады аты Хамит, жоқ һешбір нәзір.
Барабар шаһзадамен жасы құрдас,
Хамиттың бір ұғылы болды қазір.

Сағит деп баласының атын қойды,
Ойлайды шаһ Қасым һәрбір ойды.
Екеуін дост болсын деп бірге қосты,
Қуанып бұған дағы қылды тойды.

70 Екеуін асыратты таза күтіп,
Патшадан қайғы кетті перзент бітіп.
Екеуі ғылым оқып, молда болды,
Жасынан зеректіктің жолын тұтып.

Үйренді ойынменен түрлі өнер,
Жасаған не қылса да пенде көнер.
Бір сарай салдырайын балама деп,
Шаһарға шаһ Қасым жиды шебер.

Ойлайды жақсы сарай салдырайын,
Шеберді неше түрлі алдырайын.
Салдырып бақша шарбақ қарағыма,
Ойынын таң-тамаша қалдырайын.

80 Салдырды көшік сарай, бағы майдан,
Сипаттап неше түрлі әлдеқайдан.
Бек ғажап бина қылды бағы-бұстан,
Салсын деп Сейпілмәлік онда сайран.

Жасады жанға рахат бағы-бұстан,
Құп райхан шығар осы тұстан гүлдер.
Жүз түмен гүлдер шашып, су ағызып,
Сайратты бұлбұл құстар тас қапастан.

- Ирамбақ жаннат мысал тамашасы,
Саф алтын, қызыл жақұт тарантасы.
Өстірді гүлді шешек жеміс ағаш,
90 Жасаған ұстасына қарасаңшы.
- Сандуғаш нала қылар бұлбұл сайрап,
Сайратып қапасымен қойған байлап.
Тастары гауһар, жақұт, інжу, маржан,
Жалтырап тамашалы тұрар жайнап.
- Ішінде гүлістандар фариад қылып,
Бұлбұл құс оны жақсы тұрар ойнап.
Ортасы—көшік, әли-биік сарай,
Қарайды көрген пенде бойлап-бойлап.
- Жасаған тамашалы бұ жаһанда,
100 Зағышыран топырағы Құдауанда.
Көңілден қайғы кетіп хош болады,
Ол баққа тамаша етіп кірген пенде.
- Шаһзада жетті он екі жастарына,
Ғишрат қиял түсті бастарына.
Ойынды ғейіш-ғишрат енді салды,
Сағитты бірге алып қастарына.
- Сағитқа жан, діл бірлән сырлас еді,
Сағитсыз қарар қылып тұрмас еді.
Дост еді ақыреттік екі сандал,
110 Көңілі бір-бірісіз тынбас еді.
- Аң аулап, құс салады күндізінде,
Ойнайды тақытқа кеп ұзын түнде.
Шаһзада ләбі лағыл шекер балдай,
Нұры бар толған айдай қызыл жүзде.
- Алдында қызмет еткен көп адамдар,
Құп нәзік жолдас болған зерек жандар.
Тамаша күндізінде, түнде ойын,
Кеш болса жақтырады лағыл шамдар.

Мағрифат нұры жайылған жүректері,
120 Сөкілді ақ күмістей білектері.
Ақ жүзді, алжанақты шаһизада,
Жаралған саф алтыннан сүйектері.

Қамари бұлбұлдары сайрар онда,
Сарайда һәр сабахта болар пайда.
Таң атса, үй безеніп өуез салар,
Жасаған ұсталары қандай хайла.

Тұлымы жарқырайды қызыл жүзді,
Киіктей көзі ойнайды, аузы сөзді.
Құданың әлемдегі бар сұлуы,
130 Болмаған ондай пенде осы кезде.

Аллаға шаһ Қасым қылды шүкір,
Сабах-шам хамду сәна, айтар зікір.
Сүлеймен берген екен тон мен жүзік,
Балама берейін деп қылды пікір.
«Келсін» деп әмір қылды баласына,
Қуаныш—ай мен күні данасына.
Шақырған соң шаһзада кешікпестен,
140 Ата мен жүгіріп келді анасына.

Қасында Сағит досы бірге келді,
Хош уақыт патша-хан болады енді.
Ап келіп пәлен сандық аузын аш деп,
Қазынашы адамды жібереді.

Сандықтың алып келіп аузын ашты,
Салады нендей күйге ғазиз басты?
Ішінен бір тон менен жүзік алды,
Алтын тон, асыл жүзік гауһар тасты.

Береді баласына тон мен жүзік,
150 Бұл тоннан тамашалы шығар қызық.
Сағитке әкеп берді бір жақсы атты,
Таңданар көрген пенде көзін сүзіп.

Сүйініп бау-шарбаққа келді қайтып,
Атасы сый көрсетті бағасы артық.
Арақ-шарап іштілер қуанысып,
Саз ойнап, тамаша ғып сырнай тартып.

Жығылды жанның бәрі есін білмей,
Мас болып ойын ойнап ұзын күндей.
Тонды ашып тамаша ғып көрейін деп,
160 Шаһзада ұйықтамады ұзын түнде-ай.

Шаһзада тамаша етті ол тонды ашып,
Көре-тұра есінен кетті адасып.
Бір қыздың осы тонда суреті бар,
Биһұш боп жан-тән бірлән болды ғашық.

Есін жиып тағы да көзін салды,
Көрген сайын қайран боп күйіп-жанды.
Ата-ана, елі-жұрты естен шықты,
Шаһзада неше минут естен танды.

Патшаға қатты қайғы кез болады,
170 Зауалы бейнетінің тез болады.
Жазулы үшбу тонда қыз суреті,
Тағрифы ол суреттің сөз болады.

Қараса ол суретке бейне күлер,
Бір қарап, көре берсе жаны күйер.
Қалмады ақыл-есі шаһзаданың,
Ғашығы бұ суреттің жанға тиер.

Оқ атып, жақ тартқандай қара қасы,
Көрінген тамағынан ішкен асы.
Тігілген кірпіктері қылыштайын,
180 Әлемнің бір өзінде тамашасы.

Ләбі лағыл, шекердей шырындығы,
Әлемде жоқ секілді сұлулығы.
Ғұнша гүл, аузы оймақтай, қасы айдай,
Пендеге ұқсамаған қиындығы.

Тамаша һәр мүшесі алуан-алуан,
Сипат жоқ осы күнде онан қалған.
Жаһанда мұндай сұлу тумағандай,
Көрген жан бұ суреттен бәһра алған.

190 Сипаты бұ суреттің орта бойлы,
Торғындай үлбіреген нәзік мойны.
Іілер қызыл гүлдей буындары,
Аһ, дариға, қандай екен жылы қойны.

Шаһзада сурет көрді жаны күйіп,
Жүзіне жүзін қоя аузын сүйіп.
Өртенді тұла бойы шаһзаданың,
Жүрекке ғашық оты қатты тиіп.

200 Ұйқыдан сонда Сағит көзін ашты,
Көре алмай шаһзаданы жаман састы.
Қай жаққа Сейпілмәлік кетті екен деп,
Тың тыңдап, тысқарыға қадам басты.
Зарланған шаһзаданың даусын естіп,
Есіктен кіріп келіп төкті жасты.

Шыдай алмай Сағит дос жылады енді,
Қайғысын шаһзаданың сұрады енді.
Бермейді сұраса да һешбір жауап,
Бейшара оған не амал қылады енді.

210 Жүгірді Сағит досты қылмай тұрақ,
Қасымға хабар берді келіп жылап.
Падиша тәж-тақытқа қарамастан,
Секіріп орнынан тұрды бір-ақ.

«Біздерге қайғы түсті енді» дейді,
Жүгіріп баласына келді дейді.
Бейшара ата-анасы жетіп келіп,
Баласын халі мүшкіл көрді дейді.

Жылады бойын құшып ата-анасы,
Алланың бұ да болса ирадасы.

Сұрады неше қайта «қайғың не?» деп,
Сонда да неш айтпайды шаһзадасы.

220 Ұстады тамырларын тәбип-дәрігер,
Жиылды молда, қожа, бақсы, балгер.
Баршасы неше хайла қылса дағы,
Дауасын неш таппады Пәруардигар.

Патша айтты Сағитқа:—Сен білерсің,
Һәрне шара қылсаң да сен қыларсың.
Бұл сырын өгар айтса саған айтар,
Қасында кеше-күндіз көп тұрарсың.

Сұрады неше күндей Сағит досты,
Кетіпті ғейіш-ғишрат, көңіл хошы.
Сұрады «өлемін» деп Сағит қанжар,
230 Деді де «көрсеткенің маған осы?»

Шаһзада жаман састы оны көріп,
Қанжарды ұстай алды түрегеліп.
—Айтайын мен сырымды жасырмастан,
Қарағым, Сағит достым, әй, жан серік!

Қайғымды қатты сұрай берме деп ем,
Мен көрдім, сен де қайғы көрме деп ем.
Сырымды сенен, достым, аямаймын,
Ұялмай не деп айтам елге деп ем.

240 Тонда бар атам берген бір ай сурет,
Өртенді ғашық болып, суымай жүрек.
Бәдіғұлжамал атты Шаһбал қызы,
Құдайдан тілегенім осы тілек.

Өзі пері, Ирамбақ жерлері оның,
Бұралған нәзік зипа белдері оның.
Жалғанда көремін бе ғұмыр бойы,
Билеген пері жұрты елдері оның.

Жан достым, бар сырымды айттым саған,
Ғашық оты қатты түсті, достым, маған.
Хабар бер ата-анама, Сағит достым,
250 Өртендім ғашық отқа, халім жаман.

Жүгірді Сағит жылап ханға қарап,
Іштері қайғыменен алап-жалап.
Ханға кеп есіткенін мағлұм қылды,
Аһ әйлап, ханның көңлі болды хараб.

Естігеш шаһ Қасым әйлады аһ,
Жағасын пара қылып жылады шаһ.
Падиша тон асылын баян қылды,
Көрсеткен мұндай қайғы Қадір Алла.

—Әй, уәзір, сұлтан ханым, есітің сөз,
260 Айтайын хикаят қып мәнісін тез.
Бір күні жалғыз зікір айтып едім,
Алдымда екі кісі жолықты кез.

Болыппын есім шығып неш хабарсыз,
Қараңғы түн боп кетті кеше-күндіз.
Білмедім қайда екенім өз басымды,
Қарсы кеп екі кісі сөйледі сөз.

«Елшісі Сүлейменнің біз» деп айтты,
«Кісіміз іздеп келген сіз» деп айтты.
«Пайғамбар жарлық қылды, тақсыр, сізге,
270 Бек әділ патша болсын, түз» деп айтты.

Тағы айтты «сізді жақсы көремін деп,
Шапағат қияметте беремін» деп.
Бір жүзік, бір тон, бір ат ап кеп берді,
«Елші боп пайғамбардан келемін» деп.

«Сүлеймен берді мұны сізге, — деді,
Бұлайша шығып едік түзге, — деді.
Сүлеймен бұ жаһаннан дүние салды,
Тапсыр деп айтып кеткен бізге» деді.

- 280 Тағзым қып алдым дағы ашып көрдім,
Суретті көрдім дағы көңіл бердім.
Мәнісін екеуінен мен сұрадым:
«Жалғанда табармын ба мұны?» дедім.

Олар айтты «бұ сурет пері,—деді,
Гүлістан Ирамбағы жері,—деді.
Шаһбал атасы оның жын патшасы,
Табылмас іздегенмен елі» деді.

- Бұ сөзбен сабыр қылып көңіл үздім,
Шаһбал өз атасы осы қыздың.
Аттанып үйге келіп таққа отырып,
290 Неше жыл патшалық жұртқа түздім.

Сүлеймен жері қайда, хабар білсем,
Ылажы еш болмайды қайда жүрсем.
Алланың құдіретіне шара бар ма,
Айта бер, уәзір, билер, ақыл білсең.

Кеңесіп уәзір, билер ақыл салды,
Падиша ақыл таппай қайран қалды.
—Төңірек төрт бұрышына елші салып,
Әй, тақсыр, кездірелік бұ жаһанды.

- Кеңес табылар, не ұмытар,—деді,
300 Әйтпесе, күнде қайғы жұтар,—деді.
Әй, тақсыр, өстіп елші жіберелік,
Атағың атырапты тұтар,—деді.

Бұ сөзді шаһ Қасым мақұл көрді,
Билердің бұл айтқанын ақыл көрді.
Дария жүзіп, ел кезіп іздетуге,
Жаһанкез төрт саяқты алып келді.

- Шаһзада бұ сөзді естіп қуанады,
Сөзіне халайықтың уанады.
Хош болып ғишрат етіп бұрынғыдай,
310 Қайғысыз ойын ойнап қуанады.

Елшілер осылайша іздеп кетті,
Арада неше ай, күн, жылдар өтті.
Еңеш хабар таба алмастан келді қайтып,
Елшіден шаһзадаға хабар жетті.

Елшілер кезіп келді жердің жүзі,
Хабар жоқ перілердің басқан ізі.
Хабарын төрт жүз сұлу алып келді,
Сонда да табылмаған ғашық қызы.

320 Хабарсыз жуық маңда жер қалмайды,
Тамам жұрт қайран болып тең таңдайды.
Хабарын төрт жүз сұлу ап келсе де,
Шаһзада бірде-бірін еске алмайды.

Зар қылды және дағы Сейпілмәлік,
Басына қатты қайғы түсті бүлік.
Уәзір, билер насихат қылды бұған:
— Пендеге лайық емес мұндай қылық.

330 Ол пері бұ жаһанда, сен адамзат,
Періге ғашық деген бір ғаламат.
Періні адам алған жол бар ма екен,
Шырағым, ойдан кетір бұ жаманат.

Неткен бір пәлені басқа салып,
Періні соққан желдей ауызға алып.
Бұ жердің жүзінде жоқ Ирамбағы,
Жетер ме адам ұғылы оған барып?

Перілер құс секілді, соққан желдей,
Жетеді адам ұғылы қайтіп өлмей?
Қосылып от пен топырақ біріге ме,
Қойыңыз мұндай іске көңіл бөлмей?

340 Алсаңшы төрт жүз сұлу таңдағаның,
Көңліңе қандай қалап арнағаның.
Насихат неше түрлі жан айтса да,
Құлаққа шаһзаданың алмағаның.

Кірмеді құлағына насихаттар,
Қайғыменен түсі сары, нұр сипаттар.
Сұрады ижазатты шаһизада:
—Ата-анам, елім-жұртым, жамағаттар!

350 Топырағы аяғының көзге сүрме,
Ұмытар деп бұ суретті, сірә, білме.
Іздейін рұқсат берсең, жан ата,
Көз сүзіп жылағанша әлдекімге.

Атасы естіген соң төкті жасын,
Қисын ба айы-күні, асыл тасын.
Атасы еңіреп-боздап үйден шықты,
Көріңіз Сейпілмәлік тамашасын.

Тарқады қасындағы жанның бөрі,
Құрыған бір суретке ынтызары.
Мың түрлі афған салып, нала қылып,
Сағынып ғашық жарын қылды зары.

360 Сейпілмәлік жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Тағат етіп тұра алмай,
Хақтан медет сұрайды.

—Бір ғашықты сағындым,
Отқа күйіп жағылдым,
Көктегі ұшқан бір желге
Әуре боп нағылдым?

370 Енді қайда жүремін,
Мекенін қайдан білемін?
Атам берсе ижазат,
Тілсіз жауға мен әмин.

Кісіліктен жанған от,
Табылар деп көңілім тоқ.
Алтын тақыт, кең сарай,
Онсыз маған керек жоқ.

Дерт салды маған бір сурет,
Сыртта—жалын, ішім—шоқ.
Қашықта қалқам, маған жоқ,
Оны табар заман жоқ.
Мекені оның бағы Ирам,
380 Егер айтсам сәлемім,
Жеткізетін адам жоқ.
Кімге айтайын халімді,
Көремін бе жарымды?
Бағы Ирамнан хабар жоқ.

Қайғы түсті басыма,
Бәдиғым келмес қасыма.
Патшазада күнімде,
Көрген күнім осы ма?
Қүдіреті үлкен Жасаған
390 Рақым әйла, Бір уа Бар,
Көзден аққан жасыма.
Іздемеске шарам жоқ,
Өзіңнен басқа панам жоқ.

Қайғы болды жолдасым,
Патша мендей болмасын.
Бәдіғұлжамал фирағат,
Мен көремін қайғыны,
Тәңірі өзі оңдасын.

Сен жатасың тағыңда,
400 Ирам деген бағыңда.
Ғашық отың кез болды
Патшазада шағымда.
Қайғың орын таптырмай,
Фирақ отың жақтырмас.
Бұлбұл сайрап, гүл жайнар,
Алтын гауһар тағымда.

Көңілім хошы пәруаз,
Ғашық отың қайғы наз.
Дидарыңды көрмесем,

- 410 Ғұмырым саған бермесем,
Онан басқа ақыл аз.
Көрмесем еді суретті,
Күйдірмес едім жүректі.
Рақым қылып Жасаған,
Оң жолына қаратып,
Өзі де бергей тілекті.

- Шаһзада осылайша жылады зар,
Көңілінде таудан үлкен қайғысы бар.
Жаһанда неше жандар ғашық өткен,
420 Жаратқан Рахим Мәулә Пәруардигар.

Ақ төні қара болып, реңі күйді,
Ғашықтық ғазиз басқа қатты тиді.
Сарғайды ақық ләбі зағыпырандай,
Көрер ме жігіт қайғы патша сынды?!

Билеген Мысыр атты елі жиын,
Көңіліне падишаның түсті түйін.
Ата-ана, тату достар естен шықты,
Адамға ғашық дерті қандай қиын!

- Жігіттер ғашық дерті болса жолдас,
430 Не өліп, не көрмесе, сірә, болмас.
Тапсаса ғашық жарлар мағшұқтарын,
Бойында жан тұрғанмен, ақыл қонбас.

Қиын дерт ғашық оты адамзатқа,
Жазарға мүмкін емес қалам хатқа.
Ғашықтық, аһ, дариға, түпсіз дария,
Түсірер ер жігітті жаманатқа.
Патшалар кедей болар болса ғашық,
Салады неше түрлі ғаламатқа.

- Ғашықтың ақыл көзі көр болады,
440 Мас болып мәжнүндікпен шер болады.
Ләззаты бұ дүниенің керек емес,
Көңілі қайғыменен кір болады.

Әлемде от болмайды ғашық оттай,
Ғашықтың қайғы дерті жанған шоқтай.
Біреуге ғашық болсаң шалқаяды,
Жаһанда онан басқа сұлу жоқтай.

Ғашықтар жүре алмайды көңіл бөлмей,
Қоймасын Жаппар Құдай тілек бермей.
Шыдамай Сейпілмәлік зар еңіреді,
450 Періге ғашық болып соққан желдей.

Сұрады Сейпілмәлік:—Рұқсат бер,—деп,
Атеке, зар еңіреген қайғым көр,—деп.
Басайын өзім іздеп көңілімді,
Болса да алыс-жуық қанша жер,—деп.

Ғашық от жүректі өртеп, сөнер емес,
Көңілге һешбір ақыл кірер емес.
Ай мен күн ұрмақ хорын ап келсең де,
Өзге жан бұл суреттен керек емес.

Дәл өзім рұқсат болса кетемін деп,
460 Ғашыққа несіп болса жетемін деп.
Бір сағат іздемеске тағатым жоқ,
Таппасам түзде жүріп өтемін деп.

—Қарағым,—патша айтты,—ей, жан балам,
Жасыңда қайғы берді Алла Тағалам.
Зар қылып қартайғанда сұрап алған,
Артыңда не болады ата-анаң?

Пенденің айтқанына көнбедің бе,
Көңіліңді ата-анаңа бөлмедің бе?
Құдайдан тілеп алған, жан шырағым,
470 Біздерді бір суреттей көрмедің бе?

—Салғанын бір Құдайдың көрмейміз бе,
Шынымен қаза жетсе өлмейміз бе?
Жарымды есен барып алып келсем,
Сонан соң сізді іздеп келмейміз бе?

Бұрынғы соңғыларды көрмей ме екен,
Ата-ана бізге рұқсат бермей ме екен?
Баласы ойына алып барып келсе,
Қуанышын ата-анасы көрмей ме екен?

480 Падиша жалғыз ұлын қияр емес,
Баласы қарар қылып тұрар емес.
Тас байлап бауырына шаһ Қасым,
Жиып ап жақсыларын қылды кеңес.

Билер айтты патшаға:—Сабыр қыл,—деп,
Балаңыз тоқтамайды, мұны біл,—деп.
Дариямен әскер бөліп жөнелтіңіз,
Өзіңіз сабыр қылып тұра тұр,—деп.

Ерлерге мұндай тілек Тәңірім берер,
Ер жігіт тірі жүрсе, бәрін көрер.
Құдайым аман сақтап, есен жүрсе,
490 Ақырда Хақ бұйырса, қайтып келер.

Ақыл жоқ, патша көрді, мұнан басқа,
Толтырды екі көзін қанды жасқа.
Амалсыз баласына берді рұқсат,
—Құдай-а, оң жолыңа өзің баста.

Рұқсат, жан шырағым, бердім,—деді,
Қайғыңды қартайғанда көрдім,—деді.
Баласы дариямен жүрмек болды,
«Жасалсын төрт жүз кеме енді» деді.

500 Патша көп шеберге бұйырады,
Шеберлер ақылдасып жиылады.
Патшаның бұйрығымен төрт жүз кеме,
Жүз хұжыра әр кемеде үй қылады.

Жасады төрт мың хұжыра кеме бірлө,
Шашыпты қазынаны шеберіне.
Неше айдай көміл жасап кемелерін,
Ап келді мұхит теңіз кенеріне.

- Шығарды Қасым жылап тамам малын,
Дүр, күллі дафина лағылдарын.
Қазына неше түрлісін паралар,
510 Босатты падишалық ажынастарын.
- Көшірді салтанатпен жалғыз ұғылын,
Ұшырды ай-күні, гүл бұлбұлын.
Қосыпты жолдас қылып жүз мың кісі,
Мысырдың өңшең батыр, көп жүйрігін.
- Кемеге қазынаны енді салды,
Зар жылап Мысыр халқы бірге барды.
Қасында достысы мен жүз мың кісі,
Кемеге Сейпілмәлік мініп алды.
- 520 Сол Қасым көңілін тыймай зар еңіреді,
Қазына жүз мың жанға азық берді.
Қойдай маңырап, қозыдай шуласқанда,
Толтырды көз жастары мұхит-көлді.

Патшаның газалы

- Қасым патша жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
—Жүзіңді көріп, қарағым,
Көңілім қашан тынады?
- Көзімнің нұры, шырағым,
Ашылмаған құрағым,
Енді халім не болар,
530 Сен кеткен соң, жан ұғылым?
Шарам бар ма, не етейін,
Тәңірім жазған бұлайша,
Әзелде жазған талиғым.
- Қанатымнан қайрылдым,
Жасыған жездей майрылдым.
Өлгенде көрген жалғызым,
Сенен нағып айрылдым?

Баласыз зарлап өлгенім,
Өлгенімде көргенім,
540 Өзіме-өзім қылғаным,
Тонды неге бергенім?
Тәңірім жазған тағдырға,
Шарам бар ма, көнгенім.
Айналайын Бар Құдай,
Мына жасқа келгенде,
Қатты қайғы бергенің!

Әлқисса, Жәмила ханым газалы

Ханым шықты еңіреп,
Көрмеймін деп қайғы жеп,
— Аһ, дариға, не етейін,
550 Іште қайғы, дертім көп.
Жүрегімнің санасы,
Бағырым, қуат парасы,
Жалғызым бүйтіп зарлатқан,
Не боламыз біз мұңлы,
Ата менен анасы.

Қолда ойнаған киігім,
Ақылы артық биігім,
Өле-өлгенше таусылмас,
Көзден жасым басылмас,
560 Әй, жан балам, күйігің.
Күйігің сенің артады,
Ата-анаң қайғы тартады.

Құдай салды, көнерміз,
Есен болсақ, көрерміз.
Көре алмасақ егерде,
Аһ, дариға, зар тұтып,
Қайғыңменен өлерміз.

Шаһзаданың жылағаны
Һай-һай, ғазиз, ата-анам,
Сіздерден рұқсат-бата алам.

570 Патшазада күнімде
Қайғы берді Жасаған.

Рақым қылсын Құдайым,
Қайғылы болдым мұндайын.
Әуре қылды бір сурет,
Іздемей қайтіп шыдайын.

Көрмегей едім суретті,
Қан қылмас едім жүректі.
Мейірбан болған ата-анам,
Құдайға қылшы тілекті.

580 Ата-анам, тұрғыл саламат,
Жүруге қойдым ниетті!

Сағитқа һәм көрісті зар жылап,
Халайық Мысыр елі қойдай шулап.
Жүз мың ерлер бәрі де амандасып,
Бет қойды дарияға дуылдасып.

Тіккені кеме үстінде алтын шатыр,
Айлакер жүз мың дана, өңшең батыр.
Шаһзада, Сағит досы бірге мініп,
Бәрісі «иә, Аллалап» бара жатыр.

590 Зар жылап Мысыр елі енді қайтты,
Нала ғып қиын қайғы көрді қатты.
Құдайға мінәжат қып шаһ Қасым,
Дұғаға машғұл болып зікір айтты.

*Әлқисса, шаһзада кеме халқы бірлән Шын уәлаятына
жетіскені*

Рауаилар рауаяттан сөз бастайды,
Бұл Ақыт қалам алып бек қоштайды.
«Құдай-а, жеткізе гөр ғашыққа» деп,
Шаһзада қолды бастап ойқастайды.

Теңізде ғишрат қылды жүз мың халық,
Ау салып, дария судан алар балық.
600 Өткенін күндіз-түні һеш білмейді,
Теңізде қайғы қылмай ойына алып.
Шын деген ұлық шаһар, жиһангез деп,
Айтады шаһзадаға хабар салып.

— Ішінде жаһан кезген кәрісі көп,
Білетін сурет жайын сондай халық.
Тағы да құп нақышты саудагерлер,
Сұралық енді хабар сонан барып.

Қытайға бұл сөзбенен қойды бетті,
Бес-алты ай жол түзік боп жүріп кетті.
610 Бір хабар бұ шаһардан алалық деп,
Қытай жұрты Шын ханға барып жетті.

Кемеден қырға шықты жүз мың балуан,
Тақ құрып, шатыр тікті алуан-алуан.
«Жау келді ел шетіне қисапсыз» деп,
Шапқыншы көре салып ханға барған.

Пағпұршын мына сөзге қайран қалды,
Бұған кісі баруға даярланды.
«Ел керек пе, мал керек пе, қыз керек пе?»
Бұлайша шаһзадаға елші салды.

620 Шаһзада күлді дағы айтты жөнін:
— Адамбыз жайға жүрген бекер, тегін.
Зарарсыз қонақ болып біз кетеміз,
Бір сөзім сұрайтұғын бар ды менім.

Елшісі қайтып барады Пағпұр ханға,
Патшаның жүзін көріп қалды таңға.
Шақырып қарсы шығып таққа отыртып,
Сый қылды неше күндей тамам жанға.

Шаһзада жаһан кезіп бөңзі солды,
Бір жұма Пағпұршынға қонақ болды.

- 630 Ирамбақ, Шаһбалды баян қылып,
Сұрады бұ шаһардан жүрер жолды.
- Білмеді Ирамбақты һешбір адам,
Шаһар халқы, Пағпұршын барша тамам.
Біреу айтты: — Қатина шаһарында
Бар, — деді, — білетұғын бір кәрі адам.
- Сол адам тұрған дейді Ирамбақта,
Шаһбалға қызмет еткен алтын тақта.
Сұрады шаһизада Қатинаны,
Жүрмек боп ниет етіп осы жаққа.
- 640 Кәрі айтты: — Қатина бір жылдық жол,
Болмаса желі түзік, қатері мол.
Құдайға төуекел деп шаһизада,
Жүрмек боп Қатинаға жібереді қол.
Той қылып Пағпұршын жұртын жиды,
Гауһардан, алтын-күміс қылды сыйды.
- Ауыр қол кемеменен суға түсті,
Пендеге Тәңірім салар әрбір істі.
Бес-алты ай дарияда жүріп еді,
Жел шығып, енді топан болды күшті.
- 650 Бұ дүние қараңғы, жел, тар болады,
Барша жан дарияда зар болады.
Күндізгі күн қараңғы түндей болады,
Бек қатты қияметтей хал болады.
Халайық һешбір шара таба алмады,
Кемелер қадақ сынып дал болады.
- Жан-жақтан көрінбейді нәрсе көзге,
Қол салса дәнеме жоқ судан өзге.
Халайық онан шығып ұрынады,
Кемелер талқан болып осы кезде.
- 660 Халайық, кеме сынып, батып жатыр,
Батқан жан һәлак болып батып жатыр.

Талқан боп төрт жүз кеме ләшкер батты,
Шаһзада қайғы дәмін татып жатыр.

Шаһзада аман қалды Құдай сақтап,
Жел шығып, толқын болды екі жақтап.
Сүлеймен жүзігінің құрметінен
Жүрсе де аман қалды топан қаптап.

Шаһзада биһұш болды жаннан қорқып,
Қырылды бар ләшкері дария толқып.
670 Қараса есін жиып түк қалмапты,
Кеменің сынығы жүр қалқып-қалқып.

Қараса, қасында жоқ Сағит досы,
Көңілдің дал-дал болып кетті хошы.
Қызметкер елу-алпыс қасында жүр,
Көрсеткен бір Алланың тағдыры осы.

Шаһзада есін жиды өздеріне,
Қызыл қан жас толтырды көздеріне.
Қан қылды көкірегін, жаға талқан,
Мұндай іс болғаннан соң кездеріне.

680 Бәрі де жолдастары фариад етер,
— Шаһзадам, бәрімізге қайғың өтер.
Өртейді мағшұқ оты жанған жерін,
Жігіттер, ғашық оты әлемді өртер.

Шаһзада зар еңірейді демі құрып,
Астына сынып қалған кеме мініп.
Жолықты бір оқпаға және тағы,
Зар болып су бетімен үш ай жүріп.

Дал болған ол оқпада қалды кеме,
Жолығар шаһзада әлденеге.
690 Кемесі сол қадепте қалды тұрып,
Алланың құдіретін қалай деме.

Тартпаға кеме айналып тұрып қалды,
Зар илеп баршалары афған салды.
Сол жерде кеме жүрмей үш ай тұрды,
Байлады сонда өлімге ғаріп жанды.

Зарлайды Сейшілмәлік уайым жеп,
Не шара құдіретіңе қылайын деп.
Үш айдай кеме жүрмей құса болды,
Еңіреді бір күн жылап Құдайым деп.

- 700 — Құдай-а, айналайын, Құдірет Кәрім,
Бермесен өзің шара, не-дүр халім.
Ғаламның он сегіз мың құрметі үшін
Көрсеңші, Патша Құдай, қылған зарым.

Тілегін патшаның қабыл көрді,
Бір адам ұйқысында жетіп келді.
«Жүзігін Сүлейменнің суға соқсаң,
Жүрмей ме кемең сонда, байғұс» деді.

- Көп үміт, жамағаттар, үзбе, — деді,
Бір дәулет келді енді бізге, — деді.
710 Жүзігін дарияға ұрып еді,
Кемесі су бетінде жүзе берді.

Кемемен енді бұлар бара жатыр,
Іс болды сонша азап заманақыр.
Біраз күн бейшаралар жүріп еді,
Кез болды дарияда зәңгі ғапыл.

Зәңгілер ұстағалы оңтайланды.
Бұлар да қарсыласып айбаттанды.
Дарияда екі кеме соғыс қылып,
Ағызды су ішіне қызыл қанды.

- 720 Тірідей он екісін ұстап апты,
Хайламен сол дұшпандар отқа жақты.
Патшаның қол-аяғын мықтап байлап,
Апарды өз ханына адамзатты.

Теңізде бір арал бар Хақ жаратқан,
Адам жеп, зәңгі дұшпан қанға батқан.
Адам етін қақтап жеп отыр екен,
Қуанып сақ-сақ күлді қаһар атқан.

Тоғызын осы жерде сойғызады,
Сый қылып көп зәңгіні тойғызады.
730 «Жесін, — деп, — бұл үшеуін қызым сүйіп»,
Жемекке шаһзаданы қойғызады.

Мінәжат қылды шаһзат:
— Бұйтті зәңгі ақымақ,
Керім Құдай, біз пақыр,
Пендеңе қылғыл шапағат.

Саған асан қиындық,
Бір өзіңе сиындық.
Тағдырыңмен, Иләһи,
Мұндай жолға ұрындық.

740 Сиынып саған жылаймын,
Көзімнің жасын бұлаймын.
Рақым қыл деп құлыңа,
Өзіңнен медет сұраймын.

Халіміз келді өлімге,
Сиынамыз өзіңе.
Нәсіп етсең, Қадір сен,
Құлға медет берерге.

Шаһзада мінәжатпен еңіреді зар,
Көңілінде таудан үлкен қайғысы бар.
750 — Үшеуін қызым жесін, апар, — деді,
Бұйырды осылайша зәңгілер қар.

Үшеуін хан қызына алып келді,
Көңілі ғаріп жаннан қалып келді.
Патшаға көрген жерден ғашық болып,
«Бұ жігіт бізге лайық анық» деді.

Елшілер алып келген қайтып кетті,
«Үшеуін сойып же» деп айтып кетті.
Өзінің тұла бойын әбден жасап,
Патшаға зәңгі қызы бір күн кепті.

760 Қызартып қара жүзге опа жаққан,
Басына үкі орнына балдыр таққан.
Қасына қара көмір сүрме тартқан,
Емшегін бір сабадай салақтатқан.

Дұшпанның бойын көрсен мұнарадай,
Аузы үлкен үңгір бейне ғардай.
Көзі бар үзеңгідей, мұрны көрдей,
Өзі үлкен құлақтары тебінгідей.

Шашақтап қара арқанды шашбау қылды,
Алғаны шашын түзіп қара құр-ды.
770 Орамал қара түңдік, сәлісі өрмек,
Патшаға бұ сипатпен келіп тұрды.

Судағы салындыдан өзек салған,
Қолына ақ қабықтан жүзік салған.
Секілді піл тырнағы, тырнақтары,
Қызартып қына кепті бояп алған.

Жүрісі дәл түйенің жүрісіндей,
Күлісі айғақ құстың күлісіндей.
Құлаққа сырға орнына сарымсақ сап,
Айта алман сипат қылып бірісін де-ай.

780 Жабылып піл секілді құлақтары,
Салынып түйе кепті дудақтары.
Тілі оның жаһаннамның қаһарындай,
Секілді айыр ағаш сирақтары.

Бұзылған һәр тесігі қазған індей,
Жүзі қара бұлттай, айсыз түндей.
Бұ суретпен қылады талай қиял,
Пері ғашық бойым деп таза Нілдей.

790 Фаламда бар ма дейді мендей сәнем,
 Бойым таза, жоқ дейді һешбір мінім.
 Перілер бұ жаһанда маған ғашық,
 Фаламда маған ұқсар ай мен күнін.

 Қасына шаһзаданың келіп кірді,
 Амалсыз тағзым қылып патша тұрды.
 Шаһзада маған ғашық болады деп,
 Жанына тұтқынының кеп отырды.

800 Сол дұшпан түсі жаман, тілі күшті,
 Құшақтап шаһзаданың мойнын құшты.
 Дұшпанның сұм жүзіне шыдай алмай,
 Шаһзада есі кетіп талып түсті.

 Қыздары қасындағы жиылды көп,
 Шат болып зәңгі қызы қуанды бек.
 «Жоқ бұ жаһанда мендей сәнем,
 Бұл маған ғашық болып жығылды» деп.

 Шаһзада биһұш болып талып қалды,
 Дұшпан қыз тізесіне басын салды.
 Бас қойыпты ай жүзіне қара жүзін,
 Сескеніп патша есін жиып алды.

810 Патшаға дұшпан қызы:—Жаным,—деді,
 Фаламға сұлулығым мәлім,—деді.
 Бұл елге шаһзада сіз боласыз,
 Мен болам сізге тиіп ханым,—деді.

 Шаһзада жауап берді осы қызға:
 —Қалдым,—деп,—қайдан мұндай жаман сөзге.
 Дерт тиіп ғашығыңмен талдым,—дейді,
 Қайран боп қара түндей түріңізге.

820 Көрген соң қара жүзің болдым қайран,
 Көрсетті дұшпан малғұн сені қайдан.
 Шаштарың жыландайын салды заһар,
 Шарам жоқ құтыларға мынадайдан.

Шыдайды заһарыңа неткен адам,
Қараман өлтірсең де, дұшпан, саған.
Өлемін заһарыңмен қайғы басып,
Жолама, — деді, — сұмырай, маған таман.

Естіді зәңгі қызы мына сөзін,
Тікірейтті қаһарменен екі көзін.
Даярлап өлтіруге қойса дағы,
Жағады ғашық оты тағы да өзін.

— Болғанда мен ханша, әкем хан-ды,
830 Бұл мені көз алдымда жамандады.
Жүзің жаман дегенді намыс көріп,
Басыңды кесейін, — деп ашуланды.

Хан қызы өлтірем деп қаһар төгер,
Жүзін көріп тағы да мейірі келер.
Қылдырды азаппенен қатты жұмыс,
Жанына батқаннан соң ақыр көнер.

Жарылып қолдары оның жарма тартар,
Көзінен жас аралас қандар ағар.
Отын тасып, қасиды ат арқасын,
840 Шаһзада күн-күн сайын қайғысы артар.

Неше жыл жапа шекті отын тасып,
Сарғайды нұр сипаты қайғы басып.
Енді үшеуі бір күні кеңес етті,
«Өлсек те кетелік, — деп, — мұнан қашып».

Бейшаралар дұшпаннан қашты дейді,
Жанынан үміт үзіп, састы дейді.
Сал буып, тәуекел деп дарияға,
Ағызды көздерінен жасты дейді.

Неше күн суда мехнат көрді дейді,
850 Жазира бір аралға келді дейді.
Ғуд, ғанбар, сандал ағаш, түрлік жеміс,
Бір қысқа біз тұралық енді дейді.

Ішінде аралдың толған нығмат,
Сарғайды мехнат көріп сұлу тұлғат.
Күн түссе алтын, күміс, гауһар туар,
Күн батса ғайып болар асыл қымбат.

Шер-шарбат бұл аралдан ішті дейді,
Ғұмыры мұнда бір қыс кешті дейді.
Жаз шыққан соң салменен суға түсіп,
860 Орнынан енді жылжып көшті дейді.

Неше күн бейшаралар тағы жүрді,
Неше ай жүріп мехнатпен ғұмыр сүрді.
Ішінде ол аралдың қисабы жоқ,
Құдайым қалың маймұн кез келтірді.

Маймұндар құтқармайды қисапсыз көп,
О дағы дөндеген жұрт адамды жеп.
Үшеуін тағы байлап алып келді,
Шаһарын айтады екен Хәмдуна деп.

Үшеуін алып келді ханына енді,
870 Көрісті хан шақырып жанына енді.
Нәсілі үшбу ханның адам екен,
Зар еңіреп отырғызды тағына енді.

Сұрады хан бейшара мұның халін,
Сөйледі Сейпілмәлік мұңын, бәрін.
Мұны есітіп маймұн шаһы зар еңірейді,
Пендеге не көрсетпес Бір уа Барым.

Хан айтты:—Сөйлейін мен сырымды,
Тыңдасаң құлақ салып бар мұңымды.
Мен дағы сен секілді патша едім,
880 Өткіздім мехнат бірлән ғұмырымды.

Мен де патша Оманның шаһарынан,
Құданың мұнда түстім қаһарынан.
Менім атам падиша жұрт билеген,
Мұндай болдым шомлығым баһарынан.

Ойладым кезейін деп бұ жаһанды,
Көрсем деп жақсы-жаман барша жанды.
Жүруші ем тамаша етіп ойды-қырды,
Қасыма ертіп алып мың мен санды.

890 Қол бастап, кемеменен суға түстім,
Қайғының ақырында уын іштім.
Жел шығып, кеме сынып, жұрт қырылды,
Ғаріп басым мен жалғыз мұнда түстім.

Қаңғырдым жапан түзде жалғыз қалып,
Маймұндар мені тауып келді алып.
Патшасы өліп, тақты иен қалған екен,
Өздерінен хан қоймас осы халық.

Өздерінен хан тұрса өледі екен,
Ханы өлсе дүние кезіп келеді екен.
Біреуді тауып ап кеп патша қылып,
900 Тәж-тақтың да, қатынын береді екен.

Мені әкеп бұл дұшпандар патша қылды,
Көндірді болмасам да осы құрды.
Итбас деген бір шаһар тағы да бар,
Маған қарап мал-мүлкін, қызын берді.

Басы ит, сол қызының кеудесі адам,
Мұңым көп, айта берсем, қайғым жаман.
Дұшпанға кіріптар боп зарланамын,
Білмейді менен хабар атам-анам.

910 Итбасының қызын да алдым, — дейді,
Ғарбатқа өле-өлгенше қалдым, — дейді.
Құрметті мекен етсең уәзірім бол,
Тұра тұр мейман болып, жаным, — деді.

Неше күн Сейпілмәлік тұрады онда,
Есітті Итбас ханы бір заманда.
Үйінде бір кішкене қызы бар-ды,
Басы-көзі түгел ит, Құдауанда.

Патшаға осы қызын ап кеп берді,
«Алмаса, өлтіремін дереу» деді.
Қасқыр көрген киіктей шошып кетті,
920 Сейпілмәлік мынадай халді көрді.

Қарады Сейпілмәлік жүзін оның,
Ғешбіреуін білмейді сөзін оның.
Қылады фариад, нала, ойбай деп
Көргенде қаншық итті өзін оның.

Елу күн әуара болып бұған өтті,
Бойынан сора-сора қаны кетті.
Не болсам да болдым деп Сейпілмәлік,
Патшадан рұқсат тілеп зар еңірепті.

Сол ханнан Сейпілмәлік жол сұрады,
930 Алдында тіке тұрып зар жылады.
Үшбу хан жіберуге қия алмайды,
Өзіммен бірге тұрсын деп ойлайды.

Рұқсатты іші күйіп береді ақыр,
Мас болды арақ ішіп тамам ғапыл.
Шығарып шаһзаданы Оман шаһы,
— Бар, — деді, — жолың болсын, әй, адам ақил!

Шаһзада мұнан безіп кетіп қалды,
Оман шаһ қатты зарлық айтып қалды.
Суда жүріп дұшпанға жолықтық деп,
940 Неше күн жол қуалап кетіп қалды.

Ол үшеуі жапанда зар еңіресті,
Құлыңа көрсеттің деп мұндай істі.
Тағы жаяу жүре алмай және шөлдеп,
Сал буып дарияға қайта түсті.

Теңізге келіп түсті патшаһи,
Теңізді қайнатқандай қылған аһи.
Ғашықтықпен қайғы оты бірге келіп,
Жылайды «медет бер, — деп, — иә, Иләһи».

*Әлқисса, шаһзада теңізде ғажайып жазираларға ұшырап,
тамаша құйындар көріп, жолдастары қалғаны.*

Сейітгерей қалам алып бастар сөзді,
950 Шаһзада ғаріп болып жаһан кезді.
Құдаға зікір айтып «Алла һуа» деп,
Салменен алты ай кезді бұ теңізді.

Жолықты бір жазира және тағы,
Кең арал, мұхит теңіз екі жағы.
Ғажайып зипа харам бір жазира,
Адамның бастарындай жеміс бағы.

Түн болса ағаштары шұғыла ұрар,
Мың түрлі, жарқ-жүрқ етіп, әуез қылар.
Кей дауыс қаһқаһа күліп, кейбірі ұлып,
960 Ғажайып неше түрлі дауыс шығар.

Жайнаған жарқ-жүрқ етіп балық екен,
Жаратқан Тәңірім сондай халық екен.
Кітаптан көріп жазған ғаріп Ақыт,
Жарандар, мұның өзі анық екен.

Жеміс көп, би ниһаят мысал сандал,
Ғажайып апаты көп түрлі жандар.
Жанады түн болғанда көздері оның,
Қарасаң тамаша етіп бейне шамдал.

Байғызы үлкендігі бейне бүркіт,
970 Қорқады бейшаралар онан үркіп.
Болғанда байғыз мұндай, ағаларым,
Болады енді қандай үлкен бүркіт.

Қарасаң түлкілерін бейне қабылан,
Көрсеңіз бөрілерін—аш арыслан.
Құмырсқасы тістері шоқпар тастай,
Бейне мысық секілді бала тышқан.

Ол жердің масалары бейне торғай,
Бір тисе тұра бойдың қанын сорғай.
Бойлары арасының қаршығадай,
980 Қайтеді масалары торғай болмай.

Торғайлары көрсеңіз бейне қазы,
Мысығына қарасаң бейне тазы.
Ішінде сол аралдың мекен етіп,
Кетпейді жануарлар қысы-жазы.

Жиылған баршасының мекені екен,
Ғұмыры сол аралда өтеді екен.
Құданың неше түрлі санааты бар,
Түбі жоқ сұм дүниенің, бекер екен.

Шаһзада жасырынды берік жерге,
990 Кез болды апаты көп тұйық көрге.
Неше күн жасырынып тамаша етіп,
Суменен түнде қашып жүре берді.

Неше күн теңізде жүреді енді,
Тағы кеп бір аралға кіреді енді.
Аралға тамаша етіп шығады енді,
Ғажайыптар көп екен бұ жаһанда.
Күн батып, түн болғанда, ей, жарандар,
Көп ғажайып көреді, Құдауанда.

Су жүзінде жарқылдап от жағылды,
1000 Дарияның беті толып әуез қылды.
Таң атқан соң бәрі де жоқ боп кетті,
Қорқып жүріп болады патша сынды.

Балықтың жарқылдаған көздері екен,
Әуез шығып сөйлеген өздері екен.
Құдаға хал тілімен тәсбих айтып,
Балықтың Аллалаған сөздері екен.

Тұра алмай ол аралдан тағы көшті,
Неше күн салмен ағып, тағы кешті.

Алыстан бір аралды тағы көріп,
1010 Тұралық бұған шығып енді десті.

Аты екен Аспандияр онда келді,
Бейшаралар бейнеттің бәрін көрді.
Бір құс тұрып аралды мекен етті,
Жолдастары қимайды үшбу жерді.

Әйтеуір тамағы тоқ жемісі көп,
Тұрады қармақ салып, балық ап жеп.
Екі жолдас ауырып болды жаман,
Жамағаттар, тыңдасаң, мінекей кеп.

Екі жолдас ауырып дүние салды,
1020 Сейпілмәлік бейшара жалғыз қалды.
Жүрегі пара-пара, бағыры бөриян,
Биһұш боп жылай-жылай естен танды.

Сүйекті фатиха оқып, дәфін қылды,
Құдайға зар еңіреп болды мұңды.
Рухтарына фатиха, дұға оқып,
Ес көріп құр сүйекті бір ай тұрды.
Әуелден ғазиз жанды құрбан қылып,
Іс көрді мәлікзада осы құрды.

Жазады біз ғарібің һәрбір істі,
1030 Алланың құдіреті бар һазар күшті.
Айрылып екеуінен Сейпілмәлік,
Сал буып дарияға жалғыз түсті.

Теңізден көтермейді енді басын,
Көзінің тыя алмайды аққан жасын.
Сәргардан жапа-жалғыз салға мініп,
Жылайды, ойлайды да көп жолдасын.
Аққанын қай тарапқа біле алмайды,
Адамзат ондай мұңды һеш болмасын.

Патшаның жүрегінде қайғы мол-ды,
1040 Жел шығып дария жүзі толқын болды.

Дария әуелгідей толқып еді,
Ұшырды бұған салын оңды-солды.

Жарандар, зар-сәргардан деген сол-ды,
Өлем деп падишаға қайғы толды.
Дарияның таңғажайып ортасында
Қүдіретпен бір қу ағаш пайда болды.

Өлуге СейіпІлмәлік ұсады енді,
Жүрегінен қан кетіп құсады енді.
Жанынан үміт үзген ғаріп байғұс
1050 Бас салып қу ағашты құшады енді.

Жел айдап кез келтірді қу ағашқа,
Қараса түк көрінбес судан басқа.
Біратола жанынан үміт үзді,
Нала ғып, көзі толды қанды жасқа.

— Құдай-а, өлгенім бе бұл арманмен,
Ағашқа жабыстырдың жан дәрменмен.
Ағашта үш күн, үш түн зар еңіреді,
«Күнімді өткіздің бе сәргарданмен?!»

Шаһзаданың нала қылғаны

— Пәруардигар Кәрім-а,
1060 Қүдіретің кең, Қадір-а.
Бұл ағашта ғаріп құл
Зар-сәргардан қалар ма?
Сырым саған әшкере,
Көзімнен аққан жас қана.
Дарияда өліп, балыққа
Жем боламын, масқара.

Жамандықтан кетпедім,
Жақсылыққа жетпедім.
Пәруардигар Кәрім-а,
1070 Жасаған Алла, не еткенің,

Жамандықтан кетпедім,
Жақсылыққа жетпедім.
Есіркесең, жалғызбын,
Анадан туған көп пе едім?

Өзің медет бермесең,
Көзімнің жасын көрмесең,
Бұл арманмен кеткенім,
Үш күн, үш түн салынып,
Қу ағашта өткенім.
1080 Ғаріп құлды зарлатып,
Қу ағашта сандалтып,
Патша Құдай, не еткенің?
Мысырдан мұнда келгенім,
Құлыңа жәрдем бергенің.
Көзімнен жасым ағызып,
Тілсіз жауға төнгенім.
Өзің сақта, Иләһи,
Сенен жәрдем болмаса,
Бұл дарияда өлгенім.

1090 Қу ағашта налындым,
Үш күн, үш түн салындым.
Құдіреті үлкен Жасаған,
Мұнша зарлап не қылдым?!

Мұнда жаным қалар ма-ай,
Олжалы күн болар ма-ай.
Атам менен анамды
Көретін күн болар ма-ай!

Ажал, өлім бір екен,
Әуре-сарсаң күн екен.
1100 Бейшара мұңлы мен болдым,
Ата-анам қайтіп жүр екен?

Бәдиғымды көрмедім,
Көре алмаймын дер ме едім.
Кебінім жоқ, көрім жоқ,

Балықтарға жем бе едім?
Өз жанымнан түңіліп,
Тілсіз жауға үңіліп,
Тілексіз пенде мен бе едім?

- 1110 Бақ шырағым сөнген-ді,
Тағдырға пенде көнген-ді.
Өзіңнен басқа пана жоқ,
Рақымың ұлық, Жасаған,
Өзің сақта пендеңді!

Мінәжат Сейпілмәлік қылды қатты,
Ағашта иман айтып үш күн жатты.
Аспаннан қиқулаған келді дауыс,
Қараса алайын деп бір құс шапты.

- 1120 Бата алмай құс та қонды ол ағашқа,
Пана жоқ ақырында Хақтан басқа.
Шап беріп аяғынан махкам тұтты,
Патшаның көзі толып қанды жасқа.

Осы құс шошыған соң алды да ұшты,
Құс екен денесі үлкен, сондай күшті.
Мұхиттан бір күн, бір түн әрең өтіп,
Бір үлкен тауға келіп, жерге түсті.

Болдырып бір күн, бір түн әрең келді,
Түсер-түспес аяғын қоя берді.
Сейпілмәлік хош жерге келіп түсті,
Бір жерге құс та барып қонады енді.

- 1130 Көреді Сейпілмәлік бір айдаһар,
Ғаламды ашуланса бір-ақ жалмар.
Келді де балапанға қасад қылады,
Болдырып отыр еді құс жануар.

Сонда да құс айдаһарға хамлә қылды,
Аузынан айдаһардың от шашылды.

Ақырда хайламенен жылан жеңді,
Жемек боп балапанға ұмтылды енді.

1140 Шаһзада рақым қылды бұ құсқа енді,
Ұмтылды айдаһармен ұрысқа енді.
Зәңгілерден ап қашқан темір тіс бар,
Бір салып айдаһарды екі-үш бөлді.

Жыланды ортасынан екі бөлді,
Жігіттің болысқанын бұ құс көрді.
Өз жанын айдаһардан айырған соң,
Көңілінде дұшпандығын кетірді енді.

Айдаһар өлгеннен соң жерге түсті,
Жыланды құс ұяға алып ұшты.
«Мен де құстың дұшпанын өлтірдім» деп,
Қуанып шаһзаданың көңілі өсті.

1150 Жолығар Тәңірі айдаған мүшкіл-зарға,
Болар ма Хақтан медет пейілі тарға.
Осындай Сейпілмәлік істер көрді,
Сақтаса, Тәңірім өзі пәле бар ма.

Шаһзада құс қасынан енді кетті,
Көрінген алдындағы тауға жетті.
Райхан иіс гүл лала^{*}
Тамаша етіп жемістен қорек етті.

1160 Барарын қай тарапқа біле алмады,
Жол мәнісін неш біліп жүре алмады.
«Жолдассыз не боламын енді» деді,
Қарар ғып жапа-жалғыз тұра алмады.

Шаһзаданың Аллаға нала әйлағаны

Сейпілмәлік жылайды:
—Айналайын, Құдайым,

^{*} Екі сөз танылмады.

Бір өзіңе жылайын,
Жалғыздың жары, Төңірім,
Өзіңнен пана сұрайын.
Сырым саған мағлұм,
Тағдырға не амал қылайын?!

1170 Зікірден өзге сөзім жоқ,
Өзіңнен басқа Ізім жоқ.
Басқа сөзді айту жоқ,
Бұ жолымнан қайту жоқ.
Далада жалғыз еңіреттің,
Қасымда жолдас, халқым жоқ.

1180 Патша қылып әуелде,
Мысырға сұлтан жараттың,
Қан жұтқызып қаңғырттың,
Ризығым шашып тараттың.
Көргенімді мұң қылып,
Көзімнің жасын су қылып,
Қорлықпен өтті ғұмырым,
Патша басым құл қылып.

1190 Өзге хандар үйінде,
Тәж-тақытты күйінде,
Менім көрген мехнатым
Үеш көрмейді бірін де.
Өзге патша елінде,
Хүкім қылған жерінде.
Ғашық қылдың сен мені
Көктегі ұшқан желіңе.

Жолдасым жоқ қасымда,
Мехнатым бар басымда,
Ғұмырым бойы зарлаттың,
Бейнет беріп жасымда.
Қосыла алмай досыма,
Көңілі жұмсақ досыма,
Мен ғаріпке, Иләһи,
Көрсеткенің осы ма?

1200 Биік тауға жолықтым,
 Жол таба алмай торықтым.
 Хаққа мойын сұнғанмын,
 Зар-сәргардан болғанмын.
 Ғашық болып бір желге,
 Қара ағашта сұнғанмын.

... * сабыр қылайын,
 Құдайдан тілек сұрайын,
 Қайтарым жоқ тілектен,
 Қан ағызып жүректен,
 Жаһан кезіп хабар сап,
 1210 Жүргенім осы тілекпен.

Шаһзада нигарын жад әйлаганы

—Айналайын, Бәдіғым,
 Желден сәлем айтайын,
 Дүние кезіп жол жүріп,
 Бейнетінді тартайын.
 Сәлем жетпес айтқанмен,
 Шарам бар ма, қайтейін!

Қайғы болды жолдасым,
 Патша мендей болмасын.
 Сәргардан ғып бар Құдай,
 1220 Саған қоспай қоймасын.
 Рақымы ұлық бір Алла,
 Жүрген жолым оңдасын.

Сен жатырсың елінде,
 Ирамбағы жерінде,
 Қылғаның ойын, тамаша,
 Хүкімің жетер періге.

Сен тағыңда жатқаның,
 Мен ғашығың тартқаным,
 Сені табар халім жоқ,

* Бір сөз танылмады.

1230 Қайғы-ғамға батқаным,
Құрбан қылып жолыңа,
Ғұмырым бәрін сатқаным.

Қанатым жоқ ұшарға,
Жүзің көріп құшарға.
Қайғылы боп жаһанда,
Жігіт маған ұқсар ма?

Сағитымнан айрылдым,
Зар-сәргардан қайғырдым.
Әуара болып сен үшін,
1240 Сансыз әскер жан қырдым.
Ата-анадан айрылып,
Ғашық үшін зар қылып,
Жапан түзде қаңғырдым.

Ата-анам жылап қылар зар,
Рақым қылар Бір уа Бар.
Рақым қылса Құдайым,
Қауыштырар күні бар.

Фирақ оты жанады,
Ішімді өртеп барады,
1250 Қайғың кетіп, аһ, дүние,
Мейірім қашан қанады.
Табан етім ойылып,
Маңдай терім сойылып,
Өстіп күнім өтеді,
Басыма ажал жетеді,
Мен сорлыны Құдайым,
Есіркесе не етеді!

Жасаған, пендем десеңші,
Зарлығымды көрсеңші,
1260 Аяқ басар әлім жоқ,
Жан жаратқан, бар Құдай,
Өзің медет берсеңші!

Бұлайша Сейпілмәлік зар еңірейді,
Таба алмай жол мәнісін қамалды енді.
Бір жылы осы тауда шаһизада
Тұрыпты бір жыл кәміл тамам енді.

Шаһзада бір жыл тұрып тауды кезді,
Тыңдаңыз, жамағаттар, мына сөзді.
Айдаһар мен жолбарыс үнін естіп,
1270 Шаһзада бір шыбындай жаннан безді.

Келеді аш арыстан, қабылан үні,
Апатты аю, бөрі неше түрлі.
Айдаһар мен жолбарыс үнін естіп,
Немене енді соның көрген күні.

Ол тауда Сейпілмәлік бір жыл тұрды,
Бұ тауға шығайын деп енді жүрді.
Сойылып табандары жүре алмай,
Шыға алмай тау үстіне демі құрды.

Еңбектеп әрең жетті тау басына,
1280 Зар еңіреп сиынады Алласына.
Жылайды Сейпілмәлік қайран болып,
Жылаған тас балқиды көз жасына.

Жарандар, тыңдай берсең мінеки сөз,
Алаңдап Сейпілмәлік салады көз.
Жақындап тау басына шыққан шақта
Алдынан бір жолбарыс жолықты кез.

Жолбарыс сонда күндей күркіреді,
Патша иман айтып зар еңіреді.
Жолбарыс аузын ашып ұшып еді,
1290 Бейшара қорыққанынан тітіреді.

Қолға алып темір тісті қарап тұрды,
Құдайға «қуат бер» деп жылап тұрды.
Жолбарыс ұшып келіп жеткенінде,
«Алла» деп жолбарысты мойынға ұрды.

Жолықты әрбір апат мұндай ерге,
Құдайым медет берсін жігіт шерге.
Тіспенен жолбарысты ұрғанында,
Күл-күл боп мойын сүйек түсті жерге.

1300 Зар еңіреп шүкір қылды патша ғаріп,
Өлтірді жолбарысты жалғыз салып.
Ойылып табандары қалып еді,
Сауырсын белбеуменен қылды шарық.

Арқалап Сейпілмәлік жеміс алды,
Биіктен жан-жағына көзін салды.
Бұ дүниенің баршасы теңіз екен,
Көрген соң Сейпілмәлік қайран қалды.

1310 Тағы да шығып жаһанның жүзін көрді,
Келеді тамаша етіп һәрбір жерді.
Жүруге шарасы жоқ болғаннан соң,
Түскелі дарияға тағы келді.

Теңіздің жағасына келеді енді,
Мұнаууара бір төбені көреді енді.
Тыңдаңыз, жамағаттар, жаңа келді,
Шаһзада көп тамаша көреді енді.

Әлқисса, шаһзада анда бір майдан харам көріп, бір диюдың шарбағына кіріп, Мәликеге ұшырап, Бәдігүлжамалдың хабарын тапқаны

Жазады Сейіт қисса ғашық жардан,
Рауаилар сөз бастаған хош хабардан.
Шаһзада оған шығып қарап еді,
Бір харам енді алдында көрді майдан.

1320 Көреді майдан жерді ол арадан,
Қарайды тамаша етіп мұнарадан.
Дарияның кенерінде бағ-шарбақ,
Шаһзада мұны көріп қайран қалған.

Шаһзада осы тамға енді келді,
Көзіне жанды нәрсе көрінбеді.
«Бұл неткен майдан, шарбақ, там болды» деп,
Тың тыңдап там үстіне отырды енді.

Ойлайды адам емес пері екен деп,
Не пері, не диюдың жері екен деп.
Зәресіз қорыққанынан тітірейді,
1330 Не пәле бұған кірсем жүр екен деп.

Шарбаққа төуекел деп келіп кірді,
Чиманзар құп рағна нәзік гүлді.
Қуанышты ойларының бәрі де аян,
Бір уақта ақырып біреу тұрды.

Қараса бір арыстан айғай салған,
Шаһзада Хақ жадыны ойына алған.
Ақырып қарсыласып келгенінде,
Қақ басқа патша батыр салып қалған.

Ұрған соң басы үзіліп жерге түсті,
1340 Бойынан жаны шығып, күлге ұшты.
Дұғамен күзетші екен тылсымдаған,
Хайласы дұшпандардың қандай күшті.

Шаһзада алтын құлпы үйге келді,
Есігін тісеменен екі бөлді.
Ортасында бір көшік, алтын тақыт,
Қисапсыз гауһар-жауһар көреді енді.

Қараса алтын тақта біреу жатыр,
Тігулі көшік іші алтын шатыр.
«Япырым-ау, неткен жан» деп бетін ашып,
1350 Сұрады бір сұлу қыз патша батыр.

Бір сұлу, жүзі айдай, маһи пара,
Жағасын, жүзін көріп, қылды пара.
Оятса еш сескеніп тұрмады қыз,

Таппады тұрғызарға һешбір шара.
Өлік десе аузынан дем шығады,
Шаһзада қайран болып қылды нала.

Шығады нұры артылып алтын тақтан,
Сүмбілді қара шашы толқып жатқан.
Болғанда қасы жайдай, кірпік қындай,
1360 Толықсып сары майдай нұрға батқан.

—Осы қыз тірі болса тұрар,— деді,
Ақ жүзін мені көріп жабар,— деді.
Аузынан өлік десем дем шығады,
Зар болдым сөйлесе алмай бұған,— деді.

Басында жастаулы тұр алтын тақтай,
Тақтайға Сейшілмәлік келді жақтай.
«Тұрмастан бұл араға жөнелейін,
Құдай-а, мен құлыңды өзің сақта-ай».

Тақтайды басындағы қолына алды,
1370 Қойнына қос уыстай алтын салды.
Үйінен енді қыздың шықты дағы,
Тың-тыңдап есігінде тұра қалды.

Сонда қыз үй ішінде бір түшкірді,
Қуанып Сейшілмәлік қайта кірді.
Тақтайды бірге алып кіріп еді,
Қыз талып өуелгідей көзін жұмды.

Қозғалмастай осы қыз қайта жатты,
Көңіліне патшаның қайғы батты.
«Сиқыр ғып бұ тақтайды қойған ба» деп,
1380 Тақтайды ашуланып тысқары атты.

Енді қыз қайта кірсе түрегелді,
Шаһзада кішілік қып сәлем берді.
Қыз айтады:— Жынбысың, адамбысың,
Бұ жерге адам келмес бұрын,— деді.

Шаһзада айтты:—Жын емен, адаммын,—деп,
Бейшара тентіреген наданмын,—деп.
Шаһзада айтты:—Жын емен, адаммын,—деп,
Әуелі жөніңді айтшы, өзің кім?—деп.

1390 Қыз айтты:—Адам болсаң, мен де адаммын,
Мен дағы сен секілді сәргарданмын.
Айрылған ел-жұртымнан мен бір жазған,
Тұзаққа түсіп жатқан бейшарамын.

«Алланың бір сызығы бар екен,—деп,
Бұ да мендей бейшара зар екен,—деп,
Құшақтап шаһзаданы қыз жылайды,—
Көрер күн адамды да бар екен» деп.

1400 Қыз айтты:—Енді, жігіт, сөйле бұрын,
Бұ жерді сенен бұрын қылдым орын.
Бір диюдің қолында әуарамын,
Ел-жұртымнан айырған дұшпан зұлым.

Жігіт айтты:—Сөзім көп олай десең,
Кеңесім түгесілмес айта берсем.
Сол дию бізді көрсе өлтірмей ме,
Арман болар бір хабар таппай өлсем.

Қыз айтты:—Енді үш күнсіз дию келмес,
Кетер деп қашып-босап дию сенбес.
Сиқыр қылып тақтайды қойып кетер,
Көзім ашып сөйлеуге шамам келмес.

1410 Тақтайын жастаған соң қозғала алман,
Әсте де көзімді ашып сөйлей алман.
Он бір жыл болды елімнен айрылғалы,
Падиша, сөзіңді айт,—деп құлақ салған.

—Берер ме Тәңірім қуат ғаріп бізге,
Бір шипа болар ма екен дертімізге?
Зар жылап нала қылды шаһизада,—
Айтайын мен сырымды енді сізге.

Атым-дүр Сейпілмәлік, атам—Қасым,
Хан қылған жеті ықлымға ғазиз басын.
Шаһарға Мысыр деген патша едім,
1420 Қор болды жаһан кезіп ғазиз басым.

Сейпілмәлік зар еңіреп халін айтты,
Он екі жылдан бергі зарын айтты.
Зар еңіреп көңілін тыймай шаһизада,
Бейнеттің өзі көрген бәрін айтты.

—Тәж-тақтымды мен талақ қылдым,—деді,
Бір суретке ғашық боп жүрмін,—деді.
Бәдіғұлжамал деуге аузы келмей,
Шаһзада Бәдиғым деп зар еңіреді.

Бәдіғұлдың атыны қыз есітті,
1430 Аһ ұрып, жүзін ұрып фариад етті.
Бәдіғұлжамал атын естіген соң,
Сол қыздан жылай-жылай ақыл кетті.

Мәлике Бәдіғұлжамалды естіп жылағаны

—Уа, Бәдиғым, менің емшектес,
Бірге өскен еңбектес.
Айналайын, Бәдиғым,
Ойымнан менім еш кетпес.
Бір таңда туған қарындас,
Ойласам кетер қанды жас.
Қалқам менім, Бәдиғым,
1440 Кеше-күндіз зар тұтып,
Қайғың естен арылмас.
Бәдиғымды сағындым,
Темірден арқан тағындым,
Бір диюге бағындым,
Көргенімді мұң қылып,
Патша Құдай, не қылдым?

Диюге болдым кіріптар,
Он бір жылдай болдым зар.

1450 Күнім де болды қараңғы,
Қашайын десем жерім тар.
Бірге тамақ жейүскен,
Ана сүтін еміскен,
Һәй, жан достым, Бәдиғым,
Айрылмайық дейүскен,
Бәдиғым менім жар-жолдас,
Бірге туған жан құрдас.
Қоймас еді дұшпанға,
Хабар айтар жан болмас.

1460 Дәуренім бүйтіп солар ма,
Басқа дәулет қонар ма.
Айналайын, Бәдиғым,
Көрер күнім болар ма?

Бұлай деп бейшара қыз зар еңіреді,
«Көрем бе Бәдиғымды жалғанда енді».
Көзінің өксіп-өксіп төкті жасын,
«Қайтейін, ғаріп басым байлауда енді».

1470 Шаһзада мына сөзді естіп білді,
Биһүш боп есі кетіп фариад қылды.
«Өңім бе, мына хабар түсім бе?» деп,
Аһ ұрып зар еңіреді жүз мың түрлі.

—Пәруардигар, Құдайым,
Сүйінші қылып жылайын.
Хабарын естіп ғашықтың,
Өзіңе шүкір қылайын.

Фирақ салдың ішіме,
Көніп ем тағдыр ісіңе.
Ғашықтан хабар алғанмын,
Өңім бе, Тәңірі, түсім бе?

1480 Ғашық отқа жанғаным,
Көңілге қайғы салғаным.
Жаһан кезіп сәргардан,

Жаңа хабар алғаным,
Атыңды естіп зар болдым,
Таусылмаған арманым.

Жаһан кезіп кеткенім,
Бәдиғым деп өткенім,
Өңім болса бұ хабар,
Шын дәулетке жеткенім.

1490 Айналайын, Бәдиғым,
Ирамбақта тұр ма екен,
Ғеш хабарсыз жүр ме екен?
Әй, қарағым, перизат,
Мына сөзің шын ба екен?

Шын айтпасаң қиын-ды,
Сөзіңе көңілім сиынды.
Сөзің тапты Опадар,
Көңілімдегі түйінді.
Бәдиғым деп зар әйлап,
Су жүрегім күйінді.

1500 Бек махаббат келеді,
Мәлике, өзіңнен.
Бек қуаныш келеді
Хабар айтқан сөзіңнен.
Жөніңді айтшы, әй, қалқам,
Бәдіғұлжамал ғашығым
Көрдің бе екен көзіңмен?

Шаһзада осылайша зар еңіреді,
— Көрдің бе Бәдиғымды көзбен? — деді.
Қыз айтты шаһзадаға: — Құлағың сал,
1510 Айтайын мен жөнімді енді, — деді.

Рабиғұлмәлік патша—менім атам,
Сөзімде мынау айтқан жоқ-ты қатам.
Менім атам патша еді жұрт билеген,
Інісі Тәжілмәлік тағы сұлтан.

Өзім атым Мәлике бұ жаһанда,
Өзім мұнда болсам да көңілім анда.
Бәдиғымды сағынам, амалым жоқ,
Бір ойнап, бірге жүрген көп заманда.

1520 Бәдиғым Шаһбал қызы, өзі пері,
Гүлістан Ирамбағы—оның жері.
Дост болып бір анадан сүт еміп ек,
Сағынып тарқамайды іштің шері.

Анасы Бәдиғымның келген екен,
Сарандил жерімізді көрген екен.
Сөйлесіп анамызбен мұнда келіп,
Мейірі түсіп емшегін берген екен.
Қолына алып жүрген ол Бәдиғым,
Менім анам емшегін емген екен.

1530 Бәдиғыммен екеуміз жасым құрдас,
Дост болып апа-сіңлі болдық сырлас.
Сүт емген бауырласым, жан досым,
Дидарын бір көрмесем көңілім тынбас.

Бәдиғым үш айда бір келіп тұрар,
Тамаша жерімізге сайран құрар.
Бірге өскен Бәдиғыммен, қайран күнім,
Ойынына он бір жылдай болдым құмар.

1540 Тілеуді ер жігітке Құдай берсін,
Жалғанда қорқынышың жоқ сен бір ерсін.
Қолыңнан енді мені өлтіре кет,
Жүргенім бүйтіп тірі күнім құрсын.

Шаһзада биһұш болды мына сөзден,
Тентіреп бір шыбындай жаннан безген.
Хабарды жақсы-жаман естіген соң,
Ағызды жүрек қанын екі көзден.

Жылады патша есті жиып алып,
Көрсетті талай істі Жаппар Халиқ.

— Бір-бірден, әй, Мәлике, айтшы, — деді,
Қолына бұ диюдің түстің нағып?

1550 Сөйледі қыз сол кезде: — Бекер тұрман,
Өлсем де жамандыққа мойын бұрман.
Ауласаң ғаріп көңілім, падишаһым,
Жаным, тәнім сенікі, өзім құрбан.

Көрген жан таң қалғандай жас күнімде,
Бұралып тал шыбықтай өскенімде.
Тыңдаңыз құлақ салып, әй, падиша,
Айтайын мен диюге түскенімді.

Жасымда ойын ойнап жүруші едім,
Сауықты сахарада құрушы едім.
Жапанда Бәдиғымен ойнап жүріп,
1560 Сарайға күн батқан соң келуші едім.

Бұ залым бізді сонда көрген екен,
Ғашық боп дұшпан маған төнген екен.
Құдай-а, жаман қылып қойсаң нетті,
Түріме нұр сипатты берген екен.

Аулаққа . . . * жасайын деп,
Көңіліңді ғашық болған басайын деп,
Сыртымнан қойдай бағып дию дұшпан,
Ойлапты мені алып қашайын деп.

1570 Бір күні қалың қызбен суға түстім,
Білмедім не болғанын, аспанға ұштым.
Жер-көк, әлем қараңғы болып кетті,
Бір шыбындай жанымнан сонда кештім.

Медет берер деуші еді Алла десе,
Сипатты сұлу болдым бойым өсе.
Бұ дұшпан маған ғашық болмас еді,
Қап-қара бұжыр қылып шешек жесе.

* Бір сөз танылмады.

- Ғайып боп ел-жұртымнан кеткенімді,
Білмедім қандай жерге жеткенімді.
1580 Өзімді осы арада көріп қалдым,
Білмедім неше теңіз өткенімді.
- Дұшпан дию екенін білдім тамам,
Ойбайлап зарлық қылып болдым жаман.
Қорқып жылап талықсып жатқанымда,
Сол дұшпан тұрып көңіл айтты маған.
- Дию айтты:—Сен неге зар боласың,
Көңіліңді маған қоссаң бар боласың.
Іздегенмен енді жоқ елі-жұртың,
Бекерге жылай-жылай дал боларсың.
- 1590 Мен—диюдың патшасы, атым Асут,
Неше жыл сені көріп болдым ғашық.
Екі жылда жетпейсің өз еліңе,
Мұхиттан өте алмайсың кетсең қашып.
- Мұхиттың ар жағында қалған елің,
Қылзам деген дария—менім жерім.
Сен түгіл, перілерге айшылық жол,
Жыламай көңілің маған қоссаң көрім.
- Бұ дию мені сөйтіп көп алдады,
«Қарағым, көңіліңді қос» деп алдады.
1600 Диюге мазақ болып әуара болдым,
Жасаған ақ өліммен неге алмады?
- Құп сөзімен дию дұшпан алдады енді,
Мәлике оған көңіл салмады енді.
Дұшпанның ынсаптысын қараңызшы,
Көңіл салмай һеш дәрекілік қылмады енді.
- Сөзімде, ей, падиша, жоқ-ты жалған,
Диюге өлсем дағы көңіл салман.
Алланың ақ жолымен өлсем шаһид,
Ақ өліммен өлген соң болмайды арман.

1610 Бәдиғыма бұ дұшпан халі келмес,
Ғеш патша Шаһбалға болмас теңдес.
Айрылғалы он бір жыл болды маған,
Ғеш пенде хабар айтар мені көрмес.

Мәлике халін айтып төкті жасты,
Патшаны естіген соң қайғы басты.
Екеуіміз де бейшара екенбіз деп,
Мұң айтып бейшаралар зар жыласты.

Шаһзада айтты бір амал етелік деп,
Құдай амал бермесе не етелік деп.
1620 Жасаған медет әйлап қуат берсе,
Ол диюді өлтіріп кетелік деп.

Мәлике айтты:—Қыларсың қандай амал,
Аман сақтап құтқарғай, әуел Бір уа Бар.
Ол диюге әліміз қайтсе келер,
Әл жетсе де, жаны жоқ бойында дал.

—Қарағым, жазым болып жеме уайым,
Не десең жарлығыңда мен тұрайын.
Қалайда бір амалын біз қылалық,
Жар болса медет әйлап бір Құдайым.

1630 Тағы да әдетінше дию келсе,
Жайымыз қиын болар мені көрсе.
Тақтайды жастап тұрған саған жауып,
Қояйын тапжылдырмай өлгендерше.

Құлыпты есігіңе салайын да,
Өзім қашып бір жерге барайын да.
Құдайдан зар еңіреп, сәжде қылып,
Асуттың жанын тілеп қарайын да.

Сол дұшпан жаны төнде жоқ-ты болғай,
Соның үшін көңілі тоқты болғай.
1640 Анталап дұшпан саған келгенінде,
Жанын сұрап біле гөр, тіпті қоймай.

Сол дұшпан келгенінде жыла, — деді,
Ұмыттым деп ел-жұртымды сұра, — деді.
Жаныңа жаным қосып тиемін деп,
Хайламен дұшпан жанын сұра, — деді.

Сұрашы, көңілім қосып жар болдым деп,
Диюдiң неше жаны бар болды деп.
Күйген боп ештеп-септеп жанын сұра,
Кiм алұр сенiң жаның таң болдым деп.

1650 Диюдiң көңiлiн аула маз қылған боп,
Өзiңнiң ғұмырыңды аз қылған боп.
Ең жаман сол дұшпан ашуланса,
Өп-өтiрiк жылашы наз қылған боп.

Мәлике айтты: — Сұрадым оның бәрiн,
Әбден сұрап түңiлдiм дию жанын.
Бiр күнi дию дұшпан көңiл қос деп,
Құрытты маған келiп ынтызарын.

Мен айттым сол дұшпанға босайын деп,
Көңiлiңдi ғашық болған басайын деп.
1660 Мен сендiк болар едiм, жаныңды айтсаң,
Жаныңа жаным бiрге қосайын деп.

Дұшпаннан қатты қысып сұрадым бек,
Ол дұшпан жауап бермей отырды тек.
«Ей, мүрдар, құр жанымды не етесiң?» деп,
Сол дұшпан ұрды менi табанша кеп.

Сонда мен зар еңiреп жыладым көп,
«Жаныңа жан қосқалы сұрадым деп.
Мен бейшара ғарiптi неге ұрасың,
Қорқасыз ба жанымды ұрлайды деп.

1670 Қойдың ба, менi бүйтiп әуара қылып,
Мен әлсем сен қаларсың иттей ұлып.
Саған жұмыс болармыз бұ жапанда,
Өлермiн де кетем деп көзiм жұмып».

Бір уақытта сол дұшпан тұра келді,
Қолын созып мойнымды құшты енді.
«Жылаған көз жасыңа болсын құрбан,
Енді саған айтайын, жаным, — деді.

Менім жаным дария түбінде еді,
Іздесең де табылмас бұ күнде енді.
1680 Дария түбі — құдықта алтын сандық,
Сол сандықта жанымыз тұрұр, — деді.

Бұ дию айтты зарлығымен,
Өзінің салтанатты хандығымен.
Жүзігін Сүлейменнің суға салсаң,
Шығады жаным сонда сандығымен.

Жаныма сенің әлің қайтып жетер,
Жанымды адам білсе қастық етер.
Жанымды айтпан деген айттым саған,
Көңіліңді уағдаңмен қоссаң не етер».
1690 Мен айттым қосайын деп көңіл саған,
Жаныңа жаным қосам ап кел маған.
Дию айтты: — Құтылдық Сүлеймен,
Ап келгенім жанымды болар жаман.

Табылар қайдан мөһір Сүлеймені,
Асуттың шығар еді судан жаны.
Шаһзада, мені ап кетер амалың жоқ,
Айта бар Бәдиғыма ғаріп мені.

Әлқисса, шаһзада Мәликеден сүйінші тілеп, Асут диюді өлтіріп кеткені

Шаһзада бұ сөзді естіп өре тұрды,
Қуанды назарчандан жүз мың түрлі.
1700 Сүйінші Мәликеден алайын деп,
Аллаға зар еңіреп шүкір қылды.

Патша айтты:—Тіліме еремісің,
Сен мені Бәдиғыңдай көремісің?
Жүзігін Сүлейменнің Құдай берсе,
Сүйінші, Мәликежан, беремісің?

— Сөзіңе не десең де көнер едім,
Артығырақ Бәдиғымнан көрер едім.
Жүзігін Сүлейменнің Құдай берсе,
Ойбай-ау, не тілесең берер едім.

1710 —Мәлике, жүйрік аттай тасар ма едің,
Көңіліңе қайғы түсіп босар ма едің?
Жүзігін Сүлейменнің Құдай берсе,
Барғанда Бәдиғыңа қосар ма едің?

—Періге ғаріп басым жем болсам да,
Ойламан бір сен үшін кем болсам да.
Елге Құдай сақтап жетер болсақ,
Қосар ем Бәдиғыма не болсам да.

— Мәлике ал, көңіліңді бекітіп ал,
1720 Қолымда Сүлейменнің жүзігі бар.
Асуттың жанын бізге Құдай бер деп,
Тез барып дарияға буады сал.

Диюдiң бар асылын алды дейдi,
Жүзікті суға салып малды дейдi.
Жарқырап алтын сандық шыға келдi,
Тілегін екеуінің Құдай бердi.

Сандықтың аузын бұзып ашып едi,
Көредi ол сандықта бiр кептердi.
Екеуi сол кептердi ұстап алды,
1730 Құданың құдіретiне таңға қалды.
Мәлике ол кептердiң жұлды басын,
Қылышпен шаһизада бiр-ақ салды.
Айрылды денесiнен дию жаны,
Құйылды жапалақтап көктен қаны.

Сүйегі айналып кеп жерге түсті,
Өне бойы қайқайып бері түсті.
Диюддың зорлығына қараңызшы
Теңізден кеудесі озып бері түсті.

1740 Көңілі екеуінің өседі енді,
Құтылдық бұ дұшпаннан деседі енді.
Құдаға төуекел деп бейшаралар,
Сал буып дарияға түседі енді.

—Дарияға түсерім қиын маған,
Көп жолдастан айрылып болдым жаман.
Талай-талай бейнеттен шықты басым,
Есен-аман сақтай гөр, Алла Тағалам.

1750 Құданың көп сиынды құдіретіне,
Төңірім сақтар зарланған ниетіне.
Һәр пәледен Құдайым сақтады аман,
Сүлеймен жүзігінің құрметіне.

Енді бұлар суменен үш ай жүрді,
Күндіз-түні демеді, тынбай жүрді.
Шаһзада бір күн ұйықтап жатыр еді,
Мәлике ойбай салып, фариад қылды.

Сасқаннан мәлікзада түрегелді,
Көзінің жасын көл қылып бұлады енді.
Бір жайын жетіп қапты жұтайын деп,
Қақ басқа тісесімен ұрады енді.

1760 Жайынның бас сүйегі пара болды,
Әуара жайын тулап жара болды.
Толқынмен шыға келді бір аралға,
Бұларға Жаппар Құдай пана болды.

—Мәлике, шүкірлік қыл Төңірімізге,
Сиыналық Жаратқан Мауләмізге.
Бірқатар осы жерде тынығалық,
Құдайым тыныштық бер, — дейді, —бізге.

Жарайды деп аралға келді дейді,
Қорек қып балық аулап жеді дейді.
Аралда тамаша етіп жүрген шақта,
1770 Алыстан бір топ қара көрді дейді.

Жарандар, ашып тыңда көңіл көзің,
Кітаптан бұрыс емес үшбу сөзім.
Топ қара Сейпілмәлік көргеннен соң,
Жау ма деп қорыққанынан жасырды өзін.

Топ қара сол аралға тағы түсті,
Шаһзада жанынан қорқып, қайғы күшті.
Су жүрек болып қалған екі байғұс
Тағы да жау болар деп зәресі ұшты.

Алыстан аңысын байқап көп ойлады,
1780 Анықтап әбден болжап бек аңдады.
Кейпеті мұсылмандай көрінеді,
«Баралық енді бұған» деп ойлады.

Салынан алып шықты һәрне барын,
Пәледен сақтай көр деп, Жаппар, Кәрім.
Қастарына барады сәлем беріп,
Олар дағы көреді екеулерін.

Екеуін керуен көріп қалды қайран:
—Келіп едің, бейшаралар, мұнда қайдан?
Хоры ма, періште ме, немене екен,
1790 Сарғайып нұры тамған не деген жан?

Бейшара, жүзің сары, жаман,—деді,
Біз жүрген керуенбіз тамам,—деді.
Жөніңді, бейшаралар, айтшы бізге,
Жапанда нағып жүрген адам?—деді.

—Тентіреп сапар жүрміз жапан түзге,
Зиянды болмасаңдар ғаріп бізге.
Біздерге, керуендер, қас қылмасаң,
Айталық жөнімізді енді сізге.

— Жапанда Құдай деген сен бір некен,
1800 Алланың жүзін көрмес сені жөккен.
Біздерді қас қыла-дүр деп ойыңа алма,
Керуенбіз мүсәпір Құдай деген.

Падиша не көрсе де саспайды енді,
Қазадан Құдай салған қашпайды енді.
Мүсәпір керуенбіз дегеннен соң,
Бір-бірден көрген сөзін бастайды енді.

Керуен құлақ салды сөз екен деп,
Кезерген ер жігіттің өзі екен деп.
Бір жігіт Мәликені таныды енді,
1810 Бұл біздің ханымыздың қызы екен деп.

Ол жігіт танығанын қылды кеңес,
Біреудің ғам-қайғысын біреу жемес:
— Кеткелі ғайып болып болды он бір жыл,
Екенін өлі-тірі адам білмес.

Көп болды көргенімнен көрмегенім,
Бетімде қан қалмады еңірегенім.
Мәлике керуеннен сөз сұрады:
— Билеген еліңізді ханыңыз кім?

— Ата-анаң зарлық пенен жүріп еді,
1820 Көңілін саған жылап бұрып еді.
Қайырып өтірік деп сұрадың ба,
Сенің атаң Рәбиғүлмәлік еді.

Мәликенің көңілі тынады енді,
— Ата-анам аман ба? — деп сұрады енді.
Сорлы қыз ғайып болған мен едім, — деп,
Көрісіп керуенге жылады енді.

Сөйледі керуендер енді тамам:
— Замана жылдан-жылға болар жаман.
Мәлике, көп жыламай көңіліңді тый,
1830 Ата-анаң, елі-жұртың, бәрі де аман.

Базарға былтыр шығып барып едік,
Не асыл сол базардан алып едік.
Үш айда аман болсақ біз барармыз,
Бұ жолға бұрын жүрген қанық едік.

Өзіміз Хатай жұрты, саудагерміз,
Бес-алты ай дарияда біз келерміз.
Талапкер бәріміз де мұсылманбыз,
Тағы да мұнан көшіп жөнелерміз.

1840 Керуен кемеменен жүреді енді,
Екеуі керуенге кіреді енді.
Үш айдай тыным алмай керуендер,
Бір күні ел хабарын біледі енді.

Кеңесті керуендер түнелік деп,
Бір-екеу бұрын барып көрелік деп.
Ағасы Тәжілмәлік жолында еді,
Хабарын Мәликенің берелік деп.

1850 Бір-екеу керуеннен шабады енді,
Сұлтанның ордасын кеп табады енді.
«Ағаңның ғайып қызы келеді» деп,
Сұлтанға Тәжілмәлік хабар берді.

Ағасы естіген соң зар еңіреді,
Керуен көп сүйінші жияды енді.
Алдынан Мәликенің қарсы шықты,
Қасына жиып алып тамам елді.

Ағасы Мәликеге барып жетті,
Көрісіп қыз Мәлике зарлық етті.
Қайсыбірін айтайын осылай деп,
Халайық қойдай шулап зар еңірепті.

1860 Той қылды Тәжілмәлік қуанғаннан,
Бұлардың қайғысы артқан барша жаннан.
Он күндей Мәлік сұлтан той қылады,
Ағекем құтылды деп бұл арманнан.

Жіберді ағасына елші кісі,
«Құданың бізге келді дәулет ісі».
Еңіреді естіген соң ата-анасы,
Сарғайған перзентіне есі-түсі.

Еңірейді атасы мен анасы енді,
Келеді деп перзенті данасы енді.
Еңіреп-боздап аттанды ата-анасы,
1870 Бұлардың зарлығына қарашы енді.

Көңілі шешесінің кетті тасып,
Көрісті баласыны құшақтасып.
Сағынып перзентін қалған екен,
Көрісті афған әйлап, зар жыласып.

Әлқисса, анасының жылағаны

— Әй, Мәлике-ау, шырағым,
Бауырымдағы лағым.
Қарап тұрған қарағым,
Жанып тұрған шырағым.

1880 Көріп тұрған қуанышым,
Алданып тұрған жұбанышым.
Сені көрем деп пе едім,
Аз ғана күнгі уанышым!

Қарағым, көрем деп пе едім,
Көкейімнен кетпедің.
Мен бейшара анаңды,
Зарлатайын деп пе едің?

Әй, Мәлике, құлыным,
Қолқама біткен жұлыным.
1890 Күнім өтті зарлықпен,
Еске түсіп қылығың.

Мен байғұс жүдеп өлдім ғой,
Көрмегенді көрдім ғой.

- Ішіме толды сары су,
Шашыма нысан кірді ғой.
Қарағым, сенен айрылып,
Күндіз-түні зар қылып,
Қатты зарлық қылдым ғой.
Өліп едім, тірілдім,
1900 Көзіме тірі көріндің.
Тамам жұртты сал қылып,
Күні-түні зар қылып,
Он бір жылдай егілдім.
- Күйіп те болдым қызыл шоқ,
Құдайдан басқа дәрмен жоқ.
Көремін деген ойым жоқ,
Бүгін өлсем арман жоқ.
Айналайын, Мәлике-ау,
Енді арманым қалған жоқ.
- 1910 Тарқатты сол анасы құмарды енді,
Жалғызын көргеннен соң уанды енді.
Анасы еңіреп-боздап қылды зарды,
Лебізін Мәлике де шығарды енді.
- Мейібаным, жан ана,
Мен дағы зар болдым ғой,
Сарғайып жүдеп солдым ғой.
Құдіреті үлкен Құдайым,
Мұңлық қылып қойды ғой.
- 1920 Шешекем, зар боп сағындым,
Темірден арқан тағындым.
Қызметті күнім өткізіп,
Жаздым неден, жаңылдым.
- Тұрған жерім жар ма екен,
Айналуға тар ма екен.
Ойлап тұрсам, шешеке-ау,
Бізден мұңлық бар ма екен?

- Мен мұңды емей, немене,
Қайғысыз жанға теңеме.
Достыммен бірге жүруші ем,
1930 Қызметінді қылушы ем,
Жалғыз сағат көрмесем,
Анам қайтіп отыр деп,
Қасыңа жылап келуші ем.
- Жақсылық күн көрмедім,
Дұшпанға көңіл бермедім.
Зарлықпен күнім өткізіп,
Елдегі сорлы мен бе едім?
- Ғаріп болдым жасымнан,
Қайғы кетпей басымнан.
1940 Өтті қайран күнім-ай,
Айрылдым нешік досымнан?
- Мұндай да күн бар екен,
Құдайдың ісі тар екен.
Шын көрдім бе, шешекем,
Көрісер күнім бар екен?
- Сөйлейін енді барымды,
Кім білер менім зарымды.
Қайран, елім, жұртым-ай,
Сағындым, ойбай, бәріңді!
- 1950 Анасы алдыменен бұрын кетті,
Аулақта мауқын басып зарлық етті.
Қасына нөкерлерін ертіп алып,
Атасы қызметшімен тағы жетті.
- Най-ай, ғазиз атекем,
Көремін сені деп пе едім.
Көкейімнен кетпедің,
Мен жалғызды еске алмай,
Анадан туған көп пе едім?

- 1960 Көп болды менім арманым,
Кәпірге зар боп барғаным.
Ел-елге хабар салмадың,
Еске мені алмадың,
Әкеке, көңілің қалды ма,
Соңымнан іздеп бармадың.
Достыма бар деп айтпадың,
Мен үшін күйік тартпадың.
- 1970 Қайғы әйлап қам жемедің,
Достыма ізде демедің.
Перінің жүрмес жері жоқ,
Қолынан келмес ісі жоқ,
Мені қойдың зарлатып,
Бір диюге алдатып.
Күнім өтті осылай,
Есім де кетті көп жылай.
Зарлағанмен өлмедім,
Маған көңіл бөлмедің.
Мейірбаным, жан ата,
Жек көргенің мен бе едім?
- 1980 Атамды көрсем арман жоқ,
Көретұғын заман жоқ
Деп ойлаушы ем мен сорлы,
Жүзіңді көрдім, жан ата,
Енді арманым қалған жоқ!
- Мәлике жамандыққа көңіл бұрмай,
Болды ғой ақырында көңілі жай.
Мәлике сөзін айтып болғаннан соң,
Жылады атасы да жасын тыймай.
- 1990 —Әй, Мәлике, қарағым,
Сені балам демесем,
Сенен қайғы жемесем,
Ақылымнан адастым.
Тірі жүрдің демесең,
Ақылым, балам, кетті ғой,

- Қорлық басқа жетті ғой.
Құса болдым, жан балам,
Зарлықпен күнім өтті ғой.
Ел-елден кісі алдырдым,
Төңіректі шалдырдым.
Ел-елге хабар салдырдым,
2000 Қанша іздетіп таппадым.
Шарам бар ма не етейін,
Көңілім сөйтіп қалдырдым.
- Ойлай-ойлай санам жоқ,
Сенен басқа балам жоқ.
Қарағым, іздеп таппадым,
Құрметіңді сақтадым.
Хабарың адам білмеді,
Арсыз жаным өлмеді.
Кеңес қылдым күнде топ,
2010 Мен сорлыда ақыл жоқ,
Мен де сенен айрылып,
Зарланайын деп пе едім?
Шарам бар ма Құдаға,
Не қылса да амал жоқ,
Айналайын, Мәлике-ау,
Енді менде арман жоқ.
- Падиша осылайша зарлық қылды,
Баласын көзі көріп көңілі тынды.
Терейін қайсыбірін осылай деп,
2020 Алдымен шуылдасып көрісті енді.
- Енді хан шаһзаданы көзі көрді,
Жиылып елі-халқы көрісті енді.
Халайық екі затты алып келіп,
Тамаша үлкен тойлар қылысты енді.
- Ата-анасы қуанып жылады енді,
Көздің жасын көл қылып бұлады енді.
— Ғұмырыңда жер жүзін көрдің бе? — деп,
Атасы Мәликеден сұрады енді.

Жүрдің бе көңіліңмен иман ұйып,
2030 Жүре алмас, сірә, адам көңіл тыйып.
Қосылсаң шаһзадаға, айтшы маған,
Қосайын біржолата неках қиып?

Сөзінен адам айтқан жаңылар ма,
Бұл бізге қызмет қылса бағынар ма?
«Теңін тапса тегін бер» дегендейін,
Іздесек мұндай күйеу табылар ма?

Мәлике ел-жұртына сөз сөйледі:
— Айтайын өз халімді, ата, — деді.
Берерсің билігіңмен бата, — деді,
2040 Сөзімде болмас менім қата, — деді.

Пікір ғып ойламаңдар, сүттен ақпын,
Халайық, сөз қылмаңдар, судан пәкпын.
Қолында бір диюдың тұтқын болып,
Неше күн зарлық көрген мен бейбақпын.

Қолыма жеңнен өзге тиген емес,
Ләбімнен бір пенде сүйген емес.
Үстімде бар бөтенім киілген киім,
Көңілім неш нәрсені білген емес.

Диюға неш болмадым көңілді енді,
2050 Дұшпаннан неше зарлық көрдім, — дейді.
Біздерге о да қылды біз де қылдық,
Ол қылды қараңғы күнімді енді.

Жылайды қыз Мәлике сонда тұрып,
Шаһзада ойламайды көңіл бұрып.
Көңлінде ғашық оты қайғысы бар,
Не қылсын басқа жанға көңіл қойып.

— Мен қарындас, шаһзада ағам, — дейді,
Әуелден аға болған маған, — дейді.
Келмейді көңілімізге жаман, — дейді,
2060 Халайық, есітіңіз тамам, — дейді.

Сөйлейді қыз Мәлике көрген зарын,
Жылайды атасы естіп оның бәрін.
Мысыр шаһар сұлтаны жаһан кезіп,
Білгізді атасына барша халін.

Атасы естіген соң зар еңіреді:
— Шаһзада ақыреттік балам, деді,
Мен саған, шаһзада, болдым ата,
Тапсырдым мал-мүлкімді саған деді.

2070 Шаһзада қабыл көріп болды бала,
Хан қылды бұл елге де Алла Тағала.
Мал-мүлік, сұлтанатын берді патша,
Мәлике сіңлі болды, шаһзада—аға.

Мәлике Бөдіғұлға хат жіберді:
«Әй, достым, есен-аман келдім, — деді.
Тез келші, көңіліңе алсаң, маған,
Мен ғаріп бек сағындым сені» деді.

2080 Мәлике енді бір күн сейіл қылды,
Тамам қыз Мәликеге көп жиылды.
Патшаның Сағит досты еске түсіп,
Бір күні нала қылып бек күйінді.

— Атыңнан айналайын, Алла Құдай,
Зарлықты достым үшін көрдім мұндай.
Сағитым, айналайын жан қарарым,
Еңіреймін ішім жанып тақат қылмай.

Еңіреймін достым үшін ішім жанып,
Қаңғырдым жапан түзде жалғыз қалып.
Құдай-а, тірі болса көрсет маған,
Не болам өлген болса мендей ғаріп?

2090 Құдай-а, зар еңіреймін достым жанға,
Ұқсайды ішкен асым қызыл қанға.
Достымды тірі болып көре алмасам,
Не болам тірі жүріп бұ жалғанда.

Мәлике сауық қылып жүреді енді,
Шаһзада Хақтан тілек тіледі енді.
Зарланған шаһзаданың даусын естіп,
Мәлике қалың қызбен кіреді енді.

Ол қыздар шаһзаданың жүзін көрді,
Көздерін бәрі қарап, кетірмеді.
Тізесін шаһзадаға жастық қылып,
2100 «Мәлике жылама» деп зар еңіреді.

—Жыламай, жасыңды тый, ғаріп ағам,
Зарлансаң ғаріп көңілім болар жаман.
Құдайың жәрдем әйлап, медет берсе,
Табылар тірі жүрсе достың саған.

Жылама, ей, шаһзадам, төкпе жасың,
Қор болар қайғырсаңыз мұңлы басың.
Он күнде келеді деп хабар жетті,
Бәдиғым мағшұғыңыз, жар жолдасың.

Бұ дүние баяны жоқ ала, өтер,
2110 Зарланып күйдірмеңіз мені бекер.
Аң аулап, қырға шығып атқа мініп,
Шаһзадам, ертең шығып көңіл көтер!

Мына сөзге шаһзада көңілі өсті,
Мәлике ғам-қайғының бәрін шешті.
«Базарды атқа мініп аралайық,
Аң аулап, тамаша етіп бүгін» десті.

Жарандар, бек тамаша сөз болады,
Бейнеті ажалдының тез болады.
Шыққалы сахараға бара жатса,
2120 Алдынан бір мүсәпір кез болады.

Қараса, ол мүсәпір Сағит өндес,
Сұрарға падишаға ебі келмес.
Сағитым деп айтайын десе патша,
Бекер біреу болұр деп көңлі сенбес.

— Жарандар, Ақтан тілеп Алла деңіз,
Алланың құдіреті көп ұшан-теңіз.
Біз барып сахараға тез келеміз,
Келгенше мүсәпірді жібермеңіз.

2130 Шаһзада бұ сөзді айтып аңға кетті,
Бір-екеу мүсәпірді жібермес-ті.
Бейшара дағы қорқып жүрмеп еді,
Байғұсты ұрып-соғып тентіретті.

Мүсәпір ақыл таппай сасады енді,
Зар жылап ғайып болып қашады енді.
Өрең тауып қатты ұрып, басын жарып,
Зынданға алып барып тастады енді.

2140 Патша һеш хабарды біле алмады,
Далада сабыр қылып жүре алмады.
Асығып ордасына қайтып келіп,
Шақыртып мүсәпірді қасына алды.

Байғұсты қолын байлап алып келді,
Қан болып басы-көзі налып келді,
«Байғұсты халін сұрамай ұрдыңдар» деп,
Шаһзада көңілін тыймай зар еңіреді.

— Сұрайын сенен сөзді, ғаріп, — деді,
Жүремін он үш жылдай налып, — деді.
Атың кім, ей, мүсәпір, шаһарың кім,
Келіп ең осы жерге нағып? — деді.

2150 — Атым Сағит, — деді, — Мысыр шаһарымыз,
Ашылмай он үш жылдай баһарымыз,
Айрылған достымыздан сәргарданбыз,
Дарияда ойран болған сапарымыз.

Шаһзада құшақтады ұшып келіп:
— Жүрдім ғой сенің үшін уайым шегіп,
Сені де көрсетер күн бар екен деп,
Жан достым, менім атым — Сейпілмәлік.

- Неше жыл зарлықпен жүрісті енді,
Міне екеуі табысып білісті енді.
Сағит достын құшақтап Сейпілмәлік,
2160 Зар еңіреп қатты зарлық қылысты енді.

Сейпілмәліктің достысына жылағаны

—Атым Сейпілмәлікпін,
Жарлық көріп жүріппін.
Сенсіз менде қарар жоқ,
Және жансыз өліктей,
Қайғымен дәурен сүріппін.

Ақыл таппай сал болдым,
Өлмедім тірі, бар болдым,
Қарағым, достым Сағитым,
Ойлап сені зар болдым.

- 2170 Өліп едім, тірілдім,
Көзіме тірі көріндің.
Бізді бүйтіп айырған,
Аллаға зар боп егілдім.

Сені ойлап зар боп жүргенім,
Сарғайып жүдеп өлгенім.
Өңім бе, менім түсім бе,
Достым, сені көргенім?

- Азаппен дәурен сүріп ем,
Жапанда зар боп жүріп ем.
2180 Сағитымды көрсет деп,
Аллаға зарлық қылып ем.

Екі де жерде зар қылдық,
Жолдастан мүлде айрылып,
Нешік жаздық Аллаға,
Екі жерде қаңғырдық.

Терезем менім тең үшін,
Сен қайғырдың мен үшін.
Жаным да саған құрбандық,
Өлсем шаһид сен үшін!

- 2190 Бұлайша Сағит байғұс жылады енді,
Көз жасын екі ғаріп бұлады енді.
Сарайға Сағит достын алып келіп,
Тамаша қызық тойды қылады енді.
Жыласып екі дост халін айтып,
Бейнетін бір-бірінің сұрады енді.

Хикая Сағит

— Достым-ау, бұ дүниенің түбі жалған,
Табылмас оңайлықпен көңілге алған.
Жан достым, бар халіңді айтшы маған,
Бейнетті басымызға Тәңірі салған.

- 2200 Шаһзада бұ Сағиттің халін білді,
Кеңес қып Сағит халін баян қылды.
Сөйлейді әуел бастан шаһзадаға,
Жамағат құлақ салып тыңдап тұрды.

Сөйлейді Сағит байғұс әуел бастан,
Тұздары арылмаған қанды жастан:
— Сол уақыт дария жүзі топан болып,
Кемені дал-дал қылып алып қашқан.

- Теңізде көрмегенді көрдік, — дейді,
Құданың салғанына көндік, — дейді.
2210 Төрт кісі бір кемеде қалып едік,
Зарлық қып дарияда өлдік, — дейді.
Дарияда оңды-солды көп күн жүріп,
Бірқатар зәңгі дұшпан көрдік, — дейді.

Зәңгілер төртеумізді ұстап алды,
Үйіне өздерінің алып барды.

Құдайым салғаннан соң көнбейік пе,
Отынға екі-үш жылдай құл ғып салды.

Тентіреп сәргарданмен өлдік енді,
Қорлыққа шара жоқтан көндік енді.
2220 Бір күні біреумізді сойып жеді,
Сойғанын қонағына көрдік енді.

Үшеуміз сол дұшпандан енді қаштық,
Жан-дәрменмен дарияға келіп түстік.
Дұшпандар біреумізді жегеннен соң,
Үміт үзіп бір шыбын жаннан кештік.

Бірде былай ағамыз, бірде былай,
Ғаріп болып Аллаға жылай-жылай.
Жазира арал көрсек біз қашамыз,
Көрсетті тағы пәле Жаппар Құдай.

2230 Құтылып зәңгілерден кеттік енді,
Зар болып дүниеден өттік енді.
Пәледен сонда дағы құтылмадық,
Тағы да бір дұшпанға жеттік енді.

Сол мақұлықтың есектей бастары бар,
Адамдай беті, көзі, қастары бар.
Аяқ-қолы, тұлғасы бейне адамдай,
Тілін адам білмейді нәжіс мұрдар.

Бурадай адам кепті сирақтары,
Мал да емес, адам да емес құлақтары.
2240 Мойнында сиғыра жалдары бар,
Бізге ап келіп төгеді нығметтерді.

Ұстап ап үшеумізді алып келді,
Ап келіп неше түрлі жеміс берді.
Екі айдай неше түрлі жеміс беріп,
Бордаққа бізді байлап семіртті енді.

Береді су орнына шекер-шәрбат,
Жемістің бәрін берді басын санап.
Екеуі қасымдағы құп семірді,
Сені ойлап мен жүремін аттай жарап.

- 2250 Өзге қайғым көп болды басым аман,
Сен үшін он үш жылдай болдым жаман.
Екеуі қасымдағы семірген соң,
Сол дұшпан сойып жеді ақырзаман.

Сол дұшпан мені арық деп жемеді енді,
Қолтықтап патша Құдай демеді енді.
Бір үйде екі жылдай тұрып едім,
Қатыны бір күн маған келеді енді.

- Жылаған көз жасымды қатын көрді,
Босатып, қаш дегендей қоя берді.
2260 Қашып шықсам, қараңғы жері тұйық,
Білмедім ғаріп басым қашар жерді.

Амалсыз тағы түстім тілсіз жауға,
Қуандым ғаріп басым денім сауға.
Адастым неше күндей жөнін білмей,
Шарам жоқ неш бұрылып, қимылдауға.

Дарияда жөнін біліп жүре алмадым,
Екенін халім нешік біле алмадым.
Бір дұшпан бір аралдан тағы шықты,
Еш хайла құтылатын қыла алмадым.

- 2270 Сол мақұлық ұстап алып барды анда,
Жасаған нелер жандар бұ жаһанда.
Кісі біліп болмайды тағы тілін,
Жаратқан ғажайыптар Құдауанда.

Бойлары көріп тұрсаң мұнарадай,
Қолы шынар ағаштай, көзі шарадай.
Киіздей бір орау құлақтары,
Һәрбірі тесігінің бейне ғардай.

Өздері хорлар да емес, адам да емес,
Нәрсені харам, нәжіс, әсте, жемес.
2280 Мен оларды таң көрдім, олар мені,
Қылайын көргенімді бәрін кеңес.

Тамға ап кеп асты мені ұстап алып,
Жылаймын асқаннан соң ойбай салып.
Бұлбұл құс мен жыласам сайрайды деп,
Әуес қып күліседі қайран қалып.

Екі жылдай мені асып бұлбұл деді,
Бір күні мақұлық жиылды енді.
Мені тағы асқалы алып келді,
Бәрі де арақ ішіп жығылды енді.

2290 Пәлеге екі жылдай қалдым енді,
Не түрлі жемістерден алдым енді.
Су шетінен бір ескі кеме тауып,
Тәуекел деп дарияға салдым енді.

Кемеге тәуекел деп жалғыз міндім,
Алла деп дарияда екі ай жүрдім.
Ажалсыз адам өлмес болады екен,
Бір керуен кез келіп соған ердім.

Керуен мені бірге алып келді,
Әбден-ақ бұ сөзіме қанып келді.
2300 Һәрбір елден сұрадым, достым, сені,
Жүремін бір сен үшін налып, — деді.

Сахараға шығып кездім бұ жаһанды,
Қинадым саяқ болып ғаріп жанды.
Келіп ем үшбу күні бұ шаһарға,
Хаққа шүкір, мен көрдім шаһзаданы.

Шаһзадам, осы, — деді, — менім халім,
Естіді мәлікзада оның бәрін.
— Әй, достым, көрген істі көңіліңе алма,
Тілекті берді бізге Бір уа Барым.

- 2310 Шаһзада қуанышпен сауық қылды,
Жәй болып Мәлике де көңілі тынды.
Қауышып екі жан дост бір-біріне,
Көзінің зар еңіреген жасын тыйды.

Шаһзада қайғы кетіп нұрланады,
Хорлардай ұжмақтағы түрленеді.
Нұрына қайғысыз боп кірген шақта
Көргендер ғашық болып таңданады.

- Дүниеден қандай қатты жапа тартқан,
Ақырда балдан төтті опа тапқан.
2320 Жамағат, құлағың сал үшбу сөзге,
Бастайын енді кеңес перизаттан.

*Әлқисса, Бәдіғұлжамал Мәликені естіп, Сарандилге келіп
шаһзада мағшұғын көріп уа һәм басқа ахуалдарды көргені*

Рауаилар рауаятын сөйлер ашып,
Қылады Сейіт назым сөзді машық.
Көрісер жері келді жаңа жетіп,
Бәдіғұл—Сейшілмәлік екі ғашық.

Бәдіғұлжамал Мәликеден хабар алды,
О дағы көрген екен қайғы-зарды.
Достымды енді барып көремін деп,
Қуанып пері қызы бек шаттанды.

- 2330 Қуанып ата-анасы рұқсат берді,
Жолдасқа пері қызы жиыпты елді.
Тақтымен көтерділер қанша пері,
Қалың қыз бенен жетіп келді.

Естіді шаһ Сарандил бұ хабарды,
Жасады бағ манзил ғуд ғанбарды.
Салтанат неше түрлі көшік сарай,
Зейнеттеп түзетеді баршаларды.

Алдынан қыз Мәлике қарсы шықты,
Қайғысы қатты болған, сірә, тіпті.
2340 Екі жанан мейірбан қосылысып,
Мәлике зар жыласып көрісіпті.

—Әй, Бәдиғым, қарағым,
Емшектесім жананым,
Жыламайын десем де,
Өртеніп, жанып барамын.

Бәдиғым, достым сен едің,
Мейірбаның мен едім.
Бір сағатта зар болып,
Бәдиғым қайда дер едім.
2350 Үйіңе барып келгенше,
Нұр жүзіңді көргенше,
Қатты қайғы жер едім.

Сөйткен қайран Бәдиғым,
Сенен зар боп айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым,
Гауһар едім бір күнде,
Зарлай-зарлай жүн болып,
Жасыған жездей майрылдым.

Ойлап естен жаңылдым,
2360 Бір диюға бағындым,
Темірден арқан тағындым.
Өзгені ойлап не етейін,
Бәдиғым, сені сағындым.

Он бір жылы жатқаным,
Қайғы-ғамға батқаным.
Бәдиғым деп зар илеп,
Қу ағаштай қатқаным.

Диюға болдым кіріптар,
Ішім толған дертім бар.

- 2370 Бәдиғым іздеп келүр деп,
Күні-түні болдым зар.
- Хүкімің жүрмес жерің жоқ,
Қолыңнан келмес ісің жоқ.
Бәдиғым келіп алар деп,
Жаттым, ойбай, көңілім тоқ.
- Достым, іздеп келмедің,
Маған көңіл бөлмедің.
Айналайын, Бәдиғым,
Жек көргенің мен бе едім?
- 2380 Сен үшін, қалқам, зарладым,
Диюға көңіл салмадым.
Ғеш болмаса, Бәдиғым,
Бір іздеп неге бармадың?
- Диюға қойдың алдатып,
Мен ғаріпті зарлатып,
Күнім өтті зарлықпен,
Достыңды қойдың сандалтып.
- Бәдиғым, сені тіледім,
Көрсем деп зар боп жүр едім.
- 2390 Көрсетті, шүкір, Құдайым,
Ішім толған уайым,
Ішімдегі дертімді
Тарқатпай нешік шыдайын?
Диюға түсіп көп жаттым,
Бәдиғым [іздеп] келер деп.
- Жолыңа қарап үңілдім,
Келмеген соң түңілдім,
Қайсыбірін терейін
Зарлап өткен ғұмырдың.
- 2400 Диюда жаттым он бір жыл,
Бұ сөзіме мойын бұр.

Таусылар ма зарлық сөз,
Мұңлықта болдым жазы, күз.
Ғаріп болған бейшара
Бір адамзат болды кез.

Сол адам мені келтірді,
Ол диюды өлтірді.
Себепші болды бейшара,
Неше теңіз кешірді.

2410 Көрістім бе, досым-ай,
Көзімнің жасы жосымай,
Бәдиғымды Құдайым
Көрсеткені осы ма-ай!
Сен жылама, Бәдиғым,
Айналайын, досым-ай!

Мәлике жылама деп зарлық етті,
Жаратқан мың шүкірлік Алла депті.
Екі дост сағынысып қалған екен,
Қайғырып Бәдіғұл да зар еңірепті.

2420 —Ғай, жан достым, шырағым,
Қайғылы боп тұрамын.
Жаннан тәтті жананым,
Болайын құрбан лағың.

Сен үшін, қалқам, жыладым,
Көзімнің жасын бұладым.
Ғәрбір елден, Мәликем,
Білінер деп бір хабар,
Елші салып сұрадым.

2430 Сұрасам да білмедім,
Қайғысыз болып жүрмедім.
Сен кеткен соң, жан достым,
Ғешбір ойнап күлмедім.

Күн-түн зарлық еткенім,
Зарлықпенен кеткенім.
Маған қиын іс болды,
Ғайып болып кеткенің.

Ішіме қайғы толтырып,
Гүл жүзімді солдырып.
Қанша жерді іздедім,
2440 Тапшай да қойдым болдырып.

Базардан* шыққан нәсіл-ді,
Болаттан шыққан асыл-ды.
Тектіден туған қарағым,
Жұмылған көзім ашылды.
Сені көріп, жан достым,
Қайғылы көңілім басылды.

Ойлай-ойлай мұң болдым,
Ауруменен тең болдым.
Күндіз-түні көп зарлай,
2450 Сенен жаман мен болдым.
Бұрынғы күнде қандай ем,
Миуа ағаштай бүрленіп,
Бәйшешектей түрленіп,
Жас күнімде толғанмен,
Әй, қарағым, сені ойлап,
Қу ағаштай солғанмын.

Енді неге солайын,
Бұрынғы күндей толайын.
Айналайын, жан достым,
2460 Құрбандық саған болайын!

Екеуі өксіп-өксіп еңіреді зар,
Кең дүние зарлығына болады тар.
Қояды жүзге жүзін, аузын өбіп,
Той қылып, ойын салды перизаттар.

* Мәтінде осылай жазылған.

Жүзінен айырмайды назнин көзін,
Қосады латафатпен шырын сөзін.
Тамаша бау-шарбақта екі көркем,
Ұқсатсам ай мен күн деп болады өзін.

2470 Мәлике шаһзаданы айта алмады,
Пердені көңіліндегі аша алмады.
Достымның көңлі қалып кете ме деп,
Айтуға Бөдіғұлға бата алмады.

Бір күні екі жанан отыр еді,
Бөдіғұл Мәликеден сөз тіледі.
—Ашылсын көңіліміз, бір әңгіме айт,
Естіген-білгенің көп, достым, деді.

2480 Ғажайып сол әңгіме болсын қызық,
Не түрлі жақсы-жаман, бұзық-түзік.
Қосылып достысына пері қызы,
—Айт,— деді,— енді әңгіме бойы қызып.

Мәлике әңгімені көп ойлады,
Көңілі айтайын деп бек ойлады.
Айтуға сылтау таппай жүрген байғұс,
Айтайын шаһзаданы деп ойлады.

Ал Мәлике хикаят қылды сөзді,
Мәлике қыз да болса жаһан кезді.
—Сөйлейін бастан-аяқ көргенімді,
Әй, достым, тыңда,— деді,— мына сөзді.

2490 Жапанда зарлықпенен өлдім,— деді,
Алланың құдіретіне көндім,— деді.
Бейшара жаһан кезіп ғаріп болған,
Бір назнин шаһзада көрдім,— деді.

Наһалы таза гүлдей, көңілі гөриян,
Болыпты ғашықтықпен бағыры бөриян.
Мысырдың толған айдай шаһзадасы,
Нұрына ай мен күн сайран қылған.

Адамның асып туған падишасы.
Көргендер ғазиз жанды қылар құрбан.

2500 Биғаят жүзі көркем, халі нәзік,
Сарғайған ғашық болып жолдан азып.
Әгерде сұлулығын айта берсем,
Кітапқа бітпес еді қалам жазып.

Періге он үш жылдай ғашық болған,
Ғам-қайғы ғұмырынша азық болған.
Айтады әуел-ақыр көргендерін,
Дарияда жолдасының өлгендерін.
Айдаһар, жолбарыс пен Асут дию
Өлтіріп, өзін алып келгендерін.

2510 Бек қатты көңілінде арман, — деді,
Жүрегі ғашық отқа жанған, — деді.
Іштегі ғашық дерті сондай қиын,
Өртенер аһ дегенде жалған, — деді.

Ей, достым, құлағың сал, — деді, — бізге,
Көргенім сізге лайық жапан түзде.
Қайғыңмен он үш жылдай күйіп-жанып,
Ақырда ғашық бопты, — дейді, — сізге.

2520 Бір тоннан суретінді көрген, — дейді,
Жолыңа жанын құрбан берген, — дейді.
Мен үшін, достым, соған бір көрінгін,
Сен үшін жапа шегіп келген, — дейді.

Бәдіғұл мына сөзге әбден қанды,
Есітті өз басына ғашық жанды.
«Жан достым, не деп айттың бұ сөзді» деп,
Бәдіғұлжамал ыза болып ашуланды.

— Тіледім, достым, сенен әңгіме айт, — деп,
Мен саған қашан айттым күйеу тап, — деп.
Әй, достым, мына сөзің естімейін,
Шығарма бұ сөзінді, енді жап, — деп.

Мәлике айтты:—Ғашығын білдім,—деді,
2530 Көп заман жолдас болып жүрдім,—деді.
Барған соң Бәдиғымды көрсетем деп,
Уағда шаһзадаға қылдым,—деді.

Мәлике бұ сөзді айтып бек тіледі,
Жегізбе маған қайғы деп тіледі.
«Бұ сөзді маған неге айтасың» деп,
Бәдіғұлжамал онан арман өкпеледі.

—Сөйлеме бұ сөзіңді, бекер тұрсын,
Айтайын саған не деп, бекер тұрсын.
Періге адам ғашық болар ма екен,
2540 Бұ сөзді не деп айттың, ей, жан достым.

Мәлике айтты:—Өлікпін, тұрғыза көр,
Жүзіңді падишаға көргізе көр.
Көзіне падишаның бір көрінші,
Онан соң не қыларың өзіңіз біл.

Анасы Мәликенің тағы келді,
—Көзіне шаһзаданың көрін,—деді.
Мәлике оның сіңлі, ол ағасы,
Шерменде біз міскінді қылма,—деді.

Бәдіғұл неше айтса да болмады һеш,
2550 Ұялған пері қызы бір атақ ес.
Көңілі Бәдіғұлдың бір баспады,
Отырып соныменен болыпты кеш.

Ол Мәлике өкпеледі, нала болды,
Ұйықтағыш жастыққа басын қойды.
Жатқан соң аһ ұрып жылап еді,
Мәликенің жастығы жасқа толды.

Ұйықтады ол Мәлике енді жатып,
Талықсып шаршаған соң қалды қатып.
Бәдиғаның көзіне ұйқы келмес,
2560 Жатқаннан соң көңіліне қайғы батып.

Қыз көңіліне ғашықтық оты келді,
Естіген соң қыз іші қайнайды енді.
«Көрнеу барсам ұят-ты ел-жұртымнан,
Оңашалап жігітті көрсем» дейді.

Көзін зорға жұмса да ұйқы келмес,
Ұйқышы жан бітпеген оған теңдес.
«Достым зар боп тұрғанда барсам нетті,
Тілін неге алмадым мен жарымес?»

2570 Ояу жан жоқ, бөрі де ұйықтап қалды,
Бөдіғұлжамал төсегінен тұрып алды.
Дыбысын тірі жанға білдірместен,
Үйіне шаһзаданың жетіп барды.

Бөдіғұлжамал үй жанынан сығалайды,
Ғашық оты ұйықтатпаған құралай-ды.
Қайран боп перизаттың есі кетті,
Көрген соң тамаша етіп туған айды.

2580 Бөдіғұлжамал үй сығалап тұрады енді,
Кеңесін Сейпілмәлік құрады енді.
Мас болып жолдастары жатыр білмей,
Сейпілмәлік сарғайып жылады енді.

— Ей, перизат, Бөдіғым,
Патшалардың тәжісің.
Таза гүлдей назысың,
Біздей ғашық мәжнүннің
Бойындағы жанысың.
Пері бірлә адамның
Ортада туған айысың.
Біздей ғаріп ғашықтың,
Біле алмайсың жайын сен.

2590 Қайғың естен кетер ме,
Зарлық күнім өтер ме?
Көктегі тұрған сен жұлдыз,
Сермесем қолым жетер ме?

- Жапанда зар боп өлермін,
Төнде шырын ғазиз жан,
Жолында құрбан болармын,
Зағыпырандай сарғайып,
Енді қашан көрермін?
Бақ Ирамның гүлістан,
2600 Перілердің сұлтаны,
Затың артық тобысқан.
Ұжмақтағы хорлардай,
Перінің шаһы сен едің.
Бәйшешектей сарғайып,
Саған ғашық мен едім.
Өз елімде тұрғанда,
Қай патшадан кем едім?
- Сен—шаһзада, мен ғаріп,
Ғаріп те болдым сарғайып,
2610 Тәңірі саған қосар ма,
Көзімді жасы жосар ма?
Ғұмырым бойы зар болып,
Жігіт маған ұқсар ма?
- Ғашық дерті ішімде,
Тілсіз жаудың үстінде,
Пәруана боп күйемін,
Зарлай-зарлай жүремін.
Жолында жаным құрбан ғып,
2620 Мехнатпен ғұмыр сүремін.
Назнин көзің сүзіліп,
Жіңішке белің үзіліп,
Халімді менім көрсеңші,
Қасыма менім келсеңші,
Айналайын, Құдайым,
Өзің тілек берсеңші!
- Аһ, дариға, не етейін,
Қай тарапқа кетейін.
Тәңірім рақым қылмаса,
Мұратқа нешік жетейін?

2630 Тәңірім рақым қылар ма?
Ғаріп көңілім тынар ма?
Бейшешектей сарғайдым,
Көңілден қайғы шығар ма?
Көрсетіп қалқам дидарын,
Халімді менің сұрар ма?

Бедіғұлжамал шаһзаданың халін көрді,
Еңіреген ғашықтықпен зарын көрді.
Дидарын шаһзаданың көргеннен соң,
Өтеді ғашық оты жанына енді.

2640 Қасы-көзі, гүл жүзінің көрді бәрін,
Құртты көріп тұра ынтызарын.
Бедіғұлжамал ақылы кетіп биһұш болды,
Көрген соң шаһзаданың нұр дидарын.

Шаһзада үйде жалғыз бек зарланды,
Білмеді шығарда ғашық жарды.
Жата алмай тысқарыға шыққан екен,
Көреді талып жатқан назнин жанды.

Көріпті патша қарап ынтызарын,
Таныды тіктеп қарап ғашық жарын.
2650 Бас салды аһ деп кеп Сейпілмәлік,
Іздеген таптым ба деп назнин жанын.

Шаһзада тізесіне салды басын,
Жүзіне талған қыздың төкті жасын.
Сескеніп, ақыл кіріп жүзін басты,
Наз қылған қарай қойшы тамашасын.

Қыз айтты:—Әй, адамзат, бұ неткен кеп,
Періге адам лайық болмайды еп.
Бірігіп от пен топырақ қона ма екен,
Өзіңді бір жын көрсе өлтірер,—деп.

2660 Шаһзада ол ғашығын танып білді,
Құдайым оңаша жолықтырды.

Пәруана сенің үшін болғанмын деп,
Зар еңіреп халі-жайын мағлұм қылды.

— Ей, Бәдиғым, қарағым,
Ғашық болған жананым.
Мен топырақ, сен отсың,
Шоғыңа күйіп барамын.
Саған ғашық болғанмын,
Бәйшешектей солғанмын.
2670 Сен жалынсың, мен—тозақ,
Жалыныңа қонғанмын.

Суретің тонда көргенмін,
Саған көңіл бергенмін,
Сансыз әскер жан қырып,
Жаһан кезіп зар қылып,
Бір сен үшін келгенмін.
Маған рақым қылмасаң,
Шерлі болып өлгенмін.

Он үш жылдай болдым зар,
2680 Жүрегім жанып қан жылар.
Қайғыңа болдым кіріптар,
Іш-бауырым елжіреп,
Нұрыңа болдым жан құмар.

Тілегім жалғыз өзіңсің,
Көре тұрған көзімсің,
Он үш жылдай еңіреген,
Аузымдағы сөзімсің.

Тыңда мұңлы сөзімді,
Жат көрмеңіз өзімді.
2690 Рақым қылып Құдайым,
Ғұмырым бойы еңіретіп,
Кез келтірді өзіңді.

Бәдіғұлжамал зарлық сөзін естіп білді,
Перизат ай мен күндей жүзі нұрлы.

Балқиды тұла бойы перизаттың,
Сүзіліп қарады да енді күлді.

Ғашығын падишаның білген анық,
О дағы ғашық болған іші жанып.
Екеуі зар жыласып көрістілер,
2700 Мас болып бір-біріне мейірі қанып.

Жылайды махаббатпен уағда қылып,
Ғашығын бір-бірінің әбден біліп.
Қолдарынан ұсынып шәрбат ішті,
Өбісіп, құшақтасып үйге кіріп.

Бөдіғұлжамал шаһзадаға сөз сөйледі:
—Сырымды Мәликеге айтпа,—деді.
Көңіліңіз қалмасын деп келдім сізге,
Достымның білсе қалар көңілі енді.

Шаһзада айтты:—Жүрдім ғой қайғы жеп,
2710 Бөдіғым, айта берсем сөздерім көп.
Достыңа сөзге сынық қылдырмаймын,
Жан достым, енді мені ұмытпа,—деп.

Шаһзада Бөдіғұлды қоя берді,
Бөдіғұл өзі жатқан үйге келді.
Мәликенің қойнына жатып еді,
Мәликке оянды да аһ ұрды енді.

Бөдіғұл айтты:—Жан достым, мейірбаным,
Бір сенің күйгеніне күйді жаным.
Жан достым, әлденеге құса болдың,
2720 Бетіме оттай тиді шыққан демің.

Мәликке айтты: - Көрмедің өзімді енді,
Жерге қарап мүлгіттің көзімді енді.
Бүйтіп тірі жүргенше неге өлмедім,
Патшаға не деп айтам сөзімді енді.
Көңілім біратола қалды, достым,
Көруші ем жаннан артық өзіңді енді.

Бөдіғұлжамал сөз сөйледі Мәликеге,
— Көңілің біратола қалды неге?
Анам білсе не дермін, әй, жан достым,
2730 Беремін не деп жауап білгендерге?

— Анаң білсе ұятын бізге салсаң,
Өлсем де мен көремін маған нансаң.
Арадағы бәдбахт нағылады,
Егер білсе дұшпанның мойнын алсаң.

— Берейін тілегінді, ей, жан достым,
Сынғанша сөзін дұшпан мойны сынсын.
Ондай барша ұятын өзің білсең,
Алып кел, шаһзаданың көңілі тынсын.

Көңіліңді, әй, жан достым, тындырайын,
2740 Көзінше оның халін мен сұрайын.
Егер мені білмесе, танымаса,
Өзі жаман болса, оны нағылайын.

Мәлике шаһзадаға жетіп келді,
«Ғашық болған жарыңа жүрші» деді.
Алтын тәжін оранып жолға шықты,
Келді де Бөдіғұлға көрісті енді.

Ояу жан жоқ, халайық ұйықтап қалды,
Араға жүргізбейді тірі жанды.
Екі күндей сөйлесіп ғашық жармен,
2750 Абхаят ішкендей мейірі қанды.

Отырды екі жанан лағыл дүрдей,
Басқа жан Мәликеден қалды білмей.
Қараңғы үйдің іші болұр жарық,
Бірі хор, бірі пері— ай мен күндей.

Иісті отқа жақты лағыл шамдал,
Мүштәри—Зүһрә жұлдыз екі сандал.
Шаһзада таң атқан соң үйге барды,
Сезбеді нешбір хабар басқа жандар.

Мәлике де хош болып көңілі тынды,
2760 Солардың тамашасын ғалам таңлар*.

Ал енді Бәдіғұлға қайғы түсті,
Қайғысы ғашықтықпен болды күшті.
Айтады Мәликенің анасына:
— Көрдім, — деп, — жан шешеке, мұндай істі.

Шешеке, басым түсті ғашық отқа,
Көңілім раушан еді қайғы жоқта.
Елжіреп іш-бауырым бара жатыр,
Күйеді іші-тысым жанған шоққа.

Емізген емшегіңді бір анамсың,
2770 Ішіме үшбу мүшкіл мейірбансың.
Зарланды нұрлы жүзін жерге қойып,
Шешеке, бұ дертке бір дәрменсің.

Шешесі Бәдіғұлға жылады көп:
— Жүрегім тілдің, балам, уайым жеп.
Көңіліме қайғы салдың, ей, жан балам,
Не жауап ата-анаңа қылайын, — деп.

Анаңа қайтып тура бағармын деп,
Ирамбаққа нешік от жағармын деп.
Анасы ақырында ой ойлайды,
2780 Бір ақыл енді бұған табармын деп.

Анасы айтты: — Жасырсаң жақсы болмас,
Бұ күнде жасырғанмен ақыры оңбас.
Атаңа ептеп-септеп білдірелік,
Ақырда бір жын мұны айтпай қоймас.

Бар еді Ирамбақта үлкен анаң,
Соған айтсақ бітірер бәрін тамам.
Шаһзаданы қосып бір апарайын,
Бәдіғұл да «Жарайды, — деді, — анам».

* Таңлар — таң болады

—Үлкен анаң арызың мақұл білсе,
2790 Жаратқан рақым қылып Құдай исе.
Атаңыз Шаһбал дағы хош көреді,
Егерде үлкен анаң көңілі сүйсе.

Бәдіғұл айтұр:—Не болар менім жайым,
Ішінде қызыл гүлдер толған айым.
Шаһзаданы тапсырдым, енем, сізге,
Есен-аман сақтасын бар Құдайым.
Көрмесем жалғыз сағат тақатым жоқ,
Қайғырып сіз келгенше мен тұрайын.

Шаһарбану Шаһбалдың анасы еді,
2800 Шаһар Самин мекені, панасы еді.
Жасаған Ирамбақты Шаһрух патша,
Самин деген Ирамбақтың арасы еді.

Енесі шаһзаданы алып барды,
Шаһзада тысқарыда тұрып қалды.
Шаһарбану сұрады Бәдіғұлды,
Енесі Шаһарбанға арыз қылды.

Енесі жылап көзінен төкті жасын:
—Қызыл қан қайғы,— деді,—ішкен асым,
2810 Бәдиғыңыз қайғыда деп сөйледі,
Ғашық оты күйдірген ғазиз басын.

Қызыңыз бір адамға ғашық болған,
Сарғайып зағыпырандай төгер жасын.
Ғашық боп қызыңызға іздеп келген,
Мысырдың алып келдім шаһзадасын.

Екеуі қатты ғашық, маған сенсең,
Сипаты түгесілмес айта берсем.
Әй, тақсыр, өз алдыңа алып келдім,
Нұр жүзін көзіңізбен өзің көрсең.

Шаһзаданы Шаһарбанға алып келді,
2820 Иіліп шаһизада сәлем берді.

Көрген соң Шаһарбану мейірі түсіп,
Көрісіп, өз қасынан орын берді.

Шаһарбан шаһзаданың сұрады мұңын,
Не көрген жақсы-жаман өткен күнін.
Пері халқы көрмеген мұндай ерді,
Құрмет көрсетті қайран қалып.

Шаһарбан шаһзаданы көңілі сүйді,
Өзі көріп қызына лайық қылды.
Балама өзім барып айтайын деп,
2830 Анасы Шаһбалға өзі жүрді.

Анасы енесімен қалды кетіп,
Патша жүр Ирамбақты тамаша етіп.
Шаһзада сол арада жалғыз қалды,
Рахат кетті патшаға мехнат жетіп.
Ирамбақты көрген соң қайран қалды,
Дүниеде қызық болмас онан өткен.

*Әлқисса, шаһзаданы диюлар алып ұшып кетіп Шаһбал шаһ
диюлар бірлән соғыс қылғандары*

Рауаилар рауаят қып қиссаны ашар,
Қиссаны өлең қылған мен бір нашар.
Бағана Асут дию өлгенінде,
2840 Ойран боп қалған екен артқы шаһар.

Бір тамға шаһзада онда келіп еді,
Сол жерде Мәликені көріп еді.
Шаһзада Мәликені алып кетіп,
Асут дию бұлардан өліп еді.

Диюлар кезіп жүрген көк пен жерді,
Бір күні шаһарына енді келді.
Асут дию өлгенін енді біліп,
Мәликені жоқтасып зар еңіреді.

Тамам дию шуылдап жыласыпты,
2850 Көзінің жасын төгіп бұласыпты.
Мұны өлтірген адамды табалық деп,
Тамам елді аралап сұрасыпты.

Бір жылы мүлдем іздеп бағады енді,
Көңілін қайғыменен жабады енді.
Бір топ дию аспанменен ұшып жүріп,
Патшаны Ирамбақта табады енді.

Диюлар падишаға сөз сөйледі:
—Сізді еркін танымадық біз де,—деді.
Асут деген диюды һәлак қылып,
2860 Ап келген Мәликені сіз бе?—деді.
«Сағындым тауып әкел жылдам барып»,
Мәлике әмір қылды бізге,—деді.

Жылап отыр барсаң деп алдады енді,
Шаһзада онан хабар алмады енді.
Дұшпанның іш пікірін қайдан білсін,
«Бөдиғым сағынған» деп ойлады енді.

—Айланған төрт фасылға жаз бенен күз,
Кезгені шаһзаданың жапан мен түз.
Сағынса ол Мәликем біз барамыз,
2870 Өлтірген ол диюды пақырың біз.

Пақырың біз деген соң ұшырды енді,
Патшаға қайғы суын ішірді енді.
Асуттың қаны мұны тұтты деді,
Мұхиттан ары апарып түсірді енді.

Асуттың әкесіне алып барды,
Патшаның жүзін көріп қайран қалды.
Өлтіруге қимайды һәм қорқады,
Зынданға шаһзаданы ап келіп салды.

Диюлар бір ақылды құралық деп,
2880 Жасырып аз ғана күн тұралық деп.

Перілердің өлкесін аңдап тұрып,
Сонан соң не қылсақ та қылалық деп.

Зынданға ғаріп патша тағы түсті,
Түңіліп ғазиз жаннан зәресі ұшты.
Аллаға мінәжат қып зар еңіреді,
«Жасаған, кез келтірдің мұндай істі».

Шаһзаданың жылағаны

— Айналайын, Құдайым,
Ішімде толған уайым.
Жарығым болды қараңғы,
2890 Қайғыға түсіп мұндайын.

Көніп ем тағдыр ісіңе,
Фирақ оты ішімде,
Өңімде көрген Бәдиғым,
Кіргендей болды түсіме.
Қиялымда кезгендей
Ирамбақтың ішіне.
Тәңірім жәрдем берер ме,
Көзім жасын көрер ме?
Абхаятқа жақындап,
2900 Қайтадан түстім өлімге.

Күні-түні қылдым зар,
Ғаріпке болмас һешкім жар.
Жанымды аман құтқарсаң,
Рақым Алла, еркің бар.

Бәдиғым менім, жан-жарым,
Өлсем көп-дүр арманым.
Хабар айтар адам жоқ,
Мұнда зарлап қалғаным.

Достым қалды айырылып,
2910 Мәлике жылар қайғырып,
Арманда менім Бәдиғым,

Күнде жылар зар қылып,
 Фазылы ұлық Құдайым,
 Өзің сақта құлыңды,
 Жаратып ең жан қылып.

—Қызыңды ғашық болып төнген,—деді,
 Мәликені ол алып келген,—деді.
 Өлтірген айдаһар мен жолбарысты,
 Асут дию осыдан өлген,—деді.

- 2920 Көргенін шаһзаданың айтты тамам,
 Ғұмырынша көргені нешік жаман.
 Шаһбал көрмесе де көңілі сенді,
 —Ей, ана, қайда,—деді,—осы балаң?

Балаңды кешіктірмей бері алып кел,
 Қойдыңдар неге жалғыз, Пәруардигар.
 Қате қылып қойыпсыз айдалаға,
 Егер көрсе бір дұшпан қастық етер.

- Патшаны ап келгелі қайтып барды,
 Қанша іздеп көп перілер таба алмады.
 2930 «Шаһзада ғайып болды, жоғалды» деп,
 Шаһбалға сол арада хабар барды.

Аһ ұрып Шаһбал айтты:—Шара болмас,
 Бір дұшпан айдалада қылған-ды қас.
 Бәдиғымның шын сүйген жары болса,
 Артынан ол да бір күн тоқтап тұрмас.

Әй, ана, Бәдиғымды уата көр,
 Көңілін һәр сөзбенен жұбата көр.
 Күйеуді өлгенімше іздетейін,
 Іс болды маған қиын, Пәруардигар.

- 2940 Жан-жаққа шапқыншысын таратады,
 Патшаны көп періге қаратады.
 Шаһарбану өкінді, Шаһбал ыза,
 Тамам шерік талқан боп қарасады.

Естілді Бөдіғұлға мына хабар,
Жоғалған патшаны ол қайдан табар.
Бөдіғұл мен Мәлике, Сағит досты,
Баршасы фариад әйлап, афған салар.

Бөдіғұл қылды көксін пара-пара,
—Қарайдым қайғыменен, жүзім қара.
2950 Биһұш боп естен танып қанға батты,
Афған әйлап һәрдайым қылар нала.

Перілер таба алмай жүр жерді жортып,
Өз тонын Сағит жұлар өзі жыртып.
Қызыл қан бастан-аяқ тұла бойы,
Қыз Мәлике өртенді зарлық тұтып.

Үшеуі биһұш болып көп зарланды,
Рабиғұлмәлік дағы оттай жанды.
Екі жұрт қатты көріп қиындықты,
Адам, пері, бәрі де афған салды.

2960 Шаһбалға бұ қызынан хабар барды.
Қиғандай перзент үшін ғазиз жанды.
Шапқыншы күнде неше шаптырады,
Бір жыннан ақырында хабар алды.

Бір жын кеп Шаһбал ханға хабар берді:
—Ауырып жатыр едім,—деді-ау,—енді.
Бір топ дию аспанмен айналдырып,
Ұстап алып кетті,—деп,—жалғыз ерді.

Шаһбал айтты:—Ол Қылзам диюы,—деп,
Шаһзада өліп қалса қиын-ды,—деп.
2970 Қаһарланып шақыртты Шаһбал патша,
Перінің ләшкеріне «жиылың»,—деп.

Бұлттай көк бетінде ләшкер қайнап,
Диюмен соғысуға басын байлап.
Қылзамға Шаһбал хан барып қалды,
Ләшкерін даяр қылып алды сайлап.

Диюлар да шерігін жиып алды,
Даярлап пері, дию бәрін жайлап.

Шаһбал диюларға елші салды:
—Берсін, —деп ұстап алып барған жанды.
2980 Тұралық тату болып дию, пері,
Төкпелік қырылысып қызыл қанды.

Дию айтты:—Ол адам өлді, —деді,
Неше қиын азапты көрді, —деді.
Өлтірдім құны керім болғаннан соң,
Перілер қырылмасын енді, —деді.

Елшісі Шаһбалдың қайтып барды,
Шаһбал хан естіген соң ашуланды.
Қаһарланып ақырды ләшкеріне,
Бү жолдан аяма деп шыбын жанды.

2990 Перілер қар, жаңбырдай құйылады,
Диюлар да соғысқа жиылады.
Екі ләшкер соғысып жаман қатты,
Талай бастар кеудеден қиылады.

Екі жұрт соғыс қылды жаман қатты,
Өлімнің пері, дию дәмін татты.
Қараңғы жердің жүзі тұман болып,
Қызыл қан дарияда судай ақты.

Ұрады күрзіменен қылыш шауып,
Жоғалды талай жындар жерді қауып.
3000 Дария жүзі қып-қызыл өрт боп кетті,
Қашқандары шығады көкке шауып.

Дию, пері белгісіз афған салып,
Қырылды қисабы жоқ қаза тауып.
Екі жұрт та қырылып болды талқан,
Бітіреді талай сауыт, темір, қалқан.

Диюлар жеңілген соң ақыр қашты,
Ақ дария қып-қызыл боп қанмен тасты.
Құдай-а, дүние жүзі неткен қан деп,
Көрген мақұлық бәрі де жаман састы.

- 3010 Перілер жеңгеннен соң қашырды енді.
Бір қабат таудан әрмен асырды енді.
Диюлар қырылса да һеш айтпайды,
Өлгенше падишаны жасырды енді.

Диюдың падишасын ұстап алды,
Мойнына шынжыр-темір арқан салды.
«Иттей қор ғып кескілеп өлтірем,—деп,
Кісімді айтпадың» деп қинауға алды.

- Өз етіңді өзіңе берем,—деді,
Бір сенің азабыңды көрем,—деді.
3020 Дию айтты:—Кісіңді табар едім,
Сүйтсем де, өлемін ғой сенен,—деді.

—Осылай жөніңе түс, өлмен десең,
Көп азап тірлікте көрмен десең.
Мен сені өлтірмеске ант берейін,
Кісімді аман-есен тауып берсең.

Сенеді ант еткен соң дию ғаріп,
Сүңгіді дарияға түсіп барып.
Бір диірмен тасқа байлап салған екен,
Бір сандықпен патшаны шықты алып.

- 3030 Шаһзада жылай-жылай болған екен,
Сары су жүрегіне толған екен.
Қараңғы шах ішінде ойдан жүдеп,
Жанынан үміт үзіп, солған екен.

Шаһзада Шаһбалға тағзым қылды,
Алдында дұға қылып тіке тұрды.
Қуанып Шаһбал хан мейірі түсіп,
Құрметтеп бек мейірбан халін сұрды.

Перілер ғашық болды есі кетіп,
 Күйеуді ақыр тапты сөзге жетіп.
 3040 Тамам пері көтеріп шаһзаданы,
 Түсірді Ирамбаққа құрмет етіп.

Бәдіғұлға сүйінші хабар барды,
 Беруге ол таяныпты ғазиз жанды.
 Бойына ес кіріп перизаттың,
 Қуанып жасын төгіп бек шаттанды.

Сағит пен Мәлике де қуанады,
 Көзінің жасын тыйып уанады.
 Көңілден қайғы кетіп шаһзадалар,
 Нұрланып тал шыбықтай бұралады.

3050 Бәдіғұлжамал қуанды көңілі тынып,
 Уайымы естен кетті ойнап-күліп.
 Бәдіғұлжамал Мәликемен нөкер бірлөн,
 Жиылды Ирамбаққа сейір құрып.

Қосылды шаһзадаға Сағит досы,
 Кез болды ғейіш-ғишрат көңіл хошы.
 Көп шүкірлік қылады екеулері,
 Құданың ғанибеті деді-ау осы.

Әлқисса, Шаһбал шаһ қызына тойлар еткені

Рауаят қылды рауаи жақсы дастан,
 Ұстаған Сейіт қалам әуел бастан.
 3060 Тыңдаңыз қосылғанын тамаша етіп,
 Бәдіғұл—Сейпілмәлік екі жастан.

Құрыпты Шаһбал патша алтын тақты,
 Жасады безендіріп Ирамбақты.
 Жайдырып атлас, харир көшесіне,
 Орнатып көшік сарай гауһар жапты.

Пенденің жетер емес ақыл-ойы,
 Безентіп бейне ұжмақтай лағыл жақты.

Түрленген тоқсан түрлі шатыр тігіп,
Отыртып шаһзадаға құрды тақты.

3070 Жияды енді тойға рулы елді,
Сарандил еліменен бәрі келді.
Гауһармен тұла бойын безендіріп,
Ап келді қыз Бәдіғұл бұраң белді.

Сөйлесе сөзі сахих тоты кепті,
Асылзат арғы атасы сұңқар текті.
Шаһарбану:—Той қылам,—деді,—өзім,
Шаһзада өзі менім балам,—депті.

Түзетіп Шаһарбану қылды тойды,
Ап келіп неше түрлі малдар сойды.
3080 Шатырда алтын тақыт, атлас көрпе,
Ойыншы шаһзадаға ап кеп қойды.

Ғажайып шаһзаданың өздерінде,
Сүрмесі Сүлейменнің көздерінде.
Тамам пері көзіне көрінеді,
Құлақ салып тұрады сөздеріне.
Жүзік бірлән сүрменің құрметінен,
Тамам пері құл болды өздеріне.

Патша айтты:—Міне, Сағит, меһірбандық,
Көріс деп көп періге қылды жарлық.
3090 Сағитке көрістілер пері жұрты,
Еркінше бастарына тиді хандық.

Перілер тамаша етіп көп ойнайды,
Көрген жан қызығына һеш тоймайды.
Жиылды көп перізат, күллі адамдар,
Жаһанда ондай қызық һеш болмайды.

Рабиғұлмәлік барды еліменен,
Көшкендей болды бәрі жеріменен.
Неше күн Ирамбақта араласып,
Адамдар сайран салды періменен.

3100 Шаһбал тамашалы қылды тойын,
Жаңылды адам-пері ақыл-ойын.
Құтпа оқып, ғашықтарға неках қиып,
Қосылды екі ғашық жылы қойын.

Тапсырды Бәдіғұлды алып келіп,
Шаһзада толықсыпты жүзін көріп.
Балқыған сары майға қорғасындай,
Көңілі екеуінің кетті еріп.
Сұңқардай үйрек ілген домалатты,
Тілегін шаһзаданың Құдай беріп.

3110 Қосылып екі ғашық көңілі тынды,
Ұялып фәлак жұлдыз мойнын сұнды.
Шат болып достары ойынына,
Дұшпандар көре алмаған іші күйді.

Бәдіғұлжамал нұры толып көңілі ашылды,
Қайғысы шаһзаданың һәм басылды.
Кілтін қазынаның ашқандай-ақ,
Қызыл қан лағыл диуан дүр шашылды.

Дүниенің қызығы бар, міне, осындай,
Жалғанда кім кетеді бір тосылмай.
3120 Жеткізгіл һәр пендені мұратына
Бұлардың құрметіне, Патша Құдай.

Қылғаны шаһзадалар күнде сауық,
Қосылды біреуімен теңін тауып.
Жаһанда ғашық, мұңлы бейшаралар,
Болсайшы бәрі сондай заман ауып.

Шаһзада хүкім қылды көңілі тасып,
Бір күнде ғаріп болды жүндей жасып.
Ойлайды достының енді қамын,
Жеткен соң мұратына патша ғашық.

3130 Шаһзада Шаһбалменен қылды ақыл:
— Бұл сөзім, падишаһым, болса мақұл,

Сағитке Мәликені алып берсек,
Шат болар қайғы кетіп біз мүсәпір.

Шаһбал шаһ мына сөзді қабыл алды,
Рабиғұлмәлік ханға елші салды.
— Достылар бір-бірінен айрылғанда,
Неше жыл көрген, — деді, — қайғы-зарды.

Бөдіғұлжамал Мәликемен сырлас еді,
Жасынан емшек емген құрдас еді.
3140 Екі дост бір жерде болса не етер,
Бұ дүние бір орнында тұрмас, — деді.

Бұлайша Сарандилге жаушы барды,
Бұ сөзді Рабиғ патша қабыл алды.
«Сағитке Мәликемді беремін» деп,
Атырапқа той қылуға кісі салды.

Інісі о да келді Тәжілмәлік,
Шаһбал шаһ және келді Сейіпilmәлік.
Той қылды адам, пері неше күндей,
Қойылған неше алуан шатыр тігіп.
3150 Той қылды тамашалы неше күндей,
Бөрі мас, адам, пері есін білмей.
Мұратқа ақырында жетті Сағит,
Қосқан соң бір сұлуды ай мен күндей.

Екеуін неках оқып енді қосты,
Мәлике Сағит бірлән екі досты.
Бұзылып жақұт сандық Мәликенің,
Шашқандай лағыл-маржан қаны жосты.

Ашылды қонақтарға қызыл гүлі,
Қылғаны ғейіш-ғишрат күндіз-түні.
3160 Кез болды шаһзада мен достысына
Бағы Ирам мен Сарандил қос бұлбұлы.

Ақыры мұратына жеткен жері,
 Ойынан қайғы-қасірет кеткен жері.
 Той қылып пері, адамдар Ирамбақта,
 Гауһарды, лағыл, жақұт төккен жері.

Шаһзада көп жыл тұрды Ирамбақта,
 Тұрады Сарандилде кейбір уақта.
 Сағынып ата-анасын аһ ұрады,
 Тұрса да патша болып алтын тақта.

- 3170 Бәдиғ айтты:—Қарағым, шаһизадам,
 Бұ түрлі аһ ұрасың қатты жаман.
 Сіз үшін аһ ұрғанда күйді жаным,
 Көңіліңде не қайғы бар, айтшы маған?

Шаһзада айтты:—Шүкірлік, сені таптым,
 Кең екен құдіреті Жаппар Хақтың.
 Ата-анам, елі-жұртым еске түсті,
 Тұрсам да қызығында Ирамбақтың.

- 3180 Шаһбалға мына сөзден хабар барды,
 Шаһбал шаһзаданы шақырып алды.
 —Сағынсаң ел-жұртыңды бердім рұқсат,
 Енді барып көр,—деді,—ата-анаңды.

Бәдіғұлжамалға насихат қылды сөзін,
 —Шаһзадаға құрбан бол,—деді,—өзің.
 Ирамбақ шаһзадасыз тікен болар,
 Ойыңа алмай бара көр, әй, жан қызым.

Бәдиғ айтты:—Патшамен мен боламын,
 Кеткенменен мен неден кем боламын.
 Қалмаймын шаһзадамнан қайда барса,
 Онан қалып мен мұнда кім боламын.

- 3190 Бұ сөзбен жүрмек болып даярланды,
 Үстіне алтын тақтың жасау салды.
 Ләшкербасы бір жынды басшы қылып,
 Неше сұлу қыз-кәнизак қыздар алды.

Көп қылып ләшкер алды перілерден,
Атасы Мәлікенің дағы келген.
Алтын тақтың үстіне падишалар,
Бұларға неше сарай жасап берген.

3200 Қисабы жоқ берділер алтын-күміс,
Ақыры талап еткен мұндай бір іс.
Ел-жұрты қойдай шулап амандасып,
Мысырға шаһзадалар қылды жүріс.

Хайласы жын-перілер сондай күшті,
Тақытымен патшаларды алып ұшты.
Жауһар мен алтын-күміс, қанша ғауһар,
Мысырға кешікпей-ақ келіп түсті.

Бір тақыт аспан-көктен келіп қонды,
Ғажайып Мысыр елі қайран болды.
«Япыр-ау, бұ не деген нәрсе екен?» деп,
Бүлініп халайық та ғауға тұтты.

3210 Патшаға осылайша хабар барды,
Халайық тамаша етіп қайран қалды.
«Бұ нағылған жан екен, біліп кел» деп,
Сол жерде шаһ Қасым елші салды.

Патшадан шаһ Қасым елші келді,
Келді де шаһзаданың жүзін көрді.
Тани салып жаяулап, жүгіріп кеп
Зар жылап шаһзадаға көрісті енді.

3220 Шаһзада айтты:— Аман ба, ата-анам,
Қараған төрт жүз шаһар барша тамам.
Елші айтты:— Саламаттық баршалары,
Қайғырып сіздің үшін болған жаман.

Аттанып елші сонда қайта шапты,
«Жалғызың келіпті, — деп, — асылзатты».
Жүгірді естіген соң хан мен ханым,
Астында тастай беріп алтын тақты.

Падиша жылай-жылай болған екен,
Сары су жүрегіне толған екен.
Биһүш боп қуанғаннан есі кетті,
Сарғайып һәм қартайып солған екен.

3230 Зар еңіреп шаһ Қасым жүгіріп келді,
Жаяулап баласы да жүгірді енді.
Ата-ана баласымен құшақтасып,
Егіліп бейшаралар зар еңіреді.

Көрген соң ата-анасы зар еңіреді,
Сабырсыз қарар қылмай бала еңіреді.
Мысырда неше түрлі адамдар жоқ,
Бұлардың зарлығына бөрі еңіреді.

Сағит те һәм көрісіп жылады зар,
Халайық афған әйлап болады дал.
3240 Көрісіп кезек-кезек адам, пері,
Қуанып Мысыр аһлы жыладылар.

Қуанып Мысыр елі тойын қылды,
Неше күндей тамаша ойын қылды.
Перісін Ирамбақтың бек сыйлайды,
Құрметтеп Мәлике мен Бәдіғұлды.

Қуанар Бәдіғұлжамалға ата-анасы,
Жеткен соң мұратына шаһзадасы.
Қуанып елі-жұрты тойлар етті,
Мәлике, Бәдиғ үшін көрі-жасы.

3250 Нұрларын екеуінің тамаша етер,
Көргендер дидарына есі кетер.
Тумаған бұ ғаламдан сұлулығы,
Саф гауһар сүйектері, тілі шекер.

Көңілі шаһзаданың енді толды,
Тақ мініп адамзатқа патша болды.
Бәріне төрт жүз шаһар хүкім жайып,
Көрсетті жеті ықылымға түзік жолды.

- Шаһзада пері, адамға хүкім қылар,
Кей уақыт Ирамбаққа барып тұрар.
3260 Мәликенің атасы Сарандилге,
Кей күні анда барып сейір құрар.

Кей уақыт өз жұртында болушы еді,
Кей заман Ирамбаққа қонушы еді.
Өзі пері жұртына кеткенінде,
Сағитты өз орнына қоюшы еді.

Осындай хүкімі жетті тамам елге,
Перілер ұшырады талай жерге.
Ақыры мұратына өстіп жетті,
Болса да бұрын ғашық соққан желге.

- 3270 Һәр істің Алла білүр асыл сырын,
Шыққан жоқ қисса болып мұнан бұрын.
Сұлтанды жаһан кезген қылдым кеңес,
Олардың рухтарына дұға қылың.

Ғашықтар мұратына жеткеннен соң,
Дәулетке шаттық қонып мен де толдым.
Жазсаң деп талап еткен Махмұди хан,
Иншалла, тамам қылып мен де болдым.

- Құдайым бізді сондай етер ме екен,
Ғам-қайғы ойымыздан кетер ме екен?!
3280 Мұратқа шаһзадалар жеткен екен,
Жазған кісі мұратқа жетер ме екен?!


Жаздырған Махмұди хан талап етіп,
Ағалар, айып етпе хараб етіп.
«Жәдігер қалсын, — деді, — сіз бен бізден,
Бү дүние кетеді әлі-ақ өтіп».

Сұлтандар жаһан кезген арып-азып,
Кеңес қылған бола ма менде жазық.
Бұруға пәрманыңыз бізге айып,
Өміріңізше қиссаны болдым жазып.

3290 Асылзада Махмұди сенің атың,
Артылған һәр пендеден салтанатың.
Бар шығар арасында қаталары,
Қатасын айып етпе, асылзатым.


Асылзада Махмұди хан сен емес пе,
Патшамен ғазиз басың тең емес пе?!
Кісі жоқ қадірін білер демесеңіз,
Бұлбұлың қаламдағы мен емес пе?!

Жазылып бітті, Хаққа шүкір, есен-аман,
Мың үш жүз жиырма екіде болды тамам.
Бұл пақырға дұға қылың, оқығандар,
3301 Тартылсын жүре бермей енді қалам.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

БОЗЖІГІТ

«Бозжігіт» ел арасында кең таралған, ерте замандардан бері танымал жырлардың қатарына жатады.

Соңғы уақыттарға дейін бұл дастан өзге халықтар әдебиетінен ауысқан сюжетке, яғни шығыс хикаяларының желісіне құрылған деп саналып, сол іспеттес шығармалар құрамында зерттеліп, жарияланды. Сонымен бірге 1990 жылы жарияланған романдық (ғашықтық) дастандарға арналған монографиялық еңбекте¹ бұл шығарма фольклорлық сюжетке негізделген халқымыздың төл шығармасы ретінде жүйеленіп, зерттелді.

Біздің пайымдауымызша, «Бозжігіт» дастанына Дешті Қыпшақтың иен даласында өмірде нақты болған оқиғалар ізімен айтылған аңыз, әңгімелер арқау болған. Оқиғаның бір-біріне тең екі қаһарманы Бозжігіт пен Қарашаштың мөлдір махаббаты, оның трагедиялық аяқталуы, екі жастың сезімдерінің пәктігі мен ғажайыптығы осы тарихты білген, көрген, естігендерге өте әсерлі болғанға ұқсайды. Уақыт өте екі жастың махаббаты, оқиғаның кейбір эпизод, детальдары ұмытылса да, олардың махаббат өлеңдері, монолог, диалогтары кейінгі ұрпаққа жеткен. Сондай-ақ екі ғашықтың және олардың айналасындағы дос, дұшпандарының түрлі жағдайларда айтқан көрісу, амандасу, қоштасу, жар-жар өлеңдері мен екі жас қаза болғанда айтылған естірту, көңіл айту, жоқтаулардың баға жетпес үлгілері халық жадында сақталған.

¹ Азибаева Б. Казахские народные романические дастаны. — Алматы: Ғылым, 1990.

Өлең жырларды есімі белгісіз фольклор жинаушысы, сөз өнерін бағалаушылардың бірі жинақтап, айтылған күйінде, өзгертусіз, сондай-ақ болған оқиғаның мазмұнын, оған қатысқан адамдардың іс-әрекеттерін баяндайтын проза үлгісіндегі үзінділерді де жинақтап, яғни қарасөз бен өлең араласқан мәтінді кітап етіп құрастырып, XIX ғасырдың бірінші жартысында араб әрпінде жарыққа шығарған.

Бұл кітап бізде жоқ. Бірақ 1870 жылы В.В.Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты көптомдық еңбегінің үшінші томында жарияланған «Бозжігіт» дастаны 1842 жылы кітаптың негізінде әзірленгені анық.

В.В.Радлов жариялаған нұсқаның көлемі—2894 жол. Алғашқы 90 жолында Аллаға мадақ, пайғамбарымыз Мұхаммедке [с.а.с.]* салауат айтылады. Одан кейін қарасөз берілген:

«Омбы шәріне барғанда «Бозжігіт» кітапты бірқатар көріп едім. Бұл кітап жақсы жазылған еді, жыры көп жоқ екен, сөзі мұңды екен. Жігіттің аты *Бозжігіт* екен, қыздың аты *Қарашаш* екен. Бозжігіттің досының аты белгісіз екен. Беркмін деп жазып едік. Және шәрдің аты жоқ еді. Бұл кітап жазарға бізге қиын болды. Өзіміздің көңліміз қайғылы күнде бұл «Бозжігіт» кітапты мың сегіз жүз қырық екінші жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қисса деп жаздық, сөзін жазып жырлап едік, шәкірттеріміз «Бозжігіт» кітапты бәрін әніменен жазылсын деген себепті бәрі сөзін әніменен жаздық. Біздің мұңды адамдардың көңлі ашылсын деп кітапты әніменен жазбаққа рұқсат бар».

Келтірілген үзіндіден және мәтінді текстологиялық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды: 1) нұсқаны В.В.Радлов жинағына дайындаған жыршы-ақын жоғарыда айтылған бұрынырақ, яғни 1842 жылға дейін араб әрпінде басылып шыққан мәтінді, дәлірек айтқанда, ондағы өлең жолдарын кирилл әрпіне көшірген, ал қара сөзбен берілген жерлерін өлеңге айналдырған, сондықтан «сөзін жазып, жырлап едік» дейді; 2) нұсқада жігіттің де, қыздың да есімдері таза қазақи: Бозжігіт, Қарашаш; 3) қыздың да, жігіттің де

* С.а.с.—салла Аллаһу алейһи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке—деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

патшалығы, қаласының аты аталмайды, тек қыз өзі туралы хабар бергенде бір рет «Шәр-бұстан Рұмнан Бізді іздесең, табарсың» дейді (бұстан—бақ, бақша). Бірақ бұл жерде Рұм қыз тұратын мемлекеттің атауы емес, ол—поэтикалық образ, себебі шығыс әдебиеті мен фольклорында, сондай-ақ қазақ дастандарында да Сарандип, Ирамбақ, Мысыр, Рұм сияқты атаулар алыстағы ғажайып мекеннің символы ретінде қолданылатыны белгілі; 4) бұл мәтінде көптеген түсініксіз, орынсыз қолданылған, мағынасы көмескі сөз, сөз тіркестері кездеседі. Оның екі себебі болуы мүмкін: а) араб әрпіндегі түпнұсқаны 1842 жылы кириллицаға көшірген жыршы біраз сөздерді дұрыс түсінбеген, танымаған; ә) біраз қателер жариялаушыдан, баспадан кеткен.

1869 жылы Қазан қаласында «Бозжігіттің» тағы бір нұсқасы жарық көрді. Ол араб әрпінде басылып шықты. Бұл мәтін 1874, 1878, 1881, 1889, 1890, 1893, 1896, 1903, 1906 жылдары қайтадан еш өзгеріссіз басылып отырды (переиздания). Дастанның осы басылымдары туралы А.Бобровников те, Н.Сәбитов те көрсеткіштерінде мәлімет берген². 1869, 1874-жылғы басылымдардың кейбір беттері жыртылып тозғандықтан, біз 1881 жылғы мәтінмен жұмыс істедік.

Бұл мәтінде қарасөз бен өлең аралас. Кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары, тұрмыс-салт өлеңдері Радлов нұсқасымен бірдей. Ал оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, қимылдарын баяндайтын үзінділер қарасөзбен берілген. Нұсқаның тілі—қазақша, сонымен бірге ортағасырлық түркі тілінің элементтері көп кездеседі және татар тілінің әсері айтарлықтай, ал сюжеті мен мазмұны Радлов нұсқасымен бірдей, дегенмен айырмашылықтар жоқ емес, олар: 1) мұнда қыздың аты Ханузе, әкесінің аты Таһмас. Ол Малатия шаһарының ханы. Жігіттің аты—Бозжігіт. Тұратын мекені Бағдат шаһары делінеді. Радлов нұсқасында да жігіттің аты—Бозжігіт, ал қыздың аты—Қарашаш, бірақ олардың тұрағының аты, ата-анасының есімі жайында ештеңе айтылмайды; 2) 1881-жылғы

² Опись к книгам и рукописям, хранящимся в архиве Императорского Казанского Университета на арабском, персидском, турецком, татарском, киргизском, джагатайском и монгольском языках. Сост. архивариусом А.А.Бобровниковым под руководством Н.Ф.Катанова. —Казань: Типография Императорского Университета, 1840.—С.30; Н.Сәбитов. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші.—Алматы, 1948.—36-б.

мәтінде Бозжігіттің қызды іздеп шыққан сапары кең көлемде жырланады: Бозжігіт серіктерімен маймұндар тұтқынында үш жыл болады. Қашып шығып, Балхун шаһарына келеді. Қуып келген маймұндар оларды қайтадан ұстап алады. Бозжігіттер маймұндар патшасы адам екенін көреді. Ол Бозжігітке өз орнына патша болуды ұсынады. Тақтан бас тартқан Бозжігітті аяп, оны серіктерімен зынданға салдырмайды. Олар тағы үш жыл тұтқында болып, әрең дегенде қашып құтылады. Ал Радлов нұсқасында мұндай тәптіштеп баяндау жоқ. Бозжігіт жолдастарымен маймұндар тұтқынынан үш жылдан соң қашып шығады делінеді. Маймұндар мемлекетінің сипаттамасы да жоқ; 3) Радлов нұсқасында Бозжігіттің жан досының аты аталмаған, 1881-жылғы нұсқада оның есімі—Каман. Радлов нұсқасы бойынша, Бозжігіттің досы сатқын кемпірдің басын кеседі де итке тастайды. Яғни бұл жерде ол Бозжігіттің кегін қайтарушы, оны қорғаушы болып көрінеді. Тіпті Бозжігіттің өлер алдындағы соңғы тілегін де орындаушы сол. Ол досының әке-шешесіне келіп, ұлдарының опат болғанын естіртеді. Осыменен оның ролі шектеледі.

Ал 1881 жылғы нұсқада Бозжігіттің жан досы Каман у беруші кемпірді өлтірмейді. Оның есесіне ол Бозжігіт досының тілегі бойынша, оның қаза болғанын ата-анасына естіртеді де, өзі Алла Тағаладан қабірдің ашылуын тілеп, досы Бозжігіт өлген соң «өмірдің мен үшін қызығы жоқ» деп, өзін ажалға қияды. Оның бұл қылығы бізді таңдандырмайды, себебі досы үшін жанын қию дастан поэтикасына сай келеді.

Көріп отырғанымыздай, 1881 жылы баспа бетін көрген нұсқаны жинап, редакциялап баспаға әзірлеген жинаушы (жариялаушы) сюжеті қазақ өмірінен алынып жырланған шығарманы шығыс дастандарына жақындату мақсатымен мазмұнына жоғарыда көрсетілген өзгерістерді енгізген. Бірақ өлең үлгілерін өзгертпеген, сол күйінде қалдырған.

1911 жылы дастанның тағы бір нұсқасы жарық көреді. Оны «Қисса Бозжігіт» деген атпен жариялаған Ақылбек Сабалұлы. Кітаптың титул беттерінде «ноғайшадан өлең етіп жырлаған Ақылбек Сабалұлы» делінген. Осы жазуға байланысты туған сұрақтарға жауап беру мақсатымен біз бұл нұсқаны 1881 жылғы нұсқамен салыстырдық. Жүргізілген текстологиялық салыстырулардан бір-екі мысал:

Шаһар—елге юруга
Алла өмірі бар болса,
Дидарынизні көргенше,
-----*

-----*
Ләйлі менен Мәжнүңдей
Сабыр қылсаң керек-ті.

Шаһар- елге жүруге.
Алла өмірі бар болса,
Дидарыңызды көруге.
Біз еліңе барғанша,
Дидарыңызды көргенше,
Ләйлі менен Мәжнүңдей
Сабыр қылсаң керек-ті.

Тағы бір мысал:

Бозжігіт, 1881.—5-б.

Атқа мініп шықсаң сен,
Айтқан сөзні ұқсаң сен.
Мені қабыл көрсең сен,
Түнде қосқан Алламыз
Күндіз бізні құшмай ма?
Дүнья бізден ұтмай ма?
-----*

Тез ізлесен керек-ті.

Қисса Бозжігіт, 1911.—9-б.

Атқа мініп шықсаң сен,
Айтқан сөзімді ұқсаң сен,
Мені қабыл көрсең сен,
Түсте қосқан Алламыз,
Күндіз бізді қоспай ма?
Дүние бізден өтпей ме?
Тағдыр ажал жетпей ме?

Тез іздесең керек-ті.

Екі нұсқаны салыстырып зерттеу нәтижесінде анықталғаны: Ақылбек Сабалұлы 1881 жылғы мәтінде қарасөзбен айтылған үзінділерді өлеңге айналдырған; шығарманың мазмұны мен құрылысына, оқиға желісіне, кейіпкер образдарына еш өзгеріс енгізбеген; өз тарапынан қосқан жаңалық та байқалмады. Ең маңыздысы: Ақылбек Сабалұлы кейіпкерлердің лирикалық толғаулары мен диалогтарын, тұрмыс-салт өлеңдерін еш өзгертпеген. Тек кей жолдардың орнын ауыстырып, я өзгертіп бергенін байқауға болады. Мысалы, 1881-жылғы нұсқаның 6-бетіндегі 11-жол «Кетпес қайғы түскен-дүр» деп айтылса, Ақылбек оны: «Кетпес қайғы түсті ғой» деп берген, яғни көне түркі «дүр» формасын «ғой» шылауымен ауыстырған т.б.

Айтатын тағы бір жайт: Ақылбек Сабалұлы «Қисса Бозжігіт» мәтінін баспаға әзірлегенде бұрынғы басылымдардағы біраз өлең жолдарын түсінбей, дұрыс танымай қисынсыз қысқартып, я сөздерін өзгертіп жариялаған.

* Бұл жолдар мәтінде түсіп қалған.

Сонымен, ұзақ уақыт бойы халық жадында сақталып келген «Бозжігіт» жыры XIX ғасырда жарық көрген басылымдары³ арқылы бізге жетіп отыр. Дастанның сюжеті өзгермеген, кейіпкерлердің лирикалық монологтары мен диалогтары, жиі кездесетін тұрмыс салт (амандасу, қоштасу, көрісу, естірту, жоқтау, көңіл айту) өлеңдердің үлгілері алғашқы формаларында сақталған.

Осы орайда ұлы М.О.Әуезовтың қазақ батырлық жырларының арғы тегі ретінде қоштасу, естірту, жоқтау секілді тұрмыс-салт өлеңдерін көрсеткенін еске түсіріп, «Бозжігіт» жырының ұзақ уақыт бойы халық жадында сақталып, бізге жетуінде аталған жанрлардың ролі ерекше болғанын атап айтқан жөн.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келіп, «Бабалар сөзі» сериясының 17-томына В.В.Радлов жариялаған нұсқаны (1870) беруді жөн көрдік.

Дастан мазмұнын екі ғашықтың махаббаты, қайғылы тағдыры құрайды. Олар бір-бірін түсінде көріп ғашық болады. Бір жылдан соң жігіт сұлу қызды іздеуге шығады. Көп қиындық көріп, қызбен қауышады. Бірақ қыздың әкесі оған қарсы. Ол айла тауып Бозжігітті мерт етеді. Ғашықтық күйігіне шыдай алмаған Қарашаш ғашығының басына бейіт орнатып, өзіне-өзі пышақ салып өледі.

Енді шығарма сюжетінің кейбір мотив, сарындарына назар аударайық. Қазақ жырларының басым көпшілігінде кеңінен суреттелетін перзентсіздік зары, әулие, әнбиелерге жалбарынып бала сұрау, әулиелердің басына түнеу, болашақ қаһарманның анасының жерік болуы, баланың ғажайып тууы, балаға ат қою, төрт тарапқа хабар беріп үлкен той жасау т.б. мотивтер мұнда кездеспейді. Дегенмен Бозжігіт ханның жалғызы екендігі бірден айтылады: «Заманнан көп замандар өтті дейді, Бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді», «Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық, Сауын айтып той қылды елге жайып». Демек, перзентсіздік мотиві мұнда бір-екі ауыз сөзбен қайырылған.

³ Аталған жарияланымдармен қатар, дастан «Дала уәлаяты газеті» [1900, 1901] мен «Тургайская газета» [1901] бетінде жарияланған. 1901 жылы А.Васильев жырды орыс, қазақ тілдерінде жеке кітап етіп шығарған. Бұлардың мазмұны Қазан қаласында 1869-жылдан бастап бірнеше мәрте жарияланған нұсқамен бірдей.

Бозжігіт Қобыланды, Алпамыс, Қозы Көрпештердей алып, асқан батыр тұлғасында суреттелмейді, ол «Қолына Құран менен кітап ұстап, Барады молдасына бір күн қалмай» және оның «Басында алтын айдар тұлымы бар» делінеді.

Демек, Бозжігіт Аллаға жалбарынып сұрап алған, ерекше жағдайда туылған бала болмаса да, ол өзінің ерлігімен, алған мақсатынан қайтпайтындығымен, ажарымен, әдептілік, білімділік, инабаттылығымен, басқаша айтқанда, бүкіл ішкі және сыртқы болмысымен басқалардан өзгешеленіп тұрады, «Оның жүзін көргендер таңға қалады», оның бойынан болашақ кейіпкердің, ғашықтық дастанның бас қаһарманының сипаттарын анық көруге болады. Бозжігіт—ғашық жігіттің идеалды типі.

Бозжігіт «Бір түнде ұйықтап түс көреді, Алдында сұлу жақсы қыз көреді» де оған ғашық болады. Ғашықтықтан бір жыл дертті болады. Зағыпырандай сарғайып, зарланады. Содан соң қызды іздеп алыс сапарға шығады. Кейіпкер көрген киелі түс оның ұзақ, қатерлі сапарға шығуына бірден-бір себеп болады, яғни сюжеттік байланыс қызметін атқарады. Ғалымдардың [Е.Ә.Бертельс, Ю.Борщевский, В.М.Жирмунский т.б.] айтуы бойынша, сырттай ғашық болу мотиві, әсіресе, ғажайып түс мотиві парсы дастандарына тән. Біздің байқауымызша, ол қазақ фольклорында да жиі кездеседі. Мысалы, Төлеген Қыз Жібекті көрмей, оның ауызша айтылған портретіне ғашық болады, Бозаман елінде өзіне лайық сұлу таба алмай, қалмақ қызы Ақбілектің айдай сұлу екенін табыншылардан естіп, соған ғашық болып, кідірмей іздеуге шығады («Бозаман» дастаны), Жаскелең Қоңырша сұлуды түсінде көреді («Жаскелең» дастаны), Құбығұл да жарын түсінде көріп махаббат отына өртенеді («Құбығұл» дастаны) т.б. Бұл сарын ертегілерде де кездеседі. Демек, ғажайып түс мотиві, жалпы сырттай ғашық болу мотиві қазақ фольклорына да тән екенін аңғару қиын емес.

Бозжігіт қызды іздеп тауып, оған қосылу мақсатымен жолға шығады. Батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары көне эпос пен батырлық жырларда сюжеттің үлкен бөлігін құрайтыны белгілі. Ал дәстүрлі ғашықтық эпос пен ғашықтық дастандарда бас қаһарманның ғашықтық жолмен үйленуі негізгі сюжет екені белгілі. Дәстүрлі эпикалық жырларда бас кейіпкер көбіне ата-анасы баталасып, құда түсіп, айттырған жарын

іздесе, романдық дастандарда жігіт өзі тапқан, өзі таңдаған, өзі сүйген қызды іздейді. Онымен қосылуды армандайды, көптеген жағдайда сол үшін құрбан болады. Талқыланып отырған шығармада екі жастың махаббаты, ыстық та нәзік, жарқын сезімдері, бір-біріне деген адалдығы олардың әрбір қимыл-әрекеттерінен, лирикалық ғазалдарынан айқын сезіледі және сюжеттің алып тастауға болмайтын элементі ретінде қабылданады.

Екі жастың кездесуі де өте әдемі берілген. Қарашаштың нөкер қыздары жар-жар айтып, табақ-табақ гауһар шашады. Бірақ олардың қуаныштары ұзаққа бармайды. Себебі ғашықтық дастандардың даму заңдылықтарына сәйкес сатқын пайда болады. Сатқын ролінде құл, күң, ақшаға қызыққан кемпір, қарауыл т.б. болуы мүмкін. Мұнда ханның күңі бәрін көріп-естіп ханға хабарлайды. Хан ашуланып «Бозжігітті өлтірсін» деп жарлық қылады.

Бозжігіт Қозы, Төлеген сияқты сан алуан қиындықтарды жеңіп жарымен кездескенде, оның алдынан тағы бір қиындық тап болады, ол—Қарашаштың әкесінің қаталдығы, мейірімсіздігі. Әкесі қызының таңдауына қарсы шығады. Ол қызын Зейтун деген көршілес ханның баласына беруге уағдаласқан екен. Осы қарама-қарсылықта Бозжігіт жеңіледі. «Қозы алдында тұрған төртінші бөгет—Қарабайдың опасыздығы, Қодардың жауыздығы еді. Шөже жырында осы жауыздық Қозының түбіне жетеді»⁴ дейді М.О.Әуезов. Осы сөздер тура Бозжігітке байланысты айтылған сияқты. Ал Жанақ нұсқасындағы Сасан бидің Қозы Көрпешті өгірік тойға шақырып алып өлтірмек болғанын баяндайтын эпизод «Бозжігітте» сол қалпында қайталанады. Бірақ Бозжігіт те Қозыдай өзін дұшпандарына ұстатпайды. Олар сатқын кемпірге көп ақша беріп, Бозжігітке у бергізеді. Сонда ғана әлсіреп қалған жігітті қолдарына түсіреді де, басын алу мақсатымен базарға әкеледі. Бірақ олардың қылыштары өтпейді. Бозжігіт «Кеудемді ешкім менің үзбес деймін, Өз қылышым болмаса өтпес деймін», ... «Табанымның астында алмас қылыш, Алып шабың, жанымды қинамаңыз» деп, өзінің «алты бүктеп салған алмас қылышын» ұсынады. Бұл—«отқа салса жанбау, суға салса батпау» мотивінің, яғни

⁴ Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары.—Алматы, 1959.—280-б.

байырғы дәуірлерде пайда болған магиялық зақым келмейтіндік мотивінің сілемі.

Эпикалық санаға тән мотивтердің тағы бірі—Бозжігіт досының сатқын кемпірді өлтіруі. Эпос шарты бойынша, зұлымдық қолма-қол жазалануға тиіс. Мәселен, «Қозы-Көрпеш—Баян сұлу» жырында Қозыны өлтірген Қодарды Баянның өзі жазалайды, ал «Қыз Жібекте» Бекежан зұлымды Жібектің ағалары өлтіріп, Сансызбай Қоренді жайратады. Бұндай дәстүрлі рөл «Бозжігіт» дастанында бас кейіпкердің досына жүктелген. Демек, талқыланып отырған шығармада бас кейіпкер досының мінез-құлқы мен әрекеті эпикалық заңдылықтарға және дәстүрлі этикаға сай тұлғаланған.

Жоғарыда айтылғандардан «Бозжігіт» дастаны «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырына ұқсас, сарындас екенін аңғару қиын емес. Қарашаш пен Баян образдарын салыстырғанда бұл пікір дәлелдене түседі. Екі шығарма да «қыз кейіпкерлердің» өзін-өзі ғашықтық жолында құрбан етуімен аяқталады.

М.О.Әуезов Баян сұлу туралы былай дейді: «Баян—ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұққызбайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі»⁵. Осы мінездемені Қарашашқа да беруге болады. Баян сұлу мен Қарашаштың қара ниетті, қатал әкелеріне берген жауаптары да бір типтес. Қарашаш әкесіне:

Бізден соңғы қызыңды
Қысыр қалған биедей,
Елден-елді аралап,
Елден жақсы көрінсе
Оған оны берерсің,—дейді (1883-1887 жолдар).

Ал Баян «әкесінің жауыздығын, өз өмірін азапқа салғандығын көпшілікке әшкерелеп, әкесінің опасыздығының бетін ашып»⁶ одан да ауыр сөздерді айтатыны белгілі.

Кейіпкерлердің атынан айтылатын лирикалық монолог, диалогтардың шығарма сюжетін әрі қарай дамытудағы ролі

⁵ Әуезов М.О. Аталған еңбек.—281-б.

⁶ Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері.—Алматы, 1958.—164-б.

ерекше, ал көркемдік, эстетикалық құндылығын сөз ететін болсақ, оларды сөз өнерінің жарқын үлгілері деп бағалауға болады. Мысалы, Қарашаш сұлу Бозжігітті іздеп жалған тойға келіп, әйнектен жырлап былай дейді:

—Түйе келіп боздайды, Ботасы оның жоқ па екен?!	Бейшараның қозысы Бұ ойыңда жоқ па екен?
Бота көзді Бозжігіт Бұ ойыңда жоқ шығар?	Жылқы келіп кісінейді, Құлыным деп іздейді. Бейшараның құлыны Бұ ойыңда жоқ па екен?
Сиыр келіп мөңірейді, Бұзауым деп жылайды. Бейшараның бұзау[ы] Бұ ойыңда жоқ па екен?	Бұлбұл құстар сайрайды, Қызыл гүлі жоқ па екен?!
Қойлар келіп маңырайды, Қозысы үшін аңырайды.	Қызыл жүзді Бозжігіт Бұ ойыңда жоқ па екен? (1707-1726 жолдар)

Келтірілген бес шумақтың бүкіл көркем бейнелер жүйесі семантикалық мағынасы жағынан халқымыздың төрт түлік малдың образдарына негізделген. Өйткені төрт түлік халық поэзиясында ырыс пен берекені білдіреді. Түйе мен жылқы образы күш-қуаттың, жан тәнімен берілгендіктің белгісіне айналған. «Ботадай боздау» деген теңеу ұлтымыздың ұғымы бойынша, қайғы-қасіретті бейнелейді.

Ал дастанда пайдаланылған естірту, көңіл айту, жұбату, әсіресе Бозжігіттің әке-шешесінің баласын жад етіп айтқан жоқтаулары азалау жанрының мағыналы, халықтың философиялық, моральдік, рухани құндылықтарын өзек етіп жырланған, көркем, баға жетпес үлгілерінің бірі.

Ғылыми түсініктеме ретінде жазылған шағын мақалада дастанды толық, жан-жақты зерттеу мақсаты қойылған жоқ, тек тарихы мен сюжетінің кей ерекшеліктерін талдау көзделді. Дастан сюжеті Ұлы Дешті Қыпшақ жерін мекендеген этнос, тайпалардың өмірінен алынғаны айтылады. Ал орта ғасырларда Дешті Қыпшақ даласында көшпенділік өркениетпен қатар, қалалық мәдениеттің де дамып өркендегені белгілі. Сондықтан шығарманың негізгі оқиғаларының шаһарда [мәтінде—шөр]

өтуін, мәтінде кездесетін базар, үй, әйнек, медресе секілді ұғымдардың қазақ өміріне жат, кейінірек кірген десек қателескеніміз. Сонымен бірге шығыс әдебиетінің, дәлірек айтқанда, дастан поэтикасының әсері сезіледі.

«Бозжігіт» дастаны туралы С.Мұқанов кезінде былай жазған: «Бозжігіт» қазақ арасына әйгілі шығарма емес. Оны кез-келген адам біле бермейді. Ал татар поэзиясының классигі Ғабдолла Тоқай «медресе Ғалия» аталатын оқу орнында дәріс оқып, таттарда фольклордың аздығын, әсіресе эпостың жоқтығын айттып, «Бозжігіт»—қазақ жыры» дегенде, кітаптың қағаздары татардың көз жасынан шірігенін айтқан»⁷.

1870 жылы В.В.Радлов жариялаған нұсқада біраз сөздер мен сөз тіркестері қате жазылған, олар контекстке сәйкес түзетілді, мысалы:

беру бәрің—*Бір уа Барың* болып жазылды (5-жол), *жаратсам*—*жаратқан* (39-жол) болып, *құрсанып*—*құрсант* (59-жол) болып, *шәрбастан Рүмнан*—*шәр-бұстан Рүмнен* (172-жол), *кеш қасымда ақырсын*—*кеш қасымда әзірсің* (218-жол), *Қабылга қарай тұрсаң сен*—*Құбылага қарай тұрсаң сен* (235-жол), *Ақ жүргенін көрерміз*—*Ақ жазғанын көрерміз* (280-жол), *түстегі уақытта қылған жарды айталық*—*түстегі уақытта келген жарды айталық* (405-жол), *үйінен жеттім*—*үйінен кеттім* (406-жол), *пайда қылып малдарын*—*пида қылып малдарын* (526-жол) болып берілді.

Тағы біраз мысал:

В.В.Радлов нұсқасындағы
қате жазылған сөз, сөз тіркестері

Түзетілген түрі

Түсте көрген жарымыз,
Оған құрбан барамыз.

Түсте көрген жарымыз,
Оған құрбан боламыз (530-531-жол)

Көп қыздар үй ішінде сөйлеп
жатыр,
Хан қызы жары ұйықтап
жатыр.

Көп қыздар үй ішінде сөйлеп
жатыр,
Хан қызы жарын жоқтап жатыр
(570-571-жол)

⁷ Мұқанов С. Халық мұрасы.—Алматы, 1974.—136-б.

Ұстап алтын-күміс қолына алып	<i>Ұыстап</i> алтын-күміс қолына алып (654-жол)
Өлхамду <i>сурет</i> Құраның Басында <i>тұр</i> , жар-жар!	Өлхамду, <i>суре</i> Құранның Басында- <i>дұр</i> , жар-жар! (660-661-жол)
<i>Шыңғырып</i> тұрып <i>ішің</i> аш!	<i>Секіріп</i> тұрып <i>есік</i> аш! (1070-жол)
Бір <i>сүннің</i> ішінде	Бір <i>шәрдің</i> ішінде (1093-жол)
Сен <i>үйіңде</i> хан едің	Сен <i>еліңде</i> хан едің (1099-жол)
Ойлаймын жаным мұнда <i>қалар ма</i> деп,	Ойлаймын жаным мұнда <i>алар ма</i> деп,
Мұңды басым осында қалар ма деп.	Мұңды басым осында қалар ма деп.
Кім өлмей қалар мұңда, жаралған соң,	Кім өлмей қалар мұңда, жаралған соң,
Қорқамын құл <i>кепілсіз</i> қалар ма деп.	Қорқамын құл <i>кебінсіз</i> қалар ма деп. (1296-1299-жолдар)
Ажал жеткен адамға Артық өмір сүрмек <i>бар</i> .	Ажал жеткен адамға Артық өмір сүрмек <i>жоқ</i> . (1516-1517-жол)
<i>Хабар</i> қыл деп айта көр <i>Әзіл жаны</i> қиналып жерге түсті	<i>Сабыр</i> қыл деп айта көр (1521-жол) <i>Әзіз басы</i> қиналып жерге түсті (1658-жол)
Ескендірдей патшаны Өз <i>қолыңа</i> алдың сен!	Ескендірдей патшаны, Өз <i>қойныңа</i> алдың сен! (1680-1681-жол)
<i>Пақыры әлем</i> Мұқамбет	<i>Фахр галам</i> Мұқамбет (1684-жол)
Еркім бар деп <i>ес</i> қылма <i>Қыздың</i> тілін алмас-ты	Еркім бар деп <i>іс</i> қылма, <i>Қызың</i> тілін алмас-ты (1792-1993-жол)

Қайран басың, хан басың,
Келгенге ұқсайды.

Айтпасам өзім тимес-ті
Қайғың естен кетпес-ті.

Төсегінде хан қызын
құшақтайды,
Өзін-өзі пышақпен
пышақтайды.

Дос үшін бейшара көп жылайды,
Құдайда аман қыл деп көп
тілейді.

Байдан арызы алмақ жоқ

Бауырымның *баласы*

Ханым сүйген хан балам

Бұ не *әзрет*, жарандар?

Көрер күні болғанда
Бір *көріпсің*, жан балам!

Баласын жоқтап ханым талып
қалды,
Жылап-жылап бұ ханымнан
үміт үзді.

Қайран басың, хан басың,
Кесілгенге ұқсайды. (1896-1897-жол)

Айтсам сөзім жетпес-ті,
Қайғың естен кетпес-ті. (1920-1921-жол)

Қабірінде қыз жарын құшақтайды,
Өзін-өзі пышақпен пышақтайды.
(2075-2076-жол)

Досы үшін бейшара көп жылайды
Құдайдан «иман қыл» деп көп
тілейді. (2134-2135-жол)

Айтып арыз алмақ жоқ (2484-жол)

Бауырымның *парасы* (2612-жол)

Жаным сүйген жан балам (2614-жол)

Бұ не *қасірет*, жарандар? (2714-жол)

Көрер күні болғанда
Бір *көрермін*, жан балам!
(2890-2891-жол)

Баласын жоқтап ханым талып
қалды,
Жылап-жылап бұ ханым үміт үзді.
(2892-2893-жол)

Ал 1710, 1710, 1718, 1722, 1726 жолдардағы *үйінде* деген сөз *ойында* болып оқылғаны дұрыс.

Келтірілген мысалдар 1842 жылы В.В.Радлов жинағына дайындалған мәтін араб әрпінде жазылған түпнұсқадан көшірілгенде түпнұсқалық мәтіннің кейбір сөздерінің дұрыс танылмай, қате көшірілгенін және баспашылар тарапынан жіберілген олқылықтардың айғағы.

«Бозжігіт» дастаны 1976 жылғы «Ғашық-наме» жинағында жарияланды (1976 ж., 21-87-б.б.). Жинақты құрастырған, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. «Бозжігітке» жазған түсініктемесінде құрастырушы былай деген: «Оқушыларға ұсынылып отырған осы «Ғашық-наме» кітабына «Бозжігіт» дастанының жаңа нұсқасы беріліп отыр» (458-б.). Бірақ нұсқаның қайдан алынғаны, айтушысы, жинаушысы, бұрын жарияланған болса шыққан жылы т.б., басқаша айтқанда, еш мәлімет берілмеген.

«Бозжігіт» дастанының белгілі нұсқаларын өзара салыстырып зерттеу нәтижесінде «Ғашық-наме» жинағында жарияланған мәтін В.В.Радлов нұсқасымен бірдей екендігі анықталды. Тек бұл мәтін әдеби өңделіп, редакцияланған.

Кейін дастан 1994 жылы «Ел қазынасы—ескі сөз» атты В.В.Радловтың жоғарыда аталған еңбегінің үшінші томында басылып шыққан нұсқаларды қамтитын жинақта жарық көрді (346-416 б.б.). Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б.Уахатов, С.А.Қасқабасов, К.С.Матыжанов (жауапты шығарушы).

Аталмыш басылымда Радлов нұсқасының Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылатын алғашқы 90 жолы түсіп қалған, ал басылымда кеткен біраз қателер түзетілген. Дегенмен көпшілігі сол күйінде қалған, соның ішінде жоғарыда келтірілген мысалдардағы сөздер.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1870-жылғы басылымнан қателері түзетіліп, өзгертусіз дайындалды. Мәтіннің тілдік ерекшеліктері де толық сақталды, мысалы: пақыр сөзі мәтіндегідей *бақыр* түрінде, ғибрат—*ыбрат*, ғаріп—*кәріп*, әкеңе—*әкеңге*, өзіңнен—*өзіңден*, гауһар—*кеукер* деп берілді.

Сондай-ақ мәтінде бірнеше мағынасы көмескі сөз, сөз тіркестері кездесті [1135, 1317, 1482, 1781, 1898, 2024, 2110, 2523, 2691-жолдар]. Олар түпнұсқалық күйінде берілді.

СЕЙПІЛМӘЛІК

«Сейпілмәлік»—қазақ сөз өнері үлгілерінің ішінде ең бірінші болып баспа бетін көрген шығармалардың санатына жатады, ол 1807 жылы Қазандағы Университет баспаханасынан араб әрпінде басылып шықты. Халық аузында айтылып жүрген нұсқасын В.В.Радлов жинап, 1870 жылы жарыққа шығарды,

жырдың тағы бір нұсқасы 1895, 1902, 1904, 1909, 1914 жылдары басылып шықты.

Жоғарыда талданған «Бозжігіт» дастанындағыдай, бұл шығарманың да мазмұнын екі жастың ғашықтық сезімі, олардың махаббат үшін күресі, сол жолда көрген сан алуан қиындықтары, кедергілерге тап болғанда Аллаға айтқан мінәжаттары, ғашықтардың ішкі әлемінен сыр шертетін лирикалық монологтар мен кейіпкерлердің диалогтары т.б. құрайды.

Шығарма сюжеті «Мың бір түн» цикліне кіретін «Сказка о Сейф аль-Мулуке»⁸ атты ертегінің сюжетінен алынған.

Төрт жүз шаһарды билеген Мысыр патшасы Қасым хан жүз жетпіске келгенше бала көрмей, перзентсіздіктің, жалғыздықтың қасіретін тартып, Аллаға налыс айтады. Уәзір, билерімен кеңеседі. Ақырында балгерлердің ақылымен Жамын [Йемен] патшасының қызын айттырып, үйленеді, үлкен той жасайды. Одан бір ұл сүйіп, атын Сейпілмәлік деп қояды. Қасымханның уәзірі Қамыттың әйелі де сол уақыттарда ұл табады, оның аты—Сейіт. Екі бала құрдас, сырлас болып өседі. Үшке толған балаларды молдаға береді. Олар бес-алты жыл дәріс алған соң, білімі жағынан өздерін оқытқан ұстазымен теңеседі. Балалардың тәрбиесі жан-жақты болғаны туралы былай делінеді: «Оқудан бұлар енді өнер тапты. Әр жақсыларға қарсы шапты... Әр елдің өнерінен өнер алды». Бір күні Сейпілмәлік аса сұлу қыздың суретін көріп, соған ғашық болады. Бірақ оның есімі мен тұрағын біле алмай дүниенің төрт бұрышына керуен жіберіп, іздеу салады. Олардың бәрі де «қыздан хабар таппадық» деп қайтып келеді. Уәзірлер, билер жиналып Сейпілмәлікке үгіт-насихат айтады:

—Перізат қанаты бар, ұшып кетер,
Қуған адам оларға қашан жетер.
Төрт жүз бидің қызынан айттыралық,
Сөзіміз біздің айтқан алсаң не етер?

(373-376-жолдар)

Сейпілмәлік бұл сөзге құлақ аспай, күндіз-түні жылаумен

⁸ Царевич Камар аз-Заман и царевна Будур. Избранные сказки, рассказы и повести из «Тысячи и одной ночи». Перевод М.А.Салье. Составление, вступительная статья и примечания И.М.Фильштинского.—Москва, 1986.—С.184-251.

болады.

Ақырында әкесінің батасын алып, 400 кеме жасатып, оған жүз мың адам отырғызып қызды іздеп алыс жолға шығады. Көптеген елдерді аралап, небір қиындықтарға тап болса да ол алған бетінен қайтпайды, сапарға шыққанына өкінбейді. «Сейпілмәлік зәңгілер елінде тұтқын болады; маймылдар патшалығында күн кешеді, ит басты, адам мүшелі жандардың арасында жүреді; алып хайуанаттар жерінен өтеді; айдаһарды, жолбарысты, арыстанды өлтіреді, диюдың қолына түскен қызды құтқарады... Мұны күллі пәле-жаладан, қауіптен құтқаратын Сүлеймен пайғамбардың жүзігі болып саналады»⁹,—деп жазады Р.Бердібаев. Ал оның себебі—дастанға негіз болған ертегінің фантастикалық ертегілер тобына жататындығы. Сондықтан Сейпілмәліктің ғашық жары адамзат емес—перізат, жігітке кездескен кедергі, қиындықтардың басым көпшілігі—фантастикалық сипаттама. Ол туралы И.М.Фильштинский былай дейді: «Сейпілмәліктің кездестірген қиындықтары мен ғажайыптары, жалпы алғанда, саяхатшы Синдбадтың оқиғаларын қамтиды. Алайда мұнда жабайылар мекені, тағы басқа ғажайыптар «Саяхатшы Синдбад туралы ертегідегідей» кеңінен суреттелмейді. Оның себебі—жыршының негізгі мақсаты Сейпілмәліктің өз сүйгеніне деген сезімі мен махаббатының күштілігін, қыз жолында өзін құрбан етуге де даяр екенін көрсету болған»¹⁰.

Дастанда ертегінің сюжеті толық сақталған. Бір ғана мысал: Сейпілмәлік қыздың суретін көріп ғашықтықтан ауру болады, бірақ сырын ешкімге айтпай, ата-анасын қайғыға салады. Сонда досы Сейіт қанжарын қолына алып «сырыңды айтпасаң, өлемін» дейді. Сонда ғана Сейпілмәлік сырын ашады. Ертегіде бұл эпизод былай берілген: «Сеит взял меч, приложил его к груди и сказал Сейфулмулуку: «Если ты мне не скажешь, что с тобой случилось, я убью себя». Демек, осы секілді кішкентай эпизодтардың өзі де ертегіден еш өзгеріссіз алынған.

Сонымен, Сейпілмәлік—басқа да эпос, ертегі, дастан-

⁹ Бердібаев Р. Қазақ эпосы.—Алматы, 1982.—132-б.

¹⁰ Фильштинский И.М. Бессмертное творение многих народов и поколений //Царевич Камар аз-Заман и царевна Будур. Избранные сказки, рассказы и повести из «Тысяча и одной ночи.—Москва, 1986.—С. 11.

дардың кейіпкері сияқты ханның жүз жетпіске келгенде көрген жалғыз; өзімен бір күнде туылған жан досы бар; екеуі де жасынан молдадан дәріс алып түрлі өнерге қол жеткізген; Сейпілмәлік алыста жатқан қыздың суретін көріп ғашық болады, жылап зар еңіреді, ұсынған бірде-бір қызға қарамайды; қатерлі сапарға шығады, жол қиындықтарын жеңеді; Аллаға көп мінәжат айтып жалбарынады, сонымен бірге арыстан мен жолбарысты өлтіріп, диюмен, айдаһармен кездескенде ерлік көрсетеді; керек кезде әдептілік сақтайды, ата-анасын қатты сыйлайды. Сейпілмәлік—нағыз ғашық, махаббат жолында аянбайтын, қиындықтарға мойынсұнбайтын, алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын жан.

Назар аударатын жайт, араб ертегісін арқау етіп жырланған осы дастанда кездесетін мотив, сарындардың көбісі қазақ ертегілері мен жырларына да тән.

В.В.Радлов жариялаған мәтін—жырдың ел аузында жүрген үлгілерінен. Бірақ Радлов бұл дастанды орындаушының ауызша айтуынан жазып алмаған. Жинаққа енген бұл мәтін бұрынырақ баспа бетін көрген кітаптан я қолжазбадан көшірілген. Мұндай қорытынды жасауға мынадай жолдары жетелейді: «Бұ кітапты бастай салдым, Айып қылып оқыма жазған хатым» (3,4-жолдар), «Қиссасын Сейпілмәлік хатқа салдым» (8-жол), «Қалған сөзін жазарсыз ұлыңызбен, Қайта түзеп жазарға жарамдым» (11,12-жолдар), «Асығып бұ кітапты мен жазғанмын, Жаңылсам түзей көрші қалған сөзін» (15,16-жолдар).

Ал дастанның 1285-1286-жолдары Радлов мәтінінде былай жазылған:

Қайсын мұның айтайын, көп күн өтті,
Қайтіп *тексі* жазайын есім кетті.

Мұндағы мәтін мағынасында қолданылған *тексі* деген сөз көп нәрседен хабар беріп тұрғандай.

Сейпілмәлік пен Бәдіғұлжамалға арналған дастан ел арасында ерте кезден ауызша да, қолжазба, кітап күйінде де кең тараған. Ол туралы XX ғасырдың басында А.Е.Алекторов

жазған¹¹.

В.В.Радловтан кейін 1903, 1908 жылдары фольклорымыздың бірнеше үлгілерін жинап, редакциялап бастырушы ақын Ж.Шайхысламұлы Радлов нұсқасының біраз сөздерін өзгертіп, кей өлең жолдары мен шумақтардың орнын ауыстырып, қисынсыз қысқартулар жасап өз атынан бастырып шығарады. 1964 жылы осы мәтін «Батырлар жырының» 3-томында жарияланды (228-314-беттер). Томға жазылған түсініктемеде «Сейпілмәлік» жырының осы томға кіріп отырған варианты Жүсіпбек Шайхысламовтан алынды» делінген. Ол дәлелсіз айтылған пікір екені кейін анықталды. 1986 жылы Радлов нұсқасы «Қисса-дастандар» жинағында жарияланды (95-162-беттер). Жинақты құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. Одан кейін «Сейпілмәлік» дастаны 1994 жылы «Ел қазынасы—ескі сөз» атты В.В.Радловтың жоғарыда аталған еңбегінің үшінші томында басылып шыққан нұсқаларды қамтитын жинақта жарық көрді (412-482-беттер). Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б.Уахатов, С.А.Қасқабасов, К.С.Матыжанов (жауапты шығарушы).

Томға ұсынылып отырған «Сейпілмәлік» дастаны 1870 жылғы В.В.Радлов жинағынан дайындалды. Онда біраз сөздер мен сөз тіркестері қате жазылған, олар контекстке сәйкес түзетілді, мысалы: *түнде—тонды* (334-ж.) болып жазылды, Алланың тағдыры *көріне қырады*—Алланың тағдыры, *кәрі не* қылады (536-ж.) деп түзетілді, егер—*олар* (590-ж.) болып, *Жүз мың бала* алдымда—*Жүз мың бәле* алдымда (629-ж.) деп түзетілді, Сейпілмәлік бір күн жатып көз *айналды*—Сейпілмәлік бір күн жатып көз *ілінді* (708-ж.) деп, Тілеген *Тәңірім бізден* құры қалмас—Тілеген *Тәңірінен* құры қалмас (756-ж.) болып, *Күйеу болып қайтайын* қызын алып—*Күйеу болдым, қайтейін*, қызын алып (963-ж.) деп, *Қызды алып* елшілер алып тұрды—*Қызды алып елшілер келіп* тұрды (984-ж.) деп, *Мұндай* болған жалғанда мұңлы жоқ-ты—*Мендей* болған жалғанда мұңлы жоқ-ты (1011-ж.) деп, *Қайтіп тексі* жазайын есім кетті—*Қайсы бірін* жазайын, есім кетті (1286-ж.) деп, *Досының* бір күні еске түсті—*Досы оның* бір күні еске түсті

¹¹ Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах.—Казань, 1900.—С. 1-15. Добавление.

(1649-ж.) деп, Еске түссең *жазамын* мен осындай—Еске түссең *жылаймын* мен *осында-ай* (1677-ж.) деп, Тілесен керек енді *ажалдығың*—Тілесен керек енді *амандығың* (1712-ж.) деп, Сертіне *тұрса* дейді оған қылса—Сертіне *қылған* дейді оған *тұрса* (2012-ж.) деп, *Қылсын* адам оны алсын—*Келсін* адам, оны алсын (2016-ж.) деп, Ойын мен күлкісі *бар* болған соң—Ойын мен күлкісі *бір* болған соң (2023-ж.) деп, Ойнап-күліп өткізді *құрбан* қылды—Ойнап-күліп өткізді, *құрсант* қылды (2068-ж.) деп, Қасым хан менен *бәрі бір* уанбайды—Қасым хан менен *уәзір* уанбайды (2425-ж.) деп жазылды т.б.

Келтірілген мысалдардан бұл қателер араб әрпінде жазылған мәтінді кирилл әрпіне көшіргенде кеткенін аңғару қиын емес.

Мәтінді баспаға дайындағанда түпнұсқаның фонетикалық ерекшеліктері сақталды, мысалы: *пышақ* сөзі түпнұсқалық *бышақ* түрінде берілді, ал *Алла* сөзі бірде *Алла*, бірде *Алда* деп жазылған, Алла түрі көбірек қолданылған соң, біз *Алла* деп жазуды жөн көрдік.

Томға ұсынылып отырған мәтін В.В.Радлов 1870 жылы жариялаған нұсқадан қателері түзетіліп, еш өзгертусіз дайындалды.

ҚИССА СЕЙПІЛМӘЛІК ШАҒЗАДА—БӘДІҒҰЛЖАМАЛ ПЕРІЗАТ

В.В.Радлов жариялаған «Сейпілмәліктен» басқа осы жырдың тағы бір нұсқасы белгілі. Ол алғаш 1882-жылы «Қисса Сейфулмәлік шаһзада ағазкардан Бәдіғұлжамал перизат» деген атаумен жарық көрді. 1895,1909,1914 жылдары «Қисса Сейпілмәлік», ал 1902,1904,1909 жылдары «Қисса Ғабдулмәлік» тақырыбымен қайта жарияланды. «Қисса Сейпілмәлік» пен «Қисса Ғабдулмәліктің» арасында бас кейіпкердің есімі екі түрлі болғанымен, одан басқа еш айырмашылық жоқ. Сондықтан талдауға «Қисса Сейпілмәлік шаһзада ағазкардан Бәдіғұлжамал перизат» дастанының 1909-жылғы басылымы алынды.

Оны 1870 жылы В.В.Радлов жариялаған нұсқамен салыстырғанда, мәтіндердің сюжеті, композиция және кейіпкерлер жүйесінде ешқандай айырмашылық жоқ екені анықталды. Яғни бұл шығармалардың фабуласының қаңқасы болып табы-

латын, бүкіл мағынасына арқау болатын сюжетті құрайтын негізгі, ең маңызды мотив, бөлшек, элементтер екі нұсқада да бірдей. Анықталған айырмашылықтарды былай жіктеуге болады: 1) Радлов нұсқасында Қасымханның Йемен (мәтінде Жамын) патшасының қызы Жәмилаға үйленуі тәптіштеп, кең баяндалады. «Қисса Сейпілмәлік шаһзада...» дастанында бұл эпизод қысқа қайырылған. Қасымханға Сүлеймен пайғамбардан мирас боп жеткен жүзік, тон, ат тарихы Радловта бір-екі шумақпен берілген, ал «Қисса Сейпілмәлікте...» таратылып баяндалған. 1909-жылғы нұсқада Сейпілмәлік қызды іздеп сапарға шыққан эпизодында әке-шешесінің баласымен қоштасуы жыр үлгісінде берілген, сондай-ақ Сейпілмәлік те өлеңмен қоштасады, Радлов нұсқасында бұлар жоқ т.б.; 2) Жыр үлгісінде айтылатын үзінділер Радлов нұсқасында өте аз, дәлірек айтқанда, бір-ақ жерде кездеседі, ол—Сейпілмәліктің кемелері қирағанда жолдастарынан айырылып, отырған тақтайы иірімге тап болғанда жанынан үміт үзіп Аллаға айтқан мінәжаты (592-691-жолдар). «Қисса Сейпілмәлікте...» кейіпкерлердің жыр үлгісінде айтылатын лирикалық монолог, диалогтары, Аллаға жалбарынуы, мінәжаттары, он тоғыз жерде кездеседі: 359-416, 523-546, 547-567, 568-581, 732-747, 1059-1113, 1162-1262, 1433-1462, 1471-1506, 1875-1909, 1915-1949, 1954-1983, 1988-2016, 2161-2189, 2342-2415, 2420-2460, 2581-2635, 2664-2692, 2887-2915-жолдар; 3) Екі шығарманың оқиғасы бір, мазмұны өте жақын болғанына қарамастан, екі нұсқа да өзіндік тілдік ерекшеліктерімен өзгешеленеді, яғни әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжетті өзінше жырлап дамытқан. Сондықтан оқырманға ұсынылып отырған «Бабалар сөзінің» 17-томына В.В.Радлов жариялаған «Сейпілмәлікпен» бірге «Қисса Сейпілмәлік шаһзада—Бәдіғұлжамал перізат» дастаны да енгізіліп отыр.

«Қисса Сейпілмәлік шаһзада ағазкардан Бәдіғұлжамал перізатта» дастан жырлаушысы, [мүмкін жинаушысы, жариялаушысы немесе хатқа түсірушісі] туралы бір-біріне қайшы деректер келтірілген, мысалы мәтіннің 1-жолында «Бисмилла» деп Сейітгерей қалам алар», 949-жолында «Сейітгерей қалам алып бастар сөзді», 1315-жолында «Жазады Сейіт қисса ғашық жардан», 2323-жолда «Қылады Сейіт назым сөзді машық», 3059-жолда «Ұстаған Сейіт қалам әуел бастан» делінген.

Ал мәтіннің 595-жолында «Бұл Ақыт қалам алып бек

қоштайды», 963-жолында «Кітаптан көріп жазған ғаріп Ақыт» делінген.

Осы мәселеге байланысты Ү.Сұбханбердина былай дейді: «Қиссаны жазған Сейітгереймен бірге Ақыт аты да айтылады. Сейітгерей туралы қолымызда ешқандай мәлімет жоқ. Ал, Ақыт ақын Алтайда, қазіргі Шынжаң жерінде және Монғол Халық Республикасында «Ақыт ақын», «Ақыт қажы» деген атпен әйгілі болған, революциядан бұрын Қазан қаласында төртбес кітабы басылып шыққан Ақыт Өлімжіұлы Қарымсақов»¹².

«Сейпілмәлік» сюжеті ел арасында ертеден-ақ кең тараған, оның бірнеше нұсқалары бар, сондықтан дастанға байланысты жазған, автор деуден гөрі, жырлаушысы, айтушысы, хатқа түсірушісі, жинаушысы т.б. деген дұрыс. Және мәтінде Ақыт, Сейітгерей атымен бірге Махмұди ханның есімі де бірнеше мәрте кездесетініне назар аударған жөн, мысалы:

Махмұди хан талап етіп бұйырған соң,
Болсам да бұрын шабан, болдым жорға. (11-12-жол)

«Жазсаң» деп талап еткен Махмұди хан,
Иншалла, тамам қылып мен де болдым. (3276-3277-жол)

Жаздырған Махмұди хан талап етіп,
Ағалар, айып етпе хараб етіп.
«Жәдігер қалсын, — деді, — сіз бен бізден,
Бұ дүние кетеді әлі-ақ өтіп». (3282-3285-жол)

Асылзада Махмұди сенің атың,
Артылған һәр пендеден салтанатың. (3290-3291-жол)

Асылзада Махмұди хан сен емес пе,
Патшамен ғазиз басың тең емес пе?! (3294-3295-жол)

«Сейпілмәлік» жыры—Орта Азияда көп айтылған «Жеті ғашық» жырының бірі. «Жеті ғашықтың» шыққан дәуірі—XIV-XV ғасырлар арасы. «Сейпілмәлік» жырының сюжетін атақты

¹² Сұбханбердина Ү. Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандарының алғашқы басылымдары //Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі.—Алматы, 1983.—184-б.

Бабырдың ақындары айтып таратқан деген пікір бар» деп жазады «Батырлар жырының» 3-томын құрастырған ғалымдар¹³.

Сейітгерей Бабыр ақындарының бірі, ал Махмұди хан Бабыр билігіндегі сұлтандардың бірі болуы мүмкін. Олай болса, бұл нұсқа ертеректе жырланып қағазға түскен. Тіпті бізге белгілі 1807-жылғы басылымнан да бұрынырақ болуы ықтимал. Өкінішке орай, олар бізде жоқ. 1882, 1895, 1902, 1904, 1909, 1914-жылғы кітаптар—сол алғашқы басылымдардың қайта басылып шыққандары болуы мүмкін. Ақыт ақын 1865-1936 жылдары өмір сүрген. Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында кей адамдар бұрынырақ кітап болып шыққан нұсқаларды өз атынан шығарғаны қазір белгілі болып отыр. Әрине, Ақыт ақынға байланысты солай деп кесіп айтуға болмайды. Мұны анықтауды болашақ зерттеушілердің еншісіне қалдырдық.

Мәтінде *шибу, бірлә, бірлән, бар-сәна, естігеш, не-дүр, қыладүр, жейүскен, дейүскен, алүр, түрүр, болүр, келүр, айтүр, білүр, ұйықтағыш* т.б. ескі түркілік формалар кездеседі. Олар түпнұсқалық түрінде берілді. Кездескен араб, парсы сөздері қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сондай-ақ орыс тілінен ауысқан бір-екі сөз өз қалпында берілді: минут, тарантас. Мәтінде қате жазылған үш сөз мағынасына қарай контекстке сәйкес, түзетіліп жазылды, олар: махлұқ—*мағшұқ* болып түзетілді (682-ж.), елің—*ісің* (2373-ж.), жируне—*құрмет* (2826-ж.) болып түзетілді. Мәтінді баспаға дайындау барысында үш сөздің мағынасы ашылмады. Олар жұлдызшамен белгіленіп «Бір сөз танылмады» деп көрсетілді (1156, 1205, 1565-жолдардағы жеке сөздер).

Томға ұсынылып отырған мәтін 1909 жылы араб әршінде басылып шыққан нұсқадан еш өзгертусіз дайындалды. Тек дастан тақырыбындағы *ағазкардан* [парсы тілінде—*басталды*] деген сөз қысқартылып, шығарманың атауы біраз ықшамдалып берілді.

Б.Әзібаева

¹³ Батырлар жыры. 3-том. Құрастырғандар: М.Ф.Ғұмарова, О. А. Нұрмағамбетова, Т.Сыдықов, Б.Уахатов.—Алматы, 1964.—538-б.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры—жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін—жұмаққа, енді біреулерін—тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)—Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны—Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

^{*} Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата—діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан **Хауаны** жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көкпен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Аспандияр—парсы ақыны Ә.Фердоуси жырлаған атақты «Шахнаме» дастанының негізгі кейіпкерлерінің бірі, Рүстеммен шайқасатын батыр.

Әзәзіл—діни аңыздар бойынша, «Адамға сөжде қылыңдар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің есімі; азғырушы, жолдан тайдырушы.

Әзірейіл—діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли—Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли—Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли—орасан, алып күш иесі. Жау-

лары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Бәдіғұлжамал—арабтың «Мың бір түн» атты ертегілер жинағындағы «Сейпілмәлік—Бәдіғұлжамал хикаясы» атты тарауының негізінде жырланған шығыс халықтарына ертеден таныс дастан, поэмалардың бас кейіпкері. Бәдіғұлжамал—сұлулардың сұлуы (бадиғ /а/—сұлу, көркем, жамал /а/—көрікті, сұлу) деген мағына береді.

Дәуіт—Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Ескендір Зұлқарнайын [б.д.д. 356-323]—Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер Шығыс пен Батыс халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде шығыстың классиктері [Низами, Фердоуси, Абай т.б.] поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде **Ескендір Зұлқарнайын өрі батыр, өрі кемеңгер қолбасшы, әділетшіл, құдіреті күшті, «аруағына»** көптеген ел табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

Жәбірейіл—діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың өмірімен Мұхам-

медке (с.а.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зөкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүсіп—Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол **Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный)** деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-өңгімелерді негізге ала отырып, Фердоуси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зәкария—пайғамбар, Құранда аты аталады. Діни аңыздар бойынша, жасы тоқсанға таяса да, өз кіндігінен перзент көрмейді. Алладан бала тілеп жалбарынады. Жәбірейіл періште ұлды болатынын жеткізеді. Көп ұзамай Алла Тағала оған ақылды да алғыр бір баланы—Жақияны береді.

Мекайыл— Аллаға жақын төрт періштенің бірі, Адам (а.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Мұхаммед (с.а.с.)-ның көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болды. Бадр түбегіндегі меккеліктерге қарсы соғыста басқа періштелермен бірге мұсылмандарға көмекке келген. Мұсылмандардың магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл періштенің есімі кеңінен қолданылған.

Мұқамбет, Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым]—ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол—Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570*-жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң нағашы атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң нағашы ағасы Өбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи** рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610-жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін—исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басымы көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы—«хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Қабыл, Абыл—діни аңыздар бойынша, Адам ата мен Хауа ананың алғашқы перзенттері. Қабыл жер жыртып, егін салады, інісі Абыл мал бағады. Алла уаһи келтіріп, Қабылға Абылдың егіз сыңар қарындасын, Абылға Қабылдың егіз сыңар қарындасын қосуды ниет етеді. Қабыл бұған көнбейді, өзінің сұлу өңді қарындасын алғысы келеді.

Адам ата екі баласына шарт қояды: кімнің тасаттығын Алла қабыл алса, сол өзінің көңіліне ұнаған адамын алады. Абыл бір түйесін шалды, Қабыл бидайын атады. Сонымен, Қабыл жеңіліп, қызғаныштан інісі Абылды өлтіріп, тұңғыш күнәһарға айналды.

Қарын—қазақ фольклорындағы көзі тоймайтын тойымсыз, сараң, қарау байдың бейнесі. Ол Құрандағы жетім-жесірге қайыр-садақасы жоқ, қолда бар байлығын нысап етпейтін Харун туралы аңыздар негізінде қалыптасқан. Қазақ аңыздарында Харун есімі **Қарынбай** болып өзгерген.

** Уахи /а/—Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы келген Алланың бұйрығы, жарлығы

Қаһарман — діни дастан кейіпкері. Әли сияқты дін орнықтыру жолындағы күрескер.

Намруд — аңыз бойынша, көне Бабыл (Вавилон) патшалығын құрушы, Ыбраһым пайғамбарды отқа жақпақ болған патша.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Сейпілмәлік — арабтың «Мың бір түн» атты ертегілер жинағындағы «Сейпілмәлік — Бөдіғұлжамал хикаясы» атты тарауының негізінде жырланған шығыс халықтарына ертеден таныс дастан, поэмалардың бас кейіпкері. Оларда Сейфүлмәлік таза, өшпес, адал махаббаттың, шын берілгендіктің символы ретінде суреттеледі. Сайфулмәлік — патшаның семсері (сейф /а/ — семсер, қылыш, мәлік /а/ — патша, билеуші) деген мағына береді.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Тәжілмәлік, Рабиғұлмәлік, Шабал — перілер еліндегі патшалар

Ыбраһым, Ыбрайым — Құран Кәрім мен басқа да көптеген аңыздарда ол «Алланың бірлігін танып, оның досы саналатын» алғашқы пайғамбар. Ыбраһым өзінің сүйікті ұлы Ысмайылды Алла Тағаланың әмірімен оған құрбандыққа арнап шалмақшы

болады, сонда Ыбраһымға разы болған Алла Тағала Ысмайылдың орнына көктен ай мүйізді қошқар түсіреді. Ыбраһым (а.с.) мен оның ұлы Ысмайылдың өмірі араб әлемімен, әсіресе, Мекке, Қағба төңірегімен тығыз байланысты әңгімеленеді. Бұл жайында Құран Кәрімде де арнайы сүре бар. Онда Ыбраһым пайғамбар мен оның баласы Ысмайылдың Қағбаны тұрғызғаны айтылған.

Мұсылмандардың Меккедегі қасиетті Қағба мен оның маңындағы Мина, Арафа тауларында өткізілетін жыл сайынғы дәстүрлі қажылық рәсімдері (шарттары) де осы Ыбраһым пайғамбардың «үлгісін» толықтай қайталайды.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың өмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, оған құдықты, көгалды жер алыстан сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның өмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Исрапыл — діни аңыздар бойынша, қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай (соры) арқылы жеткізеді. Исрапылдың негізгі қызметі—Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлау.

СӨЗДІК*

Абхаят—[аб /п/—су, хаят /а/—өмір] өмір суы; мәңгілік су

Ажынас /п/—тауар

Ақил /а/—саналы, ойшыл

Ақырет /а/—діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Ақ—Хақ деген сөздің х әрпі түсіп, қысқартылып айтылатын түрі. *Хақ* /а/—шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Алжанақты /т/—қызыл жүзді

Алла һуа /а/—ол Алла

Анда /т/—онда

Аны /т/—оны

Асан /п/—жеңіл

Асық /а/—ғашық; сүйікті

Афған /п/—күңірену, күрсіну

Аһл /а/—ел, халық, жұрт

Аһы қылу—аһ ұру, өкіну

Әзелде /а/—ертеде; мәңгілік

Әзиз, әзіз /а/—қымбатты, ардақты, аяулы

Әйла /т/—жаса, істе

Әли /а/—биік

Әлхамду /а/—мадақ

*Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Әмин /а/—әумин

Әнбия /а/—пайғамбарлар

Әуара /а/—есуас; өуре

Бағыр /т/—бауыр. Көне және орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді.

Бахри /а/—мейірім, әдептілік, ізеттілік

Баһар /п/—тағдыр, жағдай

Бәдбахт /п/—бақытсыз

Бәңзі /п/—жүз, кескін, бет пішіні

Бәһра /п/—ғибрат, ләззат

Бек /т/—өте, тым; феодал, ел билеуші бай

Бигаят /п.,а/—шексіз

Бина /а/—құрылыс, ғимарат

Бисмилла, бисмиллаһи /а/—Алланың атымен.

Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Биһқи /п/—көңілсіз; ессіз болу, естен танып қалу

Бөриан /п/—жану, күйіп-пісу

Бустан /а/—бақ, бау-бақша

Бірлән, илән /т/—мен, бірге

Бір уа Бар—Алла Тағаланың 99 есімінің бірі: оның барлығын, бірлігін білдіретін ұғым

Гөриан /п/—қайғы, зар

Ғазал—шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бөйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғазиз /а/—қымбатты, аяулы, ардақты

Ғам /а/—қайғы, мұң

Ғанбар /п/—амбра (кит тұқымдас ірі теңіз жануарынан алынатын хош иісті, қоңыр түсті зат)

Ғаппар /а/—кешірімді; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғапыл, қапыл /а/—қапы болу, білмеу, байқамау, аңқаулық

Ғар /а/—үңгір

Ғарбат /а/—таңғажайып, ерекше жағдай

Ғаршы Күрсі /а/—[ғаршы /а/—тақ; ғарыш; аспан; күрсі /а/—орындық; орын; тақ]—мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: жеті қат көк

Ғаріп, кәріп /а/—бейшара, мүсәпір, міскін

Ғауға /а/—айқай, шу

Ғишрат, ғейиш-ғишрат /а/—сауық-сайран, думан

Ғуд /а/—алоз; өсімдік

Ғұнша /п/—гүл

Дафина /п/—қазына

Дәпін, дәфін /п/—жерлеу

Дәркер /п/—қажет, қажеттілік

Диуана, дуана—ризығын көктен тілеп, кәсіпсіз жүретін адам; дәруіш

Дост /п/—дос

Жад әйлау /п/—жадына алу, еске түсіру

Жадияр /п/—хабаршы

Жанан /а/—жан; жүрек

Жаппар /а/—құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жомарт Патша—Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жұмла, жұмлә /а/—бәрі, барлығы, түгел

Запыран, загыпыран—сары түсті гүл; мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: *сарғайып загыпырандай*

Заһар /а/—у

Зәңгі—зор, үлкен; қара түсті адам; дастандық шығармаларда жиі кездесетін қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер зәңгі аталады.

Зипа, зипа /а/—көрікті, сұлу, мүсінді

Зүһрә /а/—Шолпан жұлдызы

Зікір /а/—еске алу, есте сақтау; ауызбен айту, баян ету; белгі; уағыз, насихат. Көбінесе Алла Тағаланы еске алып, жалбарыну мағынасында. Зікір жүректен (көңіл), сөзбен және дене қимылы арқылы, яғни үш түрлі жолмен орындалады

Ижазат /а/—рұқсат, демалыс

Иләһ /а/—Құдай; Иләһи—Құдайым

Интаһа /а/—соңы, аяқталды

Иншалла (ин шаа Алла) /а/—Алла қаласа

Ирада /а/—ниет, ықылас, ықтияр; шешім

Исм /а/—есім

Кәміл /а/—толық, бүтін

Кәнизак—хан сарайындағы қызметші әйел, қыз

Кәпір, кәуір /а/—Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа—қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға т.с.с. басқа да

жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кәрім /а/—жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кеп, гәп /п/—сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

Кеукер—ғауһар

Көксі /т/—көкірек, кеуде

Көшік /п/—қала сыртындағы сарай, бағы бар сарай

Күрзі /т/—шоқпар

Қадір /а/—құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қамари /а/—айдай әдемі; сұлу

Қар /п/—сорлы, бейшара

Қарар /а/—сабыр, тағат

Қасад /п/—дұшпандық, зиянкестік, жаулық, қастық

Қасты болу—қас болу

Қаһар /а/—құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қаһқаһа күлу—қарқылдап күлу

Құбыла /а/—мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті Қағбаны белгілейді.

Құдауанда /п/—Құдай

Құдірет—керемет күш, ғажайып қасиет; Құдай, Алла, Жаратушы, Тәңірі

Құрсантану /п/—риза болу, қатты қуану

Латафат /а/—қайырымдылық; ілтипат; жұмсақтық

Лаух-Қалам: [лаух /а/—тақта]— Құран Кәрім бойынша әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасын лаух-қалам, лаухул-махфуз деп айтады.

Ләб /а/—ерін

Ләшкер /т/—әскер, қол

Мағрифат /а/—білім, ғылым, өнер

Мағшұқ /а/—ғашық, сүйікті

Майдан—әскери сайыс өтетін халық жиналатын алаң

Маймұн, мимұн—маймыл

Маулә /а/—ие, қожайын; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Махкам /а/—берік, мықты, бекем

Маһи /а/—ай

Машғұл /а/—бір іспен айналысушы, шұғылданушы

Мәжнүн /а/—жынды, есі ауысқан

Мәлік /а/—патша, билеуші; **мәлікзада**—[зада /а/—тегі]—

патша тұқымы

Мәнзил /а/—жағдайы; реті, төртібі; **тұрақ, үй**

Мехнат /а/—азап, қиындық, ауыртпалық

Мұнаууара /а/—нұрлы, сәулелі

Мүмін /а/—сенуші; иман келтірген; мұсылман

Мұптала /п/—душар болу, бірнәрсеге ұшырау, жолығу; кіріптар болу, азап шегу

Мұрдар /п/—жемтік, өлімтік; **лас, былғаныш**

Мұштары /а/—Юпитер планетасы

Мінәжат /а/—құлшылық ету, жалбарыну

Назһин /п/—сыпайы; әдемі, көркем; **сұлу**

Назым /а/—өлең, поэзия

Налыс, налыш /т/—қайғы-қасірет, мұң-шер

Нәби /а/—пайғамбар

Нәзір /а/—теңдесі **жоқ**

Нигар /п/—сұлу, ару

Ниһаят /а/—шек, шекара

Нығмет /а/—шапағат; тағам; ырыс, игілік; **сыйлық; бақыт**

Олсын /т/—болсын

Опадар /п/—ризык, нығмет беруші; **Алла Тағаланың эпитеті**

Пәруаз /п/—жарқыл; сәуле; шұғыла

Пәруардигар /п/—Жаратушы, Жасаған, Құдай

Рабб /а/—тақсыр; ие, еге, қожа, патша; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі. Мағынасы: жоқтан бар етіп, толықтырып асыраушы, тәрбиеші, бүкіл әлемнің қожасы, патшасы

Рағна /а/—сүйкімді, шырайлы, әдемі, **сұлу**

Рақым, Рахим /а/—ерекше мейірімді; **Алла Тағаланың 99 есімінің бірі**

Рауаи /а/—әңгімеші, ертекші

Рауан /п/—жүру, қозғалу, жылжу

Рахман /а/—аса қамқор; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/—рақым, мейірім

Руаят, рауаят /а/—әңгіме, аңыз

Сабах /а/—таң

Сабах-шам /а/—ертелі-кеш

Санаат /а/—өнер

Сандал /а/—оңтүстікте өсетін хош иісті ағаш

Сафа /а/—таза; сау-саламат болу

Сахаба, асхабина /а/—серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға ат салысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтуы бойынша жазылып алынған.

Сахиб /а/—дос, жолдас, ие, қожайын

Сахих /а/—дұрыс, әділ

Саяқ—жеке, дара

Сэргардан /п/—сергелдең

Сэна /а/—қайғы

Сэнем, санам /а/—табынатын бейне, кумир

Сейір /а/—сапар

Сигыра /а/—кішкене

Сұбхан /а/—жасаған, күшті, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сұлтанат /а/—патшалық, билік

Тағала /а/—бөрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Тағриф /а/—мән, мағына, түсінік, анықтама

Талиғ /а/—тағдыр

Тамам /а/—соңы, аяғы

Тауниқ /а/—келісім, мойынсұну; ынсап, қанағат; жәрдем, көмек, табыс; бақыт

Тәбип /а/—тәуіп, емші

Тәсбих, тәсбі /а/—33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбі тарту—моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.с.) қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сөуелелі Фатиманың төсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Түмен /т/—он мың; мыңдаған

Тісе—құрал-сайман

Уғлаят /а/—өлке, аймақ

Ұжмақ /а/—жұмақ, пейіш

Үшбу /т/—осы, бұл

Фазыл /а/—артық, артықшылық

Фариад, париад /п/—зарлану, зарын айту

Фасыл /а/—бөлім, тарау

Фатиха /а/—беташар, кіріспе; **Құран Кәрімнің 1-сүресі**

Фахр /а/—мақтаныш; даңқ

Фәлак /а/—аспан, көк

Фирақ, фирағат /а/—айрылысу, ажырасу

Хал /а/—мәтінде: **өлінше, жағдайына қарай деген мағынада** алынған

Халиқ /а/—жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хамду сәна /а/—Алланы мадақтау

Хамлә /а/—шабуыл

Хараб /а/—бұзылу, қирау, жойылу

Харам /а/—шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]; таза емес, заңсыз

Харир /а/—жібек

Хәмлә /а/—жүкті болу

Хор, хор қызы—діни наным бойынша, ұжмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз

Хұжыра /а/—бөлме

Хүкім /а/—билік

Һазар /п/—мың; бұлбұл

Һазарчандан /п/—бұлбұлдар, көп бұлбұл

Һәлак /а/ - өлім; құрып біту, өлу; өлтіру, құрту

Чиманзар /п/—көкорай, шалғын жер

Шарық—аяқ киім

Шах /п/—зындан

Шаһ /п/—патша, хан

Шаһариар—[шаһар /п/—төрт, жар /т/—жар,серік]—Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі болған.

Шаһзада—патшалар мен шаһтардың, имамдар мен халифалардың мұрагер ұлдарын осылай атаған

Шаһид /а/—ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

Шәр, шаһар — қала

Шерік /т/ — әскер

Шомлық, шумлық /п/ — бақытсыздық әкелуші; бақытсыз

Ыбрат, гибрат /а/ — тәжірибе, өнеге, үлгі

Ықылым, жеті ықылым — мұсылман елдерінің орта ғасырлық фәлсапасы бойынша жер-жаһан жеті қабаттан тұрады деген географиялық түсінік болған. Мәтіндерде патшаға бүкіл әлем бағынды деген мағынада қолданылған.

Ізім /а/ — азим (ұлы) сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ирамбағы, Ерамбағы, Ирамбақ, бағы Ирам—Шығыс халықтарының әдебиеті мен фолькорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ—оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Йемен—оңтүстік-батыс Арабияда орналасқан мемлекет. Шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында Йемен мол байлықтың елі деп суреттеледі. «Сейпілмәлік» дастанында Жамын деп берілген.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әртүн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Қылзам—Араб түбегі мен Африка құрлығының қосылған тұсындағы мекен, уәлаят, Қызыл теңіз.

Мәдине—арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке—мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге кел-

ген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мина тауы—Мекке маңындағы қажылық рәсімдердің бірі орындалатын қыраттың атауы.

Мысыр—Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл—Африкадағы ірі өзен.

Оман теңізі—Оман жағалаулары мен осы аттас шығанақтағы Үнді мұхитының бір бөлігі.

Пағпұршын: пағпұр, фағфұр—қымбат, әрі әдемі, ерте заманнан бері Қытайда өндірілетін ыдыс. Бірте-бірте бұл атау Қытай әміршілерінің атауына (титұлына) айналған. Сонымен бірге «пағпұр» сөзіне орта ғасырдағы мұсылман елдерінде Қытай мемлекетінің атауы болған «Шын» сөзі жалғанып, Пағпұршын деп кейде Қытайды да атайтын болған.

Сарандил, Сарандип—Оңтүстік Азияда орналасқан Цейлон аралының арабша атауы. Діни аңыздар бойынша, жұмақтан қуылған Адам атаның түскен жері.

Рұм—шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

Хатай—шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде қазіргі Қытай мемлекетінің атауы.

Шын—Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл—біздің дәуірімізге дейінгі 221 жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы

Шам—Сирияның арабша атауы. Теңеу ретінде «шәріп» сөзі қосылып, көбіне «Шам шәріп» делінген [шәріп /а/—құрметті, жоғары мәртебелі].

Шүршіт елі—ерте кезде қазақтар қытайлықтарды осылай атаған; қара қытай.

Осылармен бірге мәтіндерде бірнеше жартылай тарихи, жартылай аңыздық атаулар кездеседі, мысалы, Самин шаһары, Хәмдуна шаһары.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Радлов Василий Васильевич (1837-1918)—ірі шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты—неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан (1859-1871) бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді.

1870 жылдары В.В.Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ—М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК—Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ—Қолжазба қоры

Л—Ленинград

М—Москва

Ш—шифр

дәп—дәптер

/а/—араб

/о/—орыс

/п/—парсы

/тат/—татар

/т/—түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Бозжігіт //Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Том 3.—СПб., 1870.—С. 336-443
2. Сейпілмәлік //Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Том 3.—СПб., 1870.
3. Қисса Сейпілмәлік шаһзада—Бөдіғұлжамал перізат.—Қазан, 1909.
4. Сырым-Шынар //ӘӨИ, Ш.242.
5. Ақбөпе-Сауытбек //ӘӨИ, Ш.309.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Азибаева Б. У. Казахские народные романтические дастаны.—Алматы: Ғылым, 1990.
2. Алекторов А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах.—Казань, 1900.
3. Әуезов М. О. Әр жылдар ойлары.—Алматы, 1959.
4. Батырлар жыры. 3-том. Құрастырғандар: М. Ф. Ғұмарова, О. А. Нұрмағамбетова, Т. Сыдықов, Б. Уахатов.—Алматы, 1964.
5. Бердібаев Р. Қазақ эпосы.—Алматы, 1982.
6. Бөжеев М., Ахметов З. Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2.—Алматы, 1961.

7. Брагинский И. С. К изучению «Шахнаме» //Из истории таджикской и персидской литератур.—М., 1972.
8. Ғашық-наме. Құрастырған, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү. Сұбханбердина.—Алматы: Жазушы, 1976.
9. Дехтярь А. А. Проблемы поэтики дастанов урду.—М., 1-979.
10. Дүйсенбаев И. Т. Қазақтың лиро-эпосы.—Алматы, 1973.
11. Ел қазынасы—ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б. Уахатов, С. Қасқабасов, К. Матыжанов.—Алматы: Ғылым, 1994.
12. Жирмунский В. М. Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос.—М., 1947.
13. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері.—Алматы, 1958.
14. Қозы Көрпеш и Баян слу. Кыз Жибек. Казахский романтический эпос. Научное издание. Составление, комментарии, перевод: З. А. Ахметова, Н. С. Смирновой, М. Г. Гумаровой, С.А.Каскабасова.—М., 2003.
15. Қозы Көрпеш—Баян сұлу. Жинақты құрастырып, алғы сөзін жазғандар: М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов. Түсініктерін жазғандар: С. Қасқабасов, И. Нұрахмет.—Астана: Фолиант, 2002.
16. Конрад Н. И. Запад и Восток.—М., 1972.
17. Қисса-дастандар. Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү. Сұбханбердина.—Алматы: Жазушы, 1986.
18. Қоңыратбаев Ә. Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы.—Алматы, 1959.
19. Мұқанов С. Халық мұрасы.—Алматы, 1974.
20. Опись к книгам и рукописям, хранящимся в архиве Императорского Казанского Университета на арабском, персидском, турецком, татарском, киргизском, джагатайском и монгольском языках. Сост. архивариусом А. А. Бобровниковым под руководством Н. Ф. Катанова.—Казань: Типография Императорского Университета, 1840.
21. Сәбитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші.—Алматы, 1948.

22. *Сильченко М. С.* Песни XIX—начала XX века // История казахской литературы. Т.1. Фольклор.—Алма-Ата, 1968.

23. *Сұбханбердина Ү.* Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандарының алғашқы басылымдары // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі.—Алматы, 1983.

24. *Тахмасиб М. Г.* Азербайджанские народные дастаны // Автореф. дисс... док. филолог. наук.—Баку, 1965.

25. Царевич Камар аз-Заман и царевна Будур. Избранные сказки, рассказы и повести из «Тысячи и одной ночи». Перевод *М. А. Салье*. Составление, вступительная статья и примечания *И. М. Фильштинского*.—М., 1986.

26. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов*.—М., 1968.

27. Древнетюркский словарь.—Л: Наука, 1969.

28. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*.—Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

29. Қазақ тілінің сөздігі.—Алматы, 1999.

30. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю.А.Рубинчика*. I-II т.—М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Министерства Образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов стотомного Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», издаваемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Уже издано шестнадцать томов Свода. Девять из них составляют новеллистические дастаны, семь — дастаны религиозно-нравственного содержания.

Семнадцатый том открывает серию романических (любовных) дастанов. Всего будет подготовлено и издано шесть томов произведений романического жанра.

Тема любви, в целом, традиционна для фольклора всех народов и всех времен. Она широко и плодотворно разрабатывается в жемчужинах казахского лиро-эпоса «Козы Корпеш — Баян Слұ» и «Кыз Жибек». Также любовная тема наряду с богатырской является составной темой таких классических эпосов как «Алпамыс», «Кобланды» и многих других. В них тема любви и семейно-брачных отношений трактуется в традиционном плане, ибо классические эпосы, будучи созданы в эпоху расцвета патриархально-феодального строя, отражали идеологию этого общественного строя, воспевали законы и обычаи его.

Иная ситуация складывается в XIX веке, который явился важной вехой в истории народа. В этот период происходят позитивные сдвиги в социально-экономическом и общественно-политическом развитии Казахстана, которые обусловили определенные сдвиги в духовной жизни общества, изменение моральных и нравственных ценностей и критериев, общественных идеалов. Вместо эпической идеи единения встает остро, как никогда, проблема свободы и счастья конкретного

человека, происходит качественно новый рост личностного сознания людей, осознание ими чувства свободы и лучшей доли, возможности и необходимости борьбы за эту свободу и счастье.

В этих условиях проблемы молодежи, судьбы молодых людей, их борьба за право самостоятельно решать свою судьбу приобретали широкий общественный резонанс и в этих конфликтах, по существу, отражалась вся острота и глубина борьбы нового со старым.

Общество в такой ситуации нуждалось в произведениях, которые утверждали бы право молодежи самостоятельно решать свою судьбу, показывали бы пример борьбы личности за свои права, т.е. были бы созвучны чаяниям, надеждам и устремлениям молодежи. Иначе говоря, нужны были произведения, дающие иную, отличную от традиционной, качественно новую трактовку вечной темы любви.

Таковыми произведениями явились романические дастаны.

Но необходимо отметить, что в традиционном эпосе уже наметилась тенденция к изменению трактовки древнейшей темы любви и, притом, давно. В богатырском эпосе, например, юные герои едва достигнув 6 или 10-летнего возраста (Алпамыс, Кобланды), выступают в поход за нареченной, сосватанной родителями. Будущая супруга рассматривается как некая законная доля, которую нельзя уступить другому, - это вопрос не сердечный, а чести и отваги. И естественно, в богатырском эпосе невеста и жена, добытая мужем в жестокой сече, прежде всего в большинстве случаев и только, хранительница семьи и очага, мать детей, помощница и советчица.

Но уже в некоторых вариантах «**Козы Корпеш—Баян Слу**» (варианты И.Н.Березина и В.В.Радлова), хотя и пронизанном «идеей самого старого обычая древнего общественного строя» (М.О.Ауэзов), мы видим как герои стремятся к соединению не только в силу клятвы своих отцов, которую они воспринимают как свой долг, обязанность и право, а уже в силу взаимной любви: «**Перед нами трагедия несчастной любви: за право любить гибнут и герой и героиня**»¹. А в классическом романическом

¹ Смирнова Н.С. Об изменении поэтики социально-бытового эпоса казахов середины XIX в. // Известия АН КазССР. Серия филологическая. — 1976, №3. — С. 29.

эпосе «Кыз Жибек» более позднем по времени, основное содержание первой части составляет тема поисков Толегеном «любви, свободной от власти дедовских обычаев»². Таким образом, мы видим, что уже в героическом эпосе, наименее подверженном изменениям, шел пересмотр идей и трактовок традиционных тем.

В составе казахского романического дастана четко выявляются три внутрижанровые разновидности произведений: 1) на восточные сюжеты, к которым относятся— «Тахир—Зухра», «Юсуф—Зулейха», «Сейфулмалик», «Дандан», «Зияда—Шахмурат», «Лейли—Меджнун» и др.; 2) на региональные фольклорные сюжеты, например: «Бозжигит», «Назымбек—Кулше», «Бозаман» и т.д.; 3) созданные по следам некогда имевших место реальных событий, «Сырым—Шынар», «Акбопе—Сауытбек», «Макпал—Сегиз» и др. Дастан «Талайлы—Айым», хотя и разрабатывает народное предание, все же, по своим основным характеристикам, больше тяготеет к третьей разновидности дастанов. Дастаны разных подгрупп отличаются между собой не только по происхождению но, прежде всего, разными подходами к раскрытию основной темы и типами главных героев.

Очевидно, как важнейшую особенность казахских романических дастанов, надо отметить воспевание свободной воли молодежи, провозглашение свободы выбора в определении своей судьбы. То есть, герой романического дастана любит и добивается соединения с девушкой, с которой он не был обручен с малолетства родителями, а которую он выбрал сам. Завязкой действия в дастанах первой и второй подгрупп является мотив заочной любви. Герой влюбляется в портрет, либо в устно описанный образ красавицы. Но чаще всего герои одновременно видят прекрасный сон. Существенно то, что дастанные герои в своих волшебных снах не просто встречаются друг с другом, но мгновенно влюбляются друг в друга. То есть, взаимоотношения героев усложняются необыкновенной любовной страстью. В результате мотив заочного знакомства получает дополнительную смысловую и эстетическую нагрузку, он является причиной и объяснением чудесным образом

² История казахской литературы. Т.1, фольклор.—Алматы, 1968.—С. 279.

возникающей любви. Кроме того, при описании сна, портрета и т.д. обязательно подчеркивается, что герой увидел не просто незнакомку, а прелестную, прекрасную и предался ей душой и телом. То есть полюбил не потому, что она ему предназначена, а потому, что она необыкновенно хороша (то же самое можно сказать и о героине). Другими словами мотив предназначенности (судьбы) отодвигается на второй план, а на первый выходит мотив ослепительной, внезапным образом появляющейся красоты, возбуждающей обоюдную любовь. И в этом, по нашему мнению, самое существенное—происходит смена культов: вместо культа предназначенности утверждается культ красоты и любви.

Таким образом, в дастанах на восточные и региональные фольклорные сюжеты любовь показана в духе восточно-романической традиции, носит экзальтированный характер. Но трактовка темы любви только в плане экзальтации страсти, ограничение взаимоотношений их только чувственным, вообще разработка сюжетов только сказочно-эпических и волшебных, не удовлетворяли создателей дастанов, ибо сюжеты эти не давали возможности во всей полноте и глубине отразить противоречия жизни и молодых людей в ней. Поэтому творцы дастанов искали иные пути осмысления и интерпретации этой темы в соответствии с духом своего времени. И думается, что наиболее верный путь решения этой темы найден в дастанах с реально-жизненными сюжетами, где любовь осмыслена как огромная духовная ценность, а свобода чувств—как акт, незримыми путями переплетающийся с борьбой за социальное освобождение. В этих дастанах отсутствует романтическая экзальтация чувств, фантастика, сверхъестественное и гиперболоизация. Но налицо глубина и правдивость изображаемых чувств, художественная достоверность излагаемых событий, глубокий лиризм и психологизм.

Таким образом, в разных образцах романического жанра, эта тема интерпретируется по-разному. В дастанах на восточные и региональные фольклорные сюжеты - она трактуется в сказочно-романическом духе, в плане экзальтации страсти. В дастанах же, созданных по следам некогда имевших место событий, основой любовного чувства героев является не предопределенность судьбы молодых людей волей отцов (как в «Козы

Корпеш - Баян Слу»), не внешняя красота (как в дастанах на восточные и региональные фольклорные сюжеты), а внутреннее достоинства предмета любви. Кроме того, в этих произведениях главная тема решена на социально-историческом фоне XIX в., и потому личностные устремления героев, поиск ими свободы и счастья неизбежно и неразрывно оказываются связанными с целями социальными.

В целом романические дастаны сохраняя основные признаки лиро-эпоса, в то же время значительно обогащены новым содержанием: в одном случае это усиление элементов романического, в другом насыщение социальной идейностью при новой, отличной от традиционно эпической, трактовке вечной темы: то есть эти дастаны стадийно являются завершающим этапом общего развития романического эпоса казахов.

Данный том включает три дастана: «Бозжігіт», «Сейпілмәлік», «Қисса Сейпілмәлік шаһзада—Бөдіғұлжамал перізат».

«Бозжігіт» издавна известен многим тюркоязычным народам. Он был опубликован в 1870 году В.В.Радловым в третьем томе его «Образцов народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи».

Но для сборника В.В.Радлова он был подготовлен еще ранее, в 1842 г. Есть все основания предполагать, что были и более ранние рукописи и печатные издания его, о чем подробно изложено в комментарии к тексту.

Дастан на сюжет арабской сказки о Сейфулмалике из «Тысячи и одной ночи» также издавна известен многим тюркоязычным народам, в том числе и казахам.

Известно, что он был издан еще в 1807 г., позже был включен В.В.Радловым в вышеуказанный сборник. У нас имеется два варианта дастана. Несмотря на общность сюжета, это два самостоятельных, независимых друг от друга произведения, каждое из которых имеет свою, оригинальную словесно-языковую структуру и свой арсенал художественных средств.

Том подготовлен в соответствии с принципами издания серии «Бабалар сөзі», то есть он снабжен вступительной статьей, посвященной романическим дастанам, а также научными

приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Тексты, публикуемые в томе подготовлены адекватно оригиналам: текст дастанов «Бозжігіт» и «Сейпілмөлік» с издания В.В.Радлова (1870), а «Қисса Сейпілмөлік шаһзада—Бөдіғұлжамал перізат» с казанского издания 1909 г.

Объем тома—23 п.л.

SUMMARY

M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of the hundred volume Collection of Kazakh folklore «Babalar sozi» implemented within the framework of the State Program «Madeni mura» («Cultural heritage»).

Sixteen volume of this Collection have been already published. Nine from them are including novelistic dastans and seven include religious-moral works.

The seventeenth volume opens the series of romantic (love) dastans. In total six volumes of romantic genre works will be prepared and published.

The topic of love in general is traditional for the folklore of all nations and all times. This topic is being widely and fruitfully developed in the pearls of Kazakh lyro-epic works such as «Kozy Korpesh-Bayan Slu» and «Kyz Zhibek». Love theme is alongside with bogatyr theme and is forming such classic eposes as «Alpamys», «Koblandy» and many others. In them the theme of love and family-marriage relations are described in a traditional way as classical eposes that were created during the epoch of flourishing of patriarchal-feudal system and reflected the ideology of that social system, singing its laws and customs.

Different situation was existing in XIX century that was an important period in the nation's life. During this period positive changes in social-political development of Kazakhstan took place that conditioned certain progress in spiritual life of the society, changing of moral values and criteria and public ideals. Instead of epic idea of unification the issue of freedom and happiness of

individual person arises, the qualitatively new growth of personal consciousness of people takes place, their realizing of the feeling of freedom and better life, opportunities and the need to struggle for this freedom and happiness.

In these conditions the issues of young people, their fates, their struggle for the right to independently decide their own problems were getting wide public reaction and those conflicts have reflected all deepness of the struggle between new and old.

The society in such situation needed the works that would confirm the right of young people to take independent decisions serving like an example of the struggle of the individuality for his/her rights i.e. they should conform with the hopes and dreams of the youth and reflect new people's ideas concerning esthetic and moral-ethic ideas. So people needed such works that would provide different interpretation of the eternal theme of love that differs much from traditional one.

Such works were romantic dastans.

However it should be noted that in the traditional epos the tendencies to changes in interpretation of the ancient theme of love has already been developed. In bogatyr epos for example, young heroes when they were 6 or 10 years old (Alpamys, Koblandy), they go for search of their intended bride who was matched by the parents. Future wife is considered as a legal act that cannot be given to a different person- this issue is not of a heart but of honor and courage. In bogatyr epos the fiancġ and a wife that has been obtained by the husband in a cruel fight, is first of all keeping family, she is mother, assistant and adviser.

However in several versions of «Kozy Korpesh-Bayan Slu» (versions of I.N.Berezin and V.V.Radlov) although saturated by the «idea of old custom of the ancient system» (M.O.Auezov), we can see how heroes try to unite not only because of the oath given by their fathers and that is considered as a duty, responsibility and a right, but because of love: «Here is a tragedy of unhappy love: the heroes die for their right to love». However in the classical romantic epos «Kyz Zhibek» that was created later, main content of the first part includes theme of search of «love free of grandfathers customs» made by Tolegen. So we can see that in the heroic epos that hasn't changed the reconsideration of the ideas and interpretation of traditional themes took place.

In Kazakh romantic dastan three inter-genre kinds of works are outlined: 1) oriental themes such as- «Takhir-Zukhra», «Usuf- Zuleikha», «Seifulmalik», «Dandan», «Ziyada-Shakhmurat», «Leli-Medjnun» and others; 2) regional folklore plots, for example: «Bozjigit», «Nazimbek-Kulshe», «Bozaman» etc.; 3) based on real events «Syrym- Shinar», «Akbope-Sauitbek», «Makpal-Segiz» etc. Dastan «Talaili-Aiyim», although develops folk legend, according to its main characteristics it belongs to the third kind of dastans. Dastans of different sub-groups differ between themselves not only on their origin but first of all on different approaches to revealing of the main theme and types of main heroes.

Obviously as an important feature of Kazakh romantic dastans, the singing of the free will of the youth, declaration of free choice in determination of their fate should be mentioned. So the hero of romantic dastan loves and wants to join his beloved girl with whom he was not matched from childhood but he chose her himself. The dastans of the first and second sub-groups are based on the motive of distance love. The hero fell in love with the portrait or orally described type of a beauty. But more often the heroes simultaneously see the same wonderful dream. It is significant that dastan heroes in their fairy dreams not only meet each other but fall in love immediately i.e relationship between heroes become complicated because of unusual love passion. As a result the motive of distance acquaintance gets additional meaningful and esthetic loading, it is the reason and explanation of the miraculously appeared love. Except for this, when describing the dream, the portrait etc., it is underlined that the hero saw not only the stranger girl but a nice girl and fell in love with her. He fell in love with her not because she was intended to him but because is extraordinary beautiful (same with heroine). The motive of destiny is put to the second plan, and the motive of the bright unexpected beauty is placed on the first place. This is the most significant thing- the change of cults takes place: instead of cult of destiny the cult of beauty and love is determined.

So the dastans about oriental and local folklore plots show love as oriental-romantic tradition with exalted character. However the theme of love is only in regard of exaltation of passion, restrictions of their relations is only sensitive, the creators of the dastan were not satisfied by the development of only tale-epic plots because th-

ese plots didn't provide an opportunity to reveal all contradictions of young people. Therefore the creators of dastans searched for some way of realizing and interpretation of this theme according to the spirit of their period. The most true way of solving this theme was found in dastans with real-historical plots in which love is realized as a huge spiritual value and freedom of feelings as action that is linked with the struggle for social liberation. Those dastans are missing the romantic exaltation of feelings, fantastic, supernatural and hyperbolization. However the depth and the truth of the described feelings, artistic authenticity of the events, deep lyricism and psychology.

In different examples of the romantic genre this theme is interpreted differently. In the dastans on oriental and regional folklore plots it is interpreted in tale-romantic aspect and in the regard of exaltation of passion. In dastans created on the basis of the real events, the base of love feeling is not the destiny of fate of young people by their fathers (as in «Kozy Korpesh-Bayan Slu»), not external beauty (as in dastans on oriental and regional folklore plots) but internal values of love subject. Besides, in those works the main theme is solved on social-historical background of XIX century and therefore personal willingness of the heroes, search of freedom and happiness are tightly linked to social goals.

In general romantic dastans preserving main features of lyro-epos are significantly enriched with new content: in one case this is strengthening of romantic elements, in other case it is saturation with social idea in a new different from traditionally epic interpretation of the eternal theme: i.e. those dastans are the ending stage of general development of romantic Kazakh epos.

This volume includes three dastans: «Bozjigit», «Seipilmalik», «Kissa Seipilmalik».

«Bozjigit» was published by many Turkic peoples. For the first time it was published in 1870 in the third volume «Samples of folk literature of Turkic tribes living in South Siberia and Djungar steppe».

For the collection it was prepared in 1842. It can be assumed that there were also earlier manuscripts and printed editions that are included into the comments to the text.

The plot of Arab tale about Seifulmalik taken from «Thousand

and one night» is also known in many Turkic peoples including Kazakh people.

It is well known that it was published in 1807. Later it was included by V.V.Radlov into the above mentioned collection. We have two versions of dastan. Despite the common plot these are two independent works with its original literary- language structure and supply of artistic means.

The texts published in this volume were prepared adequately to the originals: text of dastans «Bozjigit» and «Seipilmalik» published by V.V.Radlov (1870) and «Kissa Seipilmalik» from Kazan edition of 1909.

Volume includes 23 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан	5
Ғашықтық дастандар (алғы сөз)	7
Мәтіндер	
Бозжігіт	27
Сейпілмәлік	119
Қисса Сейпілмәлік шаһзада— Бөдіғұлжамал перізат	202
Ғылыми қосымшалар	
Томға енген мәтіндерге түсініктеме	309
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	332
Сөздік	339
Жер-су атаулары	347
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушы туралы мәлімет	349
Шартты қысқартулар	350
Пайдаланылған әдебиеттер	351
Резюме	354
Summary	360

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

17 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. К. Тұрлынова*

Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Ж. Салтақова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**

ИБ № 1994

Теруге 18.08.05 жіберілді. Басуға 8.09.05 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.

Қаріп түрі **«Мектептік» . Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**

Шартты баспа табағы 23. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №360.

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

1554 9866 612 00 X



789968212039